DULATY
UNIVERSITY
Taraz | since 1958

№ 4
2025

ISSN 2308-9865
e-ISSN 2959-7994

МЕХАНИКА және ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журналы

Научный журнал

МЕХАНИКА и ТЕХНОЛОГИИ

Scientific Journal

MECHANICS & TECHNOLOGIES

«Механика және технологиялар» журналы:

Ұлыбританияның Инжиниринг және технологиялар институтының Physics, Electronics and Computing (INSPEC DIRECT) ақпараттық қызметінің рефераттық дерекқорына кіреді.

http://inspecdirect-service.theiet.org/private/home.aspx

РИНЦ ғылыми дәйексөз Ресей ұлттық библиографиялық дерекқорында тіркелген.

http://elibrary.ru/project_risc.asp

Жыл	*Импакт-фактор*
2016	*0,011*
2017	*0,032*
2018	*0,040*
2019	*0,028*
2020	*0,034*

Қазақстандық дәйексөз базасы бойынша импакт-факторы бар:

Жыл	*Импакт-фактор*
2015	*0,030*
2016	*0,011*
2017	*0,053*
2018	*0,054*
2019	*0,042*
2020	*0,088*

http://www.nauka.kz/page.php?page_id=794&lang=1#

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК басылымдарының тізбесіне келесі ғылыми бағыттар бойынша енгізілген (12.07.2024 ж. №603 бұйрық):

- ***құрылыс технологиялары;***
- ***жеңіл өнеркәсіп технологиялары;***
- ***химиялық технологиялар;***
- ***тамақ өнімдерінің технологиялары.***

CrossRef – халықаралық DOI қорының Цифрлық нысандар идентификаторларын тіркеу ресми агенттігіне енгізілген.

https://www.crossref.org/

Журналдың жазылым индексі: 74714 («Қазпошта» АҚ-«Пошталық қызмет»)

Журнал «Механика и технологии»:

Входит в реферативную базу данных Information Service for Physics, Electronics and Computing (INSPEC DIRECT) Института Инжиниринга и Технологий Великобритании.

http://inspecdirect-service.theiet.org/private/home.aspx

Зарегистрирован в российской национальной библиографической базе данных научного цитирования РИНЦ

http://elibrary.ru/project_risc.asp

Год	*Импакт-фактор*
2016	*0,011*
2017	*0,032*
2018	*0,040*
2019	*0,028*
2020	*0,034*

Имеет импакт-фактор по Казахстанской базе цитирования:

Год	*Импакт-фактор*
2015	*0,030*
2016	*0,011*
2017	*0,053*
2018	*0,054*
2019	*0,042*
2020	*0,088*

http://www.nauka.kz/page.php?page_id=794&lang=1#

Включен в перечень изданий КОКСНВО МНВО РК по следующим научным направлениям (приказ №603 от 12.07.2024 г.):

- строительные технологии;
- технологии легкой промышленности;
- химические технологии;
- технологии в сфере продуктов питания.

Интегрирован в Crossref – официальное агентство регистрации Цифровых Идентификаторов Объекта международного DOI фонда.

https://www.crossref.org/

Подписной индекс журнала: 74714 (АО «Казпочта»-«Почтовый сервис»)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«М.Х. ДУЛАТИ атындағы
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕ АҚ

МЕХАНИКА ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ғылыми журнал

1994 жылдың қаңтарынан бастап шығады

Жылына төрт рет шығады

ISSN 2308-9865
e-ISSN 2959-7994

№ 4 (90)
Қазан-желтоқсан
2025 ж.

Бас редактор И.И. Бекбасаров

Редакция алқасы: Н.А. Абиев, Б. Абзалбекұлы, Н.С. Амирова, С. Әлтайұлы, И.И. Бекбасаров, И.С. Бровко, Ю.Л. Винников, Ж.К. Гафуров, А.С. Жакулин, А.Ж. Жусупбеков, М.Т. Кейкиманова, О. Крейчи, Э.М. Мамбетов, Ж.Н. Молдамуратов, М.М. Мукимов, Чен Йе Нг, А. Нурлыбаева, Г.Е. Омарова, С.А. Орынбаев, А.В. Пилягин, А.А. Сагындыков, Х.Р. Садиева, М.П. Саинов, Н.А. Смирнова, Б.Ж. Унайбаев, А.А. Чуркин, Я. Шульц

Корректор және компьютерлік беттеу Ж.К. Боркулакова

Редакция мекен-жайы:
080000, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60.
Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.
https://mit.dulaty.kz E-mail: mit@dulaty.kz

Тіркеу куәлігі №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013), №KZ93VPY00027164 (23.09.2020), №KZ79VPY00113746 (28.02.2025).

Басуға қол қойылған күн 31.12.2025. Форматы 70×180/16. Шартты баспа табағы 40,76. Тираж 300 дана. Тапсырыс 581.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Dulaty University» баспасы. 080000, Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов көшесі, 11.

© М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, 2025

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

НАО
«ТАРАЗСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени М.Х. ДУЛАТИ»

МЕХАНИКА И ТЕХНОЛОГИИ

Научный журнал

Издается с января 1994 года

Выходит четыре раза в год

ISSN 2308-9865
e-ISSN 2959-7994

№ 4 (90)
Октябрь-декабрь
2025 г.

Главный редактор И.И. Бекбасаров

Редакционная коллегия: Н.А. Абиев, Б. Абзалбекұлы, Н.С. Амирова, С. Әлтайұлы, И.И. Бекбасаров, И.С. Бровко, Ю.Л. Винников, Ж.К. Гафуров, А.С. Жакулин, А.Ж. Жусупбеков, М.Т. Кейкиманова, О. Крейчи, Э.М. Мамбетов, Ж.Н. Молдамуратов, М.М. Мукимов, Чен Йе Нг, А. Нурлыбаева, Г.Е. Омарова, С.А. Орынбаев, А.В. Пилягин, А.А. Сагындыков, Х.Р. Садиева, М.П. Саинов, Н.А. Смирнова, Б.Ж. Унайбаев, А.А. Чуркин, Я. Шульц

Корректор и компьютерная верстка Ж.К. Боркулакова

Адрес редакции:
080000, г. Тараз, ул. Толе би, 60.
Тел.: 8 7262 45-35-10, факс: 8 7262 43-24-02.
https://mit.dulaty.kz E-mail: mit@dulaty.kz

Свидетельство о регистрации №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013), №KZ93VPY00027164 (23.09.2020), №KZ79VPY00113746 (28.02.2025).

Подписано в печать 31.12.2025. Формат 70×180/16. Усл. печ. л. 40,76. Тираж 300 экз. Заявка 581.

Издательство «Dulaty University» Таразского университета им. М.Х. Дулати. 080000, г. Тараз, ул. Ы.Сулейменова, 11.

© Таразский университет имени М.Х. Дулати, 2025

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGH EDUCATION
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

M.Kh. DULATY
TARAZ UNIVERSITY

MECHANICS & TECHNOLOGIES

Scientific Journal

Published since January 1994

Published four times a year

ISSN 2308-9865
e-ISSN 2959-7994

No. 4 (90)
October-December
2025

Editor in chief I.I. Bekbasarov

Editorial board: N.A. Abiev, B. Abzalbekuly, N.S. Amirova, S. Altayuly, I.I. Bekbasarov, I.S. Brovko, Chen Ye Ng, A.A. Churkin, J.K. Gafurov, A.S. Zhakulin, A.J. Zhusupbekov, M.T. Keikimanova, O. Krejci, E.M. Mambetov, Zh.N. Moldamuratov, M.M. Mukimov, A. Nurlybayeva, G.E. Omarova, S.A. Orynbayev, A.V. Pilyagin, A.A. Sagyndykov, Kh.R. Sadieva, M.P. Sainov, J. Schulz, N.A. Smirnova, B.Zh. Unaibayev, Yu.L. Vinnikov

Press-corrector and computer page makeup Zh.K. Borkulakova

Editorial address:
080000, Taraz, Tole bi street, 60.
Tel.: 8 7262 45-35-10, fax: 8 7262 43-24-02.
https://mit.dulaty.kz E-mail: mit@dulaty.kz

Registration certificate №1193 (23.11.1993), №560-Ж (4.02.1999), №4244-Ж (08.10.2003), №13521-Ж (15.04.2013), №KZ93VPY00027164 (23.09.2020), №KZ79VPY00113746 (28.02.2025).

Signed in print 31.12.2025. Form 70×180/16. Cond. print. sh. 40.76. Edition 300 copies. Application 581.

Printing House «Dulaty University» of M.Kh. Dulaty Taraz University.
080000, Taraz, Suleimenov street, 11.

© M.Kh. Dulaty Taraz University, 2025

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ТЕХНОЛОГИИ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ

FOOD TECHNOLOGIES

Мустафаева А.К., Калемшарив Б., Мурсалыкова М.Т., Карденов С.Э., Шарикбаева Г.Ж., Біржанова Ж.Б.
Жиде жемісімен байытылған сүтқышқылды өнім өндіру технологиясы 9

Сыздыкова Л.С.
Витаминделген жеміс-көкөніс шырындарының технологиясын жетілдіру 20

Бакберген М., Диханбаева Ф.Т., Жаксылыкова Г.Н., Базылханова Э.Ч., Жаксыбаева Э.Ж.
Маусымдық құрғақ саумалдан дайындалған қымыздың физикалық-химиялық көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау 30

Sobol I.V., Donchenko L.V., Krasnoselova E.A., Savchenko E.S.
New types of plant raw materials in the production of functional foods 38

Узаков Я.М., Қалдарбекова М.Ә-А., Тортай А.Н., Оңғарбек Д.Ә., Аитбаева А.М.
Төмен құнды субөнімдерді пайдалана отырып әзірленген шұжық өнімдерінің сапа көрсеткіштерін талдау 46

Нурсеитова З.Т., Джанмулдаева А.К., Нурынбетова Г.Ж., Мулдабекова Б.Ж., Шерова М.С., Якияева М.А.
Өсімдік қоспасы қосылған сиыр сүті мен соя сүті негізіндегі йогуртты жасау және зерттеу 58

Тултабаева Т.Ч., Жакупова Г.Н., Макангали Қ.Қ., Шоман А.Е., Мулдашева А.Х., Сағандық А.Т., Ахметжанова А.Т., Даирова Қ.Ш.
Ешкі сүтін сүтқышқылды өнімдерін өндірудің негізі ретінде қолдану 65

Айтбаева А.Ж., Касымова М.К., Кизатова М.Ж., Алибеков Р.С., Кенжеходжаев М.Д.
Жүгері жібегінің сығындысымен байытылған айранның май қышқылының құрамын зерттеу 77

Каимбаева Л.А., Исембердиева Н.Б.
Албырт тұқымдас балықтарға арналған жем құрамын қоректік құндылық стандарттарына сәйкес оңтайландыру 85

Абильмажинова Н.К., Таева А.М., Узаков Я.М., Джетписбаева Б.Ш., Ибраимова С.Е.
Табиғи антиоксиданттарды қолданып жартылай ет фабрикаттарының технологиясын жасау 96

Тлевлесова Д.А., Азимова С.Т., Кизатова М.Ж., Ахметова Н.К., Махмудов Ф.А.
Алма сығындысы негізіндегі детоксикациялық қасиетке ие ұнтағын жасау технологиясы 106

Кабулов Б.Б., Абдилова Г.Б., Бакиева А.Б., Джилкишева А.Г., Шенгельбаев Ә.С.
Шұжық тартылған етінің реологиялық механикалық моделі 113

Садибаев А.К., Боранкулова А.С., Умирбекова А.С., Солтыбаева Б.Е., Ержанова М.Е., Алашбаева Л.Ж.
Қауын ұнтағы қосылған нанның рецептурасын оңтайландыру 122

Жонысова М.У., Оңғарбаева Н., Құлжанова Б.О., Байғайыпқызы М.
Қазақстанда өсірілетін ноқат (Cicer arietinum L.) пен бұршақ (Pisum sativum L.) сұрыптарының физика-химиялық сипаттамасы 130

ҚҰРЫЛЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

СТРОИТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

CONSTRUCTION TECHNOLOGIES

Мажитов Е.Б., Тулеугалиева Ж.С., Рыскалиев М.Ж., Жарылгапов С.М., Шингужиева А.Б., Талаптанов Е.Г.
Карбонатты толтырғыш негізіндегі суды аз тұтынатын цемент 138

Ton-That H.L.
Damage prediction of 2d/3d truss structures using the black widow optimization algorithm 151

Калиева Ж.Е., Орынбай Е.Р., Мәжит Д.Е., Қожас А.К., Ерланұлы Е.
Керамикалық кірпіш қасиеттерінің қалыптасуына алюминий қалдықтарының әсері 160

Үсенқұлов Ж.А., Артықбаев Д.Ж., Аубакирова Ф.Х., Будикова А.М., Курбанбаев А.Б.
Бетондық құрылымдардағы иілмелі деформацияларды есепке алу мәселесі туралы 171

Бекбасаров И.И., Атенов Е.И., Шаншабаев Н.А.
Ростверк астындағы траншеяларды штамптау кезінде қадалар арасындағы тығыздалған топырақ аймағының өлшемдерін анықтау әдістері 181

Артықбаев Д.Ж., Аубакирова Ф.Х., Нақбаев Н.С., Бердалиева Ж.Ж., Отарбаева Г.М.
Еңістердің сейсмикалық тұрақтылығына әсер ететін топырақтың геотехникалық сипаттамалары 195

Кожиков С.Н., Жания К.
Екібастұз МАЭС-ның гидроалдын алу әдісімен алынған күлдерін пайдалана отырып, композициялық байытқыштар мен бетон құрамдарын оңтайландыру 204

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ТЕХНОЛОГИИ ЛЕГКОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

LIGHT INDUSTRY TECHNOLOGIES

Жаппарова А.К., Байжанова С.Б., Кожабергенова К.Д., Жарқымбекқызы Г.
Мектеп формасына арналған материалдардың эргономикалық талаптарын есепке ала отырып, деформациялық қасиеттерін зерттеу 212

Mukhametshina E.T., Muradov R.M.
Analysis of research on improving the separator as a component of the cotton air-assisted transportation device 221

Байтуреев А.М., Ертаева Ж.А., Оңлабекова А.Т.
Мақта талшығын термиялық өңдеу үдерісін математикалық модельдеу 229

Азиз-Кариева Н.Н., Жилисбаева Р.О.
Азаматтық авиация ұшқыштарының формалық киіміне күн сәулесінен қорғайтын тоқыма материалдарын интеграциялау 240

Тулендиева Г.О., Шардарбек М.Ш., Гафуров Ж.К., Боркулакова Ж.К.
Игерілмеген жүнді беймата материалдарына өңдеудің заманауи технологияларына шолу 252

Калдыбаева Г.Ю., Набиева И.А., Калдыбаев Р.Т., Мельдебек А.
Әр түрлі селекциялық сұрыптағы мақта талшықтарының қасиетіне иірімжіптің сапалық көрсеткіштерінің тәуелділігі 260

Амангелдиева А.Ш., Тұрғынбекқызы Л.С.
Орта мектеп жасындағы қыздардың мектеп формасын таңдауына әсер ететін факторларды талдау 272

Манапбаева У.Е., Абзалбекұлы Б.А., Гафуров Ж.К.
Аяқ киімдік беймата материалдарының физика-механикалық қасиеттерін зерттеу 283

Сабырханова С.Ш.
Қоршаған ортаға зиянсыз табиғи ресурстар арқылы былғарыны өңдеу әдістері 293

ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ХИМИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

CHEMICAL TECHNOLOGIES

Курманбаев Г.Б., Умбетова Ш.М., Умбетов У., Кулмурзаев Н.С., Асанова Ж.С.
Ақаба суларды озон және атмосфералық оттегі арқылы тазарту 303

Серикбаева А.М., Токтибаева К.Р., Абдулова Э.Н.
Түрлендірілген саздың көмегімен метилен көгін адсорбциялау және пероксидті каталитикалық толықтыру үрдісін зерттеу 311

Ауешов А.П., Ескибаева Ч.З., Диканбаева А.К., Ибраева А.М., Алжанов К.Б.
Өнеркәсіптік серпентинит қалдықтарынан магний нитраты мен сульфатын алу 319

Омаров Б.Т., Алтыбаев Ж.М., Ескермесова М.М., Умирзахова Н.Х., Сайымқұлова А.Б., Калымбетов Г.Е.
Түрлі органикалық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы биогумус өндіру әдістеріне шолу 328

Умбетова Ш.М., Умбетов У., Курманбаев Г.Б., Баймаханова З.А., Асанова Ж.С.
Суды озондау кезіндегі броматтардың түзілуі және жасанды интеллект негізіндегі басқару 337

Алтыбаев Ж.М., Омаров Б.Т., Умирзахова Н.Х., Тәжбенова Б.Н., Ескермесова М.М., Калымбетов Г.Е.
Органикалық қалдықтарды қайта өңдеудің экологиялық қауіпсіз тәжірибелік технологиясы 344

Сулейменова Г.А., Усипбекова Е.Ж., Даулетбай А., Қонаров А.Т., Сейлханова Г.А.
Литий-ионды аккумуляторлар сепараторлары: ғылыми шолу және болашақ бағыттар 359

Gomes H.T.
Influence of organic reducing agents on the textural and catalytic properties of $LaCoO_3$ 381

МЕХАНИКА

MECHANICS

Жақаш Ә.Т., Салыбаев С.Д., Саткожаева Э.Б.
Физикалық маятниктердің қозғалысының математикалық моделі және оларды шешудің жолдары 386

Сағындықов Б.Ж., Таттибеков Қ.С., Бимұрат Ж.
Анизотропты және біртекті емес сырықтардың бұралуы 398

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

ENVIRONMENTAL ENGINEERING

Кудрявцев С.С., Емелин П.В., Курбанов М.Т., Рахимберлина А.А.
Химиялық қауіпті объектінің жұмыс істеуімен байланысты экологиялық тәуекелді бағалауда қоршаған ортаның осалдық көрсеткішінің рөлі 407

Дүйсени Ж., Амангелді Ф., Өксікбай Н., Қауымбаев Р.
Жанармай сақтау резервуарларынан жанармайдың күнделікті ұшу шығынын есептеу және оның қоршаған ортаға тигізетін әсері 418

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

INFORMATION TECHNOLOGIES

Жунисов Н.М., Абен А.Б., Хиниязов М.
Нақты уақыттағы дауыстық көмекшілерге арналған төмен кідірісті ағындық трансформатор моделі 425

ҒТАМР 65.63.33

А.К. Мустафаева[1] – *негізгі автор*, ©
Б. Калемшарив[2], М.Т. Мурсалыкова[3],
С.Ә. Карденов[4], Г.Ж. Шарикбаева[5], Ж.Б. Біржанова[6]

[1]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор, [2,5]Аға оқытушы,
[3]PhD, аға оқытушы, [4]Техн. ғылым. канд., [6]Магистрант

ORCİD *[1]https://orcid.org/0000-0002-9627-7543 [2]https://orcid.org/0000-0002-8036-9718*
[3]https://orcid.org/0000-0001-5904-9544 [4]https://orcid.org/0000-0001-6198-1189

[1,2,3,4,5,6]С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан

@ *[1]ayaulym.mustafa@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/GFMF6362

ЖИДЕ ЖЕМІСІМЕН БАЙЫТЫЛҒАН СҮТҚЫШҚЫЛДЫ ӨНІМ ӨНДІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада өсімдік тектес шикізатпен байытылған йогурттың органолептикалық, физика-химиялық көрсеткіштеріне талдау жүргізіліп, өнімнің құрамындағы дәрумендерді, тағамдық талшықтарды анықтау үшін жүргізілген зерттеулердің нәтижелері көрсетілген. Мақалада йогурттың қасиеті мен құрамы көрсетіліп, өсімдік тектес шикізатпен байытылған йогурттың рецептурасы жетілдіріліп, өнімнің ассортименті кеңейтілді. Өсімдік тектес шикізат ретінде жиде жемісі таңдап алынып, оның физика-химиялық құрамына, органолептикалық қасиеттеріне талдау жүргізілді. Өсімдік негізіндегі толықтырғыштарды енгізу өнімнің тағамдық құндылығын арттырудің бірден бір жолы болып табылады. Зертханалық жағдайда органолептикалық көрсеткіштері бойынша жиде жемісінің бірнеше түрлері: жиде қабығы, жиде жұмсағы, жиде қабығы мен жұмсағымен қатар қосылып зерттелді. Зерттеу нәтижесінде үлгілер зерттелді: бақылау үлгісі, 10%, 20% мөлшерде жиде жемісі қосылған йогурттың дәрумендік құрамы, йогурт құрамындағы тағамдық талшықтардың мөлшері анықталды, өнімінің физика-химиялық және органолептикалық қасиеттеріне талдау жүргізілді.

Тірек сөздер: йогурт, жиде, дәрумендер, тағамдық талшықтар, өсімдік тектес шикізат.

Мустафаева, А.К. Жиде жемісімен байытылған сүтқышқылды өнім өндіру технологиясы [Мәтін] / А.К. Мустафаева, Б. Калемшарив, М.Т. Мурсалыкова, С.Ә. Карденов, Г.Ж. Шарикбаева, Ж.Б. Біржанова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.9-19. https://doi.org/10.55956/GFMF6362

Кіріспе. Сүтқышқылды өнімдер – ағзаның қажетті қоректік заттарға күнделікті қажеттілігін қанағаттандыратын әмбебап өнім. Оның құрамында жақсы сіңетін және сүйек тініне пайдалы кальций және басқа да макро және микроэлементтер бар. Сондай-ақ амин қышқылдарының барлық жиынтығы бар, сонымен қатар ақуыздарға және көптеген маңызды дәрумендерге бай болып келеді. Сүтқышқылының әсерінен сүт казеиндері ұсақ үлпек түрінде ұйып, сүтқышқылды өнімдердің сіңімділігі артады, адам ағзасына бір сағатта 90%, ал сүт тек 32% ғана сіңеді [1].

Қазіргі таңда әрбір үшінші адам артық салмақтан зардап шегеді. Ол әсіресе зат алмасу функцияларының дұрыс жұмыс істеуін тоқтаудың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Зерттеу барысында сүт және сүт өнімдерін тағамдық талшықтармен байытуға басты назар аударылды. Өйткені тағамдық талшықтар ішектің жұмысын жақсартады, ағзадағы токсиндердің шығуына ықпал етеді, артық хлестеринді жояды, өт секрециясын ынталандырады. Мамандар адамдарға күнделікті 25-40 г талшықты тұтыну керек екенін айтады. Күнделікті тұтыну мөлшері адамның жасына және оның денесінің жағдайына байланысты өзгереді. Әйелдерге ұсынылатын мөлшері тәулігіне 25 г, ерлер үшін – 40 г. Тағамдағы талшықтарды жеткілікті мөлшерде тұтыну ішек жұмысын жақсарту, семіздік, қант дабеті сияқты аурулармен күресу және алдын алу үшін маңызды. Осы мақсатта ағзаның қажеттілін қанағаттандыру үшін күнделікті рационға тағамдық талшықтарға бай, табиғи өсімдік тектес шикізаттарды тұтыну ұсынылады. Қышқыл сүт өнімдері зат алмасу процесін жақсартады, асқазан сөлін бөледі және тәбетті жақсартатын болғандықтан балалардың, қарт адамдардың тамақтануында өте маңызды орын алады [2,3].

Сүт қышқылды өнімдердің құрамында майда және суда еритін дәрумендер де кездеседі. А дәрумені – өсу, жұқпалы ауруларға ағзаның төтеп беру факторы және көздің жақсы көруін реттеп отырады. Ол оттегі жоқ жерге жақсы бейімделе алады және 100°С және одан да жоғары температурада бұзылмайды. B_1 дәрумені – тиамин. Ол жүйке жүйесінің қызметін, май және көмірсу алмасуын реттеуші және карбоксилаза ферментінің құрамдас бөлшегі болып табылады. Жылумен өңдеу кезінде B_1 дәруменінің мөлшері 10-35% азаяды. Бұл дәруменнің ағзаға қажет тәуліктік мөлшері 2 мг болып табылады. B_2 дәрумені – рибофлавин. Жүйке жүйесінің және терінің жағдайына дұрыс әсер етеді. Ол қышқылдың әсеріне төзімді келеді, бірақ сілті әсерінен бұзылады. Сонымен қатар, пастерлеу кезінде және жарық түсетін жерде сақтағанда айтарлықтай шығынға алып келеді [4].

Йогурт – жоғары сапалы сүт қышқылды өнім. Ол өте пайдалы, себебі оның құрамында басқа сүт қышқылды өнімдерге қарағанда ақуызы көп. Йогуртты жүйелі түрде қолдану ас қорыту жолын қалыпқа келтіруге, иммунитетті нығайтуға және жалпы әл-ауқатты жақсартуға көмектеседі. Ол өз кезегінде салмақ жоғалтуға ықпал етеді, ас қорытуды қалыпқа келтіреді және терінің күйін жақсартады.

Йогурт үшін шикізат ретінде табиғи сүт, құрғақ сүт және кілегей, тәттілендіргіш, хошиістендіргіштер, джем, тосап, жеміс-жидектік шәрбаттар, қант және жеміс кесектері, болгар таяқшасы және термофильді стрептококк ұйытқылары пайдаланылады. Йогурт өнімін тағамдық талшықтармен байыту мақсатында әдеби дереккөздерге талдау жүргізілді, ол зерттеу мақсаттары мен міндеттерін анықтауға мүмкіндік берді. Одан әрі сүт өнімдері нарығына талдау жүргізілді, әлемдік нарықта сүт өнімдерін тұтыну динамикасын бағалау, сүт өнімдерін тұтыну көлеміндегі аумақтық айырмашылықтарды саралау жүргізілді.

Йогурттарды тұтыну мәселелері бойынша тұрғындарға іріктеп сауалнамалар жүргізілді және йогурт нарығындағы ассортимент саясатына талдаулар жүргізілді. Өсімдік тектес шикізаттармен байытылған йогурттардың құрамы мен компоненттік шешімдер негізделді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу жұмыстары С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Сүт және сүт өнімдерін өңдеу» цехында жүргізілді.

Заманауи технологияларға қойылатын негізгі талаптардың бірі – тағам өнімдерінің ассортиментін өсімдік шикізаттары арқылы жетілдіру. Тағамдардағы дәрумендердің, макро- және микроэлементтердің тапшылығына, қолайсыз экологиялық жағдайға, асқазан-ішек ауруларының артуына байланысты тамақ өнімдерін өндіруде өсімдік шикізаты негізіндегі байытқыштарды қолдану қажеттілігі туындады. Йогуртты тағамдық талшықпен байытуды негізге ала отыра, құрамы талшықтарға бай 3 жеміс таңдап алынып, тағамдық құндылығы бойынша салыстырылып, зерттелді. Талшықтарға бай өнімдер ретінде інжір, зәйтүн және жиде жемістері алынды. Төмендегі 1-кестеде осы таңдап алынған жемістердің физика-химиялық көрсеткіштері көрсетілген.

Кесте 1

Тағамдық талшықтарға бай өнімдердің физика-химиялық көрсеткіштері

Өсімдік шикізаты	Калориясы, ккал	Ақуыз, г	Майлар, г	Көмірсу, г	Тағамдық талшық, г
Інжір	54-257	0,7-3,1	0,2-0,8	12-57,9	2,5-18,2
Жиде	34-105	0,2-1,6	0,1-0,3	7,9- 27,6	4-27,6
Зәйтүн	145-296	1,03-1,6	15,32-23,9	3,04-19	1,6-3,1

1-кестеден көріп отырғанымыздай жиденің құрамында тағамдық талшықтың ең көп мөлшері анықталды және бағасы, қолданылуы жағынан йогуртпен жақсы үйлеседі. Ал зәйтүннің майлылығы жоғары және йогуртпен дәмінің үйлесу ықтималдығы төмен болып шықты. Інжірдің құрамында талшықтар көп болғанымен өндіріс үшін бағасы тиімсіз болып келеді. Сондықтан, ең тиімді және Қазақстанның көптеген аймақтарында өсетін жеміс ретінде жидеге тоқталдық. «Жиде» жемісі сүйегінен тазартылып, қабығы мен еті ұнтақталған түрде қосылады және жоғары тағамдық құндылыққа ие. Жейде жемісінің жұмсақ етінде 40% көміртегі, 20% фруктоза бар. Жейденің дәрілік маңызы зор, ас қорыту органдарының жұмыстарын жақсарту үшін қолданылады.

Жиде – ортаңғы жолақта кең таралған өсімдік. Сорғыш көп гүлді немесе шие тәрізді сорғыш тұқымдасына жатады. Бұл биіктігі 1-1,5 м бұта, қарапайым, ұзын жапырақтары бар, жоғарғы жағында жұмсақ жабындымен түкті, сондықтан олар ашық сұр болады. Гүлдер сары, кішкентай, хош иісті, аязға төзімді. Гүлдену мамыр-маусым айларында байқалады. Көп гүлді сорғыш-керемет бал өсімдігі. Бір түрдің ішінде өсімдіктер тәжі мен жапырақтарының пішіні, бұтақтардың аяғы, пісетін уақыты, сондай-ақ жемістердің массасы мен дәмі бойынша өте алуан түрлі. Жемістер шілде-тамыз айларында екі апта ішінде піседі. Олар цилиндр тәрізді немесе сопақша пішінді, күміс нүктелері бар шие қызыл, шырынды, салмағы 1,5-2 г, сабағы ұзын (2,5-3 см). Жемістің ішінде ұзын пішінді сүйегі бар [5]. Жиде ағашының жемісін кейде Солтүстік құрма деп атайды, жиде ағашы мен жемісі төмендегі 1-суретте көрсетілген.

Жиде ағашы өте төзімді, шөл, құрғақшылық секілді көптеген шарттарда өсе алатын қасиетке ие. Осы ерекшелігімен әлемнің көп жерлерінде және еліміздің барлық өңірлерінде өседі. Жиде – бұл дәмді жидек қана емес, сонымен қатар көптеген пайдалы қасиеттері бар құнды өнім. Ол бактерияға қарсы, қабынуға қарсы және диуретикалық қасиеттерге ие, иммундық жүйені нығайтуға және денені тазартуға көмектеседі. Сонымен қатар тамақ дайындауда және оны дәмді тағамдар мен сусындар жасау үшін

қолдануға болады. Жиде жемістерінің қолдануға қарсы көрсетілімдер әлі күнге дейін анықталған жоқ. Олар асқазанның қышқылдығына да, қандағы қант деңгейіне де әсер етпейді. Жиденың жемістері гипотониялық адамдарға да зиян тигізбейді. Пайдалы қасиеттерінің арқасында жиде тағамның тағамдық құндылығын жақсартып, оны дәрумендер мен антиоксиданттармен байыта алады [6].



Сурет 1. Жиде жемісі

Жиде жемістері тұтқыр болып келеді және диареяға, суық тию, тамақ ауруын жеңілдету және тамақ ауруы кезінде бактериялармен күресу үшін қолданылады. Олар сондай-ақ қан қысымды қалыпқа келтіру және тамырларды нығайту үшін, жүрек ауруларының алдын алу үшін, ревматизм мен артриттің ауырсынуын жеңілдету үшін пайдаланылады. Жиде жидектерінің тағамдық құндылығы 2-кестеде көрсетілген

Кесте 2

Жиде ұнтағының химиялық құрамы

Қоректік заттар	100 г жемістегі мөлшері, мг/100г
С дәрумені	105±0,1
А дәрумені	5,0±0,1
Е дәрумені	6±0,1
В1 дәрумені	0,02±0,01
В2 дәрумені	0,04±0,01
В5 дәрумені	0,9±0,01
Белсенді бетакаротин	30±0,1
Темір	1,5±1
Калий	305±5
Кальций	55±1
Натрий	32±1
Магний	40±1

2-кестеден көріп отырғанымыздай жиденің минералдық құрамы бай, С, А, Е дәрумендері және K, Ca, Na, Mg жеткілікті мөлшерде кездеседі, сондықтан йогурт дайындауда дәрумендер мен тағамдық талшықтарған бай өнім алуға мүмкіндік береді деп тұжырымдауға болады. Жиде ағашының жидектерінің құрамында С дәрумені, глюкоза, фруктоза, кальций, тритерперн гликозидтері, РР витаминдері, тритерпендер, кемпфенол, жүйке жүйесін тыныштандыратын магний, стеролдар мен кумариндер бар.

Көктемде жиде ағашы кішкентай хош иісті сары гүлдермен жабылған күміс бұтаға ұқсайды. Гүлденуден кейін жида ағашы құрма тәрізді кішкентай жидектердің аналық бездерін шығарады. Бастапқыда олар тұтқыр және аздап

тарылтады, бірақ жаздың аяғында олар тәттілігін артып, өте дәмді болады. Оны косметологияда, диетологияда, ароматерапияда және басқа да медициналық салаларда қолданады [6].

Жиде жемістерін ежелден емдік мақсатта да қолданылған:

– Созылмалы жөтелді емдеуде, жидектердің таниндері мен алкалоидтары сұйылтады, содан кейін өкпеден қақырықты кетіруге көмектеседі және жоғарғы тыныс жолдарының инфекцияларын емдеуде қолданылады.

– Ісіну, жоғары қан қысымы кезінде пайдаланады. Жемістер айқын диуретикалық әсерге ие болғандықтан, олар денеден артық сұйықтықты кетіруге көмектеседі, бұл қан қысымының бірте-бірте төмендеуіне әкеледі;

– Жүйке жүйесі, депрессия, стресс, созылмалы шаршау. Жемістің құрамындағы магний жүйке жүйесін тыныштандырады, адам жақсы ұйықтайды, тезірек тынығады және күштің көтерілуін сезінеді;

– Ауырсынуды және қабынуды жеңілдету үшін пайдаланады;

– Қан тамырлары ауруларын емдейді. Жиде ағашының жидектері бір мезгілде С және Р дәрумендерін қамтитындықтан, жүрек-тамыр жүйесін нығайтады және адам өмірін ұзартады.

Құндылығы жағынан жиде ағашының қарапайым және көзге түспейтін жидектері адамның энергиясын қалпына келтіретін алтын тамырмен, женьшеньмен өсімдіктермен теңестіріледі. «Жиде» тағамдық байытқыштың химиялық құрамы көмірсулардан, соның ішінде диеталық талшықтардан тұрады, оның ішінде талшықтар, гемицеллюлоза және пектин заттары, йогурт ингредиенттерінің белгілі бір комбинациясы кезінде суды ұстай алады [7].

Йогурт өндірудің технологиялық кезеңдері 2-суретте көрсетілген. Суретке сәйкес жиде жемісі қосылған йогурт дайындаудың технологиялық кезеңдері келесідей болады:


Сүт дайындау. МЕМСТ 31449 бойынша сүт қабылданады, майдың массалық үлесін, қышқылдығын, тазалығын анықтап, органолептикалық бағалау жүргізіледі. Сүтті сүзгіден немесе сепаратордан – сүт тазартқыштан өткізу арқылы шикізатты тазалайды. Сүтті майлылығы бойынша 2,5% майлылығына дейін сепаратор арқылы нормаланады. Қажетті компоненттерді қосқаннан кейін қоспаға біртекті құрылымды беру үшін гомогенизацияланады. Сүтті Т = 95-98ºС температурада 2-8 минут пастерленеді. Пастерленген қоспаны Т = 45ºС дейін суытылады [8].

Сүтті 45ºС температурада алдын ала қыздыру. Сүтті пастерлеу ванналарында қыздырады, олар жылыту немесе салқындату күртешелері бар резервуар болып табылады. Ваннаның ішінде қыздыру кезінде сүтті араластыруға арналған араластырғыш бар, ол сүттің біркелкі қызуын қамтамасыз етеді. Алдын ала қыздыру шамамен 45ºС температураға дейін жүзеге асырылады.

Сүтті гомогендеу. Қыздырылған сүт одан әрі өңдеу үшін гомогенизаторға жіберіледі. 50-70ºС температурада және 20-25 МПа қысымда өңдеу макромолекулалық және майлы сүт түйіршіктерін ұсақ бөлшектерге ыдыратады, бұл өндірілген йогурттың тамаша дәміне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сүтті ұйыту. Температурасы 37-40ºС дейін салқындатылған пастерленген сүтке рецептке сәйкес ұйытқы қосылады. Рецепт бойынша тағамдық қоспалар мен жидені қосады. Ұйытқыны қосқаннан кейін, біркелкі тарату үшін қоспаны 10-15 минут араластырады және 6-8 сағат ұйытуға

жіберіледі. Пісудің аяқталуы жеткілікті ұйытқының пайда болуымен, сонымен қатар йогурт қышқылдығымен анықталады. Түрлі бактериялар мен хош иістендіргіштерді, байытқыштарды қосу. Сүтті тиісті температураға дейін салқындатқанда, кәсіпорында әзірленген рецептке сәйкес қоспаларды қосуға болады.



Сурет 2. Жидемен байытылған йогурттың технологиялық сұлбасы

Йогурт өндірудің барлық кезеңдерін аяқтағаннан кейін оны тиісті контейнерлерге салу керек. Осы мақсатта құю қондырғыларын (ішу йогурт өндірісінде) немесе пластикалық шыныаяқтарға орау үшін машиналарды пайдалануға болады. Қаптамадан кейін өнім сатуға дайын.

Ұсынылып отырған йогурт ішектің дұрыс жұмыс істеуі үшін қажетті диеталық талшықты қамтитын өнім. Ағзадағы тағамдық талшықтың жетіспеуі зат алмасу функциялардың дұрыс жұмыс істеуін тоқтатудың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Бұл өнімді таза түрінде тұтынуға немесе диеталық мақсатта көп тағамдық талшықты қамтитын тағамдарды енгізуге болады. Денеде оның жетіспеушілігі асқазан-ішек жолдарының жұмысына ғана емес, иммундық жүйеге де теріс әсер етеді. Жиде жемісіне келетін болсақ ең бірінші сүйегінен тазартып, сыртқы қабығы мен еті ұнтақталып, кептірілді, содан кейін йогуртқа қосылды. Дәмі жағымды, түсі тартымды болып шықты. Өсімдік шикізаты ретінде жидені пайдалану сүт өнімдерінің ассортиментін ғана кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар оларды күнделікті тұтынған кезде денсаулықты сақтауға және жақсартуға көмектесетін функционалды өнімге айналады. Өнім асқазан-ішек жолдарына оң әсер ету арқылы ағзаның жалпы жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді және барлық жастағы адамдарға тұтынуға ұсынылады [9].

Йогурт МЕМСТ 31812013 «Йогурттар. Жалпы техникалық шарттар» бойынша резервуарлық әдіспен өндіріледі. Өсімдік тектес шикізатпен байытылған йогурттың сапа көрсеткіштерін зерттеу сүт өнімдерін қайта өңдеуге арналған тәжірибелік-өндірістік цехының зертханасында жүргізілді. МЕМСТ 25176 бойынша «Ақуыздың массалық мөлшерін анықтау», МЕМСТ 3628 бойынша «Көмірсудың массалық мөлшерін анықтау», МЕМСТ 3624-92 бойынша қышқылдықты анықтау «Сүт және сүт өнімдері. Қышқылдықты анықтаудың титриметриялық әдістері» арқылы анықталды [10,11].

Тәжірибелік йогурт үлгілерінің сапасын органолептикалық бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізілді. Йогурттарды органолептикалық бағалау шкаласын жасау кезінде байытылған, негізгі сапа көрсеткіштері дәм мен иіс (5 балл), сыртқы түрі мен консистенциясы (3 балл), түсі болды. Тәжірибелік үлгілерді органолептикалық бағалауды дегустациялау комиссиясы дегустация карталарын толтыру арқылы жүргізді. Алынған деректер олардың сенімділігін анықтау үшін статистикалық өңдеуден өтті.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Байытылған йогурттардың тәжірибелік үлгілерінің сапасын органолептикалық бағалау нәтижелері 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3

Йогурт сапасын органолептикалық бағалау нәтижелері

Көрсеткіштері	Сипаттама		
	Бақылау үлгісі	I үлгі	II үлгі
Сыртқы түрі және консистенциясы	Біртекті, орташа тұтқыр, нәзік	Біртекті, жиденің ұнтақтары біркелкі таралған, орташа тұтқыр	Жиденің ұнтақтары көбірек мөлшерде таралған, орташа тұтқыр
Дәмі мен иісі	Таза, сүтқышқылды, бөгде дәм мен иіссіз, орташа тәтті дәмі бар	Таза, жиденің дәмі орташа сезіледі, сүтқышқылды иісі бар	Таза, жиденің дәмі жақсы сезіледі, сүтқышқылды иісі бар
Түсі	Біртекті ақ	Енгізілген қоспаның түсімен, ақшыл	Енгізілген қоспаның түсімен, ақшыл

3-кестеден көріп отырғандай йогурт өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштерін бағалау үшін бақылау үлгісі, 10% (I нұсқа), 20% (II нұсқа) мөлшерінде жиде қосылған үлгілер зерттелді. Органолептикалық бағалау кезінде сарапшылардың пікірі бойынша ең жоғарғы ұпайды II үлгі жинады және оңтайлы үлгі болып таңдалды.

Сонымен қатар жиде қосылған йогурттың сақтау мерзімін анықтауға арналған зерттеулер жүргізілді. Ол үшін сыйымдылығы 200 мл шыны банкаларға салынған жидемен байытылған йогурттың тәжірибелік үлгілері 4±2°С температурада сақталды. Үлгілердегі сапа көрсеткіштерін зерттеу күн сайын 10 күн бойы жүргізілді. Сақтау кезінде йогурт үлгілерін зерттеу нәтижелері 4-кестеде көрсетілген.

4-кестеде келтірілген мәліметтерді талдау нәтижелері сақтау мерзімі ішінде толтырғышы бар йогурттың сапа көрсеткіштерінде айтарлықтай айырмашылық болмағанын көрсетеді. 10 күн ішінде органолептикалық көрсеткіштердің нашарлауы байқалмады. Қышқылдық 97-ден 106±20Т дейін айтарлықтай өзгерген жоқ. Жиде қосылған йогурттың сақтау мерзімі сақтау мерзімін есептеу әдістемесін басшылыққа ала отырып, 7 күнге дейін белгіленген.

Кесте 4

Сақтау кезіндегі тәжірибелік үлгінің сапа көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Сақтау ұзақтығы, тәулігіне									
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Дәмі	Дәмі таза, сүтқышқылды, тәтті толтырғыштың дәмімен									
Иісі	Айқын сүтқышқылды, қосылған толтырғыш иісімен									
Түсі	Масса бойынша біркелкі таратылған жиде ұнтақтарымен									
Консистенциясы	Біркелкі, мөлшерімен тұтқыр									
Сыртқы түрі	Беті жылтыр, сарысуы бөлінбеген, масса бойынша біркелкі таралған									
Қышқылдығы,^{0}Т	97	98	99	100	102	104	104	105	106	106



Сурет 3. Йогурт үлгілері

Дайын өнімнің құндылығын анықтау үшін Алматы қаласындағы «Алматы технологиялық университеті» АҚ-ның аккредациядан өткен «Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау бойынша ғылыми-зерттеу зертханасында» йогурт үлгілері зерттелді, олардың құрамына мыналар кіреді:

№ 1 нұсқа – бақылау үлгісі;

№ 2 нұсқа – 10% жиде қосылған йогурт үлгісі.

№ 3 нұсқа – 20% жиде қосылған йогурт өнімі. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жоғары биологиялық және тағамдық құндылығы бар йогурт алу мүмкіндігі анықталды, нәтижелері 5-кестеде көрсетілген

Кесте 5

Жиде жемісімен байтылған йогурттың құрамы.

Көрсеткіштер атауы	1 нұсқа (бақылау үлгісі)	2 нұсқа (10% жиде қосылған йогурт)	3 нұсқа (20% жиде қосылған йогурт)	НҚ зерттеу әдістемесі
Тағамдық талшықтың массалық үлесі, %	жоқ	1,02 ± 0,02	1,78 ± 0,02	МЕМСТ 31675-2012
С дәрумені, мг/100 г	0,062 ± 0,011	0,83 ± 0,01	1,42 ± 0,02	МЕМСТ 306272-98

5-кестеде көрсетілген зерттеу нәтижелерінен өсімдік тектес қоспаның мөлшері 20% болған нұсқа жоғары нәтиже көрсеткендіктен, оңтайлы үлгі ретінде алынды. Соңғы кезеңде әзірленген өсімдік тектес шикізатпен байытылған йогурттың бәсекеге қабілеттілігі және экономикалық тиімділігі есептелді.

Жидемен байытылған 1 тонна йогурттың құны 441 770 теңгені құрады. Өндірістің рентабельділік деңгейі 30% болды. Йогурттың 1 қаптамасының бағасын таңдаған кезде, біз болашақ сатып алушылардың әлеуметтік

сауалнамасын да есепке алынды, бір қаптама йогурттың құны 442 теңгені құрады. Есептеулер нәтижесінде құрамында жиде бар йогурттың өндірісі Қазақстандық нарық үшін тиімді деген қорытынды жасауға болады.

Қорытынды. Теориялық және эксперименттік зерттеулерге сүйене отырып, жиде қосылған йогурттың құрамы мен технологиясы жетілдірілді. Жидемен байытылған йогурт сусындарының физика-химиялық қасиеттерін, атап айтқанда адам денсаулығына пайдалы әсерін, сондай-ақ жеке профилактикалық және сауықтыру қасиеттерін сақтай отырып, йогурт сусындарының жалпы дәмін, дәрумендік құрамын жақсартуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытындылар жасалды: жиде қосылған йогурт өнімінің құрамында С дәруменінің мөлшерінің және тағамдық талшықтардың артқандығын көруге болады. Сонымен қатар органолептикалық бағалау нәтижелері бойынша да 20% жиде ұнтағы қосылған йогурттың көрсеткіштері жоғары нәтиже көрсетті. Жиде қосылған төмен калориялы сүтқышқылды сусындарын артықшылықтары:

1) өнімнің тағамдық құндылығы арттырылды;

2) йогурт өнімі тағамдық талшықтармен байтылды;

3) сусынның сауықтыру потенциалы арттырылды;

4) органолептикалық көрсеткіштері жақсарды және т.б.

Дәрумендердің, минералдардың және тағамдық талшықтардың жетіспеушілігін теңестіретін тағамдық байытқыштың артықшылығы оның қолжетімділігі және шикізатты жан-жақты өңдеуге байланысты құнының төмендігі болып табылады. Тұрақты сұранысқа ие йогурттарды алу популяциясы үшін жоғары тағамдық құндылығы ғана емес, сонымен қатар жоғары коммерциялық қасиеттері бар өнімді жасауға мүмкіндік беретін компоненттердің арақатынасын таңдау қажет болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мустафаева, А.К. Табиғи тәттілендіргіштері бар ешкі сүтінен дайындалған йогурттың рецептурасын жетілдіру [Мәтін] / А.К. Мустафаева, С. Әлтайұлы, Б. Калемшарив, Р. Салықова // Алматы технологиялық университетінің хабаршысы. – 2024. – № 1. – Б. 124-132.
2. Pimentel T.C. et al. Chemical composition and sensory analysis of probiotic yogurts made with goat milk and soy milk added with Zizyphus jujuba fruit extract // Food research international. – 2012. – Vol. 48. – No. 1. – P. 559-564.
3. Даниярова, Г.М. Ешкі және сиыр сүтінен жасалған йогурттың органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерін салыстырмалы бағалау [Мәтін] / Г.М. Даниярова [және т.б.] // Жас ғалым. – 2015. – № 6.3 (86.3). – Б. 29-33.
4. Нұржанова, А. Сүт және сүт өнімдерін өңдеу технологиясы [Мәтін]: оқу құралы / А. Нұржанова. – Астана: Фолиант, 2010. – 216 б.
5. Заикина, М.А. Технология йогурта на основе козьего молока, обогащенного смесью порошков аронии и боярышника [Текст] / М.А. Заикина // Вестник Воронежского государственного университета инженерных технологий. – 2021. – Т. 83, № 4. – С. 204-208.
6. Васильева, А.А. Использование растительных экстрактов для улучшения вкусоароматических свойств кефира [Текст] / А.А. Васильева, Е.Ю. Захарчук, Т.М. Панова // Вестник ПНИПУ. Химическая технология и биотехнология. – 2019. – № 4. – С. 5-16.
7. Зайкина, М. А. Технология йогурта на основе козьего молока, обогащенного смесью порошков аронии и боярышника [Текст] / М. А. Зайкина // Вестник ВГУИТ. – 2019. – № 4. – С. 5-16.

8. Разработка продуктов питания с учетом современных требований [Текст] / Я.М. Ребезов [и др.]. – Курган: Курганская государственная сельскохозяйственная академия имени Т.С. Мальцева, 2017. – С. 156-158.
9. Соколова, Е.И. Көкөністер мен саңырауқұлақтардан тағамдар әзірлеу [Мәтін]: оқулық орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған / Е.И. Соколова. – М.: Академия, 2016. – 288 б.
10. ГОСТ 31981–2013. Йогурты. Общие технические условия [Текст]. – Введ. 2014-05-01. – Москва: Стандартинформ, 2014. – 12 с.
11. ГОСТ 3624–92. Молоко и молочные продукты. Титриметрические методы определения кислотности [Текст]. – Введ. 01.01.1994. – Москва: Стандартинформ, 2009. – 8 с.

Материал редакцияға 15.01.25 түсті, 15.09.25 қабылданды.

А.К. Мустафаева[1], Б. Калемшарив[1], М.Т. Мурсалыкова[1], С.Ә. Карденов[1], Г.Ж. Шарикбаева[1], Ж.Б. Биржанова[1]

[1]Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРОИЗВОДСТВА КИСЛОМОЛОЧНОЙ ПРОДУКЦИИ, ОБОГАЩЕННОЙ ПЛОДАМИ ДЖИДЫ

Аннотация. В статье проведен анализ органолептических, физико-химических показателей йогурта, обогащенного растительным сырьем, отражены результаты проведенных исследований по определению витаминов, пищевых волокон в составе продукта. В статье отражены свойства и состав йогурта, усовершенствована рецептура йогурта, обогащенного растительным сырьем, расширен ассортимент продукции. В качестве сырья растительного происхождения была выбрана джида, проведен анализ его физико-химического состава, органолептических свойств. Введение добавок на растительной основе – единственный способ повысить пищевую ценность продукта. В лабораторных условиях исследовано несколько видов плодов джиды по органолептическим показателям: кожура джиды, мягкость джиды, кожура и мягкость джиды. В результате исследования были изучены образцы: контрольная выборка, витаминный состав йогурта с добавлением плодов джиды в количестве 10%, 20%, содержание пищевых волокон в йогурте.

Ключевые слова: йогурт, джида, витамины, сырье растительного происхождения.

A.K. Mustafayeva[1], B. Kalemshariv[1], M.T. Mursalykova[1], S.A. Kardenov[1], G.J. Sharikbayeva[1], J.B. Birzhanova[1]

[1]Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin, Astana, Kazakhstan

IMPROVEMENT OF THE TECHNOLOGY FOR PRODUCING FERMENTED MILK PRODUCTS ENRICHED WITH NATURAL OLEASTER FRUITS

Abstract. The article presents an analysis of the organoleptic and physicochemical properties of yogurt enriched with plant-based raw materials, as well as the results of studies on determining the vitamin content and dietary fiber in the product. The composition and properties of yogurt are described, and the formulation of yogurt enriched with plant-based ingredients has been improved, expanding the range of products. Oleaster fruits were selected as the plant-based raw material, and their physicochemical composition and organoleptic characteristics were analyzed. The introduction of plant-based additives is the only way to increase the nutritional value of the product. In laboratory conditions, several types of oleaster components were studied according to organoleptic indicators: oleaster peel, oleaster pulp, and a mixture of peel and pulp. As a result, the following samples were examined: control sample, vitamin

composition of yogurt with 10% and 20% oleaster fruit addition, and the dietary fiber content in yogurt.

Keywords: yogurt, oleaster, vitamins, plant-based raw materials.

References

1. Mustafaeva A.K., Altaiyuly S., Kalemshariv B., Salykova R. Tabighí táttílendírgíshtírí bar eşkí sútínen daĭyndalghan ĭoghúrttyng retsíptúrasýn zhetíldírú [Improving the formulation of yogurt prepared from goat's milk with natural sweeteners] // Almaty Technological University Bulletin. – 2024. – No. 1. – P. 124-132. [in Kazakh].
2. Pimentel, T.C. et al. Chemical composition and sensory analysis of probiotic yogurts made with goat milk and soy milk added with Ziziphus jujuba fruit extract // Food research international. – 2012. – Vol. 48. – No. 1. – P. 559-564.
3. Daniyarova, G.M. et al. Eshkí zháne síýr sútínen zhasalghan ĭoghúrttyng orghanóleptíkalýq zháne fízíka-khímíyalýq kórsetíshterín salýstýrmalý baghalaū [Comparative assessment of organoleptic and physico-chemical indicators of yogurt made from goat and cow milk] // Zhas Ghalym (Young Scientist). – 2015. – No. 6.3 (86.3). – P. 29-33. [in Kazakh].
4. Nurzhanova, A. Sút zháne sút ónímderín óngdeú tekhnologhíyasý [Technology of processing milk and dairy products]: Study guide. – Astana: Foliant, 2010. – 216 p. [in Kazakh].
5. Zaikina, M.A. Tekhnologiya ioghurta na osnove koz'ego moloka, obogashchennogo smes'yu poroshkov aronii i boyaryshnika [Technology of yogurt based on goat milk, enriched with a mixture of aronia and hawthorn powders] // Bulletin of Voronezh State University of Engineering Technologies. – 2021. – Vol. 83, No. 4. – P. 204-208. [in Russian].
6. Vasilieva A.A., Zakharchuk E.Y., Panova T.M. Ispol'zovanie rastitel'nykh èkstrakhtov dlya uluchsheniya vkusoaromaticheskikh svoĭstv kefíra [The use of plant extracts to improve the flavor and aroma properties of kefir] // Bulletin of PNIPU. Chemical Technology and Biotechnology. – 2019. – No. 4. – P. 5-16. [in Russian].
7. Zaikina, M.A. Tekhnologiya ioghurta na osnove koz'ego moloka, obogashchennogo smes'yu poroshkov aronii i boyaryshnika [Technology of yogurt based on goat milk, enriched with a mixture of aronia and hawthorn powders] // Bulletin of VSUIT. – 2019. – No. 4. – P. 5-16. [in Russian].
8. Rebezov, Ya.M. et al. Razrabotka produktov pitaniya s uchetom sovremennykh trebovaniĭ [Development of food products considering modern requirements]. – Kurgan: Kurgan State Agricultural Academy named after T.S. Maltsev, 2017. – P. 156-158. [in Russian].
9. Sokolova, E.I. Kókóníster men sanghýraūqúlaqtardan taghamdar ázírleū [Preparation of dishes from vegetables and mushrooms]: Textbook for students of secondary vocational education institutions. – Moscow: Akademiya, 2016. – 288 p. [in Kazakh].
10. GOST 31981–2013. Ioghúrty. Obshchíe tekhnícheskíe uslovíya [Yogurts. General technical conditions]. – Introduced 2014-05-01. – Moscow: Standartinform, 2014. – 12 p. [in Russian].
11. GOST 3624–92. Moloko i molochnye produkty. Títrímetrícheskíe metody opredeleníya kíslotností [Milk and dairy products. Titrimetric methods for determination of acidity]. – Introduced 01.01.1994. – Moscow: Standartinform, 2009. – 8 p. [in Russian].

ҒТАМР 65.53.39

Л.С. Сыздыкова ©

Техн. ғылым. канд., доцент
ORCID *https://orcid.org/0000-0002-8953-6332*
Алматы Технологиялық университеті,
Алматы, Қазақстан
@ *laila.ss@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/EHKF2564

ВИТАМИНДЕЛГЕН ЖЕМІС-КӨКӨНІС ШЫРЫНДАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа. Қазақстанда табиғи шырын нарығы көбінесе импорттық өнімдерден тұрады, алайда отандық өндіріс қарқын алуда. Халықтың табиғи шырындарға деген сұранысы олардың экологиялық таза өнімдерге қызығушылықтарының артуына және денсаулыққа пайдалы қасиеттеріне көз жеткізе бастауына байланысты өсіп отыр. Зерттеу жұмысы асқабақ, ашытылған орамжапырақ және цитрус шырындары негізінде тағамдық құндылығы жоғары шырын технологиясын жетілдіруге бағытталған. Асқабақ пен оның шырынының құрамындағы каротин, витаминдер мен минералдар көз және жүрек ауруларының алдын алуға көмектеседі. Ашытылған орамжапырақ пен апельсин шырындары ас қорыту жүйесін жақсартып, ағзаны витаминдермен толықтырады. Ал қияр шырыны тағам өнімінің сіңуіне көмектесетін және асқорытуды жақсартып зат алмасуда маңызды рөл атқаратын органикалық заттарға бай. Мақалада шикізат ретінде көкөністер мен цитрус жемісінен алынған шырындардың биологиялық және органолептикалық көрсеткіштерін ескере отырып, олардан дайындалған жаңа «Шипа» шырынының рецептурасы мен технологиялық режимі құрастырылып, алынған шырындардың тағамдық және биологиялық құндылықтарын зерттеу нәтижесі көрсетілген.

Тірек сөздер: табиғи шырын, асқабақ шырыны, ашытылған орамжапырақ шырыны, апельсин шырыны, қияр шырыны, рецептура, технология, тағамдық құндылық, биологиялық құндылық.

Сыздыкова, Л.С. Витаминделген жеміс-көкөніс шырындарының технологиясын жетілдіру [Мәтін] / Л.С. Сыздыкова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.20-29. https://doi.org/10.55956/EHKF2564

Кіріспе. Қазақстанда сусындар спектрі өте кең және шырын нарығын тұтыну сұранысының өсуі халықтың оларды тұтыну қабілетінің жоғарлауына байланысты. Дүкендердің сөресінен шырын, нектарлар, морс, газдалмаған және газдалған су, квас, тониктер, тіпті салқындатылған шай түріндегі алкогольсіз сусындарды көруге болады. Дегенмен әртүрлі белгідегі шырындарды қарапайым тұтынушылардың таңдауы өте қиын: яғни, сусындарды таңдауда тұтынушы денсаулық үшін пайдалы және сапалы не сапасыздығына назар аударmай, керісінше сол өнімнің арзан не қымбаттығына көңіл аударады [1].

Алайда соңғы кезде тұтынушылардың экологиялық таза өнімге деген қызығушылығының және табиғи шырындарға деген сұранысының артуы ірі қалалардағы өмір сүруге зиянды факторлардың әсерін бейтараптандыру, сондай-ақ, ағзаға жетіспейтін витаминдерді толықтыру қажеттілігінен туындайды [2].

Шырындарды тұтынудың деңгейін салыстырсақ, Қазақстанда тұтынушылар әлі де болса Еуропаның солтүстік елдеріндегі шырынды тұтынудың орташа көрсеткіштерінен (халықтың жан басына шаққанда 24-28 л) артта қалып келеді. Германияда табиғи шырындарды тұтыну ерекше жоғары мәнге ие, онда халықтың жан басына шаққанда – 42-44 л, Ресейде бұл көрсеткіш – 10 л, ал Қазақстанда шырындарды тұтыну – 8 л деңгейіне жетіп отыр [3].

Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі – адамның денсаулығын жақсарту арқылы олардың өмір жасын ұзарту, осы мақсатта жүрек-қан тамырлары жүйесі, зат алмасу, иммунитетті нығайту секілді денсаулық көрсеткіштеріне оң әсер етіп, ағзаны қажетті витаминдер мен микроэлементтермен байытып, зиянды заттарды шығаруға көмектесетін көкөніс шырындары алынды [4,5]. Яғни адам ағзасына өте пайдалы асқабақ шырыны негізінде оған витаминге бай цитрус жемісі мен ашытылған орамжапырақ, қияр шырынын қосу арқылы органолептикалық көрсеткіштері мен биологиялық құндылығы жоғары шырын түрі ұсынылады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу жұмыстары Алматы Технологиялық университетінің тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін зерттеу зертханасында жүргізілді. Негізгі зерттеу объектісі ретінде асқабақ, ашытылған орамжапырақ, қияр және апельсин шырындары пайдаланылды.

Барлық зерттеулер үш рет қайталанып, нәтижелердің орташа арифметикалық мәні мен стандарттық ауытқуы есептелді.

Дайын өнімдердің тағамдық құндылығы Кьелдаль, перманганатометриялық, экстракциялы әдістері арқылы, витаминдер мен минералды зат мөлшері келесі әдістерді қолдана отырып анықталды:

– МЕМСТ 24556-89 С витаминін анықтау әдісі;
– МЕМСТ Р 54635-2011 А витаминін анықтау әдісі;
– МЕМСТ 32343-2013 кальций, мыс, темір, магний, марганец, калий, натрий және мырыш құрамын анықтау әдісі.

Негізгі шикізат ретінде пайдаланылған асқабақ ең жақсы диеталық көкөніс болып табылады. Асқабақта қант, каротин, С, B_1, B_2, B_5, B_6, Е, РР витаминдері мол. Ал өте сирек кездесетін Т витамині ағзадағы зат алмасу процесін тездетіп, қанның қоюлануына және тромбоциттің қалыптасуына көмектеседі. Сонымен қатар, асқабақтың құрамында К витамині, май, ақуыз, көмірсу, целлюлоза, пектинді заттар, минералдардан калий, кальций, темір кездеседі [6]. Асқабақтағы каротин мөлшері сәбізбен салыстырғанда 5 есе көп, сол себептен офтальмологтар көз көруі нашарлаған адамдарға асқабақ шырыны мен асқабақты пайдалануды ұсынады [7].

Асқабақ жүрек тамыр жүйесі және қан қысымының артуы, сусамыр ауруымен ауыратын адамдарға пайдалы, ұйқы безі жасушасының қалпына келуіне көмектеседі. Асқабақтың жаңа сығылған шырынын созылмалы іш қату, зәр шығару жолының қабынуы, бүйректік жетіспеушілік, несеп айдағыш, геморрой, жүйке жүйесінің бұзылуы кезінде пайдаланған жақсы. Темір мөлшері бойынша асқабақ барлық көкөністерді басып озатындықтан, оны қаназдық ауруында пайдаланады. Асқабақтағы пектинді заттар ағзадан холестерин мен уландырғыш заттарды шығаруға көмектеседі [8].

Апельсин – пайдалы цитрус жемістерінің бірі болып табылады. Орташа көлемдегі апельсин ересек адамның бір күндік С витаминіне деген қажеттілігін қанағаттандырады. Апельсин калий, магний және темірге бай, олар майдың алмасуын, атеросклероздың дамуын тежейді. Апельсиннің құрамында көмірсулар, лимон және аскорбин қышқылдары, С, B_1, B_2, B_6, Р, А витаминдері, пектинді, азотты және минералды заттар бар. Апельсин шырынындағы С және В витаминдерінің жақсы қатынасы қатерлі ісік аруруына қарсы тұра алатын және қан тамырлардың қабырғасын күшейте алатын қасиетке ие [9-11].

Қияр құрамында 95-96% су, 4-5% құрғақ зат, құрғақ зат құрамында 2-25% қант, 1% ақуыз, 0,1% май, 0,7% клетчатка, С, В тобындағы витаминдер, каротин, органикалық қышқылдар, эфир майы бар [12].

				Soluble PS	Proto-pectin	Total PS	
Smuglyanka	15.6 ± 0.02	0.95 ± 0.01	11.2 ± 0.01	0.56 ± 0.02	0.84 ± 0.02	1.40 ± 0.01	180.6 ± 0.02
Black Prince	14.8 ± 0.01	0.86 ± 0.02	10.8 ± 0.01	0.52 ± 0.02	0.91 ± 0.02	1.43 ± 0.02	182.3 ± 0.02
Black Pearl	15.3 ± 0.01	0.82 ± 0.02	10.6 ± 0.01	0.55 ± 0.03	0.99 ± 0.01	1.54 ± 0.01	181.7 ± 0.03

Note: Soluble PS – soluble pectic substances; PP – protopectin.

The research results presented in Table 1 characterize mulberry fruits as raw materials with high nutritional potential, combining a high content of pectic substances (up to 1.54%), sugars (up to 11.2%), organic acids (up to 0.95%), and coloring substances (up to 182.3 mg%).

At the next stage of the study, the content of vitamins and mineral substances in the mulberry cultivars was determined. The obtained data are presented in Table 2.

Table 2

Vitamin and mineral content in the studied mulberry cultivars (mg per 100 g)

Mulberry cultivar	Vitamin C	Vitamin PP (Niacin)	Vitamin B_1 (Thiamine)	Vitamin B_2 (Riboflavin)	Phosphorus	Calcium	Potassium	Magnesium
Smuglyanka	11.6 ± 0.01	0.86 ± 0.02	0.052 ± 0.02	0.031 ± 0.01	36.3 ± 0.02	23.8 ± 0.01	350.6 ± 0.02	50.7 ± 0.01
Black Prince	10.1 ± 0.01	0.76 ± 0.01	0.045 ± 0.02	0.028 ± 0.02	36.1 ± 0.03	24.6 ± 0.01	352.2 ± 0.02	51.3 ± 0.01
Black Pearl	13.4 ± 0.01	0.91 ± 0.02	0.048 ± 0.01	0.029 ± 0.02	34.2 ± 0.02	24.1 ± 0.01	348.4 ± 0.03	52.0 ± 0.01

It was established that mulberry fruits contain the highest amount of vitamin C (10.1-13.4 mg%) and significantly lower amounts of vitamin PP (0.76-0.91 mg%) and B-group vitamins. Among the minerals, potassium is the most abundant (up to 352.2 mg), followed by magnesium (up to 52.0 mg), while phosphorus and calcium are present in slightly lower amounts.

These data allowed the development of a fruit dessert based on mulberry fruits, with the addition of oranges and lemons to balance the flavor and increase vitamin C content. Spices such as cloves, cinnamon, and ginger extract were also

included, along with additional pectin to achieve a jelly-like consistency. Sorbitol was used as a sugar substitute.

The formulations of the developed desserts are presented in Table 3.

Table 3

Formulations of the developed functional fruit desserts
(kg per 1 t of finished product)

Raw material	"Lemon Mulberry"	"Orange Mulberry"
Mulberry	680.0	570.0
Lemon	269.68	-
Orange	-	384.67
Ginger (extract)	0.08	0.08
Sorbitol	45	40
Pectin	5.0	5.0
Cloves	0.08	0.05
Cinnamon	0.16	0.2

The developed desserts are characterized by the following organoleptic properties:

1. Appearance: Homogeneous, non-layering jelly-like mass with evenly distributed particles of mulberry, lemon, or orange, without any foreign impurities.
2. Color: Dark purple.
3. Aroma: Well-defined aroma of lemon (or orange) and ginger, with a subtle pleasant spice note.
4. Taste: Sweet with a slight acidity and a mild pungent aftertaste.

After selecting the best samples based on organoleptic evaluation, the physicochemical properties of the developed samples were studied.

Figure 2 presents the profilograms of the obtained fruit desserts.




Fig. 2. Profilograms of the organoleptic properties of the fruit desserts

The data shown in Figure 2 indicate a high evaluation of the organoleptic properties of the newly developed functional desserts based on mulberry fruits. Both samples, "Lemon Mulberry" and "Orange Mulberry," have an appealing appearance, firm consistency, sweet-and-sour taste, and a pronounced aroma of citrus fruits and spices.

The chemical composition of the finished product characterizes its nutritional and biological value. Based on the content of the substances present in

the products, conclusions can be drawn regarding their benefits or potential harm to the human body. The results of the physicochemical analysis of the developed fruit desserts are presented in Table 4.

Table 4

Physicochemical properties of the developed fruit desserts

Dessert name	Dry matter, %	Acidity, %	Sugar content, %	Vitamin C content, mg%	Pectic substances, %	Tannins and coloring substances, mg%
Lemon Mulberry	68,6 ± 0,5	1,25 ± 0,03	33,7 ± 0,2	32,25 ± 0,3	3,16 ± 0,05	152,4 ± 0,5
Orange Mulberry	69,1 ± 0,5	1,08 ± 0,04	34,1 ± 0,2	30,54 ± 0,3	3,2 ± 0,05	154,1 ± 0,4

The obtained data characterize the developed fruit desserts as having high nutritional value, with a high content of vitamin C, pectic substances, and coloring substances (anthocyanins).

Conclusion. Thus, in the process of developing functional products based on unconventional plant raw materials, namely, black mulberry fruits, new fruit desserts were created. These desserts contain a high content of vitamin C (31.4 mg% on average, with a recommended daily intake of 90 mg/day), pectic substances (3.18% on average, with a recommended daily intake of 2-4 g/day), and coloring substances (153.25 mg% on average, with a recommended daily intake of 10-15 mg/day).

Since the content of a functional ingredient in a product should be at least 15% of the daily physiological requirement, the developed desserts can be classified as functional products when calculated per serving.

References

1. Babadzhanova Z.Kh., Karomatov I.D., Zhumaev B.Z., Alymova D.K. Shelkovitsa, tut: primenenie v drevney, sovremennoy narodnoi i nauchnoi meditsine (obzor literatury) [Mulberry: use in ancient, modern folk and scientific medicine (literature review)] // Young Scientist. – 2015. – No. 7. – P. 256-266. [in Russian].
2. Karomatov, I.D., Ikromova, F. Shelkovitsa kak lechebnoe sredstvo drevney i sovremennoy meditsiny [Mulberry as a medicinal remedy in ancient and modern medicine] // Biology and Integrative Medicine (electronic scientific journal). – 2018. – No. 2(19). [in Russian].
3. Nuraliev, Yu. Lekarstvennye rasteniya [Medicinal Plants]. – Dushanbe: Maorif, 1988. – 155 p. [in Russian].
4. Abd El-Mawla A.M. Induction of biologically active flavonoids in cell cultures of Morus nigra and testing their hypoglycemic efficacy // Scientia Pharmaceutica. – 2011. – Vol. 79, No. 4. – P. 951-961.
5. Aghababaee S.K. Effects of blackberry (Morus nigra L.) consumption on serum concentration of lipoproteins, apo A-I, apo B, hs-CRP and blood pressure in dyslipidemic patients // Journal of Research in Medical Sciences. – 2015. – Vol. 20, No. 7. – P. 684-691.
6. Ahmed S. Voltammetric determination of antioxidant character in Berberis lycium, Zanthoxylum armatum and Morus nigra Linn plants // Pakistan Journal of Pharmaceutical Sciences. – 2012. – Vol. 25, No. 3. – P. 501-507.
7. Sobol I.V., Krasnoselova E.A., Donchenko L.V. Vozmozhnost' ispol'zovaniya naturalnykh rastitelnykh ekstraktov v produktakh zdorovogo pitaniya [Possibility of

using natural plant extracts in health-promoting food products] // Proceedings of the Kabardino-Balkarian State Agrarian University. – 2024. – No. 4(46). – P. 146-153. [in Russian].
8. Vakhrusheva Yu.A., Selina I.I., Oganesyan E.T. Sravnitelnaya antioksidantnaya aktivnost' yagod shelkovitsy chernoy (Morus nigra L.), shelkovitsy beloy (Morus alba L.) i shelkovitsy krasnoy (Morus rubra L.) [Comparative antioxidant activity of black, white and red mulberry fruits] // Pharmacy & Pharmacology. – 2015. – Vol. 3. – No. 2(9). – P. 5-9. [in Russian].
9. Khasanshina A.R., Abizov E.A. Antimikrobnye i protivovirusnye svoystva nekotorykh predstaviteley semeystva tutovykh (Moraceae Link) [Antimicrobial and antiviral properties of some species of the Moraceae family] // Medical Aid. – 2003. – No. 3. – P. 39-42. [in Russian].
10. Abbas G.M. A new antioxidant stilbene and other constituents from the stem bark of Morus nigra L. // Natural Product Research. – 2014. – Vol. 28, No. 13. – P. 952-959.
11. Ahmad A. Antiulcer and antioxidant activities of a new steroid from Morus alba // Life Sciences. – 2013. – Vol. 92, No. 3. – P. 202-210.
12. Mubalieva Sh.M., Aknazarov O.A., Shokhumorova O. Biokhimicheskiy sostav soplodiy shelkovitsy v usloviyakh zapadnogo Pamira [Biochemical composition of mulberry infructescences in the conditions of Western Pamir] // Proceedings of the Academy of Sciences of the Republic of Tajikistan. Biological and Medical Sciences. – 2009. – No. 3(168). – P. 54-57. [in Russian].
13. Peteng de Vogrenan de Kyunyak D.T. et al. Gustoy ekstrakt plodov (vinograda, shelkovitsy i vostochnoi khurmy) kak istochnik zhiznenno vazhnykh mikroelementov i vitaminov [Thick fruit extract (grapes, mulberry, Oriental persimmon) as a source of essential trace elements and vitamins] // Healthcare of Tajikistan. – 2012. – No. 1. – P. 54-57. [in Russian].
14. Tsibizova A.A. et al. Kolichestvennoe soderzhanie askorbinovoi kisloty v plodakh shelkovitsy chernoy [Quantitative content of ascorbic acid in black mulberry fruits] // New Issues in Modern Science. – Astrakhan, 2017. – P. 83-85. [in Russian].
15. Sobol I.V., Rodionova L.Ya. Razrabotka produktov gerontologicheskogo pitaniya povyshennoi pishchevoi tsennosti [Development of gerontological nutrition products with increased nutritional value] // Polzunov Bulletin. – 2021. – No. 2. – P. 168-174. [in Russian].
16. Baziyan Kh.A. Yagody tuty kak lechebnoe sredstvo [Mulberry berries as a medicinal remedy] // Problems of Nutrition. – 1989. – No. 5. – P. 81-82. [in Russian].

Received: 22 September 2025
Accepted: 04 December 2025

И.В. Соболь[1], Л.В. Донченко[1], Е.А. Красноселова[1], Е.С. Савченко[1]

[1]И.Т. Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік аграрлық университеті, Краснодар, Ресей

ФУНКЦИОНАЛДЫ ТАҒАМ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУДЕГІ ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫНЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

Аңдатпа. Функционалды тағам өнімдері – күнделікті тұтыну барысында адам денсаулығын сақтауға және нығайтуға көмектесетін пайдалы азық-түліктер. Функционалды өнімдер ассортиментін кеңейту халықтың жалпы сауықтануына, соның нәтижесінде өмір сүру ұзақтығы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Функционалды өнімдердің құрамында дәстүрлі емес өсімдік шикізаты жиі қолданылып келеді. Осындай шикізаттың бірі – тұт жемістеріне негізделген өнімдер. Тұт жемістерінің құрамында олардың тағамдық қана емес, фармакологиялық

құндылығын да анықтайтын маңызды биологиялық белсенді заттар бар. Витаминдердің, минералды элементтердің және табиғи бояғыштардың жоғары болуы тұт жемістерін әртүрлі десерттер мен емдік тағамдар дайындауда қолдануға мүмкіндік береді. Тұт жемістеріне негізделген жаңа жеміс десерттері дәстүрлі емес өсімдік шикізатынан алынатын функционалды өнімдер ассортиментін кеңейтуге септігін тигізеді.

Тірек сөздер: функционалды өнімдер, өсімдік шикізаты, тұт жемістері, тағамдық құндылығы, жеміс десерті.

И.В. Соболь[1], Л.В. Донченко[1], Е.А. Красноселова[1], Е.С. Савченко[1]

[1]ФГБОУ ВО Кубанский государственный аграрный университет им. И.Т. Трубилина, Краснодар, Россия

НОВЫЕ ВИДЫ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ В ПРОИЗВОДСТВЕ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ

Abstract. Функциональные продукты питания относятся к здоровым продуктам, которые помогают поддерживать и сохранять здоровье человека, при ежедневном их потреблении. Расширение ассортимента функциональных продуктов будет способствовать оздоровлению населения, тем самым продлевая продолжительность и активность жизни. В ассортименте функциональных продуктов все чаще встречаются продукты, в состав которых входит нетрадиционное растительное сырье. Одним из таких видов являются продукты на основе плодов шелковицы. В составе плодов шелковицы содержатся ценные пищевые ингредиенты, обусловливающие не только их пищевую, но и фармакологическую ценность. Высокое содержание витаминов, минеральных веществ и красящих веществ, позволяет использовать плоды шелковицы в качестве разнообразных десертов и лечебных продуктов. Разработанные новые фруктовые десерты на основе плодов шелковицы будут способствовать расширению ассортимента функциональных продуктов из нетрадиционных видов растительного сырья.

Keywords: функциональные продукты, растительное сырье, плоды шелковицы, пищевая ценность, фруктовый десерт.

ҒТАМР 65.59.31

Я.М. Узаков[1] – *негізгі автор*,
М.Ә-А. Қалдарбекова[2], **А.Н. Тортай**[3],
Д.Ә. Оңғарбек[4], **А.М. Аитбаева**[5]

[1]*Академик, техн. ғылым. д-ры, профессор,* [2]*PhD, қауымдас. профессор м.а.,* [3,5]*Докторант,* [4]*Магистрант*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0009-0001-2878-7170* [2]*https://orcid.org/0000-0002-0103-307X*
[3]*https://orcid.org/0009-0008-0756-2766* [4]*https://orcid.org/0009-0000-4823-1930*
[5]*https://orcid.org/0009-0003-5264-3163*

[1,2,3,4,5]*Алматы Технологиялық университеті,*

Алматы, Қазақстан

[3]*tortay.arsen@gmail.com*

©

https://doi.org/10.55956/GLZB2267

ТӨМЕН ҚҰНДЫ СУБӨНІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ӘЗІРЛЕНГЕН ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада ет өңдеу өндірісінде төмен құнды субөнімдерді және субөнімдерден алынған коллаген гидролизатын жартылай ысталған шұжық өнімдерінің құрамына енгізудің тиімділігі қарастырылды. Зерттеу барысында ірі қара малдың өкпесі мен құрышын, және де сирақтарынан әзірленген коллаген гидролизатын тауық филесінің мөлшерін алмастыра (жалпы массаның 30%-ы мөлшерінде) пайдаланып, жартылай ысталған шұжықтың тәжірибелік үлгісі («DAR») жасалды. Зерттеу барысында төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжықтың тәжірибелік үлгілері әзірленіп, олардың физика-химиялық, минералдық, аминқышқылдық құрамы және органолептикалық көрсеткіштері талданды. Тәжірибелік үлгінің физика-химиялық көрсеткіштерінде бақылау үлгісімен салыстырғанда pH мәнінің төмендегені (5,94-тен 5,82-ге дейін), ал ылғал байланыстыру қабілетінің 9,29%-ға (70,3%-дан 77,5%-ға), май байланыстыру қабілетінің 13,52%-ға (45,4%-дан 52,5%-ға) жоғарылағаны анықталды. Сонымен қатар минералдық элементтердің (темір, мырыш, фосфор, селен) мөлшері де едәуір жоғарылады. Алынған өнімдердің аминқышқылдық құрамы теңгерімді болып, өнімінің органолептикалық бағалауы бойынша орташа балл тәжірибелік үлгіде (4,68) бақылау үлгісіне қарағанда (4,46) жоғары болды. Зерттеу нәтижелері субөнімдерді және субөнімдер гидролизатын жартылай ысталған шұжық өнімдері құрамында қолданудың технологиялық және тағамдық тұрғыдан тиімділігін растап, олардың перспективалы шикізат көзі екенін көрсетті.

Тірек сөздер: жартылай ысталған шұжық, төмен құнды субөнімдер, II санатты субөнімдер, коллаген гидролизаты, өкпе, құрыш.

Узаков, Я.М. Төмен құнды субөнімдерді пайдалана отырып әзірленген шұжық өнімдерінің сапа көрсеткіштерін талдау [Мәтін] / Я.М. Узаков, М.Ә-А. Қалдарбекова, А.Н. Тортай, Д.Ә. Оңғарбек, А.М. Аитбаева // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.46-57. https://doi.org/10.55956/GLZB2267

Кіріспе. Ет өңдеу өнеркәсібі мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісін қолдауда, ауылдық жерлердегі халықты жұмыспен қамтуда және тұрғындарды ет және ет өнімдерімен де қамтамасыз етуде маңызды орын алады. Әлемде халық санының өсуі және табыс деңгейінің жоғарылауы ет өнімдеріне деген сұранысты арттырып отыр, бұл өз кезегінде қайта өңдеу кәсіпорындарының өнімділігін күшейтуді талап етеді.

Ет және ет өнімдері адам ағзасына қажетті барлық аминқышқылдары бар, толыққанды ақуыздың негізгі көзі болып табылады [1]. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша, 2024 жылы елде 430 мың тонна сиыр еті өндірілген, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 7,5%-ға жоғары және ішкі сұранысты толық қамтамасыз етіп отыр. Дегенмен, өндіріс көлемінің өсуіне қарамастан, 2024 жылы Қазақстан Ресейден дайын ет өнімдерін импорттау бойынша бірінші орынды иеленген. Бұл жағдай ішкі нарықта ет өнімдерінің жекелеген түрлеріне деген сұраныстың толық қанағаттандырылмағандығын көрсетеді. [2].

Ет дефициті, ұзақ уақыт бойы ет және басқа да жануар ақуызынан бас тарту ағзада ақуыз жетіспеушілігін туғызып, қан түзілу процестерінің бұзылуына, май алмасуының нашарлауына және инфекциялық ауруларға төзімділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін [3]. Күнделікті тұтынатын ақуыз мөлшерінің шамамен 55%-ы жануар ақуызынан тұруы қажет [4].

Ақуыз жетіспеушілігі мәселесін шешудің тиімді жолдарының бірі – етпен қатар ет өңдеу саласындағы екінші реттік шикізаттарды, атап айтқанда субөнімдерді пайдалану [5]. Субөнімдер жиі дұрыс бағаланбағанымен, тағамдық құндылығы жағынан ерекше өнімдер болып табылады. Қазіргі кезде жаһандық экологиялық және экономикалық мәселелердің өршуіне байланысты субөнімдерді тиімді пайдалану өзекті болып отыр. Субөнімдердің құрамында ақуыздар, липидтер, дәрумендер мен минералдық заттар жеткілікті мөлшерде кездеседі, бұл оларды функционалдық және емдік-профилактикалық тағам өндірісінде пайдалануға мүмкіндік береді [6].

Субөнімдерді тамақ өнеркәсібінде пайдалану тамақ қалдықтарының көлемін азайтуға ықпал етіп, орнықты даму қағидаларына сәйкес келеді. FAO (2022) мәліметтері бойынша, субөнімдердің шамамен 20%-ы пайдаланылмай қалып, экономикалық шығынға әкелуде. Оларды қосымша құны жоғары өнімдердің өндіріс тізбегіне енгізу шикізат ресурстарын тиімді пайдаланып, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге септігін тигізеді. Ірі қара малдың тірі салмағынан субөнімдердің орташа шығымы 22%-ды, шошқада – 17%, қой мен ешкіде – 20%-ды құрайды. Соңғы шолулар субөнімдерден алынатын гидролизденген коллагеннің функционалды тағамдарға сәтті енгізуі себептерін сипаттайды [7].

Осыған орай, еліміздің ет өңдеу саласының өзекті мәселерінің бірі ол ет өнімдерінің құрамына төмен құнды болып саналатын субөнімдерді енгізу болып табылады. Төмен құнды субөнімдер ақуыздың табылмас көзі болып қана қоймай, сондай-ақ, ет өнімдерінің физико-технологиялық көрсеткіштерін жақсартып, биологиялық құндылығын да арттыра алады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Төмен құнды (II-санаттағы) субөнімдері және субөнімдерден алынған коллаген гидролизатын пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжық өнімдері Алматы технологиялық университетінің «Ет өңдеу оқу-ғылыми орталығында» дайындалды. Бақылау үлгісі ретінде Ет өңдеу оқу-ғылыми орталығының ассортиментіндегі «АТУ-ская» жартылай ысталған шұжығының рецептурасы мен өндіріс технологиясы таңдалынды. Аталған «АТУ-ская» жартылай

ысталған шұжығы өз кезегінде «Любительская» (ГОСТ 31785-2012) жартылай ысталған шұжығының негізінде әзірленген.

Жартылай ысталған шұжық өндірісі етті бөлшектеу, сүйектен ажырату және сіңірден тазартудан басталады. Одан кейін ет шикізаты кесектерге ұсақталып, тұздау процессі (12-24 сағат, 2-4°С) жүргізілді. Төмен құнды субөнімдеріне (сиыр өкпесі мен құрышы) тазалау процессі жүргізіліп, жартылай дайын күйге жеткенше суда пісірілді (30-45 минут).

Коллаген гидролизатын алу үшін ірі қара малдың сирақтары пайдаланылды. Шикізат мұқият тазаланып, жуылды, содан кейін шамамен 70-100 г кесектерге кесілді. Майсыздандыру 65°С температурада 50 минут бойы жүргізілді, содан кейін жартылай фабрикат 40°С дейін салқындатылды. Ферментативті гидролиз 40°С температурада 24 сағат бойы BLT-7 фермент кешенін (1%) пайдалана отырып жүргізілді. Гидролизатты 95±2°С температурада 30 минут ұстау арқылы ферменттер инактивацияланды. Алынған ақуыз гидролизаты кептірілді және кейіннен ет жүйелерінде қолданылды.

Тұздалған ет шикізаты мен субөнімдер еттартқышта (CE 660F/ la Minerva/ Италия) ұсақталды (ет шикізаты үшін ø – 4 мм; субөнімдер үшін ø – 2 мм). Ұсақталған шикізат ет араластырғышта (C/E MM 30/ la Minerva/ Италия) дәмдеуіштер мен сарымсақ енгізіліп араластырылды (8-10 минут). Дайын фарш қабықтарға толтырылып, жылулық өңдеуден өту мақсатында, термокамераға (УК-3\1М100/Техтрон+/ Россия) енгізілді. Жылулық өңдеу қуырмалаудан (обжарка) (90 ± 10°С, 60-90 минут) басталып, пісірумен (80 ± 5°С, 40-80 минут) жалғасады, содан кейін өнім 20 °С және одан төмен температурада 2-3 сағат бойы салқындатылады. Салқындатылған шұжық өнімдері ыстау процессінен өтіп (42 ± 3°С, 6-8 сағат), 10-12°С температурада, 76,5 ± 1,5% ылғалдылықта 1-2 тәулік бойы кептіріледі. Дайын болған өнімдер сақтауға (2 ± 2°С) жіберіледі.

Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжық өнімдерінің рецептурасы 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжық өнімдерінің рецептурасы

Ингредиент атаулары	Бақылау үлгісі «АТУ-ская»	Тәжірибелік үлгі «DAR»
Негізгі шикізат, кг		
Сиыр еті	50	40
Құс еті (тауық филесі)	40	10
Сиыр ішек майы (висцералды)	10	10
Сиыр өкпесі	-	15
Сиыр құрышы (рубец)		15
Субөнімдерден алынған коллаген гидролизаты		10
Қосалқы шикізат, 100 кг өнімге г мөлшерінде		
Ас тұзы	3000	3000
Сарымсақ (чеснок)	200	200
Қант	120	120
Қара бұрыш ұнтақталған	100	100
Мускат жаңғағы	60	60
Натрий нитриті	5	5

Дайын өнімдерге зертханалық зерттеулер Алматы технологиялық университетінің «Тамақ қауіпсіздігі» аккредиттелген ғылыми-зерттеу зертханасында (аккредиттеу аттестаты №KZ.T.02.E 1158) жүргізілді.

Өнімнің pH мәні ГОСТ Р 51478-99 «Ет және ет өнімдері. Сутегі иондары концентрациясын (pH) анықтаудың бақылау әдісі» бойынша анықталды. Әдістің мәні сынаманың pH-метр көмегімен сутегі иондарының концентрациясын потенциометриялық әдіспен өлшеуге негізделген. Бұл әдіс зерттелетін үлгінің электродтық жүйемен әрекеттесуіне және сутегі иондарының белсенділігін тікелей анықтауға негізделеді. Өлшеу стандартты буферлік ерітінділерді қолдана отырып жүргізіледі, ал pH-метрдің дәлдігі градуирленген электрод жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Өнімнің ылғал байланыстыру қабілеті Вартанян әдісі бойынша анықталды. Бұл әдіс еттің пісірілу кезіндегі ылғал жоғалтуларын өлшеуге негізделген. Сынаманың белгілі массасы пісіріліп, пісірілгеннен кейінгі массасы өлшенеді. Ылғал байланыстыру қабілеті (ЫБҚ) келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{ЫБҚ}(\%) = \left(1 - \frac{m_1 - m_2}{m_1}\right) \times 100 \quad (1)$$

мұнда: m_1 – пісірілмеген сынаманың массасы; m_2 – пісірілген сынаманың массасы.

Өнімнің май байланыстыру қабілеті (МБҚ) рефрактометриялық әдіс бойынша анықталды. Бұл әдіс өнімнің майды сіңіру және ұстап тұру қабілетін өлшеуге негізделген. Әдістің мәні – зерттелетін үлгіні маймен араластырып, кейіннен бос майды бөліп алу арқылы майдың сіңірілген мөлшерін анықтау. Май байланыстыру қабілеті (МБҚ) келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{МБҚ}(\%) = \left(\frac{m_2 - m_1}{m_1}\right) \times 100 \quad (2)$$

мұнда: m_1 – бастапқы өнімнің массасы (г); m_2 – маймен араластырғаннан кейінгі өнімнің массасы (г).

Темір мөлшері ГОСТ 26928-86 «Азық-түлік өнімдері. Темір мөлшерін анықтау әдістері» бойынша анықталды. Әдіс минералданған үлгіде темір иондарының концентрациясын анықтауға негізделеді. Темір анықтау үшін атомдық-абсорбциялық спектрометрия қолданылды.

Мырыш мөлшері ГОСТ 26934-86 «Азық-түлік өнімдері. Мырыш мөлшерін анықтау әдістері» бойынша өлшенді. Бұл әдісте өнім үлгісі қышқылдық өңдеуден өтеді, содан кейін атомдық-абсорбциялық спектрометрия көмегімен мырыштың нақты концентрациясы анықталды.

Фосфор мөлшері ГОСТ 9794-2015 «Ет және ет өнімдері. Фосфорды анықтау әдістері» бойынша анықталды. Әдістің мәні – өнімнің күкірт қышқылымен минералдануы нәтижесінде пайда болған фосфаттардың концентрациясын фотометриялық әдіспен өлшеу.

Селен мөлшері ГОСТ 31707-2012 «Азық-түлік өнімдері. Селен мөлшерін анықтау әдісі» бойынша анықталды. Селенді анықтау үшін атомдық-абсорбциялық спектрометрия қолданылды. Минералданған үлгіде селеннің оптикалық тығыздығы өлшеніп, оның нақты концентрациясы есептелді.

Өнімдегі ақуыздың массалық үлесі ГОСТ 25011-2017 «Ет және ет өнімдері. Ақуыздың массалық үлесін анықтау әдісі» бойынша анықталды. Кьельдаль әдісі бойынша, өнім үлгісі күкірт қышқылымен өңделіп, ақуыз құрамындағы азот аммоний сульфатына айналады. Кейін бұл қосылыс сілтімен бейтараптылып, бөлінген аммиак бор қышқылы ерітіндісімен байланысып, титрлеу арқылы жалпы азот мөлшері анықтлды.

Өнімдегі майдың массалық үлесі ГОСТ 23042-2015 «Ет және ет өнімдері. Майдың массалық үлесін анықтау әдістері» бойынша анықталды. Сокслет экстракциялау әдісі арқылы алдын ала кептірілген және ұнтақталған сынама органикалық еріткіш көмегімен майдан ажыратылады. Содан кейін еріткіш буландырылады, ал қалған май массасы өлшеніп, оның пайыздық мөлшері есептелді.

Өнімдегі көмірсулардың массалық үлесі перманганатометриялық әдіс арқылы анықталды. Әдістің мәні көмірсулардың тотығу-тотықсыздану реакциясына қатысу қабілетін пайдалану.

Зерттеу нәтижелері. Шұжық өнімдерінің сапалық көрсеткіштерін бағалау үшін өнімнің физика-химиялық құрамы мен тағамдық құндылығы зерттелді. Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжық өнімдерінің тағамдық құндылығы мен физика-химиялық көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2

Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжық өнімдерінің тағамдық құндылығы мен физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Бақылау үлгісі «АТУ-ская»	Тәжірибелік үлгі «DAR»
Физика-химиялық көрсеткіштері:		
pH	5,94	5,82
Ылғал байланыстыру қабілеті, %	70,3 ± 1,2	77,5 ± 1,2
Май байланыстыру қабілеті, %	45,4 ± 0,5	52,5 ± 0,5
Тағамдық құндылығы:		
Ақуыз, %	19,5 ± 0,21	17,75 ± 0,21
Май, %	25,9 ± 0,35	29,57 ± 0,35
Көмірсу, %	-	
Минералды элементтер:		
Темір, мг/100 г	2,08 ± 0,02	3,42 ± 0,02
Мырыш, мг/100 г	1,61 ± 0,03	2,58 ± 0,03
Фосфор, мг/100 г	149,1 ± 0,81	187,4 ± 0,81
Селен, мг/100 г	0,011 ± 0,001	0,018 ± 0,001

2-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, физика-химиялық көрсеткіштері бойынша тәжірибелік үлгіде бақылау үлгісімен салыстырғанда pH көрсеткіші 2,75%-ға төмендеген, ал ылғал байланыстыру қабілеті (ВУС) 9,29%-ға жоғарылаған, май байланыстыру қабілеті (ЖУС) 13,52%-ға артқан. Тағамдық құндылық тұрғысынан тәжірибелік үлгіде ақуыз мөлшері 9,86%-ға аз, ал майдың массалық үлесі 12,41%-ға өскен. Минералды элементтердің мөлшері бойынша тәжірибелік үлгіде темір 60,82%-ға, мырыш 62,40%-ға, фосфор 79,56%-ға, ал селен 61,11%-ға жоғарылаған. Бұл деректер субөнімдерді және олардың гидролизатын қосу өнімнің май құрамын арттырғанымен, минералды элементтердің концентрациясының артуы, сондай-ақ ылғал және май байланыстыру қабілеттерінің жоғарылауы

тәжірибелік үлгінің технологиялық және тағамдық тұрғыдан тиімділігін арттырғанын көрсетеді.

Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген «DAR» (тәжірибелік үлгі) жартылай ысталған шұжық өнімінің аминқышқылды құрамы 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3

Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген «DAR» (тәжірибелік үлгі) жартылай ысталған шұжық өнімінің аминқышқылды құрамы

№	Уақыты	Компонент	Басталуы	Аяқталуы	Ауданы	Конц., мг/л	Аминқышқылының массалық үлесі, %
1	7,923	-	7,807	8,012	254,8	0,00	0,00
2	8,067	аргинин	8,012	8,593	313,8	360,0	3,789 ± 1,515
3	11,928	лизин	11,692	12,355	368,2	180,0	1,894 ± 0,644
4	12,575	тирозин	12,355	12,698	265,4	270,0	2,841 ± 0,852
5	12,813	фенилаланин	12,698	13,135	221,8	210,0	2,210 ± 0,663
6	13,418	гистидин	13,135	13,667	84,77	80,0	0,842 ± 0,421
7	14,175	лейцин+ изолейцин	13,820	14,427	612,0	220,0	2,315 ± 0,602
8	14,575	метионин	14,427	14,642	67,68	56,0	0,589 ± 0,200
9	14,830	валин	14,642	15,060	300,5	200,0	2,105 ± 0,842
10	15,273	пролин	15,060	15,450	293,5	180,0	1,894 ± 0,493
11	15,505	треонин	15,250	15,505	208,7	110,0	1,158 ± 0,463
12	16,508	серин	16,185	16,632	208,7	110,0	1,158 ± 0,301
13	16,848	аланин	16,632	17,215	454,6	190,0	1,999 ± 0,520
14	18,638	глицин	18,243	18,968	402,1	140,0	1,473 ± 0,501

3-кестеде көрсетілген зерттеу нәтижелері бойынша тәжірибелік үлгі құрамында ең көп кездесетін аминқышқылдар аргинин (3,789 ± 1,515%) мен тирозин (2,841 ± 0,852%) екені анықталды. Сонымен қатар, маңызды аминқышқылдар - валин (2,105 ± 0,842%) және аланинның (1,999 ± 0,520%) жоғары мөлшерін көруге болады, бұл өнімнің биологиялық құндылығының жоғары екенін көрсетеді.

Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген «DAR» (тәжірибелік үлгі) жартылай ысталған шұжық өнімі ақуызының биологиялық құндылығы 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4

Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген «DAR» (тәжірибелік үлгі) жартылай ысталған шұжық өнімі ақуызының биологиялық құндылығы

Амин қышқылдар	Aj, г/100г	Acj, г/100г	Cj, %	ΔРАС, %	КРАС, %	БЦ, %	aj
лизин	8,65	5,5	157,27	-57,27	101,25	141,05	0,92
тирозин+ фенилаланин	10,21	6	170,17	-70,17	101,25	141,05	1
лейцин + изолейцин	16,16	11	146,91	-46,91	101,25	141,05	0,86
метионин	4,58	3	152,67	-52,67	101,25	141,05	0,9
валин	7,46	4,8	155,42	-55,42	101,25	141,05	0,91
треонин	4,05	4	101,25	-1,25	101,25	141,05	0,6
триптофан	1,16	1	116	-16	101,25	141,05	0,68

Зерттеу нәтижелері бойынша алынған мәліметтер өнімнің аминқышқылдық құрамы теңгерімді екенін, бірақ кейбір маңызды аминқышқылдардың, әсіресе триптофан мен треониннің, шектеуші фактор болатынын көрсетеді.


Өнімнің органолептикалық көрсеткіштерін органолептикалық талдау арқылы бағалау жүргізілді. Бұл зерттеуге Алматы технологиялық университетінің (Алматы, Қазақстан) «Тағам өнімдерінің технологиясы» кафедрасының қызметкерлері қатысты. Қатысушылар зерттеуге ерікті түрде қатысып, ауызша келісім берген. Органолептикалық талдау үшін біркелкі кесілген, 20°C ± 2°C дейін салқындатылған төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжық өнімі үлгілері алдын ала таңбаланған ақ тәрелкелерге орналастырылды. Шұжық өнімдерінің органолептикалық бағалау нәтижелері 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5

Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжық өнімдерінің органолептикалық бағалау нәтижелері

№	Үлгі атауы	Сыртқы түрі	Консистен-циясы	Иісі	Дәмі	Шырынды-лығы	Орташа балл
1	Бақылау үлгісі «АТУ-ская»	4,7	4,3	4,5	4,6	4,2	4,46
2	Тәжірибелік үлгі «DAR»	4,6	4,7	4,8	4,7	4,6	4,68

Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжық өнімдерінің органолептикалық бағалау нәтижелері негізінде шұжық өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштерінің профилограммасы тұрғызылды (сурет 1).



Сурет 1. Төмен құнды субөнімдер пайдаланып әзірленген жартылай ысталған шұжық өнімдерінің органолептикалық көрсеткіштерінің профилограммасы

Органолептикалық талдау нәтижелері бойынша «DAR» тәжірибелік үлгісінің (4,68) органолептикалық көрсеткіштері, бақылау үлгісіне қарағанда (4,46), жоғары баллға ие болды. Бақылау үлгісінің сыртқы түрі жоғары бағаланғанымен, өзге көрсеткіштері бойынша тәжірибелік үлгісі басым болды. Әсіресе, комиссия мүшелері тәжірибелік үлгінің консистенциясы мен шырындылығын атап өтті.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жартылай ысталған шұжықтың құрамына төмен құнды субөнімдер мен

субөнімдерден алынған коллаген гидролизатын қосу өнімнің pH деңгейінің төмендеуіне, ылғал және май байланыстыру қабілетінің артуына, ақуыз мөлшерінің аздап төмендеуіне, май құрамының артуы және минералдық элементтердің едәуір жоғарылауына себеп болғанын көре аламыз.

Өнімнің pH деңгейінің төмендеуі субөнімдердің табиғи изоэлектрлік нүктесінің ерекшелігіне, сондай-ақ олардың құрамындағы ақуыздық және минералдық компоненттердің әсеріне байланысты. Өкпе және құрыш құрамында гликозаминогликандар мен қышқылдық реакцияға ие ақуыздық кешендер көптеп кездеседі, және де бұл қосылыстар өнімнің pH деңгейін төмендетіп, оның қышқылдық тұрақтылығын арттыруға себеп болады [8-10].

Өнімнің ылғал байланыстыру қабілетінің артуы субөнімдердің және коллаген гидролизатының су сіңіру және ұстап тұру қабілетінің жоғары деңгейімен, және де өкпе мен құрыш құрылымындағы кеуекті тіндердің жоғары үлесімен түсіндіріледі. Өкпе құрамында кеуекті альвеолярлы құрылымдар, ал асқазанда дәнекер тіндер мен коллагенді ақуыздар мол кездеседі, бұл олардың гидратациялық қасиеттерін күшейтеді. Компоненттер өнімдегі судың тұрақты байланысуына ықпал етіп, шұжық өнімнің шырындылығын арттырады. Коллаген гидролизаты өз кезегінде өнімнің ылғал байланыстыру қабілетінің артуына үлес қосып, өнімнің шығымын ұлғайтты [11,12].

Май байланыстыру қабілетінің артуы субөнімдердегі ақуыз-май кешендерінің түзілу қабілетінің жоғары болуымен түсіндіріледі. Өкпе және асқазан құрамында жасырын майлар және құрылымдық липидтер көп мөлшерде кездеседі. Бұл өнімдегі май мөлшерінің артуына да себеп болып табылады. Сонымен қатар, дәнекер тіндердегі гидрофобты аминқышқылдар май молекулаларымен байланысып, өнімнің майды ұстап тұру қабілетін жақсартады. Субөнімдерді қосу май фазасының біркелкі таралуын қамтамасыз етіп, өнімнің консистенциясына да әсерін тигізеді [13,14].

Ақуыз мөлшерінің төмендеуі пайдаланылған субөнімдерден алынған коллаген гидролизатының үлесімен түсіндіріледі. Коллаген құрылымдық ақуыз болғанымен, оның биологиялық құндылығы ет бұлшықет ақуыздарынан төмен, сондықтан ақуыз мөлшері аздап төмендеді [15-17]. Ал минералдық элементтер үлесінің артуы субөнімдердің табиғи минералдық құрамы бай болуымен байланыстырылады [18-20].

Қорытынды. Жүргізілген зерттеудің нәтижелері бойынша төмен құнды субөнімдерді (сиыр өкпесі мен құрышы) және субөнімдерден алынған коллаген гидролизатын пайдаланып әзірленген «DAR» тәжірибелік үлгісінің физика-химиялық және тағамдық көрсеткіштерінде елеулі өзгерістер байқалды. Өнімнің pH деңгейі төмендеп (5,82), ылғал (77,5%) және май байланыстыру қабілеті (52,5%) жоғарылады, бұл оның технологиялық сипаттамаларын жақсартып, өнімнің шырындылығын арттырды. Минералдық элементтер мөлшері, әсіресе темір, мырыш, фосфор және селен концентрациялары айтарлықтай жоғарылады. Бұл субөнімдердің табиғи минералдық құрамының бай болуымен түсіндіріледі және өнімнің биологиялық құндылығы мен тағамдық қасиеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тәжірибелік үлгінің аминқышқылдық құрамы салыстырмалы түрде теңгерімді болды, бірақ триптофан (aj = 0,68) және треонин (aj = 0,6) аминқышқылдары шектеуші факторлар ретінде анықталды. Органолептикалық талдау нәтижелері бойынша, төмен құнды субөнімдерді және субөнімдерден алынған коллаген гидролизатын қолдану өнімнің жалпы дәмдік және құрылымдық сипаттамаларын жақсартқанын көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

1. Лисицын, А.Б. Комплексное использование сырья в мясной отрасли АПК [Текст] / А.Б. Лисицын, Н.Ф. Небурчилова, И.В. Петрунина // Пищевая промышленность. – 2016. – № 5. – С. 58-62.
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы бойынша статистикалық ақпарат [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/.
3. Кузлякина, Ю.А. Экологическая безопасность в мясной отрасли [Текст] / Ю.А. Кузлякина, З.А. Юрчак, Е.В. Крюченко // Электронный сетевой политематический журнал "Научные труды КубГТУ". – 2019. – № 3. – С. 984-992.
4. Небурчилова, Н.Ф. Эффективное использование сырья животного происхождения на предприятиях мясной промышленности [Текст] / Н.Ф. Небурчилова, И.В. Петрунина, Е.О. Щербинина // Все о мясе. – 2016. – № 6. – С. 18-21.
5. Сысоев, В.Н. Влияние субпродуктов первой категории на качество колбасы варено-копченой [Текст] / В.Н. Сысоев // Актуальные проблемы аграрной науки и пути их решения: материалы конференции. – Самара: Изд-во Самарской ГСХА, 2015. – С. 288-292.
6. Smith N.W. et al. Modeling the contribution of meat to global nutrient availability // Frontiers in Nutrition. – 2022. – Vol. 9. – P. 766796.
7. Лебедева, Л.И. Использование субпродуктов в России и за рубежом [Текст] / Л.И. Лебедева, В В. Насонова, М.И. Веревкина // Все о мясе. – 2016. – № 5. – С. 8-13.
8. Горнец, В. Функционально-технологические свойства животных субпродуктов [Текст] / В. Горнец // Материалы 6-й Международной научно-технической конференции «Современные технологии в машиностроении и образовании». – Кишинев: Технический университет Молдовы, 2016. – С. 89-91.
9. Журавлева, И.Н. Новое направление использования субпродуктов [Текст] / И.Н. Журавлева, Л.В. Волощенко // Сборник трудов: Инновационные решения для АПК. – 2022. – С. 92.
10. Paula M.M.O. et al. Extraction of proteins from aqueous and salt solutions of porcine edible byproducts using the pH-shifting technique // Food Chemistry Advances. – 2023. – Vol. 2. – P. 100486.
11. Кочеткова, А.В. Влияние сырья на состав и свойства варёных колбас [Текст] / А.В. Кочеткова, Н.А. Вавилова, И.А. Долматова // Будущее науки–2017: [сборник трудов]. – 2017. – С. 142-146.
12. Узаков, Я.М. Инновационные подходы к переработке субпродуктов: биотехнологические решения для устойчивого производства [Текст] / Я.М. Узаков [и др.] // In The World Of Science and Education. – 2024. – № 15 (ОБЩ). – С. 9-14.
13. Акопян, К.В. Использование вторичного сырья в производстве колбасных изделий [Текст] / К.В. Акопян, А.А. Нестеренко // Современные аспекты производства и переработки сельскохозяйственной продукции. – 2017. – С. 58-61.
14. García Londoño V.A. et al. Characterization of by-products with high fat content derived from the production of bovine gelatin // F1000Research. – 2022. – Vol. 11. – P. 1354.
15. Marzocchi S. et al. Value-addition of beef meat by-products: Lipid characterization by chromatographic techniques // Journal of Oleo Science. – 2018. – Vol. 67, No. 1. – P. 23-30.
16. Ходорева, О.Г. Субпродукты говяжьи: аминокислотный состав и сбалансированность белка [Текст] / О.Г. Ходорева, К.А. Марченко, С.А. Гордынец // Актуальные вопросы переработки мясного и молочного сырья. – 2023. – № 16. – С. 140-147.

17. Сухих, С.А. Изучение аминокислотного состава коллагенсодержащего сырья животного происхождения [Текст] / С.А. Сухих, Е.Г. Чупахин, О.Б. Калашникова // Инновационные научные исследования. – 2021. – № 4-1. – С. 174-179.
18. Лебедева, Л.И. Способы обработки коллагеносодержащего сырья и субпродуктов [Текст] / Л.И. Лебедева, В.В. Насонова, М.И. Веревкина // Мясная индустрия. – 2016. – № 4. – С. 44-47.
19. Biel W. et al. Offal chemical composition from veal, beef, and lamb maintained in organic production systems // Animals. – 2019. – Vol. 9, № 8. – P. 489.
20. Fuerniss H.F. et al. Nutrient Analysis of Raw United States Beef Offal Items // Nutrients. – 2024. – Vol. 16, № 18. – P. 3104.

Зерттеу жұмыстары ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған AP19680380 «Жануарлардан алынатын ингредиенттер – коллагендік пептидті гидролизаттарды алу технологиясын әзірлеу және олардың негізінде функционалды ет өнімдерін жасау» жоба аясында орындалды.

Материал редакцияға 08.04.25 түсті, 03.12.25 қабылданды.

Я.М. Узаков[1], М.А-А. Калдарбекова[1], А.Н. Тортай[1], Д.А. Онгарбек[1], А.М. Аитбаева[1]

[1]Алматинский Технологический университет, Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА КОЛБАСНЫХ ИЗДЕЛИЙ, ПРИГОТОВЛЕННЫХ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МАЛОЦЕННЫХ СУБПРОДУКТОВ

Аннотация. В статье рассмотрена эффективность введения в состав полукопчёных колбасных изделий малоценных субпродуктов и коллагенового гидролизата, полученного из субпродуктов. В ходе исследования, используя легкие и рубец крупного рогатого скота, а также коллагеновый гидролизат, приготовленный из путового сустава, замещая количество куриного филе (в размере 30% от общей массы), был изготовлен опытный образец полукопчёной колбасы («DAR»). В ходе исследования были приготовлены опытные образцы полукопчёной колбасы с использованием низкоценных субпродуктов, и проанализированы их физико-химический, минеральный, аминокислотный состав и органолептические показатели. По физико-химическим показателям опытного образца по сравнению с контрольным образцом установлено снижение значения pH (с 5,94 до 5,82), а также увеличение водосвязывающей способности на 9,29% (с 70,3% до 77,5%) и жиросвязывающей способности на 13,52% (с 45,4% до 52,5%). Кроме того, значительно повысилось содержание минеральных элементов (железа, цинка, фосфора, селена). Аминокислотный состав полученных изделий был сбалансирован, а по органолептической оценке средний балл у опытного образца (4,68) был выше, чем у контрольного (4,46). Результаты исследования подтвердили технологическую и пищевую эффективность использования субпродуктов и гидролизата коллагена из субпродуктов в составе полукопчёных колбасных изделий и показали, что они являются перспективным источником сырья.

Ключевые слова: полукопченая колбаса, малоценные субпродукты, субпродукты II категории, гидролизат коллагена, легкие, рубец.

Ya.M. Uzakov[1], M.A-A. Kaldarbekova[1], A.N. Tortay[1], D.A. Ongarbek[1], A.M. Aitbaeva[1]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

ANALYSIS OF QUALITY INDICATORS OF SAUSAGE PRODUCTS PREPARED WITH THE USE OF LOW-VALUE BY-PRODUCTS

Abstract. The article examines the effectiveness of incorporating low-value by-products and collagen hydrolysate obtained from by-products into the composition of semi-smoked sausage products. In the course of the study, using the lungs and rumen of cattle as well as collagen hydrolysate prepared from fetlock joints, substituting for the amount of chicken fillet (at 30% of the total mass), an experimental sample of semi-smoked sausage ("DAR") was produced. During the study, experimental samples of semi-smoked sausage prepared using low-value by-products were developed, and their physicochemical, mineral, amino acid composition, and organoleptic characteristics were analyzed. In the physicochemical indicators of the experimental sample, compared with the control sample, a decrease in pH value was identified (from 5,94 to 5,82), while the water-binding capacity increased by 9,29% (from 70,3% to 77,5%) and the fat-binding capacity by 13,52% (from 45,4% to 52,5%). In addition, the contents of mineral elements (iron, zinc, phosphorus, selenium) also increased significantly. The amino acid composition of the obtained products was balanced, and according to the organoleptic evaluation, the average score of the experimental sample (4,68) was higher than that of the control sample (4,46). The results of the study confirmed the technological and nutritional efficiency of using by-products and hydrolysate of by-products in the composition of semi-smoked sausage products and showed that they are a promising raw material source.

Keywords: semi-smoked sausage, low-value by-products, category II by-products, lungs, rumen.

References

1. Lisitsyn A.B., Neburchilova N.F., Petrunina I.V. Kompleksnoe ispol'zovanie syr'ya v myasnoĭ otrasli APK [Comprehensive use of raw materials in the meat industry of the agro-industrial complex] // Food Industry. – 2016. – No. 5. – P. 58-62. [in Russian].
2. National Bureau of Statistics of the Republic of Kazakhstan. Statistical information on agriculture, forestry, hunting, and fishing [Electronic resource]. – Access mode: https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-forrest-village-hunt-fish/. [in Kazakh].
3. Kuzlyakina Yu.A., Yurchak Z.A., Kryuchenko E.V. Èkologicheskaya bezopasnost' v myasnoĭ otrasli [Environmental safety in the meat industry] // Electronic Network Polythematic Journal "Scientific Works of Kuban State Technological University". – 2019. – No. 3. – P. 984-992. [in Russian].
4. Neburchilova N.F., Petrunina I.V., Shcherbinina E.O. Èffektivnoe ispol'zovanie syr'ya zhivotnogo proiskhozhdeniya na predpriyatiyakh myasnoĭ promyshlennosti [Effective use of raw materials of animal origin at meat industry enterprises] // All About Meat. – 2016. – No. 6. – P. 18-21. [in Russian].
5. Sysoev V.N. Vliyanie subproduktov pervoĭ kategoria na kachestvo kolbasy varenokopchenoĭ [The influence of first category by-products on the quality of boiled-smoked sausage] // Actual problems of agricultural science and ways to solve them: conference proceedings. – Samara: Izd-vo Samarskoy GSKhA, 2015. – P. 288-292. [in Russian].
6. Smith, N.W. et al. Modeling the contribution of meat to global nutrient availability // Frontiers in Nutrition. – 2022. – Vol. 9. – P. 766796.

7. Lebedeva L.I., Nasonova V.V., Verevkina M.I. Ispol'zovanie subproduktov v Rossii i za rubezhom [Use of by-products in Russia and abroad] // All About Meat. – 2016. – No. 5. – P. 8-13. [in Russian].
8. Gornets V. Funktsional'no-tekhnologicheskie svoĭstva zhivotnykh subproduktov [Functional and technological properties of animal by-products] // Proceedings of the 6th International Scientific and Technical Conference “Sovremennyye tekhnologii v mashinostroyenii i obrazovanii” [Modern Technologies in Mechanical Engineering and Education]. – Chisinau: Technical University of Moldova, 2016. – P. 8991. [in Russian].
9. Zhuravleva I.N., Voloshchenko L.V. Novoe napravlenie ispol'zovaniya subproduktov [New direction for the use of by-products]b // Collection of works: Innovative solutions for the agro-industrial complex. – 2022. – P. 92. [in Russian].
10. Paula, M.M.O. et al. Extraction of proteins from aqueous and salt solutions of porcine edible byproducts using the pH-shifting technique // Food Chemistry Advances. – 2023. – Vol. 2. – P. 100486.
11. Kochetkova A.V., Vavilova N.A., Dolmatova I.A. Vliyanie syr'ya na sostav i svoĭstva varënykh kolbas [The influence of raw materials on the composition and properties of cooked sausages] // Future of Science–2017: collection of works. – 2017. – P. 142-146. [in Russian].
12. Uzakov Ya.M. et al. Innovatsionnye podkhody k pererabotke subproduktov: biotekhnologicheskie resheniya dlya ustoĭchivogo proizvodstva [Innovative approaches to by-product processing: biotechnological solutions for sustainable production] // In The World Of Science and Education. – 2024. – No. 15 (OBSHCH). – P. 9-14. [in Russian].
13. Akopyan K.V., Nesterenko A.A. Ispol'zovanie vtorichnogo syr'ya v proizvodstve kolbasnykh izdelii [The use of secondary raw materials in the production of sausage products] // Modern aspects of production and processing of agricultural products. – 2017. – P. 58-61. [in Russian].
14. García Londoño, V.A. et al. Characterization of by-products with high fat content derived from the production of bovine gelatin // F1000Research. – 2022. – Vol. 11. – P. 1354.
15. Marzocchi, S. et al. Value-addition of beef meat by-products: Lipid characterization by chromatographic techniques // Journal of Oleo Science. – 2018. – Vol. 67, No. 1. – P. 23-30.
16. Khodoreva O.G., Marchenko K.A., Gordynets S.A. Subprodukty govyazh'i: aminokislotnyĭ sostav i sbalansirovannost' belka [Beef by-products: amino acid composition and protein balance] // Topical issues of meat and dairy raw material processing. – 2023. – No. 16. – P. 140-147. [in Russian].
17. Sukhikh S.A., Chupakhin E.G., Kalashnikova O.B. Izuchenie aminokislotnogo sostava kollagensoderzhashchego syr'ya zhivotnogo proiskhozhdeniya [Study of the amino acid composition of collagen-containing raw materials of animal origin] // Innovative Scientific Research. – 2021. – No. 4-1. – P. 174-179. [in Russian].
18. Lebedeva L.I., Nasonova V.V., Verevkina M.I. Sposoby obrabotki kollagenosoderzhashchego syr'ya i subproduktov [Methods for processing collagen-containing raw materials and by-products] // Meat Industry. – 2016. – No. 4. – P. 44-47. [in Russian].
19. Biel, W. et al. Offal chemical composition from veal, beef, and lamb maintained in organic production systems // Animals. – 2019. – Vol. 9, No. 8. – P. 489.
20. Fuerniss, H.F. et al. Nutrient Analysis of Raw United States Beef Offal Items // Nutrients. – 2024. – Vol. 16, No. 18. – P. 3104.

ҒТАМР 65.63.33

З.Т. Нурсеитова[1] – *негізгі автор*, ©
А.К. Джанмулдаева[2], Г.Ж. Нурынбетова[3], Б.Ж. Мулдабекова[4], М.С. Шерова[5], М.А. Якияева[6]

[1]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор, [2,3,5]Магистр,
[4]Техн. ғылым. канд., профессор, [6]PhD, қауымдас. профессор

ORCİD *[1]https://orcid.org/0000-0002-1057-533X [2]https://orcid.org/0009-0008-2886-4448*
[3]https://orcid.org/0000-0002-2391-3633 [4]https://orcid.org/0000-0003-1848-4288
[5]https://orcid.org/0009-0002-1774-4914 [6]https://orcid.org/0000-0002-8564-2912

[1,2,3,5]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
[4,6]Алматы Технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

@ *[1]nur.zeinep@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/HTHL7093

ӨСІМДІК ҚОСПАСЫ ҚОСЫЛҒАН СИЫР СҮТІ МЕН СОЯ СҮТІ НЕГІЗІНДЕГІ ЙОГУРТТЫ ЖАСАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Салауатты өмір салты мен функционалды тағамдарға деген қызығушылықтың артуы сүт өнеркәсібінде, оның ішінде функционалды йогурттарды әзірлеуде инновациялық өнімдердің жасалуына түрткі болды. Бұл зерттеудің мақсаты – сиыр сүті мен соя сүтінің қоспасы негізінде биологиялық белсенді заттарға бай көкөніс қоспаларымен байытылған функционалды йогурт дайындау және оның қасиеттерін бағалау. Зерттеу міндеттері сүт қоспасының оңтайлы құрамын таңдау, пробиотикалық дақылдарды іріктеу және өнімнің тағамдық әрі функционалдық құндылығын арттыратын көкөніс қоспаларын анықтау болды. Бұл зерттеу ғылыми әрі қолданбалы маңызға ие, себебі ол функционалды тағамдардың ассортиментін кеңейтуге және олардың денсаулыққа пайдасын арттыруға бағытталған. Әдістемеге *Lactobacillus* және *Bifidobacterium* негізіндегі ашытқыларды пайдалана отырып, әртүрлі пропорцияларда сәбіз бен асқабақ қосылған эксперименттік йогурт үлгілерін дайындау кірді. Өнімнің тағамдық құндылығы, пробиотиктердің тіршілікке қабілеттілігі, органолептикалық қасиеттері және сақтау кезеңіндегі тұрақтылығы бағаланды. Нәтижелер көрсеткендей, алынған сүтті-өсімдік негізіндегі йогурт жоғары тағамдық құндылыққа, тұрақты пробиотикалық белсенділікке және жақсы органолептикалық қабылдауға ие. Бұл өнім дәстүрлі йогуртқа функционалды балама ретінде қарастырылып, денсаулығына мән беретін тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыра алады.

Тірек сөздер: функциональды бағыттағы йогурт, соя сүті, көкөністі қоспа, пробиотиктер, сүтті-өсімдікті қоспа, биобелседі қоспалар, тағамдық инновация.

Нурсеитова, З.Т. Өсімдік қоспасы қосылған сиыр сүті мен соя сүті негізіндегі йогуртты жасау және зерттеу [Мәтін] / З.Т. Нурсеитова, А.К. Джанмулдаева, Г.Ж. Нурынбетова, Б.Ж. Мулдабекова, М.С. Шерова, М.А. Якияева // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.58-64. https://doi.org/10.55956/HTHL7093

Кіріспе. Сүт және сүт өнімдері халықтың барлық санаттарының рационындағы ең көп таралған тағам өнімдері болып табылады. Олардың

танымал болу себептері сүттің ерекше қасиеттері мен құрамдас бөліктеріне, сондай-ақ осы шикізаттан алуан түрлі өнімдерді өндіру мүмкіндігіне байланысты.

22. Ehirim F.N., Onyeneke, E.N. Physico-chemical and organoleptic properties of yoghurt manufactured with cow milk and goat milk // Academic Research International. – 2013. – Vol. 4, No. 4. – P. 245.
23. Nurliyani N., Sadewa, A.H., Sunarti, S. Kefir properties prepared with goat milk and black rice (Oryza sativa L.) extract and its influence on the improvement of pancreatic β-cells in diabetic rats. – 2015.
24. Salva S. et al. Development of a fermented goats' milk containing Lactobacillus rhamnosus: in vivo study of health benefits // Journal of the Science of Food and Agriculture. – 2011. – Vol. 91, No. 13. – P. 2355-2362.
25. Martinez-Ferez A. et al. Goats' milk as a natural source of lactose-derived oligosaccharides: Isolation by membrane technology // International Dairy Journal. – 2006. – Vol. 16, No. 2. – P. 173-181.
26. Getaneh G. et al. Review on goat milk composition and its nutritive value // Journal of Nutrition and Health Sciences. – 2016. – Vol. 3, No. 4. – P. 1-10.
27. Park Y.W. Goat milk: composition, characteristics // Encyclopedia of animal science. – 2010. – Vol. 2.
28. Costa W.K.A. et al. Comparative protein composition analysis of goat milk produced by the Alpine and Saanen breeds in northeastern Brazil and related antibacterial activities // PLoS One. – 2014. – Vol. 9, No. 3. – P. e93361.

ҒТАМР 65.63.03

А.Ж. Айтбаева[1] – *негізгі автор*, ©
М.К. Касымова[2], М.Ж. Кизатова[3],
Р.С. Алибеков[4], М.Д. Кенжеходжаев[5]

[1]Докторант, аға оқытушы, [2,4]Хим. ғылым. канд., профессор,
[3]Техн. ғылым. д-ры, профессор, [5]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор

ORCİD
[1]https://orcid.org/0000-0001-5896-5241 [2]https://orcid.org/0000-0002-4789-7148
[3]https://orcid.org/0000-0002-6481-7410 [4]https://orcid.org/0000-0002-0723-3101
[5]https://orcid.org/0000-0001-6924-4589

[1,2,4]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
[3]С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина университеті, Алматы, Қазақстан
[5]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

@ *[1]aiger_4ik@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/FNPN7877

ЖҮГЕРІ ЖІБЕГІНІҢ СЫҒЫНДЫСЫМЕН БАЙЫТЫЛҒАН АЙРАННЫҢ МАЙ ҚЫШҚЫЛЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Ашытылған сүт өнімі – айранның тағамдық және энергетикалық құндылығы құрамын балғын жүгері шашағының сығындысымен байытқанда артатындығы белгіленді. Балғын жүгері шашағының сулы сығындысымен байытылған айранның май қышқылдық құрамының биологиялық құндылығы біршама жоғары екендігі анықталды. Өнімде метил бутират пен метилцис-11,14-эйкосадиеноаттың болуы өнімнің биологиялық тиімділігін көрсетеді. Метилцис-10-пентадеканоат, метилцис-9-олеат, метилнейронат минималды мөлшерде кездеседі, ал метилундеканоат және метиллаурат, метилтрикосанатының іздері бар. Омега-6 май қышқылының өкілі саналатын метилцис-5,8,11,14-эйкосатриеноатының айранның құрамындағы мөлшері 0,00413% құрады. Омега-3 және омега-6 қатынасы 1:2 болуы шарт. Ұсынылып отырған өнімде бұл екі май қышқылының қатынасы 1:1,87 құрады. Балғын жүгері жібегі құрамында пантотен қышқылы (дәрумен B5) бар және ол қышқылдың құрамында β-аланин мен пантоин қышқылы (2,4-дигидрокси-3,3-диметилмай қышқылы) болуы май қышқылын белсендіреді.

Тірек сөздер: айран, май қышқылы, зерттеу, құрам, сапа.

Айтбаева, А.Ж. Жүгері жібегінің сығындысымен байытылған айранның май қышқылының құрамын зерттеу [Мәтін] / А.Ж. Айтбаева, М.К. Касымова, М.Ж. Кизатова, Р.С. Алибеков, М.Д. Кенжеходжаев // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.77-84. https://doi.org/10.55956/FNPN7877

Кіріспе. Бүгінгі таңда майды ас мәзірінен толығымен алып тастау салмақ жоғалту үшін де, бұлшықет массасын алу үшін де мүмкін емес. Майдың калориясы жоғары, осыған орай ол энергияның тамаша көзі болып табылады. Адамдардың өмір сүру ұзақтығы олардың ас мәзірінде қандай май қышқылдары басым болатынына байланысты болатындығы белгілі. Сондықтан өнім құрамында қажетті май қышқылдарының болуы сұрағы

үлкен қызығушылық тудырады. Май және май қышқылы сүт өнімдерінің энергетикалық құндылығын және жағымды дәмін анықтайды.

Май қышқылын анықтаудың негізгі фактілері бар:

– Май қышқылдарының қатынасын анықтау. Ол өнімдегі әртүрлі май қышқылдарының құрамы мен арақатынасын анықтауға мүмкіндік береді.

– Май қышқылын анықтауда химиялық әдістерді қолдану. Ол газ хроматографиясы және масс-спектрометрия сияқты химиялық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдістер өнімнің құрамы туралы өте дәл ақпарат алуға мүмкіндік береді.

– Өнімнің қауіпсіздігі мен тиімділігіне әсері. Мысалы, кейбір май қышқылдарының мөлшері рұқсат етілген нормадан асып кетсе, бұл денсаулыққа теріс салдарға әкелуі мүмкін.

– Зерттеу қызметіндегі рөлі. Ол ғылыми-зерттеу қызметінде маңызды рөл атқарады, ғалымдарға өнімдердің құрамын зерттеуге және олардың медицина және косметология, тамақ өнімдерінің өндірісі сияқты әртүрлі салалардағы тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Және өнімдердің май қышқылдарының құрамын анықтау фальсификация сәйкестендірудің тиімді әдісі саналады.

Сонымен, тамақ өнімдерінің құрамынан май қышқылдық құрамын зерттеу өзекті саналады.

Май адам организмінің энергетикалық қажеттілігінің бір бөлігін қамтамасыз етеді, және организмдегі бірнеше функциямен қамтамасыз етеді. Май – фосфолипидтердің, стериннің және тамақтану маңызды факторына тиесілі өнімдерінің полиқанықпаған май қышқылдарының көзі.

Қазіргі кезде тұтыну нарығында бағаның өсуі және импорттық тауарларға сұраныстың төмендеуіне байланысты өндірушілер бірінші кезекте көрші елдерде жоғары сұранысқа ие сүт өнімдерін бұрмалау жасай бастады [1].

Соңғы жылдары өнімнің май фазасының май қышқылдық құрамы оның негізгі сапалық сипаттамаларының біріне саналып жүр. Жануарлар мен өсімдік майларының құрамына кіретін май қышқылдары химиялық құрылымы бойынша органикалық карбон қышқылдарына жатады. Май қышқылдарының метил эфирлерінің хроматографиялық талдауы тамақ өнімдерінің липидтік фракциясының сипаттамаларын анықтау үшін қолданылады және бұрмалануды анықтаудың тиімді әдісі және тағамдық талдаудың маңызды қолданбалы міндеттерінің бірі болып табылады [2,3].

Жүгері жібегінде пантотен қышқылы бар, ал пантотен қышқылы майлардың, көмірсулардың, аминқышқылдарының алмасуы, өмірлік маңызды май қышқылдарының, холестерин, гистамин, ацетилхолин, гемоглобин синтезі үшін қажет [4]. Пантотен қышқылы негізінен жасушаларды қалыптастыру және май қышқылдарының дамуы үшін қажет.

Зерттеу мақсаты: өсімдік текті шикізат сығындысының айран типті сүт қышқылды өнім құрамындағы май қышқылының мөлшеріне әсерін зерттеу.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу нысаны ретінде балғын және кептірілген жүгері жібегінің сығындысы, айран алынды және зерттеу М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Тамақ инженериясы» кафедрасында және Алматы технологиялық университет АҚ «Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау бойынша ғылыми-зерттеу» зертханасында жүргізілді.

Ақуыздың массалық үлесі МЕМСТ 34454-2018 әдісі бойынша анықталды. Бұл әдіс талданатын өнім үлгісінің органикалық заттарын аммоний сульфатының түзілуімен катализатордың қатысуында концентрлі күкірт қышқылымен минералдандырып, оны аммиакқа айналдыруға, соңғысын бор қышқылының ерітіндісіне айдау, титриметриялық әдіспен аммиакты сандық есептеуге және талданатын үлгідегі ақуыз үлесін массасын есептеуге негізделген.

Көмірсулардың массалық үлесін анықтау үшін стандартты перманганометриялық әдіс қолданылды. Сахарозаның, глюкозаның, фруктозаның және сорбиттің массалық концентрациясын анықтау үшін өнімдер 1:20 қатынасында сұйылтылды. Ол үшін пипеткамен 5 мл сынаманы алып, 100 мл өлшемді колбаға салып, дистилденген су құйып белгіге келтіріп, үлгіні 15 минут бойы центрифугалайды. Қажет болса, қайталап центрифугалау немесе қағаз сүзгісі арқылы сүзу мүмкін болады. Дәстүрлі технологиямен дайындалған айранға 10% балғын және кептірілген жүгері жібегінің сулы сығындысы қосылды.

Майдың массалық үлесі МЕМСТ 5867-90 әдісі бойынша қышқылдық тәсілмен анықталды. Әдіс концентрлі күкірт қышқылы мен изоамил спиртінің әсерінен шикізат пен өнімдерден майды бөлу, одан кейін центрифугалау және бутирометрдің градуирленген бөлігінде алынған майдың көлемін өлшеуге негізделген.

Май қышқылдарының массалық үлесі МЕМСТ 30418-96 әдісі бойынша олардың триглицеридтердегі жалпы мөлшері арқылы анықталды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Айранның энергетикалық құндылығы құрамын балғын және кептірілген жүгері жібегінің сығындысымен байытқанда артады (1-кесте).

Кесте 1

Айранның тағамдық және энергетикалық құндылығы

№	Көрсеткіштердің атауы, өлшем бірліктері	Балғын жүгері жібегінің сулы сығындысымен байытылған айран	Айран (бақылау)
1	Ақуыздың массалық үлесі, г/100 г	2,94	2,8
2	Майдың массалық үлесі, г/100 г	4,6	4,2
3	Көмірсулардың массалық үлесі, г/100 г	5,28	5,1
4	Энергетикалық құндылық, ккал	74,81	71,14

Айранның тағамдық және энергетикалық құндылығының артуы өнім құрамындағы жүгері жібегінің құрамымен байланысты. Жүгері жібегінің құрамында 5,1 г/100 г көмірсу, 2,8г/100 г ақуыз және 4,2 г/100 г май бар.

Айранның май қышқылдық құрамы зерттелді (1-кесте, 1-сурет). Барлық өнімдермен екі жағдайда да нәтижелер салыстырмалы болды.

Балғын және кептірілген жүгері жібегінің сулы сығындысы бар айранның май қышқылдық құрамын сығындысыз өнім – айранмен салыстырылды.

Балғын және кептірілген жүгері жібегінің сулы сығындысы бар Айранның май қышқылдық құрамының биологиялық құндылығы салыстырмалы түрде жоғары. Майдың құрамында метил бутираттың болуы өнімнің биологиялық тиімділігін көрсетеді. Дегенмен, метилцис-10-пентадеканоат, метилгептадеканоат, метилцис-8,11,14-эйкосаттраэноат және

метилнервонаты, метилцис-13,16-докосадиеноат аз мөлшерде болатыны көрінген.

Кесте 2


Айранның май қышқылдық құрамы, %

№	Компонент	Айран (бақылау)	Балғын жүгері жібегінің сулы сығындысымен байытылған айран	Кептірілген жүгері жібегінің сулы сығындысымен байытылған айран
1	Метил бутират	0,142469	0,157418	0,144932
2	Метилцис-10-пентадеканоат	0,000034	0,000285	0,000103
3	Метилгептадеканоат	0,000188	0,000815	-
4	Метилцис-10-гептадеканоат	0,000079	0,003191	-
5	Метилцис-9-олеат	0,000120	-	-
6	Метилцис-5,8,11,14-эйкосатриеноат	0,00312	0,00413	
7	Метилцис-8,11,14-эйкосаттраэноат	0,000432	0,000564	0,000543
8	Метилцис-8,11,14-эйкосадиеноат	0,000607	0,001322	
9	Метилцис-4,7,10,13,16,19-докозагексаеноат	0,000998	0,002198	
10	Метилнервонаты	0,000046	0,001173	0,000106
11	Метилоктанат	-	-	0,062468
12	Метилпальмитат	0,000208	-	-
13	Метилцис-11,14-эйкосадиеноат	0,000773	-	-
14	Метилцис-11-эйкосанат	0,000210		
15	Метилпентадеканоат	0,000126		
16	Метилцис-13,16-докосадиеноат	0,001110	0,004366	0,001435
17	Метилгамма-линоленат			0,000615

Тамақ өнімдерінің функционалдық мақсатының көрсеткіші ретінде май қышқылдарының құрамы өте маңызды. Тамақ май қышқылдары алмастырылмайтын май қышқылдарының, майда еритін витаминдердің көзі, организмнің май тіндерінің биосинтезі мен құрылысына арналған материал болып табылатыны анық [5-7].

Май қышқылдарының үйлесімді тепе-теңдігіне, оның ішінде ω3 және ω6 қатарындағы май қышқылдарының пропорционалды қатынасына қол жеткізу үшін өнімге әртүрлі май қышқылдары топтарына жататын өсімдік материалдарын қосқан жөн.

Метил бутират (май қышқылының метил эфирі) CH_3-CH_2-CH_2 -COO-CH_3 қаныққан май қышқылының өкілі және тәтті, жемісті иісі және дәмі бар. Қаныққан май қышқылы организм үшін негізінен энергия алу үшін пайдаланады, балғын жүгері жібегінің сулы сығындысындағы көмірсулардың анаэробты ащу процесінің нәтижесінде түзіледі [8]. Ал ақуыз алмасуы тармақталған тізбекті карбон қышқылдарының түзілуіне әкеледі. Ол өз кезегінде ішек микрофлорасы үшін қолжетімді көмірсулардың негізгі субстраты және оның функциясын жақсартады.



а) Айран (бақылау); ә) Балғын жүгері жібегінің сулы сығындысымен байытылған Айран; б) Кептірілген жүгері жібегінің сулы сығындысымен байытылған Айран

Сурет 1. Айран өнімінің май қышқылдық құрамы

Май қышқылдарының қасиеттері ондағы көміртегі тізбегінің ұзындығымен, қос байланыспен және бірінші қос байланыстың орналасуымен анықталады. Сондықтан май қышқылының тізбек ұзындығына тәуелді жекелеп қарағанда моноқанықпаған май қышқылдарының ішінен метил октаноат кездеседі. Ол құрылымдық липидтердің синтезінде де,

құрамында болады. Және де қандағы төмен тығыздықты липопротеиндік холестериннің төмендеуіне ықпал етеді, ал технологиялық артықшылықтардың қатарында тотығу жылдамдығы төмен [9].

Метилцис-4,7,10,13,16,19-докозагексаеноат маңызды омега-3 май қышқылының бірі. Оның мөлшері жүгері жібегінің сулы сығындысы бар айран сияқты сүт өнімінің құрамында 0,002198 құрады және сығындысыз бақылау үлгісі құрамындағы мөлшерден салыстырмалы 0,0012%-ға көбірек. Егер омега-3 май қышқылының негізі балық майы көзі екендігін ескерсек, онда Айран типті өнім құрамында оның болуы құптарлық жәйт.

Метилцис-5,8,11,14-эйкосатриеноат омега-6 май қышқылының өкілі және оның жүгері жібегінің сулы сығындысы бар айран типті ашытылған сүт өнімінің В1 құрамындағы мөлшері 0,00413% құрады. Омега-3 және омега-6 қатынасы 1:2 болуы шарт. Ұсынылып отырған өнімде бұл екі май қышқылының қатынасы 1:1,87 құрады. Себебі, омега-3 және омега-6 май қышқылдары арасында теңгерімсіздік болмауы тиістігі, олар адам ағзасындағы көптеген маңызды процестерді реттейді. Екеуі бір полиқанықпаған май қышқылына жатқанымен, омега-6 қышқылдарынан синтезделген эйкозаноидтар организмнің аллергендер сияқты тітіркендіргіштерге реакциясын жақсартады және қабыну процестерін қоздырады: олар қақырық бөлінуін арттырады, температураны жоғарылатады, аллергиялық реакцияларды арттырады және қан тамырларын тарылтады. Ал омега-3-тен синтезделгендер керісінше әрекет етеді: керісінше, қан тамырларын босаңсытады, температураны және басқа да айқын реакцияларды төмендетеді. Осы тұрғыдан алғанда денедегі май қышқылдарының осы топтарының тепе-теңдігі болғаны дұрыс.

Жүгері жібегі құрамында пантотен қышқылы (дәрумен В5) бар және ол қышқылдың құрамында β-аланин мен пантоин қышқылы (2,4-дигидрокси-3,3-диметилмай қышқылы) болады [10] және ол май қышқылын белсендіреді:

$HOOC\text{-}CH_2\text{-}CH_2\text{-}NH\text{-}CO\text{-}CHOH\text{-}C(CH_3)_2\text{-}CH_2\text{-}OH$
β-аланин пантоин қышқылы

В5 дәруменінің коферментті формасы А коэнзим май қышлындарын тасымалдайды және ферменттермен байланыста емес.

Қорытынды. Балғын жүгері жібегінің сулы сығындысы қосылған айранның май қышқылдық құрамының биологиялық құндылығы біршама жоғары екендігі анықталды. Майда метил бутираттың болуы өнімнің биологиялық тиімділігін көрсетеді. Метилцис-10-пентадеканоат, метилгептадеканоат, метилцис-8,11,14-эйкосаттраэноат және метилнервонаты, метилцис-13,16-докосадиеноат аз мөлшерде.

Әдебиеттер тізімі

1. Комин, А.Э. О распространенных способах фальсификации молочных продуктов [Текст] /А.Э. Комин, И.Н. Ким, И.И. Бородин // Технологии пищевой и перерабатывающей промышленности АПК – продукты здорового питания. – 2021. – № 2. – С. 18-25.
2. Дунин, С.А. Контроль качества молочной продукции по жирнокислотному составу [Текст] / С.А. Дунин, Ю.В. Пивоваров, В.А. Зенин, О.В. Вьюнсковская // Контроль качества продукции. – 2012. – № 5. – С. 18-23.
3. Святкина, Л.И. О фальсификации молочной продукции [Текст] / Л.И. Святкина, В.Я. Андрухова // Молочная промышленность. – 2011. – № 10. – С. 39-40.

4. Ржечицкая, Л.Э. Пищевая химия. Часть 2. Водорастворимые витамины [Текст]: учебное пособие / Л.Э. Ржечицкая, В.С. Гамаюрова. – Казань: Изд-во КНИТУ, 2013. – 140 с.
5. Нечаева, А.П. Пищевая химия [Текст] / А.П. Нечаев [и др.] / 6-е изд. – СПб.:ГИОРД, 2015. – 672 с.
6. Субботина, М.А. Факторы, определяющие биологическую ценность растительных масел и жиров [Текст] / М.А. Субботина // Химическая технология. – 2009. – С. 86-90.
7. Донскова, Л.А. Жирнокислотный состав липидов как показатель функционального назначения продуктов из мяса птицы: Теоретические и практические аспекты [Текст] / Л.А. Донскова, Н.М. Беляев, Н.В. Лейберова // Индустрия питания. – 2018. – Т. 3. – № 1. – С. 4-10.
8. Акопян, А.Н. Гастроэзофагеальный рефлюкс и нарушения моторики желудочно-кишечного тракта [Текст] / А.Н. Акопян, С.В. Бельмер, О.Ф. Выхристюк [и др.] // Доктор.ру. Педиатрия. Гастроэнтерология. – 2014. – № 11 (99). – С. 45-49.
9. О'Брайен, Р. Жиры и масла. Производство, состав и свойства, применение [Текст] / Р. О'Брайен. – С.П.: Профессия, 2007. – 752 с.
10. Воротников, Б.Ю. Биохимия пищевых продуктов [Текст]: учебно-методическое пособие / Б.Ю. Воротников, Н.П. Нефедова. – Калининград: Изд-во ФГБОУ ВО «КГТУ», 2022. – 40 с.

Материал редакцияға 09.05.25 түсті, 02.09.25 қабылданды.

А.Ж. Айтбаева[1], М.К. Касымова[1], М.Ж. Кизатова[2], Р.С. Алибеков[1], М.Д. Кенжеходжаев[3]

[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
[2]Казахский Национальный Медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан
[3]Таразский университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ЖИРНОКИСЛОТНОГО СОСТАВА АЙРАНА, ОБОГАЩЕННОГО ЭКСТРАКТОМ КУКУРУЗНЫХ РЫЛЕЦ

Аннотация. Пищевая и энергетическая ценность кисломолочного продукта – айрана повышается при обогащении его состава экстрактом кукурузных рылец. Установлено, что айран с водным экстрактом свежих кукурузных рылец характеризуется несколько более высокой биологической ценностью жирнокислотного состава. Наличие в жировой фракции метилбутирата и метилцис-11,14-эйкозадиеноата свидетельствует о биологической эффективности продукта. При этом метилцис-10-пентадеканоат, метилцис-9-олеат и метилнервонат присутствуют в минимальных количествах, а метилундеканоат, метиллаурат и метилтрикозаноат обнаружены в следовых количествах. Содержание метилцис-5,8,11,14-эйкозатриеноата, представителя омега-6 жирных кислот, в обогащенном продукте составило 0,00413%. Оптимальное соотношение омега-3 и омега-6 жирных кислот составляет 1:2, тогда как в предлагаемом образце оно равно 1:1,87. Кукурузные рыльца содержат пантотеновую кислоту (витамин B5), а наличие в их составе β-аланина и пантоиновой кислоты (2,4-дигидрокси-3,3-диметилмасляной кислоты) способствует активации метаболизма жирных кислот.

Ключевые слова: айран, жирная кислота, исследование, состав, качество.

A.Zh. Aitbayeva[1], M.K. Kassymova[1], M.Zh. Kizyatova[2], R.S. Alibekov[1], M.D. Kenzhekhodzhaev[3]

[1]M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan
[2]Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov, Almaty, Kazakhstan
[3]M.H. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

STUDY OF THE FATTY ACID COMPOSITION OF AYRAN ENRICHED WITH CORN SILK EXTRACT

Abstract. The nutritional and energy value of the fermented milk product, ayran, increases when its composition is enriched with corn silk extract. It was established that ayran containing an aqueous extract of fresh corn silk is characterized by a slightly higher biological value of its fatty acid profile. The presence of methyl butyrate and methyl cis-11,14-eicosadienoate in the fat fraction indicates the biological effectiveness of the product. Meanwhile, methyl cis-10-pentadecanoate, methyl cis-9-oleate, and methyl nervonate are present in minimal amounts, while methyl undecanoate, methyl laurate, and methyl tricosanoate are detected only in trace amounts. The content of methyl cis-5,8,11,14-eicosatrienoate, a representative of omega-6 fatty acids, in the enriched product was 0.00413%. The optimal ratio of omega-3 to omega-6 fatty acids is 1:2, whereas in the proposed sample it is 1:1.87. Corn silk contains pantothenic acid (vitamin B5), and the presence of β-alanine and pantoic acid (2,4-dihydroxy-3,3-dimethylbutyric acid) in its composition contributes to the activation of fatty acid metabolism.

Keywords: airan, fatty acid, research, composition, quality.

References

1. Komin A.E., Kim I.N., Borodin I.I. O rasprostranënnykh sposobakh fal'sifikatsii molochnykh produktov [On common methods of falsification of dairy products] // Technologies of Food and Processing Industry of the Agro-Industrial Complex – Healthy Food Products. – 2021. – No. 2. – P. 18-25. [in Russian].
2. Dunin S.A., Pivovarov Yu.V., Zenin V.A., V'yunskovskaya O.V. Kontrol' kachestva molochnoĭ produktsii po zhirnokislotnomu sostavu [Quality control of dairy products based on fatty acid composition] // Product Quality Control. – 2012. – No. 5. – P. 18-23. [in Russian].
3. Svyatkina L.I. et al. O fal'sifikatsii molochnoĭ produktsii [On the falsification of dairy products] // Dairy Industry. – 2011. – No. 10. – P. 39-40. [in Russian].
4. Rzhechitskaya, L.E., Gamayurova, V.S. Pishchevaya khimiya. Chast' 2. Vodorastvorimye vitaminy [Food Chemistry. Part 2. Water-soluble vitamins]: textbook. – Kazan: KNITU Publishing House, 2013. – 140 p. [in Russian].
5. Nechaev, A.P. et al. Pishchevaya khimiya [Food Chemistry]. – 6th ed. – St. Petersburg: GIORD, 2015. – 672 p. [in Russian].
6. Subbotina M.A. Faktory, opredelyayushchie biologicheskuyu tsennost' rastitel'nykh masel i zhirov [Factors determining the biological value of vegetable oils and fats] // Chemical Technology. – 2009. – P. 86-90. [in Russian].
7. Donskova L.A., Belyaev N.M., Leiberova N.V. Zhirnokislotnyĭ sostav lipidov kak pokazatel' funktsional'nogo naznacheniya produktov iz myasa ptitsy: Teoreticheskie i prakticheskie aspekty [Fatty acid composition of lipids as an indicator of the functional purpose of poultry meat products: Theoretical and practical aspects] // Food Industry. – 2018. – Vol. 3. – No. 1. – P. 4-10. [in Russian].
8. Akopyan A.N., Bel'mer S.V., Vykhristyuk O.F. et al. Gastroèzofageal'nyĭ reflyuks i narusheniya motoriki zheludochno-kishechnogo trakta [Gastroesophageal reflux and gastrointestinal motility disorders] // Doctor.ru. Pediatrics. Gastroenterology. – 2014. – No. 11 (99). – P. 45-49. [in Russian].
9. O'Brien, R. Zhiry i masla. Proizvodstvo, sostav i svoĭstva, primenenie [Fats and Oils. Production, Composition and Properties, Applications]. – St. Petersburg: Professiya, 2007. – 752 p. [in Russian].
10. Vorotnikov, B.Yu., Nefedova, N.P. Biokhimiya pishchevykh produktov [Biochemistry of Food Products]: textbook. – Kaliningrad: FGBOU VO "KGTU" Publishing House, 2022. – 40 p. [in Russian].

ҒТАМР 65.09.05

Л.А. Каимбаева[1] – *негізгі автор*,
Н.Б. Исембердиева[2] ©

[1]*Техн. ғылым. д-ры, профессор,* [2]*Докторант*
ORCİD [1]*https://orcid.org/0000-0002-5251-8026* [2]*https://orcid.org/0009-0000-8887-7744*
[1,2]*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,*
Алматы, Қазақстан
@ [2]*nazymissemberdiyeva@gmail.com*

https://doi.org/10.55956/UTID2654

АЛБЫРТ ТҰҚЫМДАС БАЛЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕМ ҚҰРАМЫН ҚОРЕКТІК ҚҰНДЫЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Аңдатпа. Мақалада албырт және бахтахтарға арналған жем құрамын оңтайландырудың заманауи тәсілдері қарастырылады. Балық ұнының үлесін ет-сүйек ұны, қызылша ұны және басқа да жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдерімен алмастыру арқылы жемнің өзіндік құнын төмендетуге болатыны көрсетілген. Бұл өзгерістер балықтардың өсуі мен денсаулығына кері әсер етпей, азықтың қоректік құрамын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында ақуыз, май, көмірсу, витаминдер мен минералды заттардың мөлшері анықталып, жемге ферменттік қоспа ретінде фитаза енгізілген. Нәтижесінде қоректік заттардың сіңімділігі артып, су ортасына фосфордың бөлінуі азайған. Өндіріс шығындарының 10-15%-ға қысқаруы бұл тәсілдің экономикалық тиімділігін дәлелдейді. Сонымен қатар, жергілікті шикізатты пайдалану импорттық тәуелділікті төмендетіп, тұрақты және экологиялық қауіпсіз акваөсіруге жол ашады.

Тірек сөздер: инновациялық жем, албырт, бахтах, ет-сүйек ұны, қызылша ұны, фитаза, акваөсіру, экономикалық тиімділік.

Каимбаева, Л.А. Албырт тұқымдас балықтарға арналған жем құрамын қоректік құндылық стандарттарына сәйкес оңтайландыру [Мәтін] / Л.А. Каимбаева, Н.Б. Исембердиева // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.85-95. https://doi.org/10.55956/UTID2654

Кіріспе. Қазіргі заманғы акваөсіру балық шаруашылығының қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады, мұнда балықты жоғары сапалы жеммен қамтамасыз ету маңызды рөл атқарады. Албырт пен бахтах өндірісінің көлемі артқан сайын жемнің қоректік қасиеттеріне, олардың сіңімділігіне және экономикалық тиімділігіне қойылатын талаптар артып келеді.

Балық ұны дәстүрлі түрде аквамәдениеттегі ақуыздың негізгі көзі болып саналады, алайда оның жоғары құны мен сапасының тұрақсыздығы балама ингредиенттерді пайдалануды қажет етеді. Ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өндірісінің қосалқы өнімдері сияқты дәстүрлі емес жем құрамдастары балық ұнын ішінара немесе толығымен алмастыра алады, бұл жем қоспаларында қажетті ақуыз мөлшерін сақтай отырып, шығынды

азайтуға мүмкіндік береді. Бұл балықтың өнімділігі мен денсаулығына зиян келтірмей-ақ жемнің өзіндік құнын айтарлықтай азайтады. Баламалы шешім – құс фабрикасының қалдықтары мен өсімдік тектес материалдарды, оның ішінде қызылша ұны сияқты жергілікті ресурстарды пайдалану [1].

Бұл құрамдас бөліктер тек жемнің қоректік құндылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, агроөнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу мәселесін шешуге де мүмкіндік береді, бұл Қазақстан үшін өзекті мәселе болып табылады. Мұндай ингредиенттерді бахтахқа арналған жем құрамына енгізу – экологиялық және экономикалық тұрғыдан тұрақты балық шаруашылығын дамытуға ықпал етеді.

Интенсивті жағдайда балық өсіргенде әртүрлі аурулар жиі кездеседі, ал оларды емдеу үшін әдетте антибиотиктер қолданылады. Алайда уақыт өте келе бұл антибиотиктерге төзімді микроорганизмдердің пайда болуына әкелуі мүмкін, мұндай патогендермен күресу анағұрлым қиын. Сондықтан қазіргі таңда иммунитетті өздігінен күшейтетін, балықтың биологиялық тұрақтылығын арттыратын және өндірісті табиғат пен адам үшін қауіпсіз ететін жемдерді әзірлеу ерекше маңызды болып отыр [2].

Қазіргі уақытта Қазақстан Орталық Азияда құс етін өндіру бойынша алдыңғы орындардың бірін иеленеді. Жыл сайын құс фабрикаларында айтарлықтай көлемде қалдықтар (сүйектер, қауырсындар, кесінділер) түзіледі, оларды қайта өңдеп ет-сүйек ұнына айналдыруға болады. Бұл экологиялық жүктемені азайтумен қатар, құнарлы жемдік компонент алуға мүмкіндік береді. Балық жемінің тағамдық және биологиялық құндылығын арттыру үшін көкөніс өңдеу кәсіпорындарының қалдықтарын, мысалы, қызылша целлюлозасы немесе одан алынған қызылша ұнын пайдалану да өте маңызды.

Қант қызылшасы – Қазақстан үшін, әсіресе оңтүстік өңірлерде, маңызды ауыл шаруашылығы дақылы болып табылады. Қант зауыттарында түзілетін қалдықтар – целлюлоза мен қопсытқыштарды қызылша ұнына қайта өңдеуге болады. Бұл өсімдік ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануға және қалдықтарды кәдеге жарату шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Қызылша ұны беталаиндер сияқты антиоксиданттарға және басқа да пайдалы заттарға бай, олар ісікке қарсы және жалпы оңалту қасиеттерімен ерекшеленеді. Ғалымдар кейбір физикалық факторлардың (мысалы, Бобров генераторы) әсерінен қызылшаның химиялық құрамы мен антиоксиданттық белсенділігі өзгеруі мүмкін екенін анықтаған. Бұл организмдегі бос радикалдармен күресуге көмектесетін органикалық қышқылдардың өзгеруіне байланысты. Табиғи антиоксиданттардың – флавоноидтар, витаминдер және өсімдік пигменттерінің арқасында, өңделген қызылша ұнын балық жеміне қосымша ретінде қолдануға болады. Мұндай өсімдік тектес қоспалар балықтардың күйзеліске төзімділігін арттырып, жалпы физиологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді [3,4].

Қазақстанның су ресурстары, соның ішінде көлдер мен жасанды су қоймалары бахтах өсіруге өте қолайлы. Алайда еліміздегі көптеген балық шаруашылықтары импорттық жемге сүйенеді, бұл дайын өнімнің өзіндік құнын арттырады. Жергілікті шикізатты пайдаланып, балық жемін ресурстарды үнемдейтін технологиялар негізінде өндіру ұлттық аквамәдениеттің дамуына ықпал етеді [5].

Құс фабрикаларынан шығатын қалдықтар (ет-сүйек қалдықтары, кесінділер, сүйектер) жем өндірісінде кеңінен қолданылатын ет-сүйек ұнын өндіруге арналған құнды шикізат болып табылады. Қазақстан құс

шаруашылығының қарқынды дамуын ескере отырып, бұл қалдықтарды қайта өңдеу үшін айтарлықтай әлеуетке ие.

Бахтахқа арналған жем құрамында ет-сүйек ұнын пайдаланудың артықшылығы: ақуыз мөлшерінің жоғары болуы (70%-ға дейін) және майдың жеткілікті деңгейі (10-15%); ет-сүйек ұны кальций мен фосфордың жақсы көзі болып табылады, олар балықтың қаңқа жүйесінің қалыптасуы үшін қажет; қымбат балық ұнын қоректік құндылығын жоғалтпай-ақ белгілі бір деңгейде алмастыруға мүмкіндік береді; ет-сүйек ұнын қолдану құс шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жарату арқылы экологиялық жүктемені азайтады және жемнің арзандауына ықпал етеді [6].

Қызылша ұнының артықшылықтарына мыналар жатады: көмірсулардың жоғары мөлшері (50-60%-ға дейін), балықтың өсуін қуатпен қамтамасыз етеді; ас қорыту жүйесін жақсартатын және ішектің денсаулығын қолдайтын талшықтар мен пектиндердің болуы; жем түйіршіктерінің байланыстырғыш қасиетін арттыру, бұл олардың суда беріктігін жақсартады; қызылша ұны жем құрамының 15-20%-на дейін енгізілгенде де оның қоректік құндылығына теріс әсер етпейді.

Аквамәдениет саласында қолданылатын жемге қойылатын талаптар әлемдік деңгейде қатаң реттеледі. Сондықтан албырт және бахтахтарға арналған құрама жемді әзірлеу барысында оның қоректік құрамының ФАО/ДДСҰ халықаралық стандарттарына сәйкес келуі балықтың денсаулығы мен өндірістің тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Осы жұмыстың мақсаты – албырт тұқымдас балықтарға арналған оңтайлы жем құрамын әзірлеу, ол организмнің физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырып, балық ұнының үлесін азайту және жемді экономикалық жағынан тиімді етуге бағытталған.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жемнің тағамдық құндылығын анықтау үшін оның құрамындағы ақуыздар, майлар, көмірсулар және макроэлементтерге талдау жүргізілді.

Албырт тұқымдас балықтардың (бахтах пен албырттың) физиологиялық қажеттіліктеріне жүргізілген талдау негізінде құрамында дәстүрлі және баламалы ақуыз-көмірсу көздері, сондай-ақ витаминді-минералды қоспалар бар жемнің құрамы әзірленді [7].

Прототип ретінде бахтахтарға арналған өндірістік 114-1 құрама жемі пайдаланылды. Оның құрамына балық ұны, ет-сүйек ұны, жемдік ашытқы, бидай ұны және қосымша компоненттер – фосфатидтер, меласса және 111-3 премиксі кіреді. Жаңа рецептурада балық ұнының бір бөлігі құс фабрикаларының қалдықтарынан алынған құс айдаршалары және ет-сүйек ұнына ауыстырылды. Бұл жемнің қоректік құндылығын төмендетпей, оның өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді. Қызылша ұнының енгізілуі ас қорыту процесін жақсартып, көмірсулардың қосымша көзін қамтамасыз етеді және балықтың табиғи түстерінің айқындалуына ықпал етеді. 111-3 премиксі «Агроснаб» ЖШС-нің бахтахтарға арналған арнайы премиксімен алмастырылды, оның құрамына ФитаМакс 10 000G енгізілген. Бұл компонент өсімдік текті шикізатта фитат түрінде байланысқан фосфорды босатып, оның сіңімділігін арттырады. Сонымен қатар, фитаза кальцийдің, магнийдің, микроэлементтердің, шикі протеиннің және аминқышқылдардың қорытылуын жақсартады, сондай-ақ жемнің энергетикалық құндылығын арттырады.

Албырт және бахтахтарға арналған жемнің оңтайлы құрамы 1-кестеде көрсетілген, онда ингредиенттер мен олардың массалық үлесі егжей-тегжейлі берілген. Ол албырт тұқымдас балықтардың физиологиялық қажеттілігіне және аквамәдениет саласының стандарттық талаптарына сай әзірленді.

Кесте 1

Албырт және бахтахтарға арналған жемнің оңтайлы құрамы, кг

№	Компонент атауы	Рецептура, кг	
		Бақылау жемі 114-1	Тәжірибелік жем
1	Балық ұны	45	39
2	Ет-сүйек ұны	13	6,5
3	Құс айдаршалары	-	6,5
4	Жемдік ашытқы	15	15
5	Қызылша ұны	-	6
6	Бидай ұны	20	20
7	Жемдік фосфатидтер	3	3
8	Меласса	3	3
9	Премикс	1	1
	Барлығы	100	100

Бағалы кәсіптік балықтардың физиологиялық қажеттіліктерін ескере отырып, жем құрамында келесі ақуыз компоненттері қолданылды:

– балық ұны – ақуыздың негізгі көзі болып табылады және жемнің жоғары сіңімділігін қамтамасыз етеді;

– ет-сүйек ұны (құс фабрикаларының қалдықтары) және құс айдаршалары – қосымша ақуыздық компоненттер ретінде енгізіліп, жемнің тағамдық және биологиялық құндылығын арттыруға мүмкіндік береді;

– жемдік ашытқы –100 г шикізатта 45,50% ақуыз және 33,60% көмірсу бар, бұл ас қорытуды жақсартып, жемнің энергетикалық құндылығын арттырады.


Көмірсу көздері ретінде қызылша ұны және бидай ұны қолданылды. Қызылша ұны 100 г шикізатта 61,60% көмірсу мен ішек денсаулығын қолдауға қажетті талшықтарды қамтиды. Ал бидай ұнында 100 г өнімде 50% көмірсу бар. Көмірсулардың мұндай деңгейі жемнің жалпы энергетикалық құндылығын арттырып, балықтың сіңімділігін жақсартуға көмектеседі.

Ақуыз және көмірсу компоненттерінен бөлек, жем рецептурасына функционалды қоспалар – жемдік фосфатидтер, меласса және премикс енгізілді [8]. Рецептурада мелассаны 3% мөлшерінде қолданудың қажеттілігі оның құрамында оңай сіңетін көмірсулардың (54,13%) көп болуымен түсіндіріледі, бұл жемге қосымша тартымдылық береді. Премикс жем құрамына 1% мөлшерінде қосылып, балықтың денсаулығын және өсуін қолдауға қажет витаминдер мен минералдардың кешені ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, премикс құрамында фосфордың сіңімділігін арттыратын фитаза ферменті бар, ол қоршаған ортаға түсетін фосфор шығарындыларын азайтады.

Жемнің химиялық құрамы Лисиннің матрицалық әдісі арқылы анықталды. Бұл әдіс деректердің ақпараттық матрицасын белгіленген өлшемдегі жолдар мен бағандар түрінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл есептеулердің көрнекілігін және қарапайымдылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, рецептуралық күрделі тапсырмаларды да басқару үдерісінің жеделдігін жоғалтпай шешуге жағдай жасайды. Әдіске

мақсатты функция сияқты оңтайландыру операторларын енгізу нәтижесінде берілген қоректік сипаттамаларға ие, сонымен қатар өзіндік құны минимизацияланған жем рецептурасын әзірлеу мүмкін болды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Тәжірибелік өнімнің химиялық құрамын бағалау нәтижелері төменде берілген (1-сурет).



Сурет 1. Тәжірибелік өнімнің химиялық құрамы, %

1-суретте жем құрамындағы май (12,6%), ақуыз (44,4%) және көмірсулар (25,1%) мөлшері көрсетілген, олардың барлығы нормативтік стандарттарда көрсетілген диапазонға толық сәйкес келеді.

Бахтахтардың шабақтары мен тауарлық бахтахтарға арналған жемнің нормативтік талаптары 2 кестеде көрсетілген. Тәжірибелік жем осы талаптарға толық сәйкес келеді және балыққа теңгерімді қоректену деңгейін қамтамасыз етеді.


Кесте 2

Бахтахқа арналған жемдегі негізгі қоректік заттардың қажетті мөлшері, %


Ингредиенттер	Бастапқы жем (шабақтарға арналған)	Өндірістік жем (тауарлық бахтах үшін)
Ақуыз	45-53	38-45
Май	11-13	11-20
Көмірсулар	15-20	25-30
Талшық	1,5-2	3-5
Пайдалы қазбалар	10-12	10-15
Жалпы энергия, ккал/кг	4,5-5,0	4,0-4,5
Сіңімділікті қоса алғандағы энергия, кДж/кг	3,0-3,5	2,5-3,0

Төменде 2-суретте әзірленген жем құрамына кіретін витаминдердің пайыздық үлесі көрсетілген. Витаминдердің ішінде ең жоғары үлес С витаминіне (16,65%) тиесілі, ол балықтың иммундық жүйесін нығайтуда және өсу қарқынын арттыруда маңызды рөл атқарады. А витамині (6,32%) терінің, көздің және шырышты қабаттардың денсаулығын қолдауға көмектеседі. Витамин В тобының мөлшері келесідей: В1 – 0,11%; В2 – 0,27%; В6 – 0,45%; РР (ниацин) – 1,7%, ол қалыпты зат алмасуды қамтамасыз етеді. Е витамині (0,86%) антиоксиданттық қасиетке ие болып, балықты тотығу күйзелісінен қорғайды. Берілген көрсеткіштер жемнің витаминдік

құрамының теңгерімді екенін дәлелдейді және балықтың өсуінің әртүрлі сатыларындағы физиологиялық қажеттіліктерін толық қанағаттандырады.




Сурет 2. Тәжірибелік жем құрамындағы витаминдердің мөлшері



Сурет 3. Жем құрамындағы макро- және микроэлементтердің физиологиялық нормаларға сәйкестігі, %

3-суретте бақылау және тәжірибелік жемдердегі макро- және микроэлементтердің салыстырмалы деңгейі көрсетілген. Тәжірибелік жем құрамында кальций мен фосфордың жоғары болуы балықтың қаңқа жүйесін нығайтуға, өсу қарқынын арттыруға және алмасу процестерін жақсартуға оң әсер етеді. Калий, натрий және магний деңгейлері бақылау жемімен салыстырғанда өзгеріссіз немесе аздаған ауытқулар шегінде қалып отыр. Микроэлементтердің (мыс, мырыш, марганец, темір) теңгерімді мөлшері тәжірибелік жемнің жоғары тағамдық құндылық талаптарына сәйкес келетінін көрсетеді. Бұл элементтер балықтың ферменттік белсенділігін қалыпты деңгейде ұстап, иммундық жүйесінің жұмыстарын қолдайды. Cu, Zn, Fe және Mn сияқты химиялық элементтер микродозада қажет болғанымен, балық тіршілігі үшін алмастырылмайтын заттар болып табылады. Олардың жетіспеушілігі өсу қарқынының төмендеуіне ғана емес, сонымен қатар әртүрлі физиологиялық және морфологиялық аномалиялардың пайда болуына әкелуі мүмкін [9].

Өнімнің 100 грамындағы алмастырылмайтын аминқышқылдар мөлшері 4-суретте берілген.



Сурет 4. Өнімнің 100 грамында көрсетілген алмастырылмайтын аминқышқылдар мөлшері, мг

Жемнің алмастырылмайтын аминқышқылдар бойынша құрамы нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді және балыққа теңгерімді қоректену деңгейін қамтамасыз етеді. Лизин, метионин, треонин және аргинин секілді аминқышқылдардың оңтайлы мөлшері балықтың өсуі мен дамуын қолдайды, зат алмасу процестерінің тұрақтылығына және иммундық жүйенің қызметіне оң әсер етеді.

Балықтардың алмастырылмайтын аминқышқылдарға деген қажеттілігіне жасы мен салмағы, су температурасы, су тұздылығы, фотопериод, сондай-ақ жемдеу жиілігі мен деңгейі сияқты факторлар ықпал етуі мүмкін [10].

Күкүртті аминқышқылдардың, әсіресе метиониннің жоғары деңгейі, балықтағы ақуыз синтезін жақсартады, бұл өз кезегінде өсу мен даму қарқынына оң әсер етеді. Лейцин, изолейцин және валиннің жеткілікті мөлшері бұлшықет массасының белсенді түрде өсуіне ықпал етеді, бұл интенсивті өсіру жағдайында балық үшін өте маңызды көрсеткіш. Бұл аминқышқылдары жасушалар мен тіндердің қалыптасуына қажетті ақуыздардың құрылымдық блоктары болып табылады, сондай-ақ қалыпты зат алмасуды қамтамасыз етеді. Зерттеулер көрсеткендей, жемдегі алмастырылмайтын аминқышқылдардың (ААҚ) жетіспеушілігі балықтың өсуін баяулатуға, тәбеттің төмендеуіне және қоректік заттардың сіңімділігінің нашарлауына әкеледі, бұл олардың өнімділігі мен тіршілікке бейімділігіне айтарлықтай әсер етеді [11]. Бұл мәселе әсіресе акваөсіру жағдайындағы балықтар үшін өте маңызды, өйткені рациондағы аминқышқылдардың оңтайлы тепе-теңдігін сақтау тек өсуге ғана емес, олардың жалпы денсаулығына да тікелей әсер етеді. Мысалы, триптофан тапшылығы чавыча, нерка және кемпірқосақ бахтахтары сияқты түрлерде омыртқаның қисаюына және басқа да патологиялық ауытқуларға әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, балыққа арналған жемдегі аминқышқылдардың дұрыс қатынасы иммундық жүйені қолдауға және ауруларға төзімділікті арттыруға ықпал етеді. Күкіртті аминқышқылдар мөлшері жоғары аминқышқылдық қоспаларды қолдану балықтардың күйзеліс жағдайларына бейімделуін

жеңілдетеді, қабыну процестерін азайтады және инфекцияларға қарсы күресу қабілетін жақсартады.

Сондықтан осындай факторлардың барлығын ескеретін жем рецептураларын әзірлеу тиімді және тұрақты балық шаруашылығының ажырамас бөлігі болып табылады, бұл өз кезегінде балықты емдеу шығындарын төмендетіп, оның өнімділігін арттырады.

Осылайша, жемнің аминқышқылдық құрамы балықтың өсуі мен дамуы үшін ғана емес, олардың денсаулығы үшін де аса маңызды, сондай-ақ балық шаруашылықтарының жалпы ауруларға төзімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Анализ нәтижелері ұсынылған жем құрамының ақуыздардың (85%-ға дейін) және липидтердің (90%-ға дейін) жоғары сіңімділігін қамтамасыз ететінін көрсетті, бұл албырт тұқымдас балықтардың физиологиялық қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, жем құрамындағы май, ақуыз және көмірсу деңгейлері ФАО/ДДСҰ ұсынған нормаларға сай, бұл оның теңгерімділігін дәлелдейді.

Фитазаны енгізу жем құрамындағы фосфордың жоғалуын азайтып, су айдындарының экологиялық жүктемесін төмендетуге мүмкіндік береді. Ет-сүйек ұнын қолдану балықтардың өсу қарқынына теріс әсер етпейді, ал балық ұнының үлесін азайту жемнің өзіндік құнын дәстүрлі құрамдармен салыстырғанда 10-15% төмендетуге ықпал етті.

Экономикалық тиімділік. Балық ұны мен ет-сүйек ұнының оңтайландырылған арақатынасы балықтың денсаулығын сақтауға және соңғы өнімнің органолептикалық қасиеттерін жақсартуға қажетті көп қанықпаған май қышқылдарының жеткілікті мөлшерін қамтамасыз етеді.

Экологиялық аспектілер. Балық ұнының үлесін азайту және фитазаны енгізу судың фосформен ластануын төмендетуге алып келді, бұл экологиялық тұрғыдан тұрақты балық шаруашылығына көшу жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Қорытынды. Ұсынылған жем құрамы – балық ұнына тәуелділікті азайтуға, қоректік заттардың биожетімділігін арттыруға және жемнің тиімділігін арттыратын инновациялық шешім болып табылады. Негізгі нәтижелер төмендегідей:

1. Жем құрамын оңтайландыру балықтың өсу қарқынына нұқсан келтірмей, оның өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік берді.
2. Балама ақуыз компоненттерін енгізу жемнің тағамдық құндылығына теріс әсер етпейді.
3. Фитаза қолдану фосфордың сіңімділігін арттырып, экологиялық жүктемені төмендетуге ықпал етеді.

Ұсынылған жем акваөсіруде кеңінен қолдануға жоғары әлеуетке ие, себебі ол өндіріс шығындарын азайтып, албырт пен бахтах өсірудің табыстылығын арттырады. Ол Қазақстан аквамәдениетінде ұлттық және халықаралық стандарттарына сәйкес дайындалған инновациялық өнім болмақ.

Алдағы зерттеулер шикізатты қайта өңдеу технологияларын әрі қарай жетілдіруге және жемнің балық денсаулығына әртүрлі жағдайларда әсерін бағалауға бағытталуы мүмкін. Мұндай технологияларды енгізу Қазақстанның балық шаруашылығы саласының дербестігін арттыруға және оның халықаралық нарықтағы позициясын нығайтуға маңызды үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. Singh P., Paul B. N., Giri S. S. Potentiality of new feed ingredients for aquaculture: A review // Agricultural Reviews. – 2018. – Vol. 39. – No. 4. – P. 282-291.
2. Сизенцов, А.Н. Повышение пищевых характеристик рыбы с использованием фитобиотиков и пробиотиков в кормлении (обзор) [Текст] / А.Н. Сизенцов, Е.П. Мирошникова, А.Е. Аринжанов, Ю.В. Килякова // Аграрный вестник Урала. – 2023. – № 3 (232).
3. Бриндза, Я. Исследование состава, свойств и антиоксидантной активности активированного сока столовой свеклы [Текст] / Я. Бриндза // Технология и товароведение инновационных пищевых продуктов. – 2014. – № 4. – С. 30-35.
4. Гараев Ы. Химический состав и пищевая ценность свеклы / Ы. Гараев, П. Бегджанов, Т. Мырадова // Вестник науки. – 2023. – Т. 2. – № 10(67). – С. 349-352.
5. Подосокорская, О.А. Переработка отходов птицефабрик: современные подходы и перспективы [Текст] / О.А. Подосокорская // Auditorium. – 2017. – № 3 (15).
6. Попов, В.Н. Инновационные способы переработки биоотходов птицеводства [Текст] / В.Н. Попов, О.С. Корнеева, О.Ю. Искусных, А.Ю. Искусных // Вестник Воронежского государственного университета инженерных технологий. – 2020. – № 1 (83).
7. Liang Q., Yuan M., Xu L., Lio E., Zhang F., Mou H., Secundo F. Application of enzymes as a feed additive in aquaculture // Marine Life Science & Technology. – 2022. – Vol. 4, No. 2. – P. 208-221.
8. Воробьёв, В.И. Альтернативные источники получения аналогов рыбной муки [Текст] / В.И. Воробьёв, Е.В. Нижникова, О.Т. Лемперт, Н.П. Нефедова // Известия Казанского государственного технологического университета. – 2015. – № 38. – С. 74-82.
9. Барулин, Н.В. Аквакультура ценных видов рыб и ресурсосберегающие технологии [Текст]: учеб.-метод. пособие. В 3 ч. Ч. 1. Форелеводство. / Н.В. Барулин. – Горки: БГСХА, 2018. – 237 с.
10. Михайлов, А.В. Экологические аспекты кормления рыб в условиях аквакультуры [Текст] / А.В. Михайлов, Е.П. Кузнецова // Вестник экологической безопасности. – 2019. – Т. 5, № 1. – С. 45-51.
11. Кошак, Ж. Сухой гемоглобин в комбикормах для радужной форели [Текст] / Ж. Кошак, Н. Гадлевская, А. Кошак // Комбикорма. – 2017. – № 7-8. – С. 55-57.

Материал редакцияға 15.07.25 түсті, 22.10.25 қабылданды.

Л.А. Каимбаева[1], Н.Б. Исембердиева[1]

[1]Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан

ОПТИМИЗАЦИЯ СОСТАВА КОРМА ДЛЯ ЛОСОСЕВЫХ РЫБ В СООТВЕТСТВИИ СО СТАНДАРТАМИ ПИТАТЕЛЬНОЙ ЦЕННОСТИ

Аннотация. В статье описаны современные подходы к созданию кормов для лосося и форели, направленные на снижение себестоимости и улучшение качества. Основное внимание уделено замене дорогой рыбной муки более доступными белковыми компонентами – мясокостной и свекольной мукой, а также другими побочными продуктами. Проведен анализ питательной ценности корма и добавлены ферментные препараты, которые помогают лучше усваивать питательные вещества и снижают вред для окружающей среды. Экономические расчёты показали, что себестоимость корма снижается на 10-15 %, что делает его выгодным для местных хозяйств. Использование отечественного сырья также уменьшает зависимость от

импорта. Полученные данные подтверждают эффективность и актуальность предложенного подхода для устойчивого и экологически безопасного выращивания лососевых рыб.

Ключевые слова: инновационный корм, форель, мясокостная мука, свекольная мука, фитаза, аквакультура, экономическая эффективность.

L.A. Kaimbayeva[1], N.B. Issemberdiyeva[1]

[1]Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan

OPTIMIZATION OF FEED COMPOSITION FOR SALMONID FISH ACCORDING TO NUTRITIONAL VALUE STANDARDS

Abstract. The article explores modern approaches to optimizing feed formulations for salmon and trout. It is shown that replacing fish meal with more accessible local agricultural by-products, such as meat and bone meal, beet meal, and others, can significantly reduce feed costs without negatively affecting fish growth and health. This also allows for diversification of the nutritional composition. The study analyzed the content of proteins, fats, carbohydrates, vitamins, and minerals in the developed feed. The inclusion of the enzyme phytase improved nutrient digestibility and reduced phosphorus emissions into the aquatic environment. A 10-15% reduction in production costs confirms the economic viability of this approach. Additionally, the use of locally sourced raw materials decreases dependence on imported ingredients and supports sustainable and environmentally safe aquaculture development.

Keywords: innovative feed, salmon, trout, meat and bone meal, beet meal, aquaculture, bioavailability, economic efficiency.

References

1. Singh P., Paul B. N., Giri S. S. Potentiality of new feed ingredients for aquaculture: A review // Agricultural Reviews. – 2018. – Vol. 39. – No. 4. – P. 282-291.
2. Sizentsov A.N., Miroshnikova E.P., Arinjanov A.E., Kilyakova Yu.V. Povishenie pishchevykh kharakteristik ryby s ispol'zovaniem fitobiotikov i probioticov v kormlenii (obzor) [Improvement of Fish Nutritional Characteristics Using Phytobiotics and Probiotics in Feeding: A Review] // Agrarian Bulletin of the Urals. – 2023. – № 3 (232). [in Russian].
3. Brindza Ya. Issledovanie sostava, svoistv i antioksidantnoy aktivnosti aktivirovannogo soka stolovoy svekly [Study of Composition, Properties, and Antioxidant Activity of Activated Table Beet Juice] // echnology and Commodity Science of Innovative Food Products. – 2014. – No. 4. – P. 30-35. [in Russian].
4. Garaev Y., Begdzhanov P., Myradova T. Khimicheskiy sostav i pishchevaya tsennost' svekly [Chemical Composition and Nutritional Value of Beet] // Science Bulletin. – 2023. – Vol. 2, № 10(67). – P. 349-352. [in Russian].
5. Podosokorskaya O.A. Pererabotka othodov ptitsefabrik: sovremennye podkhody i perspektivy [Processing of Poultry Farm Waste: Current Approaches and Perspectives] // Auditorium. – 2017. – No. 3 (15). [in Russian].
6. Popov V.N., Korneyeva O.S., Iskusnykh O.Yu., Iskusnykh A.Yu. Innovatsionnye sposoby pererabotki bioothodov ptitsevodstva [Innovative Methods of Processing Poultry Bio-Waste] // Bulletin of Voronezh State University of Engineering Technologies. – 2020. – No. 1 (83). [in Russian].
7. Liang Q., Yuan M., Xu L., Lio E., Zhang F., Mou H., Secundo F. Application of enzymes as a feed additive in aquaculture // Marine Life Science & Technology. – 2022. – Vol. 4. – No. 2. – P. 208-221.

8. Vorobyov V.I., Nizhnikova E.V., Lempert O.T., Nefedova N.P. Alternativnye istochniki polucheniya analogov rybnoy muki [Alternative Sources for Production of Fishmeal Analogs] // Proceedings of Kazan State Technological University. – 2015. – № 38. – P. 74-82. [in Russian].
9. Barulin N.V. Akvakultura tsennykh vidov ryb i resursosberegayushchie tekhnologii [Aquaculture of Valuable Fish Species and Resource-Saving Technologies]: uch.-metod. posobie. In Vol. 3. Vol. 1. Trout Farming. – Gorki: BGSHA, 2018. – 237 p. [in Russian].
10. Mikhaylov A.V., Kuznetsova E.P. Ekologicheskie aspekty kormleniya ryb v usloviyakh akvakultury [Ecological Aspects of Fish Feeding in Aquaculture] // Bulletin of Environmental Safety. – 2019. – Vol. 5. – No. 1. – P. 45-51. [in Russian].
11. Koshak Zh., Gadlevskaya N., Koshak A. Sukhoy gemoglobin v kombikormakh dlya raduzhnoy foreli [Dry Hemoglobin in Compound Feed for Rainbow Trout] // Compound Feed. – 2017. – No. 7–8. – P. 55-57. [in Russian].

ҒТАМР 65.59.01

Н.К. Абильмажинова[1] – *негізгі автор*, ©
А.М. Таева[2], Я.М. Узаков[3],
Б.Ш. Джетписбаева[4], С.Е. Ибраимова[5]

[1,5]PhD, [2]Техн. ғылым. д-ры, профессор, [3]Академик, техн. ғылым. д-ры, профессор, [4]Ауыл шаруашылығы ғылым. канд.

ORCİD *[1]https://orcid.org/0000-0001-7398-2242 [2]https://orcid.org/0000-0001-6663-4282*
[3]https://orcid.org/0009-0001-2878-7170 [4]https://orcid.org/0000-0002-0792-3903
[5]https://orcid.org/0000-0002-9439-7461

[1,2,3,4,5]Алматы Технологиялық университеті,

Алматы, Қазақстан

@ *[1]abilmazhinova85@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/MYKR1056

ТАБИҒИ АНТИОКСИДАНТТАРДЫ ҚОЛДАНЫП ЖАРТЫЛАЙ ЕТ ФАБРИКАТТАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ

Аңдатпа. Зерттеу нәтижелері жаңа «Жастар-L» жартылай ет фабрикаттарының сапалық сипаттамалары мен тағамдық құндылығының жоғары деңгейде екенін көрсетті. ҚР МемСТ Р 52675-2009 талаптарына сәйкес, бұл өнімдердегі ақуыздар, майлар және көмірсулардың мөлшері белгіленген нормаларға толық сай келеді. Сонымен қатар, жаңа өнімнің энергетикалық құндылығы дәстүрлі үлгілермен салыстырғанда 5,2%-ға төмендегені байқалды. Жартылай ет фабрикаттарының құрамына жылқы етін қосу аминқышқылдық құрамның төмендеуіне алып келмеген. Бұған қоса, шикізатқа 0,075% дигидрокверцетин (спирттік ерітіндіде), 0,05% аскорбин қышқылы және 0,02% токоферол қосу линол, линолен және арахидон қышқылдарының жиынтық мөлшерін 7,3%-ға арттырған. Сонымен қатар, аскорбин қышқылы (5 мг/%) мен токоферол (10 мг/%) енгізу арқылы өнімде С және Е дәрумендерінің болуы қамтамасыз етілді. Жалпы, бұл нәтижелер жаңа өнімнің биологиялық белсенді заттарға бай әрі сапалы екенін дәлелдейді.

Тірек сөздер: жылқы еті, жылқы етінің кесінділері, дигидрокверцетин, аскорбин қышқылы, токоферол, жартылай ет фабрикаттары.

Абильмажинова, Н.К. Табиғи антиоксиданттарды қолданып жартылай ет фабрикаттарының технологиясын жасау [Мәтін] / Н.К. Абильмажинова, А.М. Таева, Я.М. Узаков, Б.Ш. Джетписбаева, С.Е. Ибраимова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.96-105. https://doi.org/10.55956/MYKR1056

Кіріспе. Халықты отандық өндірістің ет өнімдерімен қамтамасыз ету деңгейінің өсуі Қазақстанның ет өнеркәсібінің басым бағыты болып табылады. Елдің азық-түлік нарығының құрамында ет нарығы халықтың тұрақты сұранысына және салыстырмалы түрде жоғары айналымға ие, ал баға-сапа арақатынасы бойынша таңдау кезінде бүгінде сапа жағынан асып түседі. Заманауи өмір ырғағы отандық өндірістің сапалы жартылай ет фабрикаттарының ассортиментін ұлғайту сұранысы артып келеді.

Тұтынушылық сұранысы жоғары қазы, шұжық, жая, бешбармақ, сірне, қуырдақ сияқты жылқы етінен жасалған ұлттық ет өнімдері жоғары сапалы жылқы етінен өндіріледі, ал бұл ретте пайда болған ет кесінділері (тримминг) негізінен шұжық өндірісінде пайдаланылады. Жылқы етінің кесінділерінен жартылай ет фабрикаттарының технологиясында қолданылмайды және осыған байланысты ет шикізатының ассортиментін кеңейту және ұтымды пайдалану үшін ғылыми қызығушылық тудырады.

Жылқы еті – адам ағзасына қажетті қоректік заттардың алуан түрін қамтитын, теңдестірілген және жоғары сіңімділігімен ерекшеленетін жоғары сапалы ет өнімі болып табылады [1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда жылқы еті тағам рационында жетекші орындардың бірін алады. Әлемдік нарықта жылқы етіне деген сұраныстың өсуі байқалуда [2].

Жылқы еті құрамында дәрумендер, гормондар, ферменттер, ақуыздар, майлар және басқа да биологиялық белсенді қосылыстар бар, бұл оның адам ағзасына пайдалы және емдік қасиеттерге ие екендігін көрсетеді.

Жылқы еті мен майының тағамдық және емдік қасиеттері кеңінен танылған. Жылқы майы жоғары йодтық саны мен төмен балқу температурасына байланысты химиялық құрамы мен биологиялық құндылығы тұрғысынан басқа ауыл шаруашылығы жануарларының майларынан едәуір ерекшеленеді. Жылқы майының биологиялық құндылығы оның құрамындағы қанықпаған май қышқылдарының жоғары мөлшерімен, А дәруменінің болуымен және холестериннің төмен деңгейімен сипатталады. Жылқы еті аминқышқылдық құрамы бойынша жақсы теңдестірілген, жоғары мөлшерде толыққанды ақуызды қамтитын, жеңіл сіңірілетін диеталық ет болып табылады. Жылқы майы жануарлар мен өсімдік майларының арасындағы аралық топты құрай отырып, өт айдағыш қасиеттерімен сипатталады. Жылқы етінің құрамы ағзадағы холестерин деңгейін төмендетуге ықпал етіп, зат алмасу үдерісін реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол семіздікті емдеу мақсатында диетотерапияда тиімді қолданылып, ағзаға қажетті микроэлементтерді, дәрумендерді және алмастырылмайтын май қышқылдарын қамтамасыз етеді [3].

Ет өнімдерінің сақтау мерзімін ұзарту мәселесі қазіргі уақытта ет өнеркәсібінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ет өнімдерінің сақтау мерзімін ұзарту үшін қазіргі уақытта табиғи антиоксиданттар, яғни дигидрокверцетин, С дәрумені (аскорбин қышқылы) және Е дәрумені (токоферол) пайдаланылады.

Дигидрокверцетин (ДКГ) – бұл өсімдік текті табиғи антиоксидант, биофлавоноид. Ол бұталы өсімдіктердің фенолдық қосылыстарының құрамында кездеседі.

Қазіргі уақытта ғалымдар ДКГ-ді ет өңдеу өнеркәсібінде ет пен балықтың әртүрлі түрлерін, тартылған ет, ет консервілері мен шұжық өнімдерін өндіруде қолдану мүмкіндіктерін зерттеді. Бірқатар зерттеулер ет өнімдерінде дигидрокерцетинді қолдану дәм қасиеттерін, түс тұрақтылығын жақсартатынын, сонымен қатар жартылай ет фабрикаттарының сақтау мерзімін ұзарту үшін маңызды болып табылатын майлардың тотығуын тежейтінін көрсетті [4-11].

Сонымен қатар, басқа антиоксиданттармен әрекеттескенде ДКГ жоғары антиоксиданттық белсенділікті көрсете алады.

ДКГ шұжық өнімдерін сақтау кезінде пайда болатын биохимиялық үдерісті тежейді. Шұжық өнімдеріне ДКГ-ді қосу ашыту процесінде түзілетін тираминнің көбеюін тежеуге көмектеседі [12].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Ылғалдың массалық үлесін анықтау. Ылғалдың массалық үлесі МемСТ 33319-2015 бойынша үлгіні белгілі бір температурада тұрақты салмаққа дейін кептіруге негізделген. Кептіру алдында және одан кейінгі массаның айырмашылығы ылғалдың мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді [13].

Майдың массалық үлесін анықтау. Майдың массалық үлесі МемСТ 23042-2015 Сокслет әдісі бойынша қатты немесе сұйық үлгілерден еритін компоненттерді бөліп алу үшін қолданылатын аналитикалық экстракция әдісі. Ол Сокслет экстракторы деп аталатын арнайы аппаратты пайдаланып үздіксіз экстракция принципіне негізделген [14].

Кьельдал әдісімен ақуыздың массалық үлесін анықтау. Ақуыздың массалық үлесі МемСТ 25011-2017 бойынша үлгідегі органикалық заттардың минералдануына, содан кейін түзілген аммиак мөлшері бойынша азотты анықтауға негізделген [15].

Күлдің массалық үлесін анықтау. Күлдің массалық үлесі МемСТ 31727-2012 бойынша зерттелетін үлгіні (550+25)°С температурада кептіру, көмірлеу, күлдеу және кейіннен жалпы күлдің массалық үлесін анықтауға негізделген [16].

Крахмалды анықтау. Крахмалды анықтау МеМСТ 10574-2016 бойынша крахмалдың екі валентті мыспен Фелинг сұйықтығымен қышқылдық ортада гидролизі кезінде түзілетін моносахаридтердің альдегидтік топтарын тотықтыруға, мыс оксидін оксидке дейін тотықсыздандыруға және кейіннен йодометриялық титрлеуге негізделген [17].

B_1, B_2, B_3, B_5, B_6, С дәрумендерінің құрамын анықтау. Капиллярлық электрофорез (КЭФ) арқылы дәрумендердің құрамын МеМСТ 31483-2012 бойынша әртүрлі үлгілердің дәрумендік құрамын анықтау үшін қолданылатын электр өрісінде иондық және молекулалық заттарды бөлуге негізделген аналитикалық әдіс. Әдіс электр өрісінің әсерінен электролитпен толтырылған капиллярдағы иондар мен молекулалардың қозғалғыштығының айырмашылығына негізделген [18].

Е дәруменінің құрамын анықтау. Жоғары өнімді сұйық хроматография арқылы Е дәруменінің құрамын МеМСТ 12822-2014 бойынша фотометриялық (ультракүлгін аймақта) немесе жақсырақ флуориметриялық детекторы бар жоғары тиімді сұйық хроматография (ЖТСХ) үлгісінің ерітіндісіндегі а, р, у және 5-токоферолдарды анықтауға негізделген [19].

А дәруменін анықтау. А дәруменін анықтау МеМСТ 54635-2011 бойынша жоғары ажыратымдылықтағы сұйық хроматография сұйық фазадағы қоспаның құрамдас бөліктерін стационарлық фаза арқылы бөлуге негізделген. Майда еритін қосылыс ретінде А дәрумені хроматографиялық колоннамен әрекеттесу негізінде оқшауланады және бөлінеді [20].

Макро- және микроэлементтерінің құрамын анықтау. Атомдық абсорбциялық спектрометрия арқылы кальций, мыс, темір, магний, марганец, калий, натрий және мырыш құрамын МеМСТ 32343-2013 бойынша талданатын үлгіні қажет болған жағдайда (550±15)°С температурада муфельді пеште күлмен тұз қышқылында еріту, тұндыру және сүзу арқылы кремний қосылыстарын жою, содан кейін алынған ерітіндіні ацетилен-ауа жалынында атомизациялау [21].

Амин қышқылдарын анықтау. Капиллярлық электрофорез арқылы протеиногенді аминқышқылдарын анықтау МеМСТ Р 55569-2013 бойынша аминқышқылдарын бос формаларға ауыстыра отырып, қышқыл гидролизімен талдау үшін үлгіні ыдырату, аминқышқылдарының фенилтиокарбамоил (ФТК) туындыларын алу, оларды одан әрі бөлу және капиллярлық электрофорез әдісімен сандық анықтау [22].

Май қышқылдарының құрамын анықтау. Май қышқылдарының құрамын МеМСТ 34987-2023 бойынша шикізат пен тамақ өнімдерінен майды алдын-ала алуға, жеке май қышқылдарының метил эфирлерін алуға негізделген. Жеке май қышқылдарының метил эфирлері жалын ионизациясының детекторымен газ хроматографиясы арқылы бөлінеді. Алынған сигналдар (хроматограммадағы шыңдар) бірдей хроматографиялық жағдайларда алынған белгілі массалық концентрациясы бар стандартты заттардың ұстау уақыттарымен және сигнал мәндерімен салыстырылады [23].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ет өнімдерінің тағамдық құндылығы жоғары. Олар жануарлар ақуызы мен майына, аминқышқылдарына, қаныққан май қышқылдарына, минералдарға бай. Табиғи антиоксиданттарды қолдану жартылай ет фабрикаттарында жетіспейтін бірқатар биологиялық заттарды толықтыруға мүмкіндік береді.

«Жастар-L» жартылай ет фабрикаттарының сапалық сипаттамаларына әсерін зерттеу барысында келесі көрсеткіштер қарастырылды: химиялық қасиеттері, аминқышқылдық және май қышқылдық құрамы, сонымен қатар дәрумендер, макро- және микроэлементтер, сондай-ақ микробиологиялық көрсеткіштер. «Жастар-L» жартылай ет фабрикаттарының сапалық сипаттамалары 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Жартылай ет фабрикаттарының химиялық құрамы

Көрсеткіштердің атауы	ҚР МемСТ Р 52675-2009 бойынша жартылай ет фабрикаты	«Жастар-L» жартылай ет фабрикаты
Ылғалдың массалық үлесі, %	62,5±0,18	62,15±0,18
Ақуыздың массалық үлесі, %	16,5±0,13	17,4±0,13
Майдың массалық үлесі, %	17,5±0,09	15,8±0,09
Крахмалдың массалық үлесі, %	1,7±0,09	1,75±0,09
Күлдің массалық үлесі, %	1,8±0,10	1,9±0,10
Энергетикалық құндылығы: ккал	230,3	218,8

Бақылау және тәжірибелік үлгілердің химиялық көрсеткіштерінің салыстырмалы сипаттамалары аздап ерекшеленеді (1-кесте). Бақылау және тәжірибиелік үлгілерде ақуыздың, майдың концентрациясы аз мөлшерде өзгереді және бұл ҚР СТ талаптарына сәйкестігін көрсетеді. Жаңа «Жастар-L» жартылай ет фабрикаттарының энергетикалық құндылығы 5,2%-ға төмендеді.

Ет ақуыздарының биологиялық құндылығы олардың маңызды аминқышқылдарының құрамымен анықталады. «Жастар-L» жартылай ет фабрикаттарының биологиялық құндылығын сипаттау үшін аминқышқылдарының құрамы анықталды. 2-кестеде зерттелетін үлгілердің аминқышқылдарының құрамын салыстырмалы талдау тәжірибиелік үлгісінде олардың мөлшері бақылау үлгісіне қарағанда жоғары екенін көрсетеді.

Мысалы, бақылау үлгісінде алмастырылмайтын амин қышқылы лизиннің мөлшері 0,96% болса, ал тәжірибелік үлгіде оның концентрациясы 1,64% құрайды.

Кесте 2

Жартылай ет фабрикаттарының аминқышқылдық құрамы, %

Көрсеткіштердің атауы	ҚР МемСТ Р 52675-2009 бойынша жартылай ет фабрикаты	«Жастар-L» жартылай ет фабрикаты
Треонин	2,48±0,02	2,57±0,5
Валин	2,70±0,05	2,95±0,3
Метионин+цистин	1,89±0,3	2,01±0,5
Фенилаланин+тирозин	2,43±0,1	2,88±0,2
Изолейцин	2,59±0,4	3,40±0,1
Лизин	4,81±0,1	6,45±0,5
Триптофан	0,59±0,2	0,65±0,4

Жылқы етінің кесінділерін сиыр етімен бірге қолдану нәтижесінде дәстүрлі үлгімен салыстырғанда жаңа жартылай ет фабрикаттарының аминқышқылдық құрамы төмен болмағаны анықталды. Аминқышқылдарының мөлшері бастапқы шикізат пен олардың құрамындағы аминқышқылдарының арақатынасына байланысты (2-кесте).

Өнімдердегі жалпы май мөлшері, ең алдымен, олардың энергетикалық құндылығын сипаттайды. Алайда майлар тек ағза үшін энергия көзі ғана емес, сонымен қатар бірқатар физиологиялық функцияларды атқарады. Сондықтан зерттелетін жартылай ет фабрикаттарының қасиеттерін анықтайтын маңызды сипаттама оның май қышқылдық құрамы болып табылады. 3-кестеде бақылау және тәжірибелік үлгілердің май қышқылдық құрамын талдау нәтижелері келтірілген. Бұл көрсеткіш аминқышқылдық құраммен бірге өнімдердің биологиялық құндылығы туралы түсінік бере алады.

Кесте 3

Жартылай ет фабрикаттарының май қышқылдық құрамы, 100 г өнімге г

Көрсеткіштердің атауы	ҚР МемСТ Р 52675-2009 бойынша жартылай ет фабрикаты	«Жастар-L» жартылай ет фабрикаты
Алмастырылмайтын май қышқылдары	37,33±1,11	36,39±1,09
Моноқанықпаған май қышқылдары	44,63±1,39	45,94±1,37
Полиқанықпаған май қышқылдары	9,13±0,27	9,85±0,29
соның ішінде:		
линол	8,09±0,24	8,68±0,26
линолен	0,68±0,02	0,75±0,02
арахидон	0,36±0,01	0,42±0,01

Зерттеу нәтижесінде, «Жастар-L» жартылай ет фабрикаттары май қышқылдарының барлық топтарын қамтитыны анықталды: қаныққан май қышқылдары (пентадекан қышқылы), моноқанықпаған май қышқылдары (олеин қышқылы). ПҚМҚ (полиқанықпаған май қышқылдары) ішінде тағам өнімдерінің құрамында маңызды мәнге ие линол, линолен және арахидон қышқылдары бар. Олардың жиынтық мөлшері бақылау үлгісінде 9,13 г/100 г, ал тәжірибелік үлгіде 9,85 г/100 г құрады. Осылайша, ПҚМҚ мөлшері 7,3%-ға артқаны байқалды.

Осылайша, шикізат массасына шаққанда 0,075% мөлшерінде спирттік ерітіндідегі дигидрокверцетинді, 0,05% аскорбин қышқылын және 0,02% токоферолмен бірге жартылай ет фабрикаттарына қосу ҚР МемСТ Р 52675-2009 бойынша сиыр етінен жасалған жартылай ет фабрикаттармен салыстырғанда линол, линолен және арахидон қышқылдарының жиынтық мөлшері 7,3%-ға артқаны анықталды.

Жылқы мен сиыр етінде С және Е дәрумендері жетіспейді.B_1 (тиамин), B_2 (рибофлавин), B_3 (пантотен қышқылы), Н (биотин) дәрумендері көмірсу және май алмасуын реттеуге қатысады.

Бұл мәселені шешудің тиімді жолы – табиғи антиоксиданттармен байыту негізінде жүзеге асырылуы тиіс қолжетімді бағадағы жартылай ет фабрикаттарын әзірлеу. Жаңа «Жастар-L» жартылай ет фабрикаттарына С және Е дәруменін қосу арқылы жаңа өнімнің құрамы дәрумендерге байытылады.

Элементтердің биологиялық рөліне негізделген классификация бойынша ағзада кездесетін минералды элементтер 2 топқа бөлінеді:

1) өмірлік маңызды элементтер: Ca, P, K, Cl, Na, Zn, Mn, Mo, J, Se, S, Mg, Fe, Cu, Co;

2) шартты түрде қажетті элементтер: F, Si, Ti, V, Cr, Ni, As, Br, Sr, Cd.

Жартылай ет фабрикаттарының зерттелетін үлгілерінде маңызды минералдардың көп мөлшері бар екенін атап өткен жөн (4-кесте). Бақылау және тәжірибелік үлгілердің минералдық құрамының нәтижелерінде аз ғана айырмашылықтарға ие.

Кесте 4

Жартылай ет фабрикаттарындағы макро-микроэлементтер мен дәрумендердің құрамы

Көрсеткіштердің атауы	ҚР МемСТ Р 52675-2009 бойынша жартылай ет фабрикаты	«Жастар-L» жартылай ет фабрикаты
Макро- және микроэлементтер, мг/%		
N, натрий	39,42±1,18	32,55±0,97
K, калий	191,7±5,75	212,05±6,36
Ca, кальций	5,4±0,16	7,1±0,21
Mg, магний	13,5±0,40	13,75±0,41
P, фосфор	108±3,24	109,2±3,27
Fe, железо	1,566±0,04	1,755±0,05
Дәрумендер, мг/%		
A, ретинол	-	5±0,18
B_1, тиамин	0,0378±0,01	0,0425±0,01
B_2, рибофлавин	0,0972±0,02	0,071±0,02
PP, никотин қышқылы	2,7±0,08	6,03±0,09
C, аскорбин қышқылы	-	5±0,15
E, альфа токоферол	-	10±0,3

Зерттеу нәтижелері бойынша, «Жастар-L» жартылай ет фабрикаттарын бақылау үлгісімен салыстырғанда 5 мг/% мөлшерінде С дәрумені және 10 мг/% мөлшерінде Е дәрумені анықталды.

Қорытынды. Жаңа жартылай ет фабрикаттарындағы ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың мөлшері ҚР МемСТ Р 52675-2009 талаптарына сәйкес келетіні көрсетілген. Жаңа «Жастар-L» жартылай ет фабрикаттарының энергетикалық құндылығы 5,2%-ға төмендеді.

Жылқы етінің кесінділерін сиыр етімен бірге қолдану нәтижесінде дәстүрлі үлгімен салыстырғанда жаңа жартылай ет фабрикаттарының аминқышқылдық құрамы төмен болмағаны анықталды.

Шикізат массасына шаққанда 0,075% мөлшерінде спирттік ерітіндідегі дигидрокверцетинді, 0,05% аскорбин қышқылын және 0,02% токоферолмен бірге жартылай ет фабрикаттарына қосу ҚР МемСТ Р 52675-2009 бойынша сиыр етінен жасалған жартылай ет фабрикаттарымен салыстырғанда линол, линолен және арахидон қышқылдарының жиынтық мөлшері 7,3%-ға артқаны анықталды.

5 мг/% мөлшерінде аскорбин қышқылы және 10 мг/% мөлшерінде токоферолды енгізу жаңа «Жастар-L» жартылай ет фабрикаттарындағы С және Е дәруменінің болуы анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Атамбаева, Ж.М. Изучение пищевой и биологической ценности жира конины [Текст] / Ж.М. Атамбаева [и др.]. – 2017.
2. Абдрахманов, С.К. Эпизоотическая ситуация и районирование территории Акмолинской области по степени биологической безопасности при сибирской язве [Текст] / С. К. Абдрахманов [и др.]. – [?].
3. Донченко, Л.В. Безопасность пищевой продукции [Текст]: в 2 ч. Ч. 2 / Л.В. Донченко, В.Д. Надыкта. – 2019.
4. Насонова, В.В. Сравнительные исследования эффективности антиокислителей [Текст] / В.В. Насонова, Е.К. Туниева // Известия вузов. Прикладная химия и биотехнология. – 2019. – Т. 9. – № 3(30). – С. 563-569.
5. Ivanov G.Y. et al. Effect of treatment with natural antioxidant on the chilled beef lipid oxidation // Advance Journal of Food Science and Technology. – 2010. – Vol. 2. – No. 4. – P. 213-218.
6. Bakalivanova T., Kaloyanov N. Effect of taxifolin, rosemary and synthetic antioxidants treatment on the poultry meat lipid peroxidation // Trends in Food Science and Technology. – 2012. – Vol. 65. – P. 161-168.
7. Kuzmina N.N., Petrov O.Y., Savinkova E.A. Influence of natural antioxidants on quality indicators of semi-finished products from meat of broilers // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. – 2020. – Vol. 421. – No. 2. – P. 022074.
8. Vlahova-Vangelova D.B. et al. Reduction of nitrites addition in cooked sausages from phytonutrient supplemented pork. – 2020.
9. Li Y., Tang Z., Liu L., Ma L., Liu D. Antioxidant effect of dihydroquercetin on lard meat patties added with glycerol // Food Industry. – 2021. – Vol. 6. – P. 264-268.
10. Semenova A.A. et al. PSIII-17 Program Chair Poster Pick: A study on the effect of dihydroquercetin added into a diet of growing pigs on meat quality // Journal of Animal Science. – 2020. – Vol. 98. – Suppl. 4. – P. 364-364.
11. Abilmazhinova N. et al. Optimization of the oxidative stability of horse minced meat enriched with dihydroquercetin and vitamin C as a new functional food // Comptes rendus de l'Académie bulgare des Sciences. – 2020. – Vol. 73. – No. 7. – P. 1033-1040.
12. Rokaityte A. et al. Effect of taxifolin on physicochemical and microbiological parameters of dry-cured pork sausage // Czech Journal of Food Sciences. – 2019. – Vol. 37. – No. 5. – P. 366-373.
13. ГОСТ 33319-2015. Мясо и мясные продукты. Метод определения массовой доли влаги [Текст]. – Введ. 2016-07-01. – Москва: Стандартинформ, 2019. – 9 с.
14. ГОСТ 23042-2015. Мясо и мясные продукты. Методы определения жира [Текст]. – Введ. 2017-01-01. – Москва: Стандартинформ, 2019. – 17 с.
15. ГОСТ 25011-2017 Мясо и мясные продукты. Методы определения белка [Текст]. – Введ. 2018-07-01. – Москва: Стандартинформ, 2018. – 16 с.

16. ГОСТ 31727–2012 Мясо и мясные продукты. Метод определения массовой доли общей золы [Текст]. – Введ. 2013-07-01. – Москва: Стандартинформ, 2013. – 12 с.
17. ГОСТ 10574-2016 Продукты мясные. Методы определения крахмала [Текст]. – Введ. 2018-01-01. – Москва: Стандартинформ, 2019. – 19 с.
18. ГОСТ 31483-2012 Премиксы. Определение содержания витаминов методом капиллярного электрофореза [Текст]. – Введ. 2013-07-01. – Москва: Стандартинформ, 2012. – 21 с.
19. ГОСТ 12822-2014 Продукты пищевые. Определение содержания витамина Е методом высокоэффективной жидкостной хроматографии [Текст]. – Введ. 2016-01-01. – Москва: Стандартинформ, 2015. – 16 с.
20. ГОСТ 5463512011 Продукты пищевые функциональные. Метод определения витамина А [Текст]. – Введ. 2013-01-01. – Москва: Стандартинформ, 2019. – 12 с.
21. ГОСТ 32343-2013 Определение состава макро- и микроэлементов [Текст]. – Введ. 2015-07-01. – Москва: Стандартинформ, 2014. – 21 с.
22. ГОСТ Р 55569-2013 Определение протеиногенных аминокислот методом капиллярного электрофореза [Текст]. – Введ. 2015-07-01. – Москва: Стандартинформ, 2014. – 18 с.
23. ГОСТ 34987-2023 Мясо и мясные продукты. Методы определения жирнокислотного состава [Текст]. – Введ. 2024-01-01. – Москва: Российский институт стандартизации, 2023. – 13 с.

Материал редакцияға 30.07.25 түсті, 08.12.25 қабылданды.

Н.К. Абильмажинова[1], А.М. Таева[1], Я.М. Узаков[1], Б.Ш. Джетписбаева[1], С.Е. Ибраимова[1]

[1]Алматинский Технологический университет, Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИРОДНЫХ АНТИОКСИДАНТОВ В РАЗРАБОТКЕ ТЕХНОЛОГИИ ПОЛУФАБРИКАТОВ ИЗ МЯСА

Аннотация. Результаты исследования показали, что новые полуфабрикаты из мяса под торговым наименованием «Жастар-L» обладают высокими качественными характеристиками и пищевой ценностью. В соответствии с требованиями ГОСТ Р 52675-2009, содержание белков, жиров и углеводов в продукции полностью соответствует установленным нормам. Кроме того, энергетическая ценность нового продукта снизилась на 5,2% по сравнению с традиционными образцами. Включение конины в состав полуфабрикатов не привело к снижению аминокислотного профиля. Добавление к сырью 0,075% дигидрокверцетина (в спиртовом растворе), 0,05% аскорбиновой кислоты и 0,02% токоферола способствовало увеличению общего содержания линолевой, линоленовой и арахидоновой кислот на 7,3%. Кроме того, за счёт внесения аскорбиновой кислоты (5 мг/%) и токоферола (10 мг/%) в составе продукта были обеспечены витамины С и Е. В целом, полученные данные подтверждают, что разработанный продукт обладает высоким качеством и обогащён биологически активными веществами.

Ключевые слова: конина, мясные вырезки из конины, дигидрокверцетин, аскорбиновая кислота, токоферол, мясные полуфабрикаты.

N.K. Abilmazhinova[1], A.M. Taeva[1], Ya.M. Uzakov[1], B.Sh. Jetpisbayeva[1], S.E. Ibraimova[1]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY FOR MEAT SEMI-FINISHED PRODUCTS USING NATURAL ANTIOXIDANTS

Abstract. The results of the study demonstrated that the new semi-finished meat products under the trade name “ZhasStar-L” possess high quality characteristics and nutritional value. In accordance with the requirements of GOST R 52675-2009, the contents of proteins, fats, and carbohydrates in the products fully comply with the established standards. Additionally, the energy value of the new product was found to be 5.2% lower compared to traditional samples. The inclusion of horse meat in the formulation did not lead to a decrease in the amino acid profile. The addition of 0.075% dihydroquercetin (in alcoholic solution), 0.05% ascorbic acid, and 0.02% tocopherol to the raw materials increased the total content of linoleic, linolenic, and arachidonic acids by 7.3%. Furthermore, the introduction of ascorbic acid (5 mg/%) and tocopherol (10 mg/%) ensured the presence of vitamins C and E in the product. Overall, the findings confirm that the newly developed product is of high quality and enriched with biologically active compounds.

Keywords: horse meat, horse meat cuts, dihydroquercetin, ascorbic acid, tocopherol, meat semi-finished products.

References

1. Atambaeva Zh.M. et al. Izuchenie pishchevoi i biologicheskoi tsennosti zhira koniny [Study of the nutritional and biological value of horse fat]. – 2017. [in Russian].
2. Abdrakhmanov S.K. et al. Epizooticheskaya situatsiya i raionirovanie territorii Akmolinskoi oblasti po stepeni biologicheskoi bezopasnosti pri sibirskoi yazve [Epizootic situation and zoning of Akmola region by the level of biological safety for anthrax]. – [?]. [in Russian].
3. Donchenko L.V., Nadykta V.D. Bezopasnost pishchevoi produktsii [Food product safety]: In 2 parts. Part 2. – 2019. [in Russian].
4. Nasonova V.V., Tunieva E.K. Sravnitelnye issledovaniya effektivnosti antiokislitelei [Comparative studies of antioxidant efficiency] // University Proceedings. Applied Chemistry and Biotechnology. – 2019. – Vol. 9. – No. 3(30). – P. 563-569. [in Russian].
5. Ivanov G.Y. et al. Effect of treatment with natural antioxidant on the chilled beef lipid oxidation // Advance Journal of Food Science and Technology. – 2010. – Vol. 2. – No. 4. – P. 213-218.
6. Bakalivanova T., Kaloyanov N. Effect of taxifolin, rosemary and synthetic antioxidants treatment on the poultry meat lipid peroxidation // Trends in Food Science and Technology. – 2012. – Vol. 65. – P. 161-168.
7. Kuzmina N.N., Petrov O.Y., Savinkova E.A. Influence of natural antioxidants on quality indicators of semi-finished products from meat of broilers // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. – 2020. – Vol. 421. – No. 2. – P. 022074.
8. Vlahova-Vangelova D.B. et al. Reduction of nitrites addition in cooked sausages from phytonutrient supplemented pork. – 2020.
9. Li Y., Tang Z., Liu L., Ma L., Liu D. Antioxidant effect of dihydroquercetin on lard meat patties added with glycerol // Food Industry. – 2021. – Vol. 6. – P. 264-268.

10. Semenova A.A. et al. PSIII-17 Program Chair Poster Pick: A study on the effect of dihydroquercetin added into a diet of growing pigs on meat quality // Journal of Animal Science. – 2020. – Vol. 98. – Suppl. 4. – P. 364-364.
11. Abilmazhinova N. et al. Optimization of the oxidative stability of horse minced meat enriched with dihydroquercetin and vitamin C as a new functional food // Comptes rendus de l'Académie bulgare des Sciences. – 2020. – Vol. 73. – No. 7. – P. 1033-1040.
12. Rokaityte A. et al. Effect of taxifolin on physicochemical and microbiological parameters of dry-cured pork sausage // Czech Journal of Food Sciences. – 2019. – Vol. 37. – No. 5. – P. 366-373.
13. GOST 33319–2015. Myaso i myasnye produkty. Metod opredeleniya massovoi doli vlagi [Meat and meat products. Method for determining moisture content]. – Introduced. 2016-07-01. – Moscow: Standartinform, 2019. – 9 p. [in Russian].
14. GOST 23042–2015. Myaso i myasnye produkty. Metody opredeleniya zhira [Meat and meat products. Methods for determining fat content]. – Introduced. 2017-01-01. – Moscow: Standartinform, 2019. – 17 p. [in Russian].
15. GOST 25011–2017. Myaso i myasnye produkty. Metody opredeleniya belka [Meat and meat products. Methods for determining protein content]. – Introduced. 2018-07-01. – Moscow: Standartinform, 2018. – 16 p. [in Russian].
16. GOST 31727–2012. Myaso i myasnye produkty. Metod opredeleniya massovoi doli obshchei zoly [Meat and meat products. Method for determining total ash content]. – Introduced. 2013-07-01. – Moscow: Standartinform, 2013. – 12 p. [in Russian].
17. GOST 10574–2016. Produkty myasnye. Metody opredeleniya krakhmala [Meat products. Methods for determining starch content]. – Introduced. 2018-01-01. – Moscow: Standartinform, 2019. – 19 p. [in Russian].
18. GOST 31483–2012. Premiksy. Opredelenie soderzhaniya vitaminov metodom kapillyarnogo elektroforeza [Premixes. Determination of vitamin content by capillary electrophoresis]. – Introduced. 2013-07-01. – Moscow: Standartinform, 2012. – 21 p. [in Russian].
19. GOST 12822–2014. Produkty pishchevye. Opredelenie soderzhaniya vitamina E metodom VZhK [Food products. Determination of vitamin E content by HPLC]. – Introduced. 2016-01-01. – Moscow: Standartinform, 2015. – 16 p. [in Russian].
20. GOST 54635–2011. Produkty pishchevye funktsionalnye. Metod opredeleniya vitamina A [Functional food products. Method for determining vitamin A]. – Introduced. 2013-01-01. – Moscow: Standartinform, 2019. – 12 p. [in Russian].
21. GOST 32343–2013. Opredelenie sostava makro- i mikroelementov [Determination of macro- and microelement composition]. – Introduced. 2015-07-01. – Moscow: Standartinform, 2014. – 21 c. [in Russian].
22. GOST R 55569–2013. Opredelenie proteinogennykh aminokislot metodom kapillyarnogo elektroforeza [Determination of proteinogenic amino acids by capillary electrophoresis]. – Introduced. 2015-07-01. – Moscow: Standartinform, 2014. – 18 p. [in Russian].
23. GOST 34987–2023. Myaso i myasnye produkty. Metody opredeleniya zhirnokislotnogo sostava [Meat and meat products. Methods for determining fatty-acid composition]. – Introduced. 2024-01-01. – Москва: Российский институт стандартизации, 2023. – 13 p. [in Russian].

ҒТАМР 65.53.03

Д.А. Тлевлесова[1] – *негізгі автор*, ©
С.Т. Азимова[2], М.Ж. Кизатова[3], Н.К. Ахметова[4], Ф.А. Махмудов[5]

[1,2]PhD, ассоц. профессор, [3]Д-р техн. наук, профессор, [4]Канд. техн. наук, [5]PhD

ORCİD
[1]https://orcid.org/0000-0002-5084-6587 [2]https://orcid.org/0000-0002-8992-8889
[3]https://orcid.org/0000-0002-6481-7410 [4]https://orcid.org/0000-0001-7453-2200
[5]https://orcid.org/0000-0002-7791-1588

[1,2,4]Алматы Технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан
[5]Халықаралық инженерлік-техникалық университет, Алматы, Қазақстан

@ *[1]tlevlessova@gmail.com*

https://doi.org/10.55956/GMBW3326

АЛМА СЫҒЫНДЫСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ДЕТОКСИКАЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТКЕ ИЕ ҰНТАҒЫН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Алма сығындысы негізінде детоксикациялық қасиеттері бар ұнтақты алу технологиясы әзірленді. Табиғи сорбенттерді қолданумен жүргізілген жұмсақ кептіру тағамдық талшықтар мен фенолдық қосылыстардың құрамын сақтап қана қоймай, олардың мөлшерін арттыруға мүмкіндік беретіні анықталды. Зерттеу нәтижесінде антиоксиданттық белсенділік 34%-ға, ал Pb^{2+} және Cd^{2+} иондарын сіңіру қабілеті тиісінше 50% және 49%-ға артқаны анықталды. Өнімнің жарықтылығының жоғарылауы мен ащылықтың жойылуы секілді түс және органолептикалық сипаттамалар жақсарды. Ұсынылған технология өсімдік талшығын тұрақтандыру және функционалдандыру тұрғысынан тиімді екенін көрсетті. Алынған нәтижелер детоксикациялық талшықты функционалды тағам өнімдерінде пайдаланудың жоғары әлеуетін дәлелдейді.

Тірек сөздер: алма сығындысы, детоксикация, тағамдық талшық, антиоксиданттар, сорбциялық қабілет, полифенолдар, кептіру, функционалды өнімдер, ауыр металдар, органолептикалық қасиеттер.

Тлевлесова, Д.А. Алма сығындысы негізіндегі детоксикациялық қасиетке ие ұнтағын жасау технологиясы [Мәтін] / Д.А. Тлевлесова, С.Т. Азимова, М.Ж. Кизатова, Н.К. Ахметова, Ф.А. Махмудов // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.106-112. https://doi.org/10.55956/GMBW3326

Кіріспе. Тамақ өнеркәсібінің қосалқы өнімдерін қайта өңдеудің басым бағыттарының бірі – тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары функционалды ингредиенттерді алу болып табылады. Шырын өндірісінде түзілетін алма сығындысы тағамдық талшықтардың (13,5-14,6% еритін және 33,8% ерімейтін) және полифенолдық қосылыстардың бағалы көзі болып саналады [1]. Бұл компоненттер антиоксиданттық және детоксикациялық белсенділікке ие, сондықтан сығындыны қалдық емес, жоғары қосылған құнға ие шикізат ретінде қарастыруға болады [2].

Алайда кептіру мен сақтау кезінде алма сығындысында қараю, фенолдық қосылыстардың тотығуы, антиоксиданттық әлеуеттің төмендеуі және органолептикалық қасиеттердің нашарлауы байқалады [3]. Мұның себебі – полифенолоксидазаның белсенділігі мен орто-хинондардың жиналуы, нәтижесінде тотығу-қараю реакцияларының тізбегі жүреді.

Қазіргі зерттеулер алма сығындысын өңдеу кезінде түс пен антиоксиданттарды сақтау үшін түрлі тәсілдерді ұсынады. Мысалы, [1] еңбегінде дегидроаскорбин қышқылының түс тұрақтылығын және антиоксиданттардың сақталуын қамтамасыз ететіні көрсетілген. Сонымен қатар, өсімдік тектес PPO-ингибиторлар мен микромөлшерлі сульфиттік өңдеулердің тиімділігі дәлелденген [4,5]. Алма сығындысын тағам өнімдеріне енгізу олардың тағамдық құндылығын арттырумен қатар, қабыну және тотығу стрессімен байланысты метаболикалық бұзылыстардың алдын алуға ықпал етеді [2].

Демек, табиғи сорбенттер мен антиоксиданттық өңдеуді қолдана отырып, алма сығындысынан детоксикациялық талшық алу технологиясын әзірлеу – Zero Waste тұжырымдамасына және тұрақты даму қағидаттарына сай келетін өзекті бағыт.

Зерттеу шарттары мен әдістері. *Материалдар.* Негізгі шикізат ретінде алма сығындысы, сондай-ақ «Түлкібас жеміс-жидектері» кәсіпорнында шырын өндірісі кезінде алынған алмұрт және өрік сығындылары пайдаланылды. Шикізат өңделген күні іріктеліп алынып, 4 ± 1°C температурада зертханаға жеткізілді.

Шикізатты дайындау. Сығынды қалдық қанттар мен ферменттерден тазарту мақсатында ауыз сумен жуылды. Қараюдың алдын алу үшін 0,5% лимон қышқылы ерітіндісімен өңделді. Артық ылғал 2 мм тесігі бар електен өткізілді.

Кептіру жағдайлары. Кептіру 40-50°C температурада зертханалық дегидраторда жүргізілді, соңғы ылғалдылық 5-7% деңгейінде (термогравиметриялық әдіс). Кей үлгілерде вакуумдық кептіру 0,08 МПа қалдық қысымда жүзеге асырылып, фенолдық қосылыстардың ыдырауын азайтты. Кептірілген өнім 20-22°C температурада салқындатылып, көпқабатты полимерлі қаптамада сақталды.

Сорбенттермен байыту. Кептірілген сығынды 100-200 мкм фракцияға дейін ұнтақталып, табиғи сорбенттермен араластырылды: зығыр күнжарасы, жеміс сүйектерінен алынған активтелген көмір, ұнтақталған сүйектер, көк шай экстракты және аскорбин қышқылы.

Зерттеу әдістері:

– Ылғал мөлшері – ГОСТ 13586.5-93 бойынша;

– Тағамдық талшықтар – AOAC 991.43 әдісімен (энзим-гравиметриялық);

– Жалпы фенолдар – Фолин-Чокальтеу әдісімен, нәтижелер галл қышқылы (ГҚ) эквивалентінде;

– Антиоксиданттық белсенділік – капиллярлық электрофорез («Капель»);

– Сорбциялық қабілет – Pb^{2+} және Cd^{2+} иондарын атомдық-абсорбциялық спектроскопия әдісімен;

– Органолептикалық баға – ГОСТ ISO 6658-2016.

Барлық өлшеулер үш қайталауда (n=3) жүргізілді. Мәліметтер орташа ± стандартты ауытқу түрінде берілді. Статистикалық талдау: Шапиро-Уилк, Левен сынамалары, ANOVA + Tukey HSD ($p < 0,05$). Нормалдылық бұзылған

жағдайда Манн-Уитни және Краскел-Уоллис сынамалары қолданылды. Есеп Statistica 12.0 бағдарламасында орындалды.

Зерттеу нәтижелері. *Физика-химиялық көрсеткіштер.* Бастапқы алма сығындысында 78,5% ылғал, 46,2% тағамдық талшық (13,6% еритін және 33,8% ерімейтін) және 8,1 мг/г фенолдық қосылыстар болды. Жұмсақ кептіру және сорбенттермен байыту нәтижесінде алынған өнімде талшық пен антиоксидант мөлшері артты (1-кесте).

Кесте 1

Үлгілердің физика-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Кептірілген талшық (бақылау)	Детокс-талшық (тәжірибе)
Тағамдық талшықтар, %	$48,5 \pm 0,9^a$	$53,4 \pm 1,1^b$
Еритін талшықтар, %	$13,1 \pm 0,4^a$	$15,4 \pm 0,5^b$
Ерімейтін талшықтар, %	$35,4 \pm 0,7^a$	$38,0 \pm 0,8^b$
Жалпы фенолдар, мг ГҚ/г	$6,9 \pm 0,2^a$	$9,8 \pm 0,3^b$

Ескерту: бір жолдағы әртүрлі әріптермен белгіленген мәндер статистикалық айырмашылыққа ие (ANOVA + Tukey, $p < 0,05$).

Детокс-талшықтағы тағамдық талшықтың үлесі 10,1% артқан. Фенолдық қосылыстардың мөлшері 42%-ға жоғары болды.

Антиоксиданттық белсенділік. Антиоксиданттық белсенділік DPPH• әдісі арқылы анықталып, нәтижелер тролокс эквивалентінде 100 г құрғақ затқа шаққандағы мәнде (ммоль ТЭ/100 г қ.з.) берілді. Талдау нәтижелері бақылау және детокс-талшық үлгілерінің арасында айқын айырмашылықтар бар екенін көрсетті (2-кесте).

Кесте 2

Үлгілердің антиоксиданттық белсенділігі

Үлгі	Антиоксиданттық белсенділік, ммоль ТЭ/100 г қ.з.	DPPH• радикалын ингибирлеу, %
Кептірілген талшық (бақылау)	$3,12 \pm 0,07$	$47,3 \pm 1,1$
Детокс-талшық (тәжірибе)	$4,18 \pm 0,09$*	$63,4 \pm 1,4$

Ескерту: бақылау үлгісімен салыстырғанда айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан мәнді ($p < 0,05$).

Детокс-талшықтың антиоксиданттық белсенділігі 4,18 ммоль ТЭ/100 г қ.з. құрады, бұл бақылау үлгісіне қарағанда шамамен 34%-ға жоғары (3,12 ммоль ТЭ/100 г қ.з.). DPPH• радикалын ингибирлеу пайызының артуы (63,4% қарсы 47,3%) 1-кестеде келтірілген фенолдық қосылыстар мөлшерінің ұлғаюымен өзара сәйкес келеді. Бұл деректер қолданылған детоксикациялық модификация технологиясы өнімді антиоксиданттық қасиеттері бар биологиялық белсенді қосылыстармен байытуға ықпал ететінін және оның функционалды тағамдық құндылығын арттыратынын дәлелдейді.

Сорбциялық қабілет. Ауыр металл иондарын байланыстыру қабілеті статикалық сорбция әдісімен анықталды ($n = 3$).

Қорғасын иондары (Pb^{2+}) үшін детокс-талшықтың сорбциялық қабілеті $18,7 \pm 0,9$ мг/г құрады, бұл бақылау үлгісінен ($12,4 \pm 0,6$ мг/г) айтарлықтай

жоғары болды ($p < 0,001$). Бұл көрсеткіш бақылау үлгісіне қатысты 50%-дық өсімді білдіреді ($t(4) = 11,27$, Cohen's $d = 5,03$, әсер көлемі – өте жоғары).

Кадмий иондары (Cd^{2+}) үшін де ұқсас үрдіс байқалды: детокс-талшықтағы мән 14,5 ± 0,7 мг/г, ал бақылау үлгісінде – 9,7 ± 0,5 мг/г ($p < 0,001$), яғни салыстырмалы өсім +49% ($t(4) = 10,96$, Cohen's $d = 4,90$, әсер көлемі – өте жоғары).

Детокс-талшықтың жоғары сорбциялық белсенділігі оның құрамындағы лигнин мен фенол гидроксил топтарының жоғары болуымен, сондай-ақ ауыр металл катиондарын хелаттау және адсорбциялау қабілеті бар активтелген көмір бөлшектерінің болуымен түсіндіріледі. Осындай механизмдер өсімдік тектес лигноцеллюлозалық сорбенттер үшін де сипатталған [6,7].

Түс сипаттамалары және органолептикалық бағалау. Түс параметрлері CIE Lab* жүйесі бойынша анықталды ($n = 3$).

Тәжірибелік үлгіде жарықтылықтың L* көрсеткіші 68,5 ± 0,8 құрап, бақылауға қарағанда (63,2 ± 0,9, $p < 0,01$) 8,4%-ға жоғары болды. a* (қызыл реңк) көрсеткіші 6,8 ± 0,4-тен 4,2 ± 0,3-ке дейін төмендеді (–38%, $p < 0,001$), ал b* (сарғылт реңк) 19,4 ± 0,5-тен 17,8 ± 0,4-ке дейін азайды (–8,2%, $p < 0,05$).

Органолептикалық талдау нәтижелері бойынша, детокс-талшық ашық қоңыр түсті, біртекті ұнтақ құрылымына ие, табиғи жеміс хош иісі бар және жұмсақ тәтті-қышқыл дәмімен сипатталды. Ащылық байқалмады. [1,7] ұсынған модификацияланған антиоксиданттық өңдеу әдісін қолдану табиғи түсті сақтауға және тотығу нәтижесінде болатын қараюды барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жұмсақ кептіру мен табиғи сорбенттермен (зығыр күнжарасы, жеміс сүйектерінен алынған активтелген көмір, ұнтақталған сүйектер, көк шай экстракты, аскорбин қышқылы) байыту технологиясы физика-химиялық, функционалдық және органолептикалық сипаттамалары жақсартылған өнім алуға мүмкіндік береді.

Физика-химиялық көрсеткіштер. Детокс-талшықтағы тағамдық талшықтардың мөлшерінің бақылау үлгісіне қарағанда 10,1%-ға артуы зығыр күнжарасы мен сүйек шикізатынан енген лигноцеллюлозалық компоненттердің әсерімен түсіндіріледі. Бұл заттар жоғары сорбциялық белсенділікке ие және қосымша су байланыстыру қабілетімен ерекшеленеді. Фенолдық қосылыстардың (6,9-дан 9,8 мг ГҚ/г дейін) артуы антиоксиданттық қоспалар мен төмен температуралы кептірудің тиімділігін дәлелдейді. Бұл нәтижелер [8], сондай-ақ [9] еңбектеріндегі мәліметтермен сәйкес келеді, онда төмен температурада кептіру биологиялық белсенді заттардың сақталуына ықпал ететіні көрсетілген.

Антиоксиданттық белсенділік. DPPH• радикалын ингибирлеу көрсеткішінің 34%-ға артуы полифенолдық қосылыстардың жиналу немесе сақталу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді. Бұл деректер [7] зерттеулерімен сәйкес келеді, онда катехиндер мен фенолдық қышқылдарға бай өсімдік экстракттарын енгізу талшықты өнімдердің антиоксиданттық әлеуетін айтарлықтай арттыратыны анықталған.

Сорбциялық қабілет. Детокс-талшықтың Pb^{2+} (+50 %) және Cd^{2+} (+49%) иондарын сіңіру қабілетінің жоғарылауы (Cohen's $d > 4,9$) өнімнің детоксикациялық тағамдар құрамында қолдануға болатын жоғары практикалық маңызын көрсетеді. Мұндай әсер функционалдандырылған

лигноцеллюлозалық сорбенттерде де байқалған, онда негізгі рөл фенол гидроксил топтарына және активтелген көмірдің микрокеуекті құрылымына тиесілі болған[1,10,11].

Түс және органолептикалық сипаттамалар. L* жарықтылығының артуы және a* қызыл реңк көрсеткішінің төмендеуі антиоксиданттық тұрақтандырудың тиімділігін дәлелдейді. Ащылықтың болмауы мен табиғи жеміс иісінің сақталуы өнімнің сенсорлық тартымдылығын арттырады, бұл оны функционалды тағам рецептураларына енгізу үшін маңызды фактор болып табылады [9].

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер қолданылған технология өсімдік талшығының тағамдық және функционалдық құндылығын тек тұрақтандырып қана қоймай, айтарлықтай арттыра алатынын дәлелдейді. Осылайша, детоксикациялық талшық профилактикалық және арнайы тағам өнімдерінің құрамдас бөлігі ретінде кең қолдану әлеуетіне ие.

Қорытынды. Өсімдік сығындысынан алынған детоксикациялық талшық өндіру технологиясы әзірленді. Технология жұмсақ кептіру мен өсімдік және минерал тектес сорбенттермен байыту кезеңдерін қамтиды.

Бақылау үлгісіндегі кептірілген талшықпен салыстырғанда алынған өнім келесі артықшылықтармен сипатталады:

– тағамдық талшықтардың жалпы мөлшері 10,1%-ға артты, оның ішінде еритін бөлігі +17,6%, ерімейтін бөлігі +7,3%;

– фенолдық қосылыстардың мөлшері 42%-ға өсті;

– антиоксиданттық белсенділік 34%-ға жоғарылады;

– ауыр металл иондарын (Pb^{2+} және Cd^{2+}) сіңіру қабілеті тиісінше 50% және 49%-ға артты.

Түс сипаттамалары мен сенсорлық қасиеттердің жақсаруы өнімді функционалды және профилактикалық бағыттағы тағам өнімдерінің құрамына енгізуге мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер ұсынылған технологияның өнеркәсіптік өндіріске енгізу әлеуеті жоғары екенін және детоксикациялық талшықтың биожетімділігі мен клиникалық тиімділігін бағалау бойынша қосымша зерттеулер жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Chaudhary N., Paul B.N., Giri S.S. New strategy for browning prevention in apple pomace processing and toxicity tested in a rodent model // ACS Omega. – 2024. – Vol. 9. – No. 30. – P. 33022-33032.
2. Girotto O.S., Giri S.S., et al. Effects of apples (Malus domestica) and their derivatives on metabolic conditions related to inflammation and oxidative stress and an overview of by-products use in food processing // Critical Reviews in Food Science and Nutrition. – 2025. – Vol. 65. – No. 19. – P. 3785-3816.
3. Mierczak K., Garus-Pakowska A. An overview of apple varieties and the importance of apple consumption in the prevention of non-communicable diseases – a narrative review // Nutrients. – 2024. – Vol. 16. – No. 19. – P. 3307.
4. Ribeiro J.A., Lima R.R., et al. Kojic acid: evaluation of its effectiveness in controlling pulp browning in minimally processed ‘Royal Gala’ apples // Journal of Food Measurement and Characterization. – 2023. – Vol. 17. – No. 6. – P. 5959-5971.
5. Pandiselvam R., Manickavasagan A., et al. Ozone-based oxidation treatment to enhance food drying rate and quality: mechanisms, current knowledge, and future outlook // Food and Bioprocess Technology. – 2025. – P. 5038-5057.

6. Yue Y., Li X., et al. Fruit pomaces: effects on growth performance, gut morphology, gut microbiota, immunity, meat and egg quality in poultry // World's Poultry Science Journal. – 2025. – P. 1-38.
7. Zhang L., Zhang C., Wei Z., et al. Effects of four drying methods on the quality, antioxidant activity and anthocyanin components of blueberry pomace // Food Production, Processing and Nutrition. – 2023. – Vol. 5. – P. 35.
8. Santos A.A. L., Leal G.F., Marques M.R., et al. Emerging drying technologies and their impact on bioactive compounds: a systematic and bibliometric review // Applied Sciences. – 2025. – Vol. 15. – No. 12. – P. 6653.
9. Wojdyło A., Lech K., Nowicka P. Effects of different drying methods on the retention of bioactive compounds, on-line antioxidant capacity and color of the novel snack from red-fleshed apples // Molecules. – 2020. – Vol. 25. – No. 23. – P. 5521.
10. Raji Z., Karim A., Karam A., Khalloufi S. Adsorption of heavy metals: mechanisms, kinetics, and applications of various adsorbents in wastewater remediation – a review // Waste. – 2023. – Vol. 1. – No. 3. – P. 775-805.
11. Bhardwaj A., Bansal M., Garima, Wilson K., Gupta S., Dhanawat M. Lignocellulose biosorbents: unlocking the potential for sustainable environmental cleanup // International Journal of Biological Macromolecules. – 2025. – Vol. 294. – P. 139497.

Материал редакцияға 26.08.25 түсті, 22.10.25 қабылданды.

Д.А. Тлевлесова [1], С.Т. Азимова[1],
М.Ж. Кизатова[2], Н.К. Ахметова[1], Ф.А. Махмудов[3]

[1]Алматинский Технологический университет, Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан
[3]Международный инженерно-технический университет, Алматы, Казахстан

РАЗРАБОТКА ПОРОШКА С ДЕТОКСИКАЦИОННЫМИ СВОЙСТВАМИ НА ОСНОВЕ ЯБЛОЧНОЙ КЛЕТЧАТКИ

Аннотация. Разработана технология получения порошка с детоксикационными свойствами на основе яблочного жома. Определено, что мягкая сушка в сочетании с добавлением природных сорбентов позволяет сохранить и повысить содержание пищевых волокон и фенольных соединений. Установлено увеличение антиоксидантной активности на 34% и сорбционной способности к ионам Pb^{2+} и Cd^{2+} на 50% и 49% соответственно. Выявлено улучшение цветовых характеристик и органолептических свойств, включая повышение светлоты и устранение горечи. Подтверждена эффективность разработанной технологии в стабилизации и функционализации растительной клетчатки. Полученные результаты демонстрируют потенциал детокс-клетчатки для использования в составе функциональных продуктов питания.

Ключевые слова: яблочный жом, детоксикация, пищевая клетчатка, антиоксиданты, сорбционная способность, полифенолы, сушка, функциональные продукты, тяжёлые металлы, органолептические свойства.

D.A. Tlevlessova[1], S.T. Azimova[1], M.Zh. Kizatova[2], N.K. Akhmetova[1], F.A. Makhmudov[3]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan
[2]S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan
[3]International Engineering and Technical University, Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF A DETOXIFYING POWDER BASED ON APPLE FIBER

Abstract. A technology for producing a detoxifying powder based on apple pomace was developed. It was determined that mild drying combined with the addition of natural sorbents helps preserve and enhance the content of dietary fibers and phenolic compounds. Antioxidant activity increased by 34%, while the sorption capacity for Pb^{2+} and Cd^{2+} ions rose by 50% and 49%, respectively. Improved color parameters and organoleptic properties, including increased brightness and elimination of bitterness, were identified. The effectiveness of the developed technology in stabilizing and functionalizing plant fiber was confirmed. The results demonstrate the potential of detox-fiber for use in functional food products.

Keywords: apple pomace, detoxification, dietary fiber, antioxidants, sorption capacity, polyphenols, drying, functional products, heavy metals, organoleptic properties.

ҒТАМР 65.59.31

Б.Б. Кабулов[1] – *негізгі автор*, ©
Г.Б. Абдилова[2], А.Б. Бакиева[3], А.Г. Джилкишева[4], Ә.С. Шенгельбаев[5]

[1,2]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор, [3]PhD, [4]Докторант, [5]Студент

ORCİD
[1]https://orcid.org/0000-0002-7619-2622 [2]https://orcid.org/0000-0002-6647-6314
[3]https://orcid.org/0009-0003-5904-1253 [4]https://orcid.org/0009-0004-4403-105X
[5]https://orcid.org/0009-0007-2652-9243

[1,2,3,4,5]Шәкәрім университеті,
Семей, Қазақстан
[1]bolatkabylov@mail.ru

https://doi.org/10.55956/MBZE5398

ШҰЖЫҚ ТАРТЫЛҒАН ЕТІНІҢ РЕОЛОГИЯЛЫҚ МЕХАНИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Аңдатпа. Мақалада шұжық тартылған етінің реологиялық механикалық жетілдірілген моделі сипатталған. Көптеген тағамдық орталар дисперсті жүйелер, суспензиялар, коллоидты ерітінділер болып табылады. Машиналар мен аппараттарды жобалау кезінде тағамдық орталардың құрылымдық-механикалық қасиеттерін білу керек. Тағамдық ортаның құрылымдық-механикалық қасиеттері, шикізаттың физика-химиялық қасиеттері, өңдеу ұзақтығы мен түрі, жылдамдығы, қысымы және тағы басқа сол сияқты факторларға байланысты екендігі белгілі. Өз кезегінде, тағамдық шикізаттың қозғалысы оның құрылымдық-механикалық ерекшеліктеріне байланысты болады. Бингамның реологиялық теңдеуі шұжық тартылған ет қозғалысын сипаттай алатындығы дәлелденді. Бингам, Шведов, Шоффилд-Скотт-Блэрдің реологиялық модельдерін талдау және механикалық өңдеу кезінде шұжық тартылған етінің ағымын сипаттау оның реологиялық механикалық моделін жасауға мүмкіндік берді. Ол кесу кезінде тартылған еттің беріктігін сипаттайтын элементі бар Бингам моделінен тұрады. Тәжірибелер барысында шұжық тартылған етінің реологиялық моделінің теңдеуі ұсынылады. Шұжық тартылған етінің реологиялық механикалық моделі мен құрылымдық-механикалық сипаттамалары өнімнің консистенциясын объективті бағалау үшін ғана емес, сонымен қатар өнімді механикалық өңдеудің барлық кезеңдерінде оның ағымын зерттеу үшін қажет.

Тірек сөздер: шұжық, тартылған ет, реологиялық механикалық модель.

Кабулов, Б.Б. Шұжық тартылған етінің реологиялық механикалық моделі [Мәтін] / Б.Б. Кабулов, Г.Б. Абдилова, А.Б. Бакиева, А.Г. Джилкишева, Ә.С. Шенгельбаев // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.113-121. https://doi.org/10.55956/MBZE5398

Кіріспе. ҚР Президент жолдауында былай деп атап көрсетілген: «... Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз. Тамақ өнімдерін тереңдете өңдеу және өндірісті жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға

басымдық берген жөн. Сондай ақ еліміздегі ауылшаруашылық кәсіпорындарының әлеуетін де қаперден шығармағанымыз жөн ...» [1].

Осыған байланысты алдағы жылдарда ет өнеркәсібінің алдына қойылған міндеттерді шешу үшін заманауи жабдықтар мен технологиялар құрастыру қажет. Ет өнімдерін механикалық өңдеудің тиімді режимдерін таңдау және оңтайлы конструкцияны әзірлеу тек өңделетін өнімнің физикалық және механикалық қасиеттеріне сүйеніп өндірістік үрдістерді тереңдете зерттеу негізінде қамтамасыз етіледі.

Ет өнімдерін механикалық өңдеу күрделі физика-химиялық, биологиялық және механикалық үрдістермен қоса жүреді, оларды зерттеу өндірістің технологиялық циклын басқару және объективті сапасын бақылауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ет өндірісіндегі көптеген үрдістер дисперсті жүйелер, суспензиялар, коллоидты ерітінділер, әртүрлі иілгіш пластикалық тұтқыр материалдарды механикалық өңдеу арқылы жүреді. Реологиялық зерттеулер тамақ өнімдерін өңдеу кезінде жүретін құбылыстар физикасын терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы бағыттағы зерттеулерге белгілі ғалымдардың П.А. Ребиндер, М.П. Воларович, А.В. Горбатов, И.А. Рогов, В.Д. Косой, Ю.А. Мачихин, С.А. Мачихин және т.б. іргелі еңбектері арналған [2-7].

Тамақ өнімдерінің құрылымдық-механикалық қасиеттері жабдықтардың заманауи конструкцияларын құрастыруда және бұрыннан белгілі жабдықтарды жаңғыртуда үрдістерді есептеуде, сонымен қатар жабдықтардың оңтайлы жұмыс істеу режимдері мен өндірістің оңтайлы технологиялық сұлбаларын таңдау кезінде пайдаланылуы мүмкін. Ет өнімдерінің реологиялық қасиеттері оның сапасын автоматты бақылау және жабдықтарды, өндірістік аудандарды автоматты басқару жүйелерін құруда пайдаланылады. Реология механикалық және технологиялық өңдеу тәсілдерін, режимдерін өзгертуге және қоспалар енгізу арқылы өнімдердің сапасы мен құрылымын басқаруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорындарда өңделетін ет шикізаты, жартылай өнімдер мен олардан алынатын дайын өнімдер әртүрлі құрылымдық-механикалық қасиеттерге ие. Ет өнімдерін механикалық өңдеу үрдістері басқа да өндірістердегі үрдістерден өзінің алуан түрлілігіне және күрделілігіне байланысты ерекшеленеді. Бұл жерде тізбектей берсе дайын өнім алынатын шикізаттың түрі мен үрдісінің өзі бірнеше парақтан орын алады. Сондықтан, авторлар ет өнімдерінің реологиялық қасиеттерін және оларды механикалық өңдеу кезінде атқарылатын үрдістерді зерттейтін құралдар мен әдістердің жекелеген мысалдарын, сонымен қатар ет өнімдерін механикалық өңдеу үрдістерін және оларды жүзеге асыратын технологиялық жабдықтарды зерттеу нәтижелерін пайдалану бойынша мысалдар көрсетуге тырысты.

Ет шикізаты мен оның өнімдерінің қасиеттері температура, ылғалдылық, механикалық әсер ету ұзақтығына және шамасына, сонымен қатар сақтау мерзіміне, тасымалдауға, өнімді алу тәсіліне және басқа да көптеген факторларға байланысты болады. Сондықтан бір ғана өнім түріне жататын өнімдердің реологиялық қасиеттерінің әртүрлі болатынын кездестіруге болады, өйткені осы мәліметтерді анықтау кезінде шарт орындалмады, әртүрлі аспаптар мен құралдар қолданылды. Бұл сипаттамалар машиналар мен аппараттарды жобалау кезінде ең тиімді жұмыс режимдерін таңдау үшін қажет.

Реологиялық қасиеттердің өзгеру заңдылықтарын, яғни, әртүрлі қоспалар қосу, режимдерді реттеу және механикалық өңдеу тәсілдерін білу ет өнімдерінің сапасы мен құрылымына әсер етуге мүмкіндік береді.

Әлбетте, бірдей шарттарды іс жүзінде қамтамасыз ету мүмкін емес, сондықтан реологиялық сипаттамалар туралы мәліметтерде қандай әдіспен, қандай параметрлер және қандай аспаптарда алынғаны туралы деректер көрсетілуі қажет.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Тамақ орталардың көбі дисперсті жүйелер мен суспензиялар, коллоидті ерітінділер түрінде болады. Технологиялық жабдықтарды ғылыми түрде жобалау үшін бұл орталардың құрылымдық-механикалық сипаттамаларын білу қажет [7,8].

Көптеген жағдайлар белгілі болады, яғни технологиялық өңдеу үрдісі кезінде бір өнім бірінші реологиялық күйден екінші күйге ауысады, бұл ауысуы жиі бірінші күйге кері болады. Шикізаттан дайын өнімге дейін бұл өзгерістер ішкі энергетикалық күйдің өзгерісі арқылы жүзеге асады, олар әртүрлі механикалық үрдістерді (ұсақтау, араластыру және қалыптау) өткізу үшін жұмсалған жұмыспен сипатталады. Үрдістерді өткізу үшін жұмсалған жұмыс мынадай болады:

$$A = \int f(F)dx \qquad (1)$$

мұндағы: *f(F)* – шикізатқа әсер ететін күштердің функциясы; *x* – күштердің әрекетін анықтайтын параметр.

Бейньютондық материалдардың тұтқырлығы деформация жылдамдығынан байланысты, ол ағу кезінде құрылымы мен оның өзгерісімен байланысты болады. Өз қатарында материалдың ағуы оның физика-химиялық өзгешілігінен байланысты болады: молекулардың пішіні мен орналасуы, концентрация, температура, ылғалдылық, мицелла пайда болу. Таза ерітіндіге, мысалы тартылған етке, ингредиенттердің қосылуы оның тұтқырлығын жоғарлатып, ағу сипатын өзгертеді.

Шұжық тартылған ет ағуын сипаттау үшін Бингам реологиялық теңдеуі өте қолайлы болып табылатындығы дәлелденді.

Жылдамдық градиенттердің жоғары мәндерінде шұжық тартылған етінің ағу кезінде оның құрылымы бұзылып, құрылымдық-механикалық сипаттамалары мәндері төмеңдейді. Әртүрлі тартылған еттердің реологиялық сипаттамаларының шамаларында бір бірінен айырмашылығы болады. Белгілі бір мөлшерде олар өнімдер құрылымының сапалы күйін, яғни құрамын, механикалық өңдеу дәрежесін және т.б. көрсетеді.

Шұжық тартылған ет ағуы Гершель-Балкли жалпы теңдеу арқылы да сипаттауға болады, ол бойынша тоғыз ағу қисықтарын көрсетуге болады.

10°С-та әртүрлі тартылған еттердің ығысу сипаттамалары келтірілген (1-кесте). Бұл сипаттамалар әртүрлі кәсіпорындардағы ет өнімдерінің өндірістік композициялардан өзгеше болады – 50% дейін [9,10]. Шұжық тартылған етін механикалық өңдеуге арналған жабдықтарды және олардың жұмысшы органдарын есептеуде тәжірибе кезінде кездесетін сипаттамалардың ең үлкен немесе ең ықтимал мәндерін ескеру керек.

Тұрақталған ағында құрылымды қалпына келтіру және бұзу үрдістер арасында тепе-теңдік күйін сипаттау үшін тиімді тұтқырлық $\eta_{эф}$ қолданылады, ол жылдамдық градиенті мен ығысу кернеу өзгерістерінен байланысты болады:

$$\eta_{эф} = B_0^* \cdot \dot{\gamma}_*^{-m} \quad (2)$$

мұндағы: $\dot{\gamma}_*$ – жылдамдықтың өлшемсіз градиенті, m – құрылымның бұзылуы темпі (2-кесте).

Кесте 1

10°С-та тартылған еттің әртүрлі түрлерінің ығысу сипаттамалары

Тартылған ет	Шектік ығысу кернеуі, Па	Пластикалық тұтқырлық, Па·с
Сиыр шұжығы	700	18÷20
Шошқа шұжығы	650	19÷22
Әуесқой шұжығы	700	18÷28
Докторлық шұжығы	540	16÷19
Шай шұжығы	500	-
Ливерлі шұжығы 30°С-та 60°С-та	2200 100	- -
Шошқа сосискалары	450	9÷11

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Тартылған еттің құрылымдық-механикалық сипаттамалары оның құрамынан және бірқатар технологиялық факторлардан (температура, ылғал мөлшері, ұсақтау дәрежесі, араластыру дәрежесі, қысым және т.б.) байланысты болады.


2-кестеде келтірілген қабырға жанындағы қабаттары мен ағын ядросының реологиялық сипаттамаларының айырмашылығы бар және өзгерістер шегінде қолданылады: ығысу кернеуі – 100-ден 3000 Па дейін, жылдамдық градиенті – 0,1-ден 220 $с^{-1}$дейін; құбырдың диаметрі – 0,007-ден 0,0515 м дейін, ұзындық пен диаметрдің қатынасы – 40-тан 340 дейін.

Кесте 2

Шұжық тартылған етінің реологиялық константалары

Шұжықтардың тартылған еті	(2) теңдеудің коэффициенттері	
	B_0^*	m
Асханалық	335	0,79
Сүт, сиыр	375	0,79
Жеке	420	0,80
Орыс	500	0,81
Дәмханалық	700	0,80
Таллин	1000	0,81
Сервелат	1370	0,85

Бингам, Шведов, Шоффильд-Скотт-Блер [11] реологиялық механикалық модельдерді зерттеу мен механикалық өңдеу кезінде шұжық тартылған етінің жүрісін сипаттау үшін жүргізілген талдау негізінде реологиялық механикалық модель жетілдірілген, ол кесу кезінде тартылған еттің беріктігін жоғалтуын сипаттайтын элементі бар Бингам моделінен тұрады. Жетілдірілген реологиялық механикалық модель 1-суретте көрсетілген.



θ – ығысу кернеуі; G – серпімділік; $\eta_{пл}$ – пластикалық тұтқырлық; θ_0 – шектік ығысу кернеуі; $\theta_р$ – шектік кесу кернеуі.

Сурет 1. Реологиялық дененің – шұжық тартылған етінің механикалық моделі

Ұсақтау кезінде қысым пышақ арқылы тартылған етке беріледі, ол шектік кесу кернеуінен ($\theta_р$) артық болатын кернеуде ұсақталады. Кесу күшінің салу уақыты өте аз, сондықтан шектік кесу кернеуі лезде жеткізіледі. Тартылған еттің ұсақталған денелері алдымен тұтқыр-серпімді (G, $\eta_{пл}$) ұшырайды, одан кейін шектік ығысу кернеуі (θ_0) артық болатын кернеуде тартылған ет пластикалық деформацияға ұшырап, ағып кетеді. Араластыру мен қалыптау кезінде тартылған ет серпімділік, тұтқырлық және пластикалықтықтан тұратын Бингам денесіне ұқсас болады.

Шұжық тартылған етінің реологиялық моделінің реологиялық теңдеуін келесі әдіспен алуға болады [12].

Шұжық тартылған ет моделінің жалпы деформациясы деформация қосындысына тең болады:

$$d\gamma = d\gamma_Г + d\gamma_H + d\gamma_C + d\gamma_P \tag{3}$$

мұндағы: $d\gamma_Г$, $d\gamma_H$, $d\gamma_C$, $d\gamma_P$ – сәйкесінше Гук, Ньютон, Сен-Венан денелері мен кесу кезінде тартылған еттің беріктігін төмендетуін сипаттайтын элементтің бұрыштық деформациялары.

(2) теңдеудің сол және оң жағынан туындысын алсақ, онда:

$$\frac{d\gamma}{dt} = \frac{d\gamma_Г}{dt} + \frac{d\gamma_H + d\gamma_C}{dt} + \frac{d\gamma_P}{dt} \tag{4}$$

$\frac{d\gamma_H + d\gamma_C}{dt}$ шамасын Сен-Венан шартын еске алып, Ньютон денесінің реологиялық теңдеуін анықтаймыз:

$$\frac{d\gamma_H + d\gamma_C}{dt} = \dot{\gamma} = \frac{\theta - \theta_0}{\eta_{пл}} \tag{5}$$

$\frac{d\gamma_Г}{dt}$ шамасын Гук денесінің реологиялық теңдеуінен анықтаймыз:

$$\frac{d\gamma_{Г}}{dt} = \frac{1}{G} \cdot \frac{d\theta}{dt} \quad (6)$$

$\frac{d\gamma_{P}}{dt}$ шамасын Ньютон денесінің реологиялық теңдеуінен анықтаймыз:

$$\frac{d\gamma_{P}}{dt} = \dot{\gamma} = \frac{\theta_{P}}{\eta_{пл}} \quad (7)$$

(4) теңдеуге (5), (6) және (7) теңдеулерін қоссақ, шұжық тартылған ет моделінің реологиялық теңдеуін аламыз:

$$\dot{\gamma} = \frac{\dot{\theta}}{G} + \frac{\theta - \theta_0 - \theta_P}{\eta_{пл}} \quad (8)$$

мұндағы: θ_P – шектік кесу кернеуі.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Шәкәрім университетінің мамандарымен реологиялық дененің – шұжық тартылған етінің механикалық моделі жетілдірілді. Бұл модель кесу кезінде тартылған еттің беріктігін жоғалтуын сипаттайтын элементі бар Бингам моделінен тұрады.

Ұсақтау кезінде айналып тұрған пышақтан қысым тартылған етке беріліп, соның нәтижесінде тартылған еттің шектік кесу кернеуі артқан кезде ол ұсақталып отырады. Кесу процесі өте жылдам жүреді, соның салдарынан шектік кесу кернеуі лезде артып, ол өзінің максимал мәндеріне жетеді. Бұл кезде тартылған еттің ұсақталған денелері әртүрлі (тұтқыр-серпімді, пластикалық) деформацияларға ұшырап ағып кетеді. Соңымен қатар, араластыру мен қалыптау үрдістері кезінде тартылған еттің жүрісі Бингам денесінің жүрісіне ұқсас болады.

Келтірілген реологиялық механикалық модель және құрылымдық-механикалық сипаттамалары өнімнің консистенциясын объективтік бағалауға ғана емес, сонымен қатар шұжық тартылған етінің барлық механикалық өңдеу кезеңдерінде оның жүрісін зерттеуге қажет болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2023 [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: https://www.akorda.kz. Пайдалану күні: 27.01.25.
2. Косой, В.Д. Инженерная реология в производстве колбас [Текст] / В.Д. Косой, А.Д. Малышев, С.Б. Юдина. – М.: КолосС, 2005. – 264 с.
3. Мачихин, Ю.А. Реометрия пищевого сырья и продуктов [Текст]: справочник / Ю.А. Мачихин. – М.: Агропромиздат, 1990. – 271 с.
4. Горбатов, А.В. Реология мясных и молочных продуктов [Текст]: монография / А.В. Горбатов. – М.: Пищевая промышленность, 1979. – 383 с.
5. Мачихин, Ю.А. Инженерная реология пищевых продуктов [Текст] / Ю.А. Мачихин, С.А. Мачихин. – М.: Легкая и пищевая пром-сть, 1981. – 215 с.
6. Горбатов, А.В. Структурно-механические характеристики пищевых продуктов [Текст] / А.В. Горбатов, А.М. Маслов, Ю.А. Мачихин. – М.: Легкая и пищевая пром-сть, 1982. – 296 с.

7. Кабулов, Б.Б. Реология пищевых продуктов [Текст]: учебное пособие / Б.Б. Кабулов, Г.Б. Абдилова, А.Б. Бакиева, А.М. Муратбаев. – Семей: Ун-т им. Шакарима, 2024. – 208 с.
8. Бакиева, А.Б. Разработка конструкции режущего механизма волчка с целью совершенствования режимов измельчения пищевого сырья [Текст]: дис. … д-ра философии (PhD): 6D072400 / А.Б. Бакиева. – Семей: Ун-т им. Шакарима, 2021. – 110 с.
9. Кулажанов, Т.К. Эффективность цифровой прослеживаемости при длительном хранении полукопченых колбас [Текст] / Т.К. Кулажанов, Л.К. Байболова, М.С. Сериккызы, Д.К. Балев, Д.Б. Влахова-Вангелова // Вестник Алматинского технологического университета. – 2024. – № 2. – С. 111-116.
10. Узаков, Я.М. Разработка математической модели прогнозирования качества полукопченых колбас из говядины второго сорта [Текст] / Я.М. Узаков, А.Н. Есенгазиева, Д.А. Тлевлесова, Л.А. Каймбаева, М.Ә. Қалдарбекова // Вестник Алматинского технологического университета. – 2023. – № 3. – С. 109-117.
11. Кабулов, Б.Б. Ет-сүйекті фаршының реологиялық механикалық моделі [Текст] / Б.Б. Кабулов, Г.Б. Абдилова, Г.А. Жумадилова, А.Б. Бакиева, Ж.А. Сергибаева // Механика және технологиялар. – 2024. – № 4(86). – Б. 34-40.
12. Кабулов, Б.Б. Интенсификация процессов механической обработки фарша [Текст]: дис. … канд. техн. наук: 05.18.12 / Б.Б. Кабулов. – Семипалатинск: СГУ им. Шакарима, 2005. – 142 с.

Материал редакцияға 28.02.25 түсті, 27.11.25 қабылданды.

Б.Б. Кабулов[1], Г.Б. Абдилова[1], А.Б. Бакиева[1], А.Г. Джилкишева[1], Ә.С. Шенгельбаев[1]

[1]Университет Шакарима, Семей, Казахстан

РЕОЛОГИЧЕСКАЯ МЕХАНИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ КОЛБАСНОГО ФАРША

Аннотация. В статье описана разработка реологической механической модели колбасного фарша. Многие пищевые среды являются дисперсными системами, суспензиями, коллоидными растворами. Для разработки и конструирования машин и аппаратов нужно знать структурно-механические свойства этих сред. Структурно-механические свойства пищевых сред зависят от таких факторов, как физико-химические свойства сырья, продолжительность и вид обработки, скорость, давление и т.д. На вязкость вязкопластичных материалов влияют продолжительность и величина нагрузки. В свою очередь, движение пищевого сырья обусловлено его структурно-механическими особенностями. Доказано, что реологическое уравнение Бингама может характеризовать движение колбасного фарша. Анализ реологических моделей Бингама, Шведова, Шоффильд-Скотт-Блера и описание течения колбасного фарша при механической обработке позволили разработать ее реологическую механическую модель. Она состоит из модели Бингама с элементом, который описывает прочность фарша при резании. В ходе экспериментов разработано уравнение реологической модели колбасного фарша. Реологическая механическая модель и структурно-механические характеристики колбасного фарша необходимы не только для объективной оценки консистенции продукта, но и для исследования его течения на всех этапах механической обработки продукта.

Ключевые слова: колбаса, фарш, реологическая механическая модель.

B. Kabulov[1], G. Abdilova[1], A. Bakiyeva[1], A. Zhilkisheva[1], A. Shengelbaev[1]

[1]Shakarim University, Semey, Kazakhstan

RHEOLOGICAL MECHANICAL MODEL OF MINCED SAUSAGE

Abstract. The article describes the development of a rheological mechanical model of minced meat. Many food media are dispersed systems, suspensions, and colloidal solutions. For the development and construction of machines and apparatuses, it is necessary to know the structural and mechanical properties of these media. The structural and mechanical properties of food media depend on such factors as the physico-chemical properties of raw materials, the duration and type of processing, speed, pressure, etc. The viscosity of viscoplastic materials is affected by the duration and magnitude of the load. In turn, the movement of food raw materials is determined by its structural and mechanical features. It is proved that the Bingham rheological equation can characterize the motion of minced meat. The analysis of the rheological models of Bingham, Shvedov, and Shoffield-Scott-Blair and the description of the flow of minced sausage during mechanical processing made it possible to develop its rheological mechanical model. It consists of a Bingham model with an element that describes the strength of minced meat when cutting. During the experiments, the equation of the rheological model of ground sausage was developed. The rheological mechanical model and structural and mechanical characteristics of minced meat are necessary not only for an objective assessment of the consistency of the product, but also for the study of its flow at all stages of the mechanical processing of the product.

Keywords: sausage, minced meat, rheological mechanical model.

References

1. Address of the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan “The Economic Course of a Just Kazakhstan”, 01.09.2023 [Electronic resource]. – Access mode: https://www.akorda.kz. Date accesse: 27.01.25. [in Kazakh].
2. Kosoy, V.D., Malyshev, A.D., Yudina, S.B. Inzhenernaya reologiya v proizvodstve kolbas [Engineering Rheology in Sausage Production]. – Moscow: KolosS, 2005. – 264 p. [in Russian].
3. Machikhin, Yu.A. Reometriya pishchevogo syr'ya i produktov [Rheometry of Food Raw Materials and Products]: Handbook. – Moscow: Agropromizdat, 1990. – 271 p. [in Russian].
4. Gorbatov, A.V. Reologiya myasnykh i molochnykh produktov [Rheology of Meat and Dairy Products]: monograph. – Moscow: Food Industry, 1979. – 383 p. [in Russian].
5. Machikhin, Yu.A., Machikhin, S.A. Inzhenernaya reologiya pishchevykh produktov [Engineering Rheology of Food Products]. – Moscow: Light and Food Industry, 1981. – 215 p. [in Russian].
6. Gorbatov, A.V., Maslov, A.M., Machikhin, Yu.A. Strukturno-mekhanicheskie kharakteristiki pishchevykh produktov [Structural-Mechanical Characteristics of Food Products]. – Moscow: Light and Food Industry, 1982. – 296 p. [in Russian].
7. Kabulov, B.B., Abdilova, G.B., Bakiyeva, A.B., Muratbaev, A.M. Reologiya pishchevykh produktov [Rheology of Food Products]: Textbook. – Semey: Shakarim University, 2024. – 208 p. [in Russian].
8. Bakiyeva, A.B. Razrabotka konstruktsii rezhushchego mekhanizma volchka s tsel'yu sovershenstvovaniya rezhimov izmel'cheniya pishchevogo syr'ya [Development of the Cutter Mechanism of the Grinder for Improving the Modes of Food Raw

Material Grinding]: PhD Dissertation: 6D072400. – Semey: Shakarim University, 2021. – 110 p. [in Russian].

9. Kulazhanov, T.K., Baibolova, L.K., Serikkyzy, M.S., Balev, D.K., Vlahova-Vangelova, D.B. Effektivnost' tsifrovoy proslezhivaemosti pri dlitelnom khranenii polukopchenykh kolbas [Efficiency of Digital Traceability during Long-Term Storage of Semi-Smoked Sausages] // Bulletin of Almaty University of Technology. – 2024. – № 2. – P. 111-116. [in Russian].
10. Uzakov, Ya.M., Esengaziyeva, A.N., Tlevlesova, D.A., Kaimbaeva, L.A., Qaldarbekova, M.Ä. Razrabotka matematicheskoy modeli prognozirovaniya kachestva polukopchenykh kolbas iz govyadiny vtorogo sorta [Development of a Mathematical Model for Predicting the Quality of Second-Grade Semi-Smoked Beef Sausages] // Bulletin of Almaty University of Technology. – 2023. – № 3. – P. 109-117. [in Russian].
11. Kabulov, B.B., Abdilova, G.B., Jumadilova, G.A., Bakiyeva, A.B., Sergibaeva, Zh.A. Et-süyekti farshyń reologiyalyq mehanikalıq modeli [Rheological Mechanical Model of Meat-Bone Mince] // Mechanics and Technologies. – 2024. – № 4(86). – P. 34-40. [in Russian].
12. Kabulov, B.B. Intensifikatsiya protsessov mekhanicheskoy obrabotki farsha [Intensification of Mechanical Processing of Mince]: Candidate of Technical Sciences Dissertation: 05.18.12. – Semipalatinsk: Shakarim State University, 2005. – 142 p. [in Russian].

ҒТАМР 65.29.03

А.К. Садибаев[1] – *негізгі автор*,
А.С. Боранкулова[2], А.С. Умирбекова[3], Б.Е. Солтыбаева[4], М.Е. Ержанова[5], Л.Ж. Алашбаева[6]

[1]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор м.а.,
[2,4,6]PhD, қауымдас. профессор м.а., [3]Магистр, аға оқытушы,
[5]Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор

ORCİD
[1]https://orcid.org/0000-0003-0427-3025 [2]https://orcid.org/0000-0002-1229-753X
[3]https://orcid.org/0000-0001-8175-1030 [4]https://orcid.org/0000-0002-3260-4429
[5]https://orcid.org/0000-0002-6496-2693 [6]https://orcid.org/0000-0003-3099-5988

[1,2,3,4,5,6]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,
Тараз, Қазақстан

[1]ak.sadibayev@dulaty.edu.kz

©

https://doi.org/10.55956/HPAH7835

ҚАУЫН ҰНТАҒЫ ҚОСЫЛҒАН НАННЫҢ РЕЦЕПТУРАСЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Аңдатпа. Мақалада ұлттық нан – таба нанның функционалдық қасиеттерін және тағамдық құндылығын арттыру құрамына қауынның құрғақ ұнтағын қосып және нанның тиімді рецептурасын анықтау үшін жүргізілген эксперименттік зерттеулер нәтижесі берілген. Эксперименттік зерттеулер үш факторды үш деңгейде қарастыратын Бокс-Бенкен жоспарының көмегімен жүргізілді. Пісірілген нанның сапасы органолептикалық көрсеткіштері бойынша бағаланды. Эксприменттік мәндерді өңдеу нәтижесінде нанды пісіру температурасы мен ұзақтығының және қауынның құрғақ ұнтағы мөлшері анықталды.

Тірек сөздер: нан, пісіру температурасы, пісіру ұзақтығы, қауынның құрғақ ұнтағы, органолептикалық көрсеткіштері, дегустация.

Садибаев, А.К. Қауын ұнтағы қосылған нанның рецептурасын оңтайландыру [Мәтін] / А.К. Садибаев, А.С. Боранкулова, А.С. Умирбекова, Б.Е. Солтыбаева, М.Е. Ержанова, Л.Ж. Алашбаева // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.122-129. https://doi.org/10.55956/HPAH7835

Кіріспе. Нан – адам тағамында негізгі қоректік өнімдердің бірі болып есептеледі. Ол ағзаға энергия көзі ретінде көмірсу, ақуыз және май қоспаларын жеткізіп қана қоймай, микроэлементтер мен дәрумендерге де бай, күнделікті рациондағы маңызды тағамдық компонент болып табылады. Соңғы жылдары тағамтану ғылымында нанның тек қана қоректік құндылығын арттыру емес, сонымен қатар оның функционалдық қасиеттерін жақсарту да басты бағыттардың бірі болып отыр.

Функционалдық нан – бұл адам ағзасына оң әсер ететін биологиялық белсенді қосылыстарға бай өнім, мысалы, антиоксиданттар, диеталық талшықтар, пробиотиктер мен минералды заттар. Ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, нанға әртүрлі өсімдік тектес қоспалар қосу оның биологиялық құндылығын арттырып, ағзаның қоректік қажеттілігін толықтыруға

мүмкіндік береді. Мұндай қоспаларға дәнді-дақыл өнімдері, жемістер мен көкөністердің ұнтақтары, тұқымдар мен жаңғақтар жатады. Қоспаларды енгізу арқылы нанның антиоксиданттық белсенділігі, талшық құрамы, витаминдік және минералдық құндылығы айтарлықтай жоғарылайды, бұл өз кезегінде өнімнің функционалдық сипаттамаларын жақсартады [1].

Азық-түлік өнімдерінің құрамындағы химиялық қоспалар көптеген жағдайларда адам ағзасының зат алмасуына және денсаулығына жағымсыз әсер ететіндіктен, ғылыми және тәжірибелік зерттеулер өнім ассортиментін табиғи қоспа компоненттерді рецептураға енгізу арқылы кеңейтуге бағытталуы тиіс. Мұндай компоненттер нан-тоқаш өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға оң ықпал етеді. Аталған өнімдер функционалдық тағамдар санатына жатады, ал функционалдық нан өндірісі мен тұтынуы бойынша қазіргі таңда АҚШ пен Германия жетекші орын алады [2].

Функционалдық тамақтану формаларына көшу жағдайында емдік-профилактикалық қасиеттері айқын жемістер, көкөністер және оларды қайта өңдеу өнімдері тағамдық бұйымдардың белсенді ингредиенттері ретінде ерекше маңызға ие болуда. Соңғы жылдары нан пісіру өндірісінде жеміс-көкөніс қоспаларын қолдану бойынша көптеген ғылыми зерттеулер мен ұсынымдар жарияланды. Көкөністер, жасыл өсімдіктер, жемістер мен жидектер ұннан дайындалатын қамыр құрамына құрғақ ұнтақтар, сығынды, пюре, масса, шырындар, экстракттар және үлпектер түрінде кеңінен енгізіледі. Мұндай қоспалар рецептурадағы энергия сыйымдылығы жоғары компоненттердің үлесін төмендету, тағамдық талшықтармен байыту және өнімнің органолептикалық сапа көрсеткіштерін жақсарту мақсатында қолданылады [3].

Нанның құрамына қауынның құрғақ ұнтағын қосу арқылы оның органолептикалық қасиеттерінің және биологиялық құндылығының артатындығы анықталды [4].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Ұлттық нанды дайындау тәсілі бірінші сұрыпты бидай ұнына кептірілген қауын ұнтағын қосу арқылы, сондай-ақ ашытқы, тұз және ауыз суын алдын ала дайындау мен мөлшерлеуді қамтиды. Қамырын дайындау нанды пісіру барысында қамыр илеу 7-8 минут жүргізілді, қамыр 170 минут бойы ашытылды, ашу процесінде қамыр қайта иленді. Одан кейін қамыр қажетті массадағы бөліктерге бөлініп, өсімдік майымен майланған қалыптарға салынды, қамыр дайындамалары 10-15 минут бойы жетілдірілді, содан кейін олар пеш камерасына орналастырылып, 160-200°С температурада 20-30 минут ішінде пісірілді.

Пісірілген нанның сапасы оның органолептикалық көрсеткіштері бойынша он балдық жүйемен бағаланды.

Нанның рецептурасын оңтайландыру мақсатында экспериментті жоспарлау әдісі қолданылды. Эксперимент жоспарын жүзеге асыру және алынған мәліметтерді белгіленген әдістемелік негізде өңдеу барысында зерттелетін объектінің екінші ретті (квадраттық) математикалық моделі алынады [5]:

$$y = b_0 + \sum_i^k b_i x_i + \sum_{i<j}^k b_{ij} x_i x_j + \sum_i^k b_{ii} x_i^2, \quad (1)$$

мұнда: b_0, b_i, b_{ij}, b_{ii} – теңдеу коэффициенттері; x_i, x_j – факторлар; k – факторлар саны.

Математикалық үлгінің адекваттығы туралы гипотезаны Фишер критериі бойынша анықтайды:

$$F = \frac{s^2_{\text{ад}}}{s^2(\bar{y})} \leq F_{\text{к}}. \quad (2)$$

мұнда: $s^2_{\text{ад}}$ – адекваттық дисперсиясы; $s^2(\bar{y})$ – қайталану дисперсияся; $F_к$ – Фишер критерийдің кестелік мәні.

Қайталану дисперсиясын эксперименттің нөлдік нүктесінде бірнеше рет тәжірибелер жүргізу нәтижесінде анықтайды:

$$s^2(\bar{y}) = \frac{\sum_1^{n_0}(y_{0i}-\bar{y}_0)^2}{n_0-1}, \quad (3)$$

мұнда: y_{0i} – нөлдік нүктедегі және тәжірибенің мәні; $\bar{y}_0$ – нөлдік нүктедегі тәжірибе мәндерінің арифметикалық ортасы; n_0 – нөлдік нүктедегі тәжірибелер саны.

Адекваттық дисперіясы

$$s^2_{\text{ад}} = \frac{\sum_1^{N-n_0}(y_{ui}-\hat{y}_u)^2 + n_0\sum_1^{n_0}(y_{oj}-\bar{y}_0)^2}{N-\lambda-1}, \quad (4)$$

мұнда $\hat{y}_u$ – математикалық үлгі мәні (1) теңдеуі бойынша; λ – теңдеу коэффициенттерінің саны.

Анықталған Фишер критериінің есептік мәні кестелік мәнімен $F_к$ салыстырылады. Егер $F \leq F_к$ шарты орындалса математикалық үлгі адекватты немесе y-тің есептік және эксперименттік мәндері арасындағы ауытқу белгіленген мөлшерден артық емес деп есептеледі. Егер Фишер критериінің есептік мәні кестелік мәнімен артық болса, онда қосымша тәжірибелер жүргізілуі қажет.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Нанның органолептикалық көрсеткіштерінің пісіру температурасына (Т, °С), пісіру ұзақтығына (τ, мин) және кептірілген қауын ұнтағының мөлшеріне (m, г) тәуелділігін анықтауға арналған эксперименттік зерттеулер үш факторды үш деңгейде қарастыратын Бокс–Бенкен жоспарының көмегімен жүргізілді.

Әсер етуші факторлардың өзгеру интервалдарды мен олардың деңгейлері 1-кестеде көрсетілген. Эксперимент матрицасы және зерттеу нәтижелері 2-кестеде көрсетілген.

Кете 1

Әсер етуші факторлардың өзгеру интервалы және олардың деңгейлері

Факторлар		Өзгеру деңгейлері			Интервал
натуралды	кодты	-1	0	+1	ε
Пісіру температурасы, Т, °С	x_1	160	180	200	20
Пісіру ұзақтығы, τ, мин	x_2	20	25	30	5
Қауынның құрғақ ұнтағының мөлшері, m, г	x_3	0	2	4	2

Үш факторлы жоспарға сәйкес тәжірибелер саны N = 17, нөлдік нүктелер саны n₀ = 5 болды.

Кесте 2

Эксперимент матрицасы және зерттеу нәтижелері

№	Факторлар						y_u
	натуралды			кодты			
	T, °C	τ, мин	m, г	x_1	x_2	x_3	
1	160	20	2	-1	-1	0	6,2
2	200	20	2	1	-1	0	7,2
3	160	30	2	-1	1	0	6,3
4	200	30	2	1	1	0	7,2
5	160	25	0	-1	0	-1	6,3
6	200	25	0	1	0	-1	7,3
7	160	25	4	-1	0	1	6,2
8	200	25	4	1	0	1	7,5
9	180	20	0	0	-1	-1	6,5
10	180	30	0	0	1	-1	7,4
11	180	20	4	0	-1	1	6,4
12	180	30	4	0	1	1	7,1
13	180	25	2	0	0	0	8,9
14	180	25	2	0	0	0	9,1
15	180	25	2	0	0	0	8,5

Эксперименттік мәндерді өңдеу Design-Expert 13 бағдарламасы арқылы жүргізілді.

Оңтайландыру параметрі – нанның органолептикалық көрсеткіштері үшін регрессиялық теңдеулер:

кодталған факторларда

$$y = 8{,}92 + 0{,}525x_1 + 0.2125x_2 - 0.0375x_3 - 0.025x_1x_2 + 0.075x_1x_3 - 0.05x_2x_3 - 1.11x_1^2 - 1.06x_2^2 - 0.985x_3^2$$

натуралды факторларда

$$E = -114.92 + 1.028T + 2.217\tau + 0.754m - 0.00025T\tau + 0.0019Tm - 0.005\tau m - 0.0028T^2 - 0.0424\tau^2 - 0.2463m^2$$

Математикалық үлгілердің адекваттылығы Фишер критериі бойынша тексерілді. Қайталану дисперсиясы:

$$S^2(\bar{y}) = \frac{0.2152}{5-1} = 0.0538.$$

Адекваттылық дисперисиясы:

$$S^2_{\text{ад}} = \frac{0.585 - 0.2152}{17-10-(5-1)} = 0.1234.$$

Фишер критериінің есептік мәні:

$$F_e = \frac{S^2_{\text{ад}}}{S^2(\bar{y})} = \frac{0{,}1234}{0{,}0538} = 2{,}29 < \text{F}_\text{к}.$$

Дисперсиялардың еркіндік дәрежедері:

$f_E=n_0 – 1 = 5 – 1 = 4$;

$f_{ад}=N – \lambda - (n_0 - 1) = 17 – 10 - (5 - 1) = 3$.


Фишер критериінің кестелік мәне $f_E = 4$ және $f_{ад} = 3$ үшін $F_к = 6,59$ тең. $F_e < F_k$ теңсіздігі орындалатын болғандықтан адекваттылық туралы гипотеза қабылданады.

Зерттеу облысындағы органолептикалық көрсеткіштердің максималды мәндерін анықтау мақсатында төмендегі шарттар үшін математикалық үлгілердің сызбаларын жасаймыз:


а) $f(x_1, x_2)$, $x_3 = 0$ немесе $Y = f(T, \tau)$, m = 2 г (1 сурет);

б) $f(x_1, x_3)$, $x_2 = 0$ немесе $Y = f(T, m)$, τ = 25 мин (2 сурет);


в) $f(x_2, x_3), x_1 = 0$ немесе $Y = f(\tau, m)$, T = 180°С (3 сурет).



Сурет 1. Нанның органолептикалық көрсеткіштерінің пісіру температурасы мен ұзақтығына тәуелділігі



Сурет 2. Нанның органолептикалық көрсеткіштерінің пісіру температурасы мен қауынның құрғақ ұнтағы мөлшеріне тәуелділігі



Сурет 3. Нанның органолептикалық көрсеткіштерінің пісіру ұзақтығы мен қауынның құрғақ ұнтағы мөлшеріне тәуелділігі

Сызбаларды талдау барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

– 1 суретте нанның органолептикалық көрсеткіштерінің *Y* пісіру температурасы *T* мен ұзақтығына τ тәуелділігі көрсетілген. Суреттен пісіру ұзақтығы $T = 185°C$ және пісіру ұзақтығы $\tau = 25{,}5$ мин болғанда органолептикалық көрсеткіштің ең жоғары мәні $Y = 8{,}9$ тең екендігі анықталды. Қауынның құрғақ ұнтағының мөлшері $m = 2$ г тең.

– 2 суреттен пісіру температурасы *T* және қауынның құрғақ ұнтағының мөлшерінің *m* нанның органолептикалық көрсеткіштеріне пісіру ұзақтығының $\tau = 25$ мин болған жағдайдағы әсерін көруге болады. Органолептикалық көрсеткіштердің ең жоғары мәніне $Y = 8{,}89$ пісіру температурасы $T = 185°C$ және қауынның құрғақ ұнтағының мөлшері $m = 2$ г шамасында қол жеткізуге болатындығы анықталды.

– 3 суреттен пісіру ұзақтығының $\tau = 25{,}5$ мин және қауынның құрғақ ұнтағы мөлшерінің $m = 2$ г шамасында органолептикалық көрсеткіштердің ең үлкен мәні $Y = 8{,}84\%$ болатындығын көруге болады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері нанның органолептикалық көрсеткіштерінің ең жоғары мәндері пісіру температурасы T = 185°C, пісіру ұзақтығы τ = 25 мин және кептірілген қауын ұнтағының мөлшері m = 2 г болғанда алынғанын көрсетті. Бұл жағдайда нанның органолептикалық көрсеткіштерінің ең жоғары мәні Y = 8,9-9 баллды құрады.

Әдебиеттер тізімі

1. Шмалько, Н.А. Моделирование состава композиции хлебопекарного улучшителя направленного действия [Текст] / Н.А. Шмалько // Хранение и переработка сельхозсырья. – 2021. – № 3. – С. 126-148.
2. Лукин, А.А. Перспективы создания хлебобулочных изделий функционального назначения [Текст] / А.А. Лукин // Вестник ЮУрГУ. Серия: Пищевые и биотехнологии. – 2015. – Т. 3. – № 1. – С. 95-97.
3. Иванова И.В. Использование и получение фруктовых и овощных добавок в производстве мучных, кондитерских и хлебобулочных изделий [Текст] / И.В. Иванова [и др.] // Технологии пищевой и перерабатывающей промышленности АПК – продукты здорового питания. – 2016. – № 1. – С. 43-47.
4. Ержанова, М.Е. Қауын ұнтағы қосылған ұлттық нан өнімдерін өндірудің технологиясын зерттеу [Мәтін] / М.Е. Ержанова, Б.Е. Солтыбаева, А.К.

Садыбаев, А.С. Боранкулова, А.С. Умирбекова, Л.Ж. Алашбаева // Механика және технологиялар. – 2025. – № 3(89). – Б. 82-90.

5. Спирин, Н.А. Методы планирования и обработки результатов инженерного эксперимента [Текст]: учебное пособие / Н.А. Спирин, В.В. Лавров, Л.А. Зайнуллин, А.Р. Бондин, А.А. Бурыкин. – Екатеринбург: ООО «УИНЦ», 2015. – 289 с.

Зерттеу жұмыстары ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған BR24992867 «Қазақстанның су шаруашылығын және қайта өңдеу өнеркәсібін дамыту мен басқаруға арналған ресурсты үнемдейтін технологияларды әзірлеу, инновациялық инжинирингтік орталық құру» жоба аясында орындалды.

Зерттеу жұмысын орындау барысында қолдау көрсеткен М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «А.С. Ахметов атындағы наноинженерлік зерттеу әдістері» инженерлік бейіндегі ғылыми зерттеу зертханасы мен «Тамақ өндірісі және биотехнология» кафедрасының басшылығы мен ғалымдарына алғысымызды білдіреміз.

Материал редакцияға 12.11.25 түсті, 25.12.25 қабылданды.

А.К. Садибаев[1], А.С. Боранкулова[1], А.С. Умирбекова[1], Б.Е. Солтыбаева[1], М.Е. Ержанова[1], Л.Ж. Алашбаева[1]

[1]Таразский университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

ОПТИМИЗАЦИЯ РЕЦЕПТУРЫ ХЛЕБА С ДОБАВЛЕНИЕМ ПОРОШКА ДЫНИ

Аннотация. В статье представлены результаты экспериментальных исследований, проведенных с целью повышения функциональных свойств и пищевой ценности национального хлеба – лепешки, путем добавления в состав сухого порошка дыни и определения эффективной рецептуры хлеба. Экспериментальные исследования проводились с использованием плана Бокса-Бенкена, учитывающего три фактора на трех уровнях. Качество выпеченного хлеба оценивалось по органолептическим показателям. В результате обработки экспериментальных значений определялись температура и продолжительность выпечки хлеба, а также количество сухого порошка дыни.

Ключевые слова: хлеб, температура выпечки, продолжительность выпечки, сухой порошок дыни, органолептические показатели, дегустация.

A. Sadibayev[1], A. Borankulova[1], A. Umirbekova[1], B. Soltybayeva[1], M. Yerzhanova[1], L. Alashbayeva[1]

[1]M.H. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

OPTIMIZATION OF BREAD FORMULATION WITH THE ADDITION OF MELON POWDER

Abstract. The article presents the results of experimental studies aimed at improving the functional properties and nutritional value of traditional bread (flatbread) by incorporating dried melon powder into the formulation and determining the optimal bread recipe. The experimental studies were carried out using a Box-Behnken design, which considers three factors at three levels. The quality of the baked bread was evaluated based on organoleptic characteristics. As a result of processing the

experimental data, the optimal baking temperature and baking time, as well as the amount of dried melon powder, were determined.

Keywords: bread, baking temperature, baking time, dried melon powder, organoleptic properties, tasting.

References

1. Shmalko N.A. Modelirovanie sostava kompozitsii khlebopekarnogo uluchshitelya napravlennogo deistviya [Modeling the Composition of a Targeted Bakery Improver] // Storage and Processing of Agricultural Raw Materials. – 2021. – No. 3. – P. 126-148. [in Russian].
2. Lukin A.A. Perspektivy sozdaniya khlebobulochnykh izdelii funktsional'nogo naznacheniya [Prospects for the Development of Functional Bakery Products] // ulletin of South Ural State University. Series: Food and Biotechnology. – 2015. – Vol. 3. – No. 1. – P. 95-97. [in Russian].
3. Ivanova I.V. et al. Ispol'zovanie i poluchenie fruktovykh i ovoshchnykh dobavok v proizvodstve muchnykh, konditerskikh i khlebobulochnykh izdelii [Use and Production of Fruit and Vegetable Additives in the Manufacture of Flour, Confectionery, and Bakery Products] // Technologies of Food and Processing Industry of the Agro-Industrial Complex – Healthy Food Products. – 2016. – No. 1. – P. 43-47. [in Russian].
4. Erzhanova M.E., Soltybaeva B.E., Sadybaev A.K., Borankulova A.S., Umirbekova A.S., Alashbaeva L.Zh. Kauyn untagy qosylgan ulttyq nan onimderin ondirdin tehnologiyasyn zertteu [Study of the Technology for Producing Traditional Bread Products with the Addition of Melon Powder] // Mechanics and Technologies. – 2025. – No. 3(89). – P. 82-90. [in Kazakh].
5. Spirin, N.A., Lavrov, V.V., Zainullin, L.A., Bondin, A.R., Burykin, A.A. Metody planirovaniya i obrabotki rezul'tatov inzhenernogo eksperimenta [Methods of Planning and Processing the Results of an Engineering Experiment]: Textbook. – Ekaterinburg: UINTs LLC, 2015. – 289 p. [in Russian].

ҒТАМР 65.09.03 : 68.35.31

М.У. Жонысова[1] – *негізгі автор*,
Н. Оңғарбаева[2], Б.О. Құлжанова[3], М. Байғайыпқызы[4]

[1]*Аға ғылыми қызметкер,* [2]*Техн. ғылым. д-ры, профессор,* [3]*PhD,* [4]*Докторант*

ORCID [1]*https://orcid.org/0000-0002-7601-9248* [2]*https://orcid.org/0000-0001-7908-5091*
[3]*https://orcid.org/0000-0002-7266-8566* [4]*https://orcid.org/0000-0002-1092-1853*

[1,3]*«Ғылыми-білім беру орталығы «Qazupa» ЖШС, Алматы, Қазақстан*
[2,4]*Алматы Технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан*

@ [1]*mira_86u@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/HQUQ1665

ҚАЗАҚСТАНДА ӨСІРІЛЕТІН НОҚАТ (CICER ARIETINUM L.) ПЕН БҰРШАҚ (PISUM SATIVUM L.) СҰРЫПТАРЫНЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасында өсірілетін ноқат (*Cicer arietinum L.*) пен бұршақтың (*Pisum sativum L.*) дәндерінің физика-химиялық көрсеткіштеріне кешенді баға берілді. Негізгі параметрлер (натурасы, 1000 дән массасы, тығыздығы, дән көлемі, ылғалдылығы және қышқылдығы) анықталып, салыстырмалы талдау жүргізілді. Ноқаттың жоғары натурасымен, 1000 дән массасымен және дән көлемімен ерекшеленетіні, ал бұршақтың тығыздығы жоғары әрі қышқылдығы төмен екені анықталды. Алынған нәтижелер жергілікті генотиптердің қасиеттері туралы деректерді толықтырып, аталған дақылдардың тамақ өнеркәсібінде қолдануға технологиялық жарамдылығын дәлелдейді.

Тірек сөздер: ноқат, бұршақ, дәнді-бұршақты дақылдар, физика-химиялық көрсеткіштер, дәннің натурасы, 1000 дән массасы, тығыздық, қышқылдық, тамақ өнеркәсібі.

Жонысова, М.У. Қазақстанда өсірілетін ноқат (Cicer arietinum L.) пен бұршақ (Pisum sativum L.) сұрыптарының физика-химиялық сипаттамасы [Мәтін] / М.У. Жонысова, Н. Оңғарбаева, Б.О. Құлжанова, М. Байғайыпқызы // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.130-137. https://doi.org/10.55956/HQUQ1665

Кіріспе. Жаһандық халық санының өсуі, агроөнеркәсіптік сектордың қарқынды дамуы және экологиялық таза әрі функционалдық тағам өнімдеріне сұраныстың жедел артуы жағдайында бұршақ тұқымдас дақылдардың маңызы айрықша артып келеді. Солардың ішінде ноқат *(Cicer arietinum L.)* пен бұршақ *(Pisum sativum L.)* өсімдік ақуызының, алмастырылмайтын аминқышқылдарының, тағамдық талшықтардың, В тобы дәрумендерінің, темір, кальций, магний, мырыш сияқты минералдардың, сонымен қатар, антиоксиданттардың жоғары мөлшеріне байланысты жетекші орын алады [1,2]. Олардың биохимиялық құрамы бұл дақылдарды құнды тағамдық ресурс қана емес, сонымен қатар денсаулыққа пайдалы, профилактикалық және диеталық тағам өнімдерін әзірлеуге арналған негізгі ингредиенттерге айналдырады [3,4].

Соңғы жылдары бұршақ тұқымдас дақылдарды функционалдық тағамдар өндірудің негізі ретінде пайдалану үрдісі айтарлықтай артып келеді. Бұған аз көлемде өңдеуді қажет ететін немесе пісіруді талап етпейтін тез дайындалатын өнімдер де жатады. Бұршақ пен ноқат азық-түлік индустриясында өсімдік тектес ақуыздың баламалы көздері ретінде жоғары сұранысқа ие. Олар сүт ұнтағы, казеин, жұмыртқа альбумині және желатин сияқты жануар тектес ингредиенттердің орнын баса отырып, дайын өнімдердің қажетті органолептикалық және технологиялық қасиеттерін сақтап қала алады [5,6].

Мысалы, бұршақ ақуызы өнімдерге су ұстау қабілеті, эмульгирлеу қасиеті, көбік түзу және гель түзу мүмкіндігі, текстураның тұрақтануы, сондай-ақ құрамындағы лизин аминқышқылының болуына байланысты беткі қабаттың қоңырлануын жақсарту сынды маңызды функционалдық қасиеттерді қалыптастырады. Бұған қоса, ол дайын өнімнің тағамдық құндылығын арттырып, оның өндірістік өзіндік құнын төмендетуге ықпал етеді. Аталаған қасиеттерінің нәтижесінде бұршақ ақуызы нан-тоқаш, макарон, ет, сүт және кондитерлік өнімдерде ақуыздық байытқыш ретінде кеңінен қолданылады [7].

Бұршақ жармаларын қолданудағы негізгі шектеу ұзақ уақытты талап ететін термиялық өңдеу кезеңі болып табылады. Алайда гидротермиялық өңдеу, экструзия, микронизация, үлпектендіру және тез дайындалатын үлпектерді өндіру сияқты заманауи технологиялық шешімдердің дамуы бұл уақытты едәуір қысқартуға мүмкіндік берді, сонымен қатар жоғары тағамдық және органолептикалық сапаны сақтап қалды. Қазіргі уақытта қосымша пісіруді қажет етпейтін, дайын күйінде немесе тез дайындалатын өнімдерді әзірлеуге ерекше көңіл бөлінуде. Бұл үрдіс заманауи өмір салты талаптарына және тұтынушылардың ыңғайлы тағам өнімдеріне деген сұранысының тұрақты артуына сәйкес келеді [8].

Қазақстанда ауқымды ауылшаруашылық өндірісі үшін салыстырмалы түрде жаңа дақыл болып саналатын ноқат та инновациялық тағам өнімдерін әзірлеуде айтарлықтай сұранысқа ие. Оның құрғақшылыққа төзімділігі, жоғары энергия сыйымдылығы және аминқышқылдық құрамының жақсы теңгерімділігі бұл дақылды агро азық-түлік бағытындағы ғылыми зерттеулер үшін перспективалы нысанға айналдырады [9].

Қазақстанның агроклиматтық жағдайларына бейімделген ноқат пен бұршақ сорттарының физика-химиялық қасиеттерін кешенді түрде бағалау олардың технологиялық өңдеуге жарамдылығын және тағамдық әлеуетін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде функционалдық және дайын күйінде тұтынуға арналған өнімдер өндірісіне аталған дақылдарды тиімді енгізуге ғылыми-технологиялық негіз қалайды.

Ноқат пен бұршақ тұқымдарының сапасын бағалауда көлемдік салмақ, ылғалдылық мөлшері, 1000 дән массасы, ядро көлемі, қышқылдығы және тығыздығы сияқты физика-химиялық көрсеткіштерге ерекше мән беріледі. Бұл сипаттамалар негізгі технологиялық параметрлермен тікелей байланысты және өңдеу әдістерін оңтайландыруда, шикізатты тиімді бағытта пайдалануды айқындауда, сондай-ақ бәсекеге қабілетті тағам өнімдерін әзірлеуде маңызды рөл атқарады.

Аталған көрсеткіштер шикізаттың технологиялық жарамдылығын анықтап қана қоймай, өңдеу жабдықтарын және технологиялық режимдерді таңдауға әсер етеді, сонымен бірге жарма және ақуыз изоляттары сияқты дайын өнімдердің шығымы мен сапасына ықпал етеді.

Осы зерттеудің өзектілігі Қазақстан жағдайында өсірілетін бұршақ тұқымдас дақылдардың физика-химиялық қасиеттерін жан-жақты және ғылыми негізделген бағалау қажеттілігімен түсіндіріледі. Бұл дақылдардың теңгерімді және функционалдық тамақтануды қамтамасыз етудегі маңызы артып келе жатқанын ескерсек, олардың қасиеттерін терең зерттеу ерекше маңызға ие. Ноқат пен бұршаққа қатысты ғылыми және өндірістік қызығушылықтың артуына қарамастан, аймақтық агроклиматтық жағдайларда қалыптасқан жергілікті генотиптердің физика-химиялық сипаттамаларын жүйелі түрде сипаттайтын деректер әлі де жеткіліксіз.

Алынған нәтижелер жергілікті сұрыптардың сапалық көрсеткіштерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, ұлттық генқорды тиімді пайдалану мен өңдеу технологиялары мен өнім рецептурасын әзірлеуге арналған практикалық ұсынымдарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл деректер биологиялық және энергия сыйымдылығы жоғары тағам өнімдерін өндіруді қолдауға бағытталған.

Осылайша, ноқат пен бұршақтың физика-химиялық параметрлерін зерттеу ауыл шаруашылығы және тағамтану ғылымдары үшін теориялық маңызға, сондай-ақ Қазақстанның агро азық-түлік секторында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, функционалдық тамақтануды дамыту және импортты алмастыру стратегияларын жүзеге асыру үшін тәжірибелік құндылыққа ие.

Бұл зерттеудің мақсаты – ноқат (*Cicer arietinum L.*) және бұршақ (*Pisum sativum L.*) тұқымдарының тағам өндірісінде қолдануға мүмкіндік беретін негізгі физика-химиялық параметрлерін айқындау.

Мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер белгіленді:

– ноқат пен бұршақ үлгілерінің негізгі физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау (көлемдік салмақ, 1000 дән массасы, ядро көлемі, тығыздық, ылғалдылық және қышқылдық);

– әр дақылдың өзіндік ерекшеліктерін айқындау мақсатында алынған деректерге салыстырмалы талдау жүргізу;

– бұл көрсеткіштердің түрлі тағам өнімдерін өндірудегі технологиялық жарамдылығы тұрғысынан маңызын бағалау.

Ғылыми жаңалығы. Қазақстан Республикасында өсірілген ноқат (*Cicer arietinum L.*) және бұршақ (*Pisum sativum L.*) тұқымдарының физика-химиялық қасиеттеріне алғаш рет кешенді салыстырмалы талдау жүргізілді. Алынған нәтижелер жергілікті бұршақ дақылдары генотиптерінің қасиеттері жөніндегі қолданыстағы ғылыми деректерді нақтылай түседі және олардың тағам өнеркәсібінде қолдануға технологиялық тұрғыдан жарамды екенін растайды.

Айқындалған параметрлер бұршақ тұқымдас дақылдардың сақталуына және өңделуіне оңтайлы жағдайларды таңдауға негіз бола алады. Бұл агро азық-түлік өндірісінің тиімділігін арттыруға және жоғары тағамдық әрі биологиялық құндылығы бар отандық өнімдер ассортиментін кеңейтуге ықпал етеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Үлгілерді таңдау, оларды дайындау және аналитикалық зерттеулер ноқат пен бұршақ тұқымдарының қасиеттерін бағалауға арналған стандартты және арнайы әдістер бойынша жүргізілді. Қабылдау және іріктеу рәсімдері МЕМСТ 13586.3-2015 «Астық. Қабылдау ережелері және сынама алу әдістері» талаптарына сәйкес орындалды.

Зерттеу нысандары ретінде «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» (ҚазЕӨШҒЗИ) шығарған, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде (Түркістан, Алматы және Жамбыл облыстары) өсірілетін «Нұрлы-80» ноқат сұрыбы пайдаланылды. Сонымен қатар, аталмыш ғылыми мекеме шығарған, еліміздің оңтүстік және солтүстік өңірлеріне бейімделген «Ақсары» бұршақ сұрыбының үлгілері зерттелді. Талдаулар үшін 2023-2024 жылдардағы өнім үлгілері қолданылды.

Аналитикалық әдістер.

– Көлемдік салмақ – МЕМСТ 10840-2017 «Астық. Көлемдік салмақты анықтау әдісі» бойынша анықталды.

– 1000 дән массасы – МЕМСТ 10842–89 «Астық және тұқымдар. 1000 дән массасын анықтау әдісі» бойынша анықталды.

– Ылғалдылық мөлшері (%) – МЕМСТ 13586.5-2015 «Астық және оның қайта өңдеу өнімдері. Ылғалдылықты анықтау әдістері» бойынша анықталды.

– Қышқылдық (езінді әдісі бойынша) – МЕМСТ 10844-74 «Астық және оның өңдеу өнімдері. Қышқылдықты анықтау әдістері» бойынша анықталды.

– Ядро көлемі – сұйықтықты ығыстыру әдісі арқылы (ығыстыру ортасы ретінде ксилол/толуол қолданылды) өлшенді және формула (1) бойынша есептелді.

$$V = \frac{V_1}{N} \quad (1)$$

мұнда: V – бір дәннің көлемі (мм³ немесе см³); V_1 – ығыстырылған сұйықтықтың жалпы көлемі (мм³ немесе см³); N – сынамадағы дәндердің саны.

Дәннің тығыздығы пикнометриялық әдіс арқылы анықталды, жұмыс сұйықтығы ретінде ксилол немесе толуол қолданылды және формула (2) бойынша есептелді:

$$\rho = \gamma \cdot \frac{Q+\gamma-P}{\Delta} \quad (2)$$

мұнда: ρ – дән тығыздығы (г/см³); γ – тәжірибе жүргізілген температурадағы еріткіштің (ксилол немесе толуол) тығыздығы (г/см³); Q – бос пирнометрдің массасы (г); P – пикнометрдің дәнмен бірге массасы (г); Δ – ығыстырылған сұйықтықтың массасы, келесідей анықталады:

$$\Delta = Q + \gamma + V_{liq} - P \quad (3)$$

мұнда: V_{liq} – пикнометрдің белгі сызығына дейін құйылған сұйықтықтың көлемі.

Анықтама үшін: 20°С температурадағы еріткіштердің тығыздықтары:

– бензол $\delta_{(b)}$ = 0,879 г/см³,

– о-ксилол $\delta_{(o)}$ = 0,863 г/см³,

– толуол = 0,867 г/см³.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ноқат пен бұршақ Қазақстанда өсірілетін ең маңызды бұршақ тұқымдас дақылдардың қатарына жатады. Бұл дақылдар жоғары тағамдық құндылықпен ерекшеленеді және

өсімдік тектес ақуыздың негізгі көздері ретінде кеңінен танылады. Қазақстанның агроклиматтық жағдайларына жақсы бейімделуі және ұлттық азық-түлік индустриясындағы маңыздылығының артуы олардың технологиялық жарамдылығын және өңдеу көрсеткіштерін айқындайтын физика-химиялық қасиеттерін жан-жақты бағалауды талап етеді.

1 және 2-кестелерде тиісінше ноқат пен бұршақ үлгілерінің негізгі физика-химиялық параметрлерін анықтау нәтижелері берілген. Алынған деректер екі дақылды салыстырмалы түрде талдауға және оларды тағам өндірісінде қолдану мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 1

Ноқат тұқымдарының физика-химиялық параметрлері

Параметрлер	№ 1	№ 2	№ 3	Орташа мән
Көлемдік салмақ, г/л	792,4	795,1	793,8	793,8 ± 1,4
1000 дәннің салмағы, гр	248,3	247,6	249,1	248,3 ± 0,7
Тығыздығы, гр/см³	1,28	1,29	1,27	1,28 ± 0,01
Ядро көлемі, мм³	195,2	194,8	196,0	195,3 ± 0,6
Ылғалдылық, %	11,8	11,6	11,7	11,7 ± 0,1
Қышқылдық деңгейі (°)	5,0	4,8	4,9	4,9 ± 0,1

Кесте 2

Бұршақ тұқымдарының физика-химиялық параметрлері

Параметрлер	№ 1	№ 2	№ 3	Орташа мән
Көлемдік салмақ, г/л	765,3	768,1	766,7	766,7 ± 1,4
1000 дәннің салмағы, гр	162,4	161,8	163,2	162,5 ± 0,7
Тығыздығы, гр/см³	1,31	1,30	1,32	1,31 ± 0,01
Ядро көлемі, мм³	47,5	47,2	47,8	47,5 ± 0,3
Ылғалдылық, %	12,1	11,9	12,0	12,0 ± 0,1
Қышқылдық деңгейі (°)	4,5	4,3	4,4	4,4 ± 0,1

1-кестеде келтірілген деректерді талдау ноқаттың орташа көлемдік салмағы 793,8 г/л құрайтынын көрсетті, бұл тұқымдардың жақсы жетілгенін және біркелкілігін білдіреді. Мың дәннің массасы орта есеппен 248,3 г болды және үлгілер арасындағы өзгеріс шамалы ғана болды. Тұқымның тығыздығы 1,28 г/см³ деңгейінде анықталды, ал ядроның орташа көлемі 195,3 мм³-ке жетті, бұл дақылдың ірі дәнді екенін растайды. Ылғалдылық мөлшері 11,6-11,8% аралығында өзгеріп, орташа 11,7% болды, бұл тұқымды сақтау үшін ұсынылатын нормативтерге сәйкес келеді. Титрленетін қышқылдық 4,8-5,0° аралығында, орташа 4,9° деңгейінде болды, бұл тұқымдардың физиологиялық сапасының қанағаттанарлық екенін көрсетеді.

Ал, 2-кестеде келтірілген деректер бұршақ тұқымдарының бірқатар өзге ерекшеліктерге ие екенін көрсетеді. Олардың орташа көлемдік салмағы 766,7 г/л құрап, ноқатқа қарағанда төмен болды, бұл дәндердің толықтығы мен толықтырылу дәрежесінің салыстырмалы түрде төмен екенін білдіреді. Мың дән массасы 162,5 г деңгейінде болып, ноқатқа қарағанда едәуір төмен, яғни тұқымдардың майда екенін айғақтайды. Дәндердің көлемі кіші (47,5 мм³) болғанымен, олардың тығыздығы сәл жоғары – 1,31 г/см³. Орташа ылғалдылық мөлшері 12,0% болып, ноқатқа қарағанда біршама жоғары екені байқалды. Қышқылдық деңгейі 4,4° құрап, төменірек болды, бұл тұқымдардың физиологиялық жағдайының неғұрлым қолайлы екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, екі дақыл да тұрақты физика-химиялық параметрлерге ие, алайда бірқатар негізгі көрсеткіштер бойынша айтарлықтай айырмашылық байқалады. Ноқат дәндерінің ірі болуы және мың дән массасының жоғары болуы оны ақуыз-крахмалдық шикізат көзі ретінде неғұрлым құнды етеді. Ал бұршақтың тығыздығының жоғары және қышқылдығының төмен болуы оны тез дайындалатын немесе жедел тағам өнімдеріне өңдеу үшін белгілі бір технологиялық артықшылықтарға ие етеді.

Түсінікті болу үшін екі дақылға тән негізгі көрсеткіштердің орташа мәндері 3-кестеде жинақталған.

Кесте 3

Ноқат және бұршақ тұқымдарының салыстырмалы параметрлері (орташа мәндер)

Параметрлер	Ноқат	Бұршақ
Көлемдік салмақ, г/л	793,8 ± 1,4	766,7 ± 1,4
1000 дәннәі салмағы, гр	248,3 ± 0,7	162,5 ± 0,7
Research results and discussion. In this section two truss structures with 16 bars and 21 bars are considered as in Figures 4 and Tables 1 and 2.




Fig. 4. 16-bar truss and 21-bar truss




Fig. 5. The first six mode shapes of 16-bar truss structure




Fig. 6. The first six mode shapes of 21-bar truss structure

Table 1

Properties of bar

A	E	ρ
0,000707 m^2	205e9 N/m^2	7833 kg/m^3

Table 2

Coordinates of nodes

16-bar truss			21-bar truss			
Node	x(m)	y(m)	Node	x(m)	y(m)	z(m)
1	0	0	1	0	0	0
2	2	0	2	1	0	0
3	4	0	3	2	0	0
4	0	1	4	0	1	0
5	4	1	5	1	1	0
6	0	2	6	2	1	0
7	2	2	7	0	0,5	√3/2
8	4	2	8	1	0,5	√3/2
9	2	3	9	2	0,5	√3/2

An objective function is defined as the difference in natural frequencies between the finite element model and true measurements. Thereby, the severity and location of damage will be predicted. The definition of damages in which a decrease in the member's modulus of elasticity is crucial is demonstrated by Equation (3):

$$E_b = (1-\xi)E, \quad 0 \le \xi \le 1 \tag{3}$$

where, in which ξ is the variable showing the damage severity of each bar. The location and severity of the damage(s) can then be easily ascertained by minimizing the following objective function:

$$O = \sqrt{\sum_{i=1}^{6} \left(f_i^a - f_i^{fe}\right)^2 / \left(f_i^a\right)^2} \tag{4}$$

where 6 is the number of considered frequencies, and (a) and (fe) indicate the "actual" and "finite element" cases, respectively. Figures 5 and 6 depict the first six mode shapes of the 16-bar and 21-bar truss structures.

Table 3

The damage situations of 16-bar truss

Situations	Damage bar(s)	Severity of damage
The first situation	Bar 9	35%
The second situation	Bar 7 Bar 11	40% 30%
The third situation	Bar 1 Bar 11 Bar 13	30% 25% 20%

Table 4

The damage situations of 21-bar truss

Situations	Damage bar(s)	Severity of damage
The first situation	Bar 13	35%
The second situation	Bar 6 Bar 16	40% 30%




Fig. 7. The convergence for the damage situations of 16-bar truss




Fig. 8. The convergence for the damage situations of 21-bar truss

Tables 3 and 4 provide some damage situations to verify the accuracy. The findings show that BWOA yields the expected outcomes for damage structure

prediction, which are detailed in Figures 7 to 8. Additionally, it is evident that the BWOA requires only 50–150 iterations to achieve the desired outcomes.

Conclusion. This article presents how to use the Black Widow Optimization Algorithm (BWOA) to detect damage in 2D/3D truss structures. A number of situations, from simple to complex, are given to evaluate this algorithm's performance. The outcomes demonstrate how well the BWOA predicts the location and magnitude of damage.

References

1. Rashedi E., Nezamabadi-Pour H., Saryazdi S. GSA: A gravitational search algorithm // Information Sciences. – 2009. – Vol. 179, No. 13. – P. 2232-2248.
2. Shah-Hosseini H. Principal components analysis by the galaxy-based search algorithm: A novel metaheuristic for continuous optimization // International Journal of Computational Science and Engineering. – 2011. – Vol. 6, No. 1. – P. 132-140.
3. Poli R., Kennedy J., Blackwell T. Particle swarm optimization // Swarm Intelligence. – 2007. – Vol. 1. – P. 33-57.
4. Yang X.-S., Deb S. Cuckoo search via Lévy flights // Proceedings of the World Congress on Nature and Biologically Inspired Computing (NaBIC). – 2009. – P. 210-217.
5. Beyer H.-G., Schwefel H.-P. Evolution strategies – A comprehensive introduction // Natural Computing. – 2002. – Vol. 1. – P. 3-52.
6. Cazacu R., Grama L. Steel truss optimization using genetic algorithms and FEA // Procedia Technology. – 2014. – Vol. 12. – P. 339-346.
7. Hayyolalam V., Kazem A. A. P. Black widow optimization algorithm: A novel meta-heuristic approach for solving engineering optimization problems // Engineering Applications of Artificial Intelligence. – 2020. – Vol. 87. – P. 103249.
8. Peña-Delgado A. F. et al. A novel bio-inspired algorithm applied to selective harmonic elimination in a three-phase eleven-level inverter // Mathematical Problems in Engineering. – 2020. – Article ID 8856040.
9. Baruffaldi L., Andrade M. C. B. Contact pheromones mediate male preference in black widow spiders: Avoidance of hungry sexual cannibals? // Animal Behaviour. – 2015. – Vol. 102. – P. 25-32.
10. Ton-That L. H. Free vibration and buckling analyses of functionally graded porous columns by FEM // Applications of Modelling and Simulation. – 2022. – Vol. 6. – P. 98-106.
11. Ton-That L. H. C⁰-TSDT-FEM for free vibration analysis of functionally graded cylindrical shells // Applications of Modelling and Simulation. – 2023. – Vol. 7. – P. 71-77.
12. Ton-That H. L. Damage detection in 3D truss structures using grey wolf optimization algorithm and natural frequencies // Engineering Today. – 2025. – Vol. 4, No. 2. – P. 7-12.

Received: 11 December 2025
Accepted: 25 December 2025

H.L. Ton-That

Университет архитектуры Хо Ши Мина, Хошимин, Вьетнам

BLACK WIDOW ОПТИМИЗАЦИЯ АЛГОРИТМІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ 2D/3D ФЕРМАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДАҒЫ ЗАҚЫМДАЛУДЫ БОЛЖАУ

Аңдатпа. Қарапайымдылығы мен бейімделгіштігінің арқасында табиғаттан шабыт алған оңтайландыру алгоритмдері техникалық және ғылыми есептердің кең ауқымын шешуге қабілетті. Соңғы жылдары метаэвристикалық алгоритмдер құрылымдық механика мәселелерін шешудің тиімді әдістері ретінде кеңінен қолданылып келеді. Бұл зерттеуде 2D/3D фермалық құрылымдардың зақымдалуын

болжау үшін метаэвристикалық Black Widow Optimization Algorithm (BWOA) қолданылады. Каннибализм осы алгоритмнің ерекше кезеңдерінің бірі болып табылады. Осы кезеңнің нәтижесінде жарамдылығы төмен дарақтар популяциядан алынып тасталады, бұл ерте жинақталуға әкеледі. Сонымен қатар, фермалық құрылымдарға арналған соңғы элементтер әдісі арқылы алынған меншікті тербеліс жиіліктерін мақсаттық функцияны қалыптастыруда қолдану бұл алгоритмнің белгісіз және күрделі іздеу кеңістігі бар нақты инженерлік есептерді шешудегі тиімділігін дәлелдейді.

Тірек сөздер: зақымдалуды болжау, 2D/3D фермалық құрылым, соңғы элементтер әдісі, меншікті жиілік, black widow оптимизациясы.

H.L. Ton-That

Хо Ши Мин Архитектура университеті, Хошимин, Вьетнам

ПРОГНОЗИРОВАНИЕ ПОВРЕЖДЕНИЙ ПЛОСКИХ И ПРОСТРАНСТВЕННЫХ ФЕРМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ АЛГОРИТМА ОПТИМИЗАЦИИ «ЧЁРНАЯ ВДОВА»

Аннотация. Благодаря своей простоте и адаптивности алгоритмы оптимизации, вдохновлённые природой, способны решать широкий круг технических и научных задач. В последние годы метаэвристические алгоритмы зарекомендовали себя как эффективные методы решения задач строительной механики. В данной работе для прогнозирования повреждений плоских и пространственных ферм используется метаэвристический алгоритм оптимизации «Чёрная вдова» (Black Widow Optimization Algorithm, BWOA). Каннибализм является одним из уникальных этапов данного алгоритма. Благодаря этому этапу особи с неудовлетворительной приспособленностью исключаются из популяции, что приводит к ускоренной сходимости. Кроме того, использование собственных частот, полученных на основе конечно-элементного анализа ферменных конструкций, при формировании целевой функции подтверждает эффективность данного алгоритма при решении практических задач с неизвестными и сложными пространствами поиска.

Ключевые слова: прогнозирование повреждений, плоская и пространственная ферма, конечно-элементный анализ, собственная частота, оптимизация «Чёрная вдова».

ҒТАМР 67.09.91

Ж.Е. Калиева[1] – *негізгі автор*,
Е.Р. Орынбай[2], Д.Е. Мәжит[3], А.К. Қожас[4], Е. Ерланұлы[5]

[1]*Техн. ғылым. канд., доцент,* [2,5]*Магистрант,* [3]*Техн. ғылым. магистрі, докторант,* [4]*Техн. ғылым. канд., аға оқытушы*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0000-0001-9033-2065* [2]*https://orcid.org/0009-0007-9405-4673*
[3]*https://orcid.org/0000-0003-4401-5215* [4]*https://orcid.org/0000-0002-5039-9529*
[5]*https://orcid.org/0009-0007-4685-4596*

[1,2,3,4,5]*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,*
Астана, Қазақстан

@ [3]*danara.08.1998@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/ZCOX8420

КЕРАМИКАЛЫҚ КІРПІШ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА АЛЮМИНИЙ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа. Бұл жұмыс алюминий қалдықтарының керамикалық кірпіштердің қасиеттеріне әсерін, олардың материалдардың физикалық-механикалық сипаттамаларын жақсартуға арналған қоспалар ретіндегі мүмкіндіктерін зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты – алынған үлгілердің беріктік сипаттамалары мен микроқұрылымындағы өзгерістерді бағалау. Осы мақсатта сығымдауға төзімділік сынақтары, сондай-ақ сканерлеуші электрондық микроскопия (SEM) көмегімен микроқұрылымдық талдау жүргізілді. Спектрлік талдауды қолдану арқылы кірпіштің беткі қабатында және құрылымында химиялық элементтердің таралуы анықталды. Суыққа төзімділік сынақтары жүргізілді. Нәтижелер алюминий қалдықтарын енгізу кірпіштің беріктігіне, тығыздығына және кеуектілігіне әсер ететінін көрсетті. Алынған мәліметтер керамикалық құрылыс материалдары өндірісінің экологиялық тазалығы мен экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында дәстүрлі шикізатты алюминий қалдықтарымен ішінара ауыстыру мүмкіндігін растайды.

Тірек сөздер: алюминий қалдықтары, керамикалық кірпіш, спектрлік талдау, энергетикалық дисперсиялық рентгендік талдау (EDS), физикалық және механикалық қасиеттер.

Калиева, Ж.Е. Керамикалық кірпіш қасиеттерінің қалыптасуына алюминий қалдықтарының әсері [Мәтін] / Ж.Е. Калиева, Е.Р. Орынбай, Д.Е. Мәжит, А.К. Қожас, Е. Ерланұлы //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.160-170. https://doi.org/10.55956/ZCOX8420

Кіріспе. Құрылыс материалдарын өндіру табиғи ресурстарды айтарлықтай тұтынуды қамтиды. Құрылыс индустриясында қайта өңделген материалдарды пайдалануға мүмкіндік беретін экологиялық тұрақты және үнемді технологияларды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осындай бағыттардың бірі – құрылыс материалдарына өндіріс қалдықтарын енгізу.

Керамикалық кірпіш өндірісінде перспективті бағыт алюминий өндірісінің қалдықтарын пайдалану болып табылады, Бұл, ең алдымен, керамиканың беріктік сипаттамалары Al_2O_3 (алюминий оксиді) мөлшеріне айтарлықтай тәуелді болуымен, сұйық фазаның түзілуіне және қатты фазалық

реакциялардың үдеуіне ықпал ететін алюминий құрамындағы сілтілі қосылыстардың болуымен, сондай-ақ жанғыш компонент – көміртектің болуымен түсіндіріледі. Осылайша, зерттеулердің негізінде, күйдіру кезінде керамикалық массалардағы алюминий өндірісінің қалдықтары күйдіру кезіндегі шөгуін төмендететіні, сұйық фазаның пайда болуына, кристалдық фазалардың пайда болуына ықпал ететіні, сол арқылы өнімдерді қажетті физикалық және механикалық қасиеттермен қамтамасыз ететіні анықталды. Газды тазарту кезіндегі алюминий шламы әр түрлі композиттік керамикалық құрылыс материалдарын, соның ішінде қаптау плиткаларын өндіруде қолдануға болады. Оның керамикалық бұйымдарды өндіру үшін сазға қосылатын оңтайлы мөлшері 10-15% құрайды [1].

Авторлардың жұмысында [2] алюминий өндірісінің қалдықтарын керамика өнеркәсібінде пайдалану мүмкіндігін зерттеді. Бұл қалдықтар минералдандыратын компоненттің термореологиялық қасиеттеріне сәйкес керамикалық материалдардың беріктігін 40-250% және аязға төзімділігін 50-150 циклге арттыратыны анықталды.

Ендігі жұмыс [3] құрамында тұтқырлығы төмен құрамдастырылған минерализаторы бар 5-15% мөлшерінде алюминий өндірісінің шламын кеарамикалық кірпіш өндірісінде сазға қосу үлгілердің беріктігінің айтарлықтай артуына және суды сіңірудің төмендеуіне әкеледі.

1000-1050ºС температурада керамикалық матрицаның агломерациясы күшейеді және құрылымы мен фазалық құрамы қалыптасады, керамикалық сынық түсінің тұрақтануына қол жеткізіледі. Өндірістің ресурстық және энергия сыйымдылығын төмендету үшін шихтаға балқымалы саз шикізаты мен өнеркәсіптік қосалқы өнімдерді енгізуге болады [4]. Осындай жанама өнімдердің бірі алюминий шлактары болып табылады. Авторлардың жұмысында [5] керамикалық массаға 10% алюминий қалдықтарын енгізген кезде керамика сынығын агломерациялау және фазалық түзілу процестері күшейеді, бұл шыны фазасының мөлшерінің ұлғаюынан және мулиттің кристалдануынан жүзеге асады.

Зерттеулер көрсеткендей, құрамында Al_2O_3 мөлшері 25%-дан асатын алюминийі бар қалдықтарды қышқылға төзімді, қабырғалық, клинкерлік керамикалық материалдар мен жоғары физикалық, механикалық және химиялық қасиеттері бар кеуекті толтырғыштар өндірісінде қолданылуға болады [6].

Келесі жұмыста [7] алюминий шөгінділерін пайдаланудағы қиындықтарды шешу үшін негізгі шикізат ретінде азот концентрациясы жоғары алюминий шөгінділері бар күйдірілмеген кірпіштер дайындалды. Үш технологиялық параметр, соның ішінде қалыптау қысымы, араластыру суының мөлшері және алюминий қожының бөлшектерінің өлшемі бір факторлы эксперименттерге ұшырады. Зерттеу нәтижесінде кірпіштің сығымдалу беріктігі стандарттық көрсеткішпен сійкес келді.

Ендігі зерттеудің [8] мақсаты – алюминий шлактарын керамикалық плитка өндірісіне арналған шикізат ретінде қайта өңдеу. Шлак қабырға плиткаларына 1, 3, 5, 7, 10 және 15 салмақтық пайыз мөлшерінде қосылды. Қабырға плиткаларында шлактарды қолдану шикізат пен күйдірілген күйдегі беріктік мәндерін екі есе арттырады, сондықтан алюминий шлагы жұқа қабырға плиткаларындағы беріктікті арттыратын қоспалардың орнына оңай пайдаланылуы мүмкін. Үлгінің беріктігінің артуы SEM кескіндері арқылы есептелген кеуектілік көрсеткіштерімен де дәлелденді.

Бұл зерттеуде [9] алюминий қалдығы қабырға плиткаларына арналған жылтырсыз (ангобсыз) керамика жасау үшін негізгі компонент ретінде пайдаланылды. Бұл қосалқы өнімді қолдану полигонға тасталатын қалдықтарды және қоршаған ортаға келетін зиянды азайтуға мүмкіндік береді. Күйдіру процесі 1140-1200°C температурада, 4 сағат бойы жүргізілді, нәтижесінде мықты керамикалық үлгілер алынды.

Плазмалық өңдеу арқылы алюминий металлін қайта алу кезінде алынған алюминий қалдығы [10] (dross) отқа төзімді материалдарда бастапқы шикізатты алмастырушы ретінде сыналды. Бұл қалдықтың негізгі фазалары – $MgAl_2O_4$ (магний алюминаты) және AlN (алюминий нитриді) болды. Физикалық және механикалық сынақтардың нәтижелері бұл қалдықты алдын ала кальцинациясыз-ақ отқа төзімді материалдардағы ұсақ құрылымдық компоненттерді алмастыру үшін тікелей қолдануға болатынын көрсетті.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу үшін желдетілетін қасбетке арналған алюминий қосалқы жүйесінің өндірістік процестерінен кейін қалған алюминий қалдықтары және Ақмола облысында орналасқан Софиевка кен орнының саз балшықтары пайдаланылды.

BRUKER QUANTAX EDS рентгендік спектрометрі [11] көмегімен алюминий қалдығының және саздың элементтер бойынша химиялық талдауы жүргізілді.

Энергетикалық дисперсиялық спектроскопия (EDS) арқылы химиялық элементтердің материалда қалай таралғанын анықталды.

Керамикалық масса 20-22% ылғалдылықта және 15% қалдық қосу арқылы дайындалып, цилиндрлік үлгілер қалыптастырылды. Бұл [1] авторлардың жұмысындағы оңтайлы мөлшермен бірдей. Олар 1-2 МПа қысымда PGM-500 MG4A гидравликалық пресі арқылы тығыздалды [12]. Кейін олар қалдық ылғалдылығы 5% дейін 36 сағат бойы 100°C температурада кептіріліп, содан кейін 1050-1100°C муфельді пеште күйдірілді. 1-суретте үлгілерді дайындау процесі көрсетілген.

Ал авторлар [6] араластыру суының мөлшері 15% және алюминий шөгінділерінің өлшем диапазоны 80-130 микр алып, кірпіштің сығымдалу беріктігі 24,66 МПа құраған.



а) б) в)

Сурет 1. Үлгілерді дайындау: а) PGM-500 MG4A престе үлгілерді қалыптастыру б) кептіруге дейінгі үлгі в) күйдіруден кейінгі үлгі

Күйдірілген үлгілердің қысуға беріктік шегі пресс «Controls» арқылы анықталды [13].

Материалдың аязға төзімділігі мен ыстыққа төзімділігі бойынша сынақтар СМ-20/30-30 МАС-К климаттық камерасында жүргізілді [14].

Керамикалық материалдың микроқұрылымдық сипаттамаларын зерттеу үшін сканерлеуші электрондық микроскоп (SEM) талдауы жасалды. Ол үшін TM4000Plus (Hitachi) микроскобы пайдаланылып, 4 түрлі ұлғайтуда жасалды. SEM талдауы материал бетінің морфологиясы мен құрылымын анықтауға көмектесіп, беріктікке және қосымша әсерлерге төзімділікке әсер ететін жарықтар мен басқа да кемшіліктердің болуын анықтады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Алюминий қалдығының спектрлік анализі арқылы алынған деректер бойынша Al, O элементтерінің пайыздық өлшемі басымырақ. Бұл материалға жоғары беріктік, отқа төзімділік, химиялық төзімділік беретін элементтер. Ca агломерация температурасын төмендетеді, массаның пішінделу мен пластикалық қасиетін жақсартады. Ba материалдың тығыздығын, химиялық төзімділікті арттырып,термиялық кеңеюді азайтады (1-кесте).

Кесте 1

Алюминий қалдығының химиялық құрамы

O	Al	Ca	Ba
47,07	52,93	3,67	1,08

Керамикалық материалдардың физикалық-механикалық қасиеттерін қалыптастыруда сазды шикізаттың химиялық құрамы негізгі рөл атқарады. 2-кестеде зерттелетін саздың химиялық талдауының нәтижелері көрсетілген.

Кесте 2


Саздың химиялық құрамы

O	Na	Mg	Al	Si	K	Ca	Ti	Fe
45,79	1,61	2,18	10,83	26,02	2,15	4,83	0,67	5,92


Құрамындағы негізгі элемент – оттегі (O, 45,79%), өйткені барлық элементтер оксидтер түрінде ұсынылған. Құрамындағы ең маңыздылары – кремний оксиді SiO_2 (26,02%) және алюминий Al_2O_3 (10,83%). Бұл компоненттер сазды минералдардың берік қаңқасын құрайды және керамиканың термиялық және химиялық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Темір Fe (5,92%) сазға өзінің тән түсін (қызылдан қоңырға дейін) береді, ал тотыққан күйінде (Fe_2O_3) материалдың беріктігін арттыруға ықпал ете отырып, агломерация процесіне қатысады. Кальций агломерацияны жақсартады және күйдіруді тездетсе, Магний және титан сәйкесінше өнімнің ыстыққа төзімділігін жақсартуға көмектеседі. Калий және натрий балқу температурасын төмендетеді және шыны фазасының түзілуіне ықпал етеді, осылайша күйдіру кезінде тығыздық пен беріктікті арттырады.

Саздың элементтік құрамы 2-суретте график түрінде көрсетілген.

3-суретте элементтердің таралу картасы элементтердің сазда қалай таралғаның көрсетті, әр түс әртүрлі элементті білдіреді. Ең басым түстер сары және жасыл, сәйкесінше Si және O мөлшері көбірек.



Сурет 2. Саздың EDS спектрі



Сурет 3. Энергетикалық дисперсиялық спектроскопия арқылы саздың элементтерінің таралуы (C, O, Na, Mg, Al, Si, K, Ca, Fe).

Кесте 3

Алюминий қалдықтарын пайдаланып жасалған керамикалық кірпіш үлгілерінің физика-механикалық қасиеттері


Керамикалық кірпіш	Аязға төзімділік	Қысуға беріктік шегі	Ыстыққа төзімділік
	14	9	2

Аязға төзімділік саны қирау белгілері (жарықтар) пайда болғанға дейін кірпіштің қанша қату-еріту цикліне төтеп бере алатынын көрсетеді. 14 циклі бұл керамикалық кірпіштің F14 маркасына сәйкес келеді. Бұл ғимараттар ішінде немесе қатты аяз болмаған аймақтарда қолданылатын кірпіштерге тән көрсеткіш. Кірпіштің қысуға беріктік шегі шамамен М90 маркасына сәйкес келеді, бұл жүк көтергіш және қоршау конструкциялары үшін өте қолайлы. Алайда [1,2,5] авторларының жұмыстарымен салыстырсақ беріктігі кіші, 18-26 МПа құрайды. Ыстыққа төзімділік көрсеткіші материалдың жоғары температураға қаншалықты төзімді екенін көрсетеді. Ыстыққа төзімділігі – 2

бұл кірпішті ішкі қабырғаларға, 200-250°C қыздыру температурасына төтеп бере алатын жерлерге қолдануға болады.

Авторлардың жұмысында жоғары температурада агломерациялау және каолинді (30%) қосқанда: шөгу көлемі 18%, кеуектілік 47,26%, көлемдік тығыздық 1,965 г/см³, сығуға беріктігі 31,9 МПа болды [15].

Әртүрлі үлкейтудегі 4-суреттегі кірпіштің микросуреті материалдың құрылымын зерттеуге мүмкіндік береді.



а) б)

в) г)

Сурет 4. TM4000Plus микроскопының (Hitachi) көмегімен кірпіш бетінің микросуреттері: а) 25× үлкейтілген; б) 50× үлкейтілген; с) 100× үлкейтілген; д) 200× үлкейтілген

25× үлкейту кезінде бөлшектердің өлшемі 150-500 мкм дейін, үлкен кеуектері бар, бөлшектердің ірі агрегаттары және олардың арасында әлсіз агломерация байқалады. 50× үлкейтуде бөлшектер 80-ден 250 мкм-ге дейін, гетерогенді түйіршікті құрылым, кейбір жерлерде фазаның тығыздалуы көрінеді, бірақ көптеген бос жерлер мен әлсіз байланыстар бар. 100× үлкейту бөлшектердің өлшемі 40-тан 120 мкм-ге дейін, құрылым тығызырақ, ұсақ түйіршіктер мен микрокеуектер анық көрінеді. 200× үлкейту кезінде бөлшектер 20-дан 80 мкм-ге дейін дәндердің беті кедір-бұдыр, шыны фазасы жоқ, бұл әлсіз агломерацияны көрсетеді.

Кесте 4


Алюминий шлак негізіндегі кірпіштің элементтік құрамы

O	Si	Ca	Al	Fe	Mg	S	K	Na
41,52%	21,15%	9,94%	8,09%.	5,77%	2,23%	1,54%	1,33%	1,43%

4-кестеде алюминий шлактары қосылған кірпіштің химиялық құрамы көрсетілген. Оттегінің жоғары болуы 41,52% әртүрлі оксидті қосылыстардың (SiO_2, Al_2O_3, CaO және т.б.) болуына байланысты. Бұл материалдың оксидтік табиғатын және оның термиялық тұрақтылығын растайды. Оксидтер күйдіру кезінде күшті керамикалық матрицаның пайда болуын қамтамасыз етеді. Кремний диоксиді (SiO_2) түріндегі кремний негізгі құрылым түзуші

компонент рөлін атқарады. Ол шыны тәрізді фазаны құрайды, ыстыққа төзімділікті жақсартады, суды сіңіруді азайтады және керамикалық денені нығайтуға көмектеседі. Кальций тығыз құрылымның қалыптасуына ықпал етеді және күйдіру кезінде фазалық өзгерістерді жылдамдатады. Алюминий мен магний ыстыққа төзімділікті қамтамасыз етеді. Олардың мөлшерінің аз болуы ыстыққа төзімділіктің сәйкесінше аз мәніне сәйкестігін байқаймыз. Қалған элементтер белсенді ағындар ретінде әрекет етеді.

5-суреттегі элементтердің таралу картасы зерттелетін үлгідегі негізгі компоненттердің концентрациясын көрсетеді. EDS талдау әдісі оттегі (O), көміртегі (C), магний (Mg), алюминий (Al), кремний (Si), күкірт (S), кальций (Ca) және темір (Fe) сияқты элементтердің таралуын визуализациялау үшін пайдаланылды.



Сурет 5. Кірпіш композициядағы элементтердің таралу карталары (C, O, Si, Al, Ca, Fe, Mg, S).

Спектрлік талдау материал бетінде барлығы 6 нүкте алынып жасалды. Әрбір нүкте химиялық құрамды бағалау үшін, спектрлік талдау жүргізілген материалдың белгілі бір аймағын көрсетеді. Химиялық құрамның элементтер бойынша салыстырмалы талдауы 5-кестеде келтірілген.

Кесте 5

Химиялық құрамның салыстырмалы талдауы элементтер бойынша

Элемент	1 нүкте (%)	2 нүкте (%)	3 нүкте (%)	4 нүкте (%)	5 нүкте (%)	6 нүкте (%)
Si	21,15	13,04	12,18	15,11	19,45	11,65
Ca	9,94	10,80	10,80	11,36	10,50	16,68
Al	8,09	8,04	8,93	5,93	4,37	3,99
Fe	5,77	5,55	5,04	4,58	3,99	3,94
S	1,54	3,89	3,73	3,03	3,44	8,20
Mg	2,23	1,06	1,01	1,78	1,22	1,11
K	1,83	1,39	1,25	1,64	1,09	1,12
Na	1,33	-	-	0,64	-	-

Si мазмұны 11,65%-дан 21,15%-ға дейін өзгереді. Ең жоғары мән 1 және 5 нүктелерде байқалады, бұл шыны фазаны құрайтын керамиканың негізгі құрылым құраушы құрамдас бөлігі кремний диоксидінің жоғары құрамын көрсетеді. Ca мөлшері 9,94%-дан 16,68%-ға дейін ауытқиды. 6 нүктеде ерекше жоғары мән байқалады, ол кальций фазаларының жергілікті жинақталуын көрсетуі мүмкін. Бұл элемент агломерация температурасын төмендететін және тығыз күйдіруге ықпал ететін ағын ретінде әрекет етеді. Al 3,99%-дан 8,93%-ға дейін ауытқиды, ең жоғары концентрациясы 3-ші нүктеде.Алюминий ыстыққа төзімділік пен беріктікті қамтамасыз ететін мулит фазасының түзілуіне қатысады. Fe сынама бойынша біркелкі таралады, 3,94%-дан 5,77%-ға дейін, материалға қызғылт реңк береді. S айтарлықтай ауытқуы байқалады: 1,54%-дан 8,20%-ға дейін. Магний, калий, натрий 1-2% шамасында аутқиды, олардың біркелкі таралуы тұрақты күйдіру процесі үшін маңызды.

Қорытынды. Зерттеу құрылыс керамикасын өндіруде белсенді қоспа ретінде алюминий өндірісінің қалдықтарын пайдаланудың орындылығын растады. Саз массасына 15% алюминий қалдығын қосу SEM және EDS талдауымен расталған кеуектілігі төмендеген және бөлшектердің біркелкі таралуымен тығыз керамикалық матрицаның пайда болуына әкелді. Алюминий қалдығының химиялық құрамындағы басым элементтер Al,O; саз құрамында O, Si, Al екені анықталды. TM4000Plus сканерлеуші электрондық микроскоптың (Hitachi) көмегімен алынған кескіндер құрылымның тығыздалуын және минералды бөлшектердің біркелкі таралуын анық көрсетеді. 25× және 50× үлкейту кезінде үлкен агломераттар және жақсы анықталған түйіршік шекаралары байқалады, бұл күйдіру кезінде компоненттердің белсенді әрекеттесуін көрсетеді. 100× және 200× үлкейту кезінде мөлшері 20-дан 100 мкм-ге дейін болатын, негізінен дөңгелек бөлшектері бар түйіршікті бет анық көрінеді. Алюминий қалдықтарының бөлшектері агломерацияны жақсартуға және азырақ кеуектері бар тығыз керамикалық матрицаның пайда болуына ықпал етті.

Алюминий қалдығы қосылған керамикалық материалдың қысуға беріктік шегі – 9, аязға төзімділігі – 14, ыстыққа төзімділік қасиеті – 2 ие болды.

Қорытындылай келе келесі практикалық ұсыныстар келтірілген:

– жеткілікті беріктігі мен климаттық әсерлерге төзімділігі бар құрылыс керамикасын өндіру үшін алюминий қалдықтарын шикізат салмағының 10-15% мөлшерінде пайдалану;

– алынған материалды ішкі қалқаларға, жүк көтермейтін қабырғаларға және қыстың қалыпты температурасы бар аймақтардағы құрылымдарға арналған кірпіш өндірісінде пайдалану;

– алюминий қалдықтарының бөлшектерінің агломерациясын жақсарту және өнімнің жалпы тығыздығын арттыру үшін қосымша төмен балқитын флюстерді немесе модификаторларды (мысалы, құрамында кальций бар компоненттер) зерттеу және енгізу ұсынылады;

– өнімдерде жарықтар мен деформациялардың пайда болуын болдырмау үшін кептіру 100°C температурада 5% ылғалдылыққа дейін біртіндеп жүргізілуі керек, бұл ішкі кернеуді азайтады;

– бұл технологияны пайдалану өнеркәсіптік қалдықтарды азайтуға, өндіріс шығындарын азайтуға және қоршаған ортаға әсерді азайтуға

көмектеседі, бұл әсіресе металл өңдеу өнеркәсібі дамыған аймақтар үшін маңызды;

– алюминий қалдықтарының бөлшектерінің агломерациясын жақсарту және өнімнің жалпы тығыздығын арттыру үшін қосымша төмен балқитын флюстерді немесе модификаторларды (мысалы, құрамында кальций бар компоненттер) зерттеу және енгізу;

– өнеркәсіптік қолдануда пайдалану кезінде өнім сапасының тұрақтылығын растау үшін беріктік, су сіңіру және ыстыққа төзімділік көрсеткіштерін тұрақты бақылау жүйесін ұйымдастыру ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Брученко, А.Е. Сазды және алюминий өндірісінің қалдықтарын пайдаланатын құрылыс керамикасы [Мәтін] / А.Е. Брученко, С.И. Мушарапова // Құрылыс материалдары. – 2010. – Б. 28-30.
2. Еромасов, Р.Г. Пути утилизации отходов газоочистки алюминиевого производства в технологии керамического кирпича [Текст] / Р.Г. Еромасов, Э.М. Никифорова, Т.В. Ступко, М.Н. Васильева, Н.С. Симонова, С.А. Куликов, Б.О. Аполлонов // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 1.
3. Довженко, И.Г. Эффективность применения сталеплавильных шлаков в грубозернистых массах для производства керамического кирпича [Текст] / И.Г. Довженко // Фундаментальные исследования. – 2011. – № 4. – С. 78-82.
4. Довженко, И.Г. Интенсификация спекания керамического кирпича с применением побочного продукта алюминиевого производства [Текст] / И.Г. Довженко // Фундаментальные исследования. – 2011. – № 12-2. – С. 341-344.
5. Skachkova M.E., Erokhin A.S., Mitrofanov M.S. Use of aluminum-containing waste in production of ceramic materials for various purposes // Refractories and Industrial Ceramics. – 2013. – Vol. 54. – No. 4. – P. 275-278.
6. Ni H., Wu W., Lu C., Wang X., Zhu Y., Lv S. Preparation of aluminum dross non-fired bricks with high nitrogen concentration and optimization of process parameters // Applied Sciences. – 2022. – Vol. 12. – No. 12. – P 6133.
7. Tamsu Selli N., Basaran N. Valorization of aluminium slags to produce sustainable ceramic wall tiles // Journal of the Australian Ceramic Society. – 2023. – Vol. 59. – P. 1249-1261.
8. Sooksaen P., Puathawee P. Properties of unglazed ceramics containing aluminum dross as a major component // Solid State Phenomena. – 2017. – Vol. 266. – P. 182-186.
9. Yoshimura, H.N. Evaluation of aluminum dross waste as raw material for refractories / H.N. Yoshimura, A.P. Abreu, A.L. Molisani, A.C. de Camargo, J.C.S. Portela, N.E. Narita // Ceramics International. – 2008. – Vol. 34. – Issue 3. – P. 581-591.
10. ASTM E1508-12. Standard guide for quantitative analysis by energy-dispersive spectroscopy. – ASTM International, 2012.
11. 49130–12. Описание типа СИ. Прессы гидравлические малогабаритные ПГМ-МГ4 [Текст].
12. ГОСТ 10180-2012. Бетоны. Методы определения прочности по контрольным образцам [Текст]. – Введ. 01-07-2013. – Москва: Стандартинформ, 2013. – 29 с.
13. ГОСТ 57606-2017. Композиты керамические. Метод испытания на сжатие при нормальной температуре. [Текст]. – Введ. 01-02-2018. – Москва: Стандартинформ, 2017. – 27 с.
14. Климатическая камера СМ-20/30–30 МАС-К. Описание оборудования для проведения испытаний морозостойкости кирпича по ГОСТ 530–2012 и ГОСТ 7025-91 [Текст].

15. Liang Y., Yuan L., Xiuling C., Yulong Y., Chen Zh., Yanli J. Research of microstructure, phase, and mechanical properties of aluminum-dross-based porous ceramics // Renewable Materials. – 2023. – Vol. 11. – Issue 7. – P. 3057-3072.

Материал редакцияға 18.04.25 түсті, 23.10.25 қабылданды.

Ж.Е. Калиева[1], Е.Р. Орынбай[1], Д.Е. Мажит[1], А.К. Кожас[1], Е. Ерланулы[1]

[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ВЛИЯНИЕ АЛЮМИНИЕВЫХ ОТХОДОВ В ФОРМИРОВАНИИ СВОЙСТВ КЕРАМИЧЕСКОГО КИРПИЧА

Аннотация. Данная работа посвящена изучению влияния алюминиевых отходов на свойства керамического кирпича, их потенциала в качестве добавок для улучшения физико-механических характеристик материалов. Цель исследования – оценить изменения прочностных характеристик и микроструктуры полученных образцов. С этой целью были проведены испытания на прочность на сжатие, а также микроструктурный анализ с использованием сканирующей электронной микроскопии (СЭМ). Распределение химических элементов в поверхностном слое и структуре кирпича определяли с помощью спектрального анализа. Были проведены испытания на холодостойкость. Результаты показали, что включение алюминиевых отходов влияет на прочность, плотность и пористость кирпича. Полученные данные подтверждают возможность частичной замены традиционного сырья алюминиевыми отходами с целью повышения экологической чистоты и экономической эффективности производства керамических строительных материалов.

Ключевые слова: алюминиевые отходы, керамический кирпич, спектральный анализ, энергодисперсионный рентгеновский анализ (ЭДС), физико-механические свойства.

Zh.E. Kaliyeva[1], E.R. Orynbay[1], D.E. Mazhit[1], A.K. Kozhas[1], E. Erlanuly[1]

[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

INFLUENCE OF ALUMINUM WASTES ON THE PROPERTIES OF CERAMIC BRICKS

Abstract. This study is devoted to investigating the influence of aluminum wastes on the properties of ceramic bricks and their potential as additives for improving the physicomechanical characteristics of the materials. The aim of the research is to evaluate changes in the strength characteristics and microstructure of the obtained samples. For this purpose, compressive strength tests and microstructural analysis using scanning electron microscopy (SEM) were conducted. The distribution of chemical elements in the surface layer and brick structure was determined by spectral analysis. Frost resistance tests were also carried out. The results showed that the inclusion of aluminum wastes affects the strength, density, and porosity of the bricks. The obtained data confirm the possibility of partial replacement of traditional raw materials with aluminum wastes to enhance environmental sustainability and economic efficiency in the production of ceramic building materials.

Keywords: aluminum waste, ceramic bricks, spectral analysis, energy dispersive X-ray analysis (EDS), physical and mechanical properties.

References

1. Buruchenko, A.E., Musharapova, S.I. Sazdy zhane alyuminiy ondirisinin kaldyktaryn paydalanatyn qurylis keramikas [Construction ceramics using clay and aluminum industry wastes] // Construction Materials. – 2010. – P. 28-30. [in Kazakh].
2. Eromasov R.G., Nikiforova E.M., Stupko, T.V., Vasileva, M.N., Simonova, N.S., Kulikov, S.A., Apollonov B.O. Puti utilizatsii otkhodov gazoocistki alyuminiyevogo proizvodstva v tekhnologii keramicheskogo kirpicha [Ways of utilization of aluminum production gas cleaning wastes in ceramic brick technology] // Modern Problems of Science and Education. – 2015. – No. 1. [in Russian].
3. Dovzhenko I.G. Effektivnost primeneniya stalyeplavilnykh shlakov v grubozernistykh massakh dlya proizvodstva keramicheskogo kirpicha [Efficiency of using steelmaking slags in coarse-grained masses for ceramic brick production] // Fundamental Research. – 2011. – No. 4. – P. 78-82. [in Russian].
4. Dovzhenko, I.G. Intensifikatsiya spekaniya keramicheskogo kirpicha s primeneniem pobochnogo produkta alyuminiyevogo proizvodstva [Intensification of ceramic brick sintering using by-product of aluminum production] // Fundamental Research. – 2011. – No. 12-2. – P. 341-344. [in Russian].
5. Skachkova, M.E., Erokhin, A.S., Mitrofanov, M.S. Use of aluminum-containing waste in production of ceramic materials for various purposes // Refractories and Industrial Ceramics. – 2013. – Vol. 54. – No. 4. – P. 275-278.
6. Ni, H., Wu, W., Lu, C., Wang, X., Zhu, Y., Lv, S. Preparation of aluminum dross non-fired bricks with high nitrogen concentration and optimization of process parameters // Applied Sciences. – 2022. – Vol. 12. – No. 12. – P. 6133.
7. Tamsu Selli, N., Basaran, N. Valorization of aluminium slags to produce sustainable ceramic wall tiles // Journal of the Australian Ceramic Society. – 2023. – Vol. 59. – P. 1249-1261.
8. Sooksaen, P., Puathawee, P. Properties of unglazed ceramics containing aluminum dross as a major component // Solid State Phenomena. – 2017. – Vol. 266. – P. 182-186.
9. Yoshimura, H.N., Abreu, A.P., Molisani, A.L., de Camargo, A.C., Portela, J.C.S., Narita, N.E. Evaluation of aluminum dross waste as raw material for refractories / H.N. Yoshimura, A.P. Abreu, A.L. Molisani, A.C. de Camargo, J.C.S. Portela, N.E. Narita // Ceramics International. – 2008. – Vol. 34. – Issue 3. – P. 581-591.
10. ASTM E1508–12. Standard guide for quantitative analysis by energy-dispersive spectroscopy. – ASTM International, 2012.
11. 49130–12. Opisanie tipa SI. Pressy gidravlicheskie malogabaritnye PGM-MG4 [Description of measuring instrument type. Small-size hydraulic presses PGM-MG4]. [in Russian].
12. GOST 10180–2012. Betony. Metody opredeleniya prochnosti po kontrolnym obraztsam [Concrete. Methods for determining strength using control samples]. – Introduced 01-07-2013. – Moscow: Standartinform, 2013. – 29 p. [in Russian].
13. GOST 57606–2017. Kompozity keramicheskie. Metod ispytaniya na szhatie pri normalnoy temperature [Ceramic composites. Compression test method at normal temperature]. – Introduced 01-02-2018. – Moscow: Standartinform, 2017. – 27 p. [in Russian].
14. Klimaticheskaya kamera SM-20/30–30 MAS-K. Opisanie oborudovaniya dlya provedeniya ispytaniy morozostoykosti kirpicha po GOST 530–2012 i GOST 7025–91 [Climate chamber SM-20/30–30 MAS-K. Description of equipment for testing frost resistance of bricks according to GOST 530–2012 and GOST 7025–91]. [in Russian].
15. Liang, Y., Yuan, L., Xiuling, C., Yulong, Y., Chen, Zh., Yanli, J. Research of microstructure, phase, and mechanical properties of aluminum-dross-based porous ceramics // Renewable Materials. – 2023. – Vol. 11. – Issue 7. – P. 3057-3072.

ҒТАМР 67.11.31

Ж.А. Үсенқұлов[1] – *негізгі автор*, ©
Д.Ж. Артықбаев[2], Ф.Х. Аубакирова[3], А.М. Будикова[4], А.Б. Курбанбаев[5]

[1]Техн. ғылым. канд., профессор, [2]PhD, аға оқытушы,
[3,4,5]Техн. ғылым. канд.,доцент,

ORCİD
[1]https://orcid.org/0000-0002-2609-1671 [2]https://orcid.org/0000-0003-4794-8707
[3]https://orcid.org/0000-0002-4687-1528 [4]https://orcid.org/0000-0003-4879-9467
[5]https://orcid.org/0009-0007-5402-8999

[1,2,3]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан ғылыми зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан
[4]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
[5]И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті, Бішкек, Қырғызстан

@ *[2]artykbaev_d@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/LDQA5409

БЕТОНДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДАҒЫ ИІЛМЕЛІ ДЕФОРМАЦИЯЛАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада темірбетон құрылымдарын жобалау кезінде иілмелі деформацияларды ескерудің өзекті мәселесі қарастырылады. Бұл фактор ғимараттар мен құрылыстардың сенімді пайдаланылуына тікелей әсер етеді. Қолданыстағы есептеу әдістеріне, призмалық үлгілер бойынша жүргізілген тәжірибелік сынақтардың нәтижелеріне және ANSYS бағдарламасындағы сандық модельдеуге (ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011, Eurocode 2 және Бажант-Бавейдің B3 моделі талаптарын ескере отырып) талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша бетонның толық деформациясы серпімді, сырғу, шөгу және қалдық құрамдас бөліктерден қалыптасатыны анықталды. Тәжірибелік деректер алғашқы бес жыл ішінде бетондағы сырғу деформациясының шамасы шамамен 700 με, ал шөгу шамамен –300 με болатынын көрсетті. B3 моделі бойынша есептеулер тәжірибелік нәтижелермен ең аз айырмашылық (<5%) көрсетсе, келтірілген модуль әдісі деформация шамасын 30-35%-ға төмен бағалайтыны анықталды. Зерттеу қорытындылары бойынша қазіргі заманғы есептеу модельдерін (Eurocode 2, B3 моделі) жобалау тәжірибесінде қолдану жөнінде ұсыныстар берілді. Бұл тәсіл деформациялар мен иілу қисықтығын анықтау дәлдігін арттырып, темірбетон құрылымдарының сенімділігі мен ұзақ мерзімді беріктігін қамтамасыз етеді.

Тірек сөздер: темірбетон құрылымдары, иілмелі деформациялар, бетонның сырғуы, шөгу, жарықтардың түзілуі, қаттылық, иілу, құрылымның ұзақмерзімділігі.

Үсенқұлов, Ж.А. Бетондық құрылымдардағы иілмелі деформацияларды есепке алу мәселесі туралы [Мәтін] / Ж.А. Үсенқұлов, Д.Ж. Артықбаев, Ф.Х. Аубакирова, А.М. Будикова, А.Б. Курбанбаев //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.171-180. https://doi.org/10.55956/LDQA5409

Кіріспе. Темірбетон құрылымдарын жобалау кезінде материалдардың жүктеме әсерінен деформациялану үдерістерінің күрделілігін ескеру талап етіледі. Дәстүрлі есептеу тәсілдері көбінесе бетонның сызықты серпімді

қасиеттеріне негізделеді, мұнда кернеу мен деформация арасындағы байланыс Гук заңы арқылы сипатталады:

$$\sigma = \mathrm{E} \cdot \varepsilon \quad (1)$$

мұндағы: σ – кернеу, МПа; Е – бетонның серпімділік модулі, МПа; ε – салыстырмалы деформация [1].

Алайда көптеген тәжірибелік зерттеулер көрсеткендей, ұзақ мерзімді жүктемелер әсер еткен жағдайда темірбетон сырғу және шөгу құбылыстарын байқатады. Бұл процестер нәтижесінде иілмелі деформациялар дамып, олардың шамасы бетондағы серпімді деформациялардан бірнеше есе артық болуы мүмкін [2,3].

$$\varepsilon(t) = \varepsilon_o + \varphi(t, t_o) \cdot \varepsilon_o \quad (2)$$

мұндағы: ε_0 – жедел серпімді деформация; $\varphi(t,t_0)$ – **с**ырғу коэффициенті, ол уақытқа тәуелді функция болып табылады [4].

Айта кету керек, әртүрлі нормативтік құжаттарда темірбетондағы иілмелі деформацияларды есепке алудың әртүрлі әдістері ұсынылған (1-кесте).

1 кесте

Бетон деформацияларын есепке алу әдістері

Әдістің атауы	Нормативтік құжат	Артықшылық тары	Кемшіліктері
Сызықты серпімді әдіс	ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011 [1]	Қарапайымдылығы	Сырғу ескерілмейді
Келтірілген модуль әдісі	ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011 [1]	Сырғуды ішінара ескереді	Жақындатылған сипатқа ие
Сызықты емес σ–ε диаграммасы әдісі	Eurocode 2 [5]	Жоғарырақ дәлдік қамтамасыз етеді	Қолдану күрделілігі бар
B3 моделі (Бажант-Бавей моделі)	Bazant, Baweja [6]	Барлық түрдегі деформациялар ескеріледі	Есептеу күрделілігі жоғары
Эксперименттік-сандық (FEM) әдіс	Rusch [7], Neville [4]	Күрделі құрылымдарды модельдеуге мүмкіндік береді	Есептеу ресурстарына жоғары талап қояды


Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжатында (ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011) бетонның иілмелі деформацияларын есепке алу үшін келтірілген серпімділік модулі әдісі қолданылады. Бұл әдісте тиімді серпімділік модулі келесі формула бойынша анықталады:

$$E_{ef} = \frac{E}{1+\varphi(\mathrm{t},t_0)} \quad (3)$$

Бұл тәсіл сырғу (ползучесть) құбылысын жеңілдетілген түрде ескеруге мүмкіндік береді [1]. Сонымен қатар, Eurocode 2 [5] және Бажант пен Бавейдің B3 моделі [6] деформациялардың уақыт бойынша даму заңдылықтарын сипаттайтын экспоненциалдық тәуелділіктерді қолданады.

Бұл әдістер ұзақ мерзімді пайдалану кезеңдерін модельдеу кезінде әлдеқайда жоғары дәлдікке қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл 1-суретте көрсетілген.

1-суретте екі қисық бейнеленген: бірі – сызықты серпімді модельге, ал екіншісі – нақты тәжірибелік нәтижелерге сәйкес келеді. Тұрақты жүктеме әсері кезінде классикалық теория бойынша деформация ε тұрақты болып қалады ($\varepsilon=\varepsilon_0$), ал нақты тәжірибелік деректер көрсеткендей, 10-15 жылдық пайдалану мерзімі ішінде бұл деформация шамамен 2-3 есеге дейін артады [4,6].



Сурет 1. Сырғуды ескерген және ескермеген жағдайда салыстырмалы деформацияның (ε) уақыт бойынша өзгерісі

Осылайша, темірбетон құрылымдарын жобалау кезінде иілмелі деформацияларды есепке алу мәселесін зерттеу қазіргі құрылыс ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Сырғу және шөгу процестерін дәл есепке алу келесі міндеттерді шешу үшін қажет:

– ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін қамтамасыз ету;
– апаттық жағдайлардың алдын алу;
– құрылымдардың қызмет ету мерзімін дұрыс болжау [2,5,7].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Темірбетон құрылымдарының жұмыс істеуіне бетондағы иілмелі деформациялардың (сырғу мен шөгу) әсерін талдау мақсатында зерттеулерде келесі бастапқы шарттар қабылданды:

– бетон класы B30, есептік серпімділік модулі $E_b=3.0\cdot10^4$ МПа [7];
– арматура класы A500C, ағымдылық шегі $f_y=500$ МПа [8];
– жүктемелер: тұрақты (G) және ұзақ мерзімді пайдалану (Q), $\psi_1=0,7$ біріктіру коэффициентімен қабылданды [9].

Есептік кезеңнің ұзақтығы – 50 жыл, деформациялардың тіркелуі 1, 5, 10 және 20 жыл сайын жүргізілді.

Бетонның сырғу қасиеттерін сипаттау үшін халықаралық тәжірибеде ұсынылатын Бажант пен Бавейдің B3 моделі қолданылды [3,10]. Салыстыру мақсатында қосымша келесі әдістер пайдаланылды:

– ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011 бойынша келтірілген модуль әдісі [1];
– Eurocode 2 моделі [5].

Зерттеу әдістері: зерттеу барысында тәжірибелік сынақтар және сандық модельдеу (ANSYS бағдарламасында) қолданылды.

Тәжірибелік зерттеу: Бетонның ұзақ мерзімді деформацияларын анықтау үшін өлшемдері 10×10×40 см болатын призмалық үлгілер дайындалды. Үлгілерге бетон беріктігінің шегінен 30% деңгейіндегі ұзақ мерзімді жүктеме түсірілді. Деформациялар тензодатчиктер арқылы тіркеліп отырды. Жедел деформация келесі формуламен анықталады:

$$\varepsilon_0 = \frac{\sigma}{E_b} \quad (4)$$

мұндағы, σ – үлгі ішіндегі кернеу.

Сырғуды ескергендегі бетонның толық деформациясын есептеу формуласы келесі түрде беріледі:

$$\varepsilon(t) = \varepsilon_o \cdot (1 + \varphi(t, t_o)) \quad (5)$$

мұндағы, $\varphi(t,t_0)$ – уақытқа тәуелді сырғу коэффициенті.

Есептеулердің дәлдігін арттыру мақсатында ANSYS бағдарламасында ақырлы элементтер әдісі (FEM) қолданылды. Бұл модельде бетонның σ–ε сызықты емес диаграммасы Eurocode 2 нормативіне сәйкес енгізілді [11], ал шөгу деформациялары Neville әдістемесі бойынша ескерілді [12].

Есептеу нәтижелері кестелік түрде (2-кесте) және графикалық түрде (2-сурет) ұсынылған.

2 кесте

Салыстырмалы модельдеу нәтижелері


Есептеу әдісі	Деформация, ε, ‰	Тәжірибелік нәтижеден салыстырмалы ауытқу, %
ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011 [1]	0,42	–35
Eurocode 2 [11]	0,58	–10
Модель B3 [10]	0,63	–3
Тәжірибе	0,65	0

Бетон деформациясының уақыт бойынша дамуын талдау (2-сурет). Бетондағы деформацияның уақытқа тәуелді дамуын талдау нәтижелері келесіні көрсетеді:

– ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011 әдісі бойынша алынған деформациялар төмендетілген мәндерге ие, олардың шамасы 20 жыл өткеннің өзінде 0,45‰-тен аспайды**;**

– Eurocode 2 сызығы тәжірибелік деректермен жақсырақ сәйкестік көрсетеді, бұл әдістің есептік дәлдігін арттырады;

– B3 моделі тәжірибе нәтижелерімен іс жүзінде толық сәйкес келеді**,** оның есептік қателігі 5%-дан төмен**.**



Сурет 2. Бетон деформациясының уақыт бойынша дамуы
(B30 класы, жүктеме 30% Rb)

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ұзақ мерзімді жүктеме әсері кезінде бетонның толық деформациясы бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады: серпімді**,** сырғу**,** шөгу және қалдық (пластикалық) деформациялар.

Бұл қатынас келесі түрде өрнектеледі:

$$\varepsilon_{tot}(t) = \varepsilon_e + \varphi(t) \cdot \varepsilon_e + \varepsilon_{sh}(t) + \varepsilon_{pl} \quad (6)$$

мұндағы: $\varepsilon_e = \frac{\sigma}{E_c}$ – бұл жедел серпімді деформация, яғни жүктеме әсер еткен сәтте пайда болатын бастапқы кернеу-деформация қатынасы; φ(t) – уақытқа тәуелді сырғу коэффициенті; $\varepsilon_{sh}(t)$ – шөгу деформациясы, ε_{pl} – қалдық пластикалық құрамдас бөлік [13-16]. Тәжірибелік зерттеу нәтижелері 3-суретте келтірілген.

3-суретке сәйкес, бетонның ұзақ мерзімді жұмыс істеуі барысында:

– сырғу деформациясының шамасы шамамен 700 με деңгейіне жетеді;

– шөгу деформациясы шамамен 300 με құрайды;

– ал сирек кездесетін артық жүктемелер (18 МПа дейін) кезінде пайда болатын қалдық пластикалық деформациялар жалпы деформацияны қосымша 10-15%-ға арттырады.


Аталған нәтижелер Eurocode 2 және ACI 318 нормативтік ережелерінде көрсетілген деректермен толық сәйкес келеді [12,16].

Иілгіш темірбетон элементтерін талдау үшін «момент–қисықтық» (M–χ) тәуелділік қисықтары тұрғызылды.


Серпімді модельде арматура ағымдылық шегіне жеткенге дейін (χу ≈ 1,5-1,6·10⁻³) моменттің сызықты өсуі байқалады. Алайда, жарықтардың түзілуін ескерген жағдайда элементтің қаттылығы шамамен екі есеге төмендейді**,** бұл X_{cr} = 0,8·10^{-3}мәнінен кейін анық көрінеді. Бетон элементінің тиімді қаттылығы келесі формула арқылы өрнектеледі:

$$(EI)_{eff}(t,x) = \frac{E_c I_c}{1+\alpha\varphi(t)} \cdot \Psi_{cr}(x,\rho) \quad (7)$$

мұндағы: I_c – жарықсыз қиманың инерция моменті**;** α – жүктеменің әсер ету ұзақтығының коэффициенті**;** Ψ_{cr} – жарықтар түзілуінің коэффициенті [15,16].



Сурет 3. Ұзақ мерзімді жүктеме әсеріндегі бетонның толық деформациясы



Сурет 4. Құрылым қаттылығының жарықтар түзілуіне тәуелділігі

4-суреттегі график көрсеткендей, жарықтардың түзілуін және материалдың ағымдылығын (пластикалық ағу) елемеу элементтің есептік қаттылығын артық бағалауға**,** ал қисықтықты (χ) төмендетіп бағалауға әкеледі. Бұл қателік әсіресе пайдалану кезеңінде конструкцияның нақты жұмыс қабілетін бағалауда маңызды әсер етеді.

Ұзақ мерзімді жүктеме кезінде ұзындығы 6 м болатын арқалықтың иілуін есептеу нәтижесінде 5 жыл ішінде сырғу әсерінен иілудің шамамен 40-50%-ға артқаны анықталды. Артық жүктемелер кезінде (1,8 σ_s дейін) қалдық байқалып, ол бастапқы прогибтің шамамен 12%-ын құрады.

Осындай құбылыстар Бажант пен Жирасек [14], сондай-ақ Gilbert және Ranzi [15] жүргізген тәжірибелік зерттеулерде де тіркелген.

3-кестедегі деректерді талдау келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

– ұзақ мерзімді жүктеме үлесі 0,3-тен 0,5-ке артқан кезде сырғу коэффициенті φ шамамен 20-30% өседі;

– арматура пайыздылығы 0,8%-дан 2,0%-ға дейін артқанда, иілу шамасы 20-25%-ға азаяды;

– арматура аз**,** ал жүктеме жоғары болған жағдайда иілу нормативтік шектен (L/250) асып түседі, бұл құрылымның пайдалану сенімділігін төмендетеді.

3-кесте

Арматура пайыздылығы мен жүктеме деңгейінің қисықтыққа әсері

Арматура мөлшері, %	Жүктеме деңгейі, % Rb	Есептік қисықтық, 1/м	Нақты қисықтық (жарықтар мен ағымдылықты ескере отырып), 1/м	Айырмашылық, %
0,8	30	$0{,}75\cdot10^{-3}$	$1{,}10\cdot10^{-3}$	+46,7
1,0	30	$0{,}62\cdot10^{-3}$	$0{,}95\cdot10^{-3}$	+53,2
1,2	30	$0{,}55\cdot10^{-3}$	$0{,}85\cdot10^{-3}$	+54,5
0,8	50	$1{,}40\cdot10^{-3}$	$2{,}25\cdot10^{-3}$	+60,7
1,0	50	$1{,}10\cdot10^{-3}$	$1{,}90\cdot10^{-3}$	+72,7
1,2	50	$0{,}95\cdot10^{-3}$	$1{,}65\cdot10^{-3}$	+73,7
0,8	70	$2{,}20\cdot10^{-3}$	$3{,}80\cdot10^{-3}$	+72,7
1,0	70	$1{,}85\cdot10^{-3}$	$3{,}10\cdot10^{-3}$	+67,6
1,2	70	$1{,}55\cdot10^{-3}$	$2{,}65\cdot10^{-3}$	+71,0

Жарықтардың түзілуі конструкциялардың ұзақмерзімділігіне елеулі ықпал ететінін атап өткен жөн. Жарықтардың ашылуы құрылымның қаттылығын төмендетіп қана қоймай**,** сонымен қатар оның қызмет ету мерзімін қысқартады**:**

$$\omega_{cr} = \frac{\sigma_s \cdot \varphi \cdot l_0}{E_s \cdot \rho} \quad (6)$$

мұндағы: σ_s – арматурадағы кернеу; E_s – болаттың серпімділік модулі; l_0 – жабыстыру ұзындығы; ρ – арматура пайыздылығы [2].

Neville [2] зерттеулері көрсеткендей, егер жарықтың ашылу ені 0,3 мм-ден асса, онда арматураның коррозия жылдамдығы шамамен екі есе артады, бұл өз кезегінде құрылымның ұзақмерзімді беріктігін айтарлықтай төмендетеді.

Тәжірибелік зерттеу нәтижелерін арқалықтардың табиғи сынақтарымен [15] және fib Model Code 2010 [13] әдістемелік ұсынымдарымен салыстыру төмендегідей қорытындыларды көрсетті:

– сырғу мен шөгуді есепке алған жағдайда, есептік және тәжірибелік иілулердің айырмашылығы 12-15% шамасында болды;

– қалдық (пластикалық) деформацияларды ескермеу кезінде айырмашылық 20-25%-ға дейін артты;

– арматура пайыздылығының артуы (есептік және тәжірибелік деректер бойынша) иілу шамамен 18%-ға азайтты.

Осылайша, ұсынылған есептік модель нақты физикалық процестерді дәл бейнелейді және темірбетон құрылымдарының нақтыланған (жетілдірілген) есептерінде сенімді қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеулер бетонның иілмелі деформацияларын, яғни сырғу**,** шөгу және пластикалық құрамдас бөліктерін есепке алудың темірбетон құрылымдарының есептік дәлдігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Аталған факторларды ескермеу қаттылықтың артық бағалануына**,** ал қисықтықтың (χ) төмен бағалануына алып келеді. Бұл өз кезегінде нормативтік прогибтердің артуына және құрылымның қызмет ету мерзімінің қысқаруына себеп болуы мүмкін.

Әдістемелердің салыстырмалы талдауы көрсеткендей:

– ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011 бойынша қолданылатын келтірілген модуль әдісі едәуір қателіктерге әкеледі;

Негіз бағыты бойынша жоғары тығыздық, сондай-ақ K1 және K3 материалдарының қалыңдығының жоғарылауы олардың иілуге төзімділігін арттырады. Айта кету керек, көп жағдайда құрылымы мен айқаспаға байланысты диагональды бағыттағы маталардың қаттылығы төмен болады.

Бұл зерттеудің нәтижелері бұл ережеден кейбір ауытқуларды анықтады. K3 матасының 45° бағытындағы иілу қаттылығы арқау бағытына қарағанда 37,2%-ға жоғары, ал H7 матасында иілу бағытына қарағанда 2,6%-дан асады. Бұл нәтижелерді негіз және арқау бойынша осы маталардың B_F сипаттамаларының үлкен айырмашылығымен түсіндіруге болады. Зерттелетін материалдардың көпшілігі үшін иілу модулі q 100 Н/м-ден асатыны, тек ең жұмсақ материал H5 үшін барлық үш бағытта да төмен болатыны анықталды (негізу, арқау және 45°).



Сурет 3. KES-FB2 құралын қолдану кезінде анықталған материалдардың (а) иілуде қаттылығы B_K және (ә) *2HB* релаксация дәрежесінің сипаттамасы

Н7 материалының арқау бағытында q сипаттамасы оның үлкен мәніне байланысты 3а-суретте көрсетілген. Ол 1751,3 Н/м^2 жетеді. B_K иілу қаттылығын зерттеу бойынша эксперименті нәтижелердің вариация диапазоны айтарлықтай үлкен және 0,082 және 0,84 Нм^2/м 10^{-4} арасында ауытқитынын көрсетті. Сондай-ақ, маталардың бірінші тобының (К1, К2, К3) иілу қаттылығының нәтижелері арқау бағыттағы М7 материалын қоспағанда, екінші топқа қарағанда әлдеқайда жоғары екенін атап өтуге болады.

Бұл аздаған деформация кезінде де осы материалдың иілуіне кедергі айтарлықтай жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар, 0,08-0,1 Нм^2/м 10^{-4}-ке жеткен Н4, Н5 және Н6 материалдары үшін $B_к$ төмен сипаттамаларына қарамастан, басқа ғалымдар әлі де төмен қаттылық көрсеткіштері бар костюм маталарын зерттегенін атап өту қажет [7-9].

KES-FB2 құралы үлгіні екі жаққа да иілуге мүмкіндік беретіндіктен: оң және теріс жаққа 0,5 см-1/сек жылдамдықта бірізді және біркелкі, онда материалдардың анизотроптығы айқындалды (3 ә сурет).

Алынған нәтижелер айтарлықтай кең ауқымда: 1,5-тен 34,3-ке дейін ерекшеленуі мүмкін екені анықталды. НВ4, НВ5 және НВ6 маталары ең біркелкі болып шықты, Үлгіні бір және екінші жаққа иілген кезінде нәтижелердің үлкен айырмашылығы Н7 матасы үшін арқау бағыты бойынша, сондай-ақ К3 және К1 маталары үшін негіз бағыты бойынша белгіленген. Қатты материалдардың біркелкі еместігін атап өту қажет.Иілудің бірінші кезеңінде ((+) бағыты), материал құрылымы тұрақсызданады, сондықтан екінші кезеңде (бағыт (-)), материал құрылымы неғұрлым жылжымалы және осылайша соғұрлым жұмсақ болып табылады. Алынған нәтижелер осы әсерді растайды: (+) бағыты бойынша олар (-) бағытына қарағанда жоғары.

2НВ сипаттамасы материалдың релаксациялық қасиеттерін, яғни оның серпімділігін көрсетеді. Сипаттаманың мәні неғұрлым аз болса, материалдың серпімділігі соғұрлым жоғары болады: негіз бағыты бойынша К3 және арқау бағыты бойынша Н7 маталары неғұрлым төмен серпімділікпен ерекшеленеді, ал екінші топқа жататын Н4, Н5 және Н6 маталары жақсы серпімділігімен ерекшеленеді [9].

Осылайша, жүргізілген зерттеулердің нәтижелері материалдардың деформациялық қасиеттері мектеп формасының ыңғайлылығы мен эргономикасын қамтамасыз ету үшін ең маңызды екенін растады.

Эксплуатациялық жүктемелеріне жақын әртүрлі деформацияларды зерттеу үшін KAWABATA (KES-FB) және FAST жүйелері қолданылды. Бұл жүйенің көмегімен матаның қасиеттері анықталды. Экспериментке талшық құрамы мен айқаспасы әртүрлі жеті мата үлгісі таңдалды, оның үшеуі Қазақстан Республикасында мектеп формасын тігуде қолданылған маталар болды. Костюм мата үлгілері созылу, жылжу және иілу қаттылығы бойынша сыналған. Зерттеулер Каунас технологиялық университетінің зертханаларында және Францияда Жоғары Эльзас университетіндегі Physique et Mécanique Textiles LPMT EAC 7189 CNRS-UHA зертханасында жүргізілді.

Қазақстан Республикасында мектеп формасын дайындау үшін пайдаланылатын мата үлгілері иілуге кедергінің жеткілікті жоғары деңгейін, жақсы анизотроптығы мен серпінділігін көрсетті. Бұдан басқа, эксперименттік зерттеулердің нәтижелері иілу кезіндегі қаттылықтың ең жоғары көрсеткіштерінде саржалық айқаспалы маталар бар екенін растады. ҚР-даналынған барлық үлгілер орташа қаттылықтағы маталар тобына жатқызылған. Мектеп формасына арналған материалдарға қойылатын

талаптарға көбінесе К2 үлгісі сәйкес келеді – бұл құрамында полиэфирталшықты және полотналық айқаспалы.

Қорытынды. Осылайша жүргізілген зерттеулер кіші мектеп жасындағы оқушыларына арналған мектеп формасын дайындауда қолданылатын материалдарды олардың эргономикасын айқындайтын деформациялық қасиеттері бойынша саралауға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде бұйымдарды жобалау және еркін қонымдылыққа арналған қосымшаларды оңтайландыру бойынша ұсынымдар әзірлеуге негіз болды. Эксперименттік зерттеулердің нәтижелері иілу кезіндегі қаттылықтың ең жоғары көрсеткіштерінде саржалық айқаспалы маталар бар екенін растады. ҚР-дан алынған барлық үлгілер орташа қаттылықтағы маталар тобына жатқызылған. Мектеп формасына арналған материалдарға қойылатын талаптарға көбінесе К2 үлгісі сәйкес келеді – бұл құрамында полиэфир талшықты және полотналық айқаспалы.

Әдебиеттер тізімі

1. Асанова, А.Е. Разработка технологии проектирования детской одежды на основе антропометрических обследований детских фигур в Казахстане [Текст]: автореф. дис. канд. техн. наук / А.Е. Асанова. – Алматы, 2005.
2. Куатбекова, Л.К. Совершенствование методов проектирования промышленной коллекции с учетом потребительского спроса населения и новизны моделей [Текст]: автореф. дис. канд. техн. наук / Л.К. Куатбекова. – Москва, 1988. – 28 с.
3. Мациевская, Ю.А. Разработка метода эргономического проектирования школьной одежды [Текст]: автореф. дис. канд. техн. наук: 05.19.04 / Ю.А. Мациевская. – Москва, 2007. – 23 с.
4. Бескоровайная, Г.П. Проектирование детской одежды [Текст]: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Г.П. Бескоровайная, С.В. Куренова. – М.: Академия, 2002. – 96 с.
5. Bahadir Ünal, Z., Yildiz, E. Z., Özdil, N. A Study on Analysis and Improvement of Trouser Fabrics used for Primary School Uniforms // Tekstil ve Konfeksiyon. – 2011. – No. 3. – P. 244-248.
6. Bilen U., Kurumer G. A Research on Measurement of Fabric Deformation in Garments // Proceedings of conference AUTEX2011, 8-10 June, Mulhouse, France. – 2011. – P. 1211-1214.
7. Kawabata S. The Standardisation and Analysis of Hand Evaluation. – Japan: The Textile Machinery Society of Japan, 1980.
8. Çoruh M., Vural T., Çoruh E. A Scale Development Study to Evaluate the Physical Comfort of Denim Jeans // Tekstil ve Konfeksiyon. – 2011. – No. 1. – P. 77-81.
9. Maliszewska D., Masteikaitė V., Sacevičienė V. Investigation of Women's Trousers Deformation // Innovations in Clothes and Footwear, Technical University of Radom, Monographic series. – 2010. – Vol. XIII. – P. 347-362.

Материал редакцияға 30.09.25 түсті, 13.12.25 қабылданды.

А.К. Жаппарова[1], С.Б. Байжанова[1], К.Д. Кожабергенова[2], Г. Жаркымбеккызы[1]

[1]Таразский университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
[2]Казахский университет технологии и бизнеса им. К. Кулажанова, Астана, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ДЕФОРМАЦИОННЫХ СВОЙСТВ МАТЕРИАЛОВ ДЛЯ ШКОЛЬНОЙ ФОРМЫ С УЧЁТОМ ЭРГОНОМИЧЕСКИХ ТРЕБОВАНИЙ

Аннотация. В данной статье представлены результаты исследования деформационных свойств костюмных тканей, определяющих эргономические характеристики одежды. При проектировании школьной формы необходимо учитывать физическую активность детей. Удобство данного типа одежды зависит не только от её конструкции, но и от свойств используемых материалов. Целью работы являлся анализ деформационных свойств костюмных тканей с применением различных методов испытаний и определение их пригодности для изготовления школьной формы. Для исследования были выбраны две группы костюмных тканей: первая группа – полиэфирные ткани, используемые в Казахстане для школьной формы; вторая группа – ткани, полученные с швейных фабрик Литвы и применяемые для пошива мужских костюмов. Деформационные свойства тканей оценивались с помощью ряда испытаний. На основе полученных данных при проектировании детской одежды были определены типы моделей, соответствующие различным параметрам, и предложены эргономически удобные варианты.

Ключевые слова: эргономика, деформация, школьная форма, костюм, разрыв, удлинение, износостойкость, воздухопроницаемость.

A.K. Zhapparova[1], S.B. Baizhanova[1], K.D. Kozhabergenova[2], G. Zharkymbekkyzy[1]

[1]M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan
[2]K. Kulazhanov Kazakh University of Technology and Business, Astana, Kazakhstan

STUDY OF DEFORMATION PROPERTIES OF MATERIALS FOR SCHOOL UNIFORMS CONSIDERING ERGONOMIC REQUIREMENTS

Abstract. This article presents the results of a study on the deformation properties of suiting fabrics that determine the ergonomic characteristics of clothing. When designing school uniforms, it is essential to take into account children’s physical activity. The comfort of this type of clothing depends not only on its construction but also on the properties of the materials used. The aim of the study is to analyze the deformation properties of suiting fabrics using various testing methods and to determine their suitability for the production of school uniforms. Two groups of suiting fabrics were selected for the research: the first group consisted of polyester fabrics used in Kazakhstan for school uniforms; the second group consisted of fabrics obtained from Lithuanian sewing factories and used for men’s suits. The deformation properties of the fabrics were evaluated through a series of tests. Based on the obtained data, model types corresponding to various parameters were determined during the design of children's clothing, and ergonomically comfortable options were proposed.

Keywords: ergonomics, deformation, school uniform, suit, rupture, elongation, wear resistance, air permeability.

References

1. Asanova A. E. Razrabotka tekhnologii proektirovaniya detskoy odezhdy na osnove antropometricheskikh obsledovaniy detskikh figur v Kazakhstane [Development of Technology for Designing Children's Clothing Based on Anthropometric Surveys of Children's Figures in Kazakhstan]: Abstract of Cand. Tech. Sci. Dissertation. – Almaty, 2005. [in Russian].
2. Kuatbekova L. K. Sovershenstvovanie metodov proektirovaniya promyshlennoy kollektsii s uchetom potrebitelskogo sprosa naseleniya i novizny modeley [Improvement of Methods for Designing Industrial Collections Considering Consumer Demand and Model Novelty]: Abstract of Cand. Tech. Sci. Dissertation. – Moscow, 1988. – 28 p. [in Russian].
3. Matsievskaya Yu. A. Razrabotka metoda ergonomicheskogo proektirovaniya shkolnoy odezhdy [Development of a Method for Ergonomic Design of School Clothing]: Abstract of Cand. Tech. Sci. Dissertation: 05.19.04 / Yu. A. Matsievskaya. – Moscow, 2007. – 23 p. [in Russian].
4. Beskorovaynaya, G.P., Kurenova, S.V. Proektirovanie detskoy odezhdy [Designing Children's Clothing]: Textbook for Higher Education Students. – Moscow: Akademiya, 2002. – 96 p. [in Russian].
5. Bahadir Ünal, Z., Yildiz, E. Z., Özdil, N. A Study on Analysis and Improvement of Trouser Fabrics used for Primary School Uniforms // Tekstil ve Konfeksiyon. – 2011. – No. 3. – P. 244-248.
6. Bilen U., Kurumer G. A Research on Measurement of Fabric Deformation in Garments // Proceedings of conference AUTEX2011, 8-10 June, Mulhouse, France. – 2011. – P. 1211-1214.
7. Kawabata S. The Standardisation and Analysis of Hand Evaluation. – Japan: The Textile Machinery Society of Japan, 1980.
8. Çoruh M., Vural T., Çoruh E. A Scale Development Study to Evaluate the Physical Comfort of Denim Jeans // Tekstil ve Konfeksiyon. – 2011. – No. 1. – P. 77-81.
9. Maliszewska D., Masteikaitė V., Sacevičienė V. Investigation of Women's Trousers Deformation // Innovations in Clothes and Footwear, Technical University of Radom, Monographic series. – 2010. – Vol. XIII. – P. 347-362.

IRSTI 64.29.15

E.T. Mukhametshina[1] – *main author*,
R.M. Muradov[2]

[1]*PhD*, [2]*Doctor of Technical Sciences, Professor*

[1]*https://orcid.org/0000-0002-2945-8440* [2]*https://orcid.org/0000-0002-0443-2244*

[1,2]*Namangan state technical university,*
Namangan, Uzbekistan

[1]*mukhammadiyeva94@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/FWRA3221

ANALYSIS OF RESEARCH ON IMPROVING THE SEPARATOR AS A COMPONENT OF THE COTTON AIR-ASSISTED TRANSPORTATION DEVICE

Abstract. The article presents an analysis of scientific research conducted on improving the separator, which is the main element of the air-drying device for cotton ginning. It is known that the separator is used to separate the cotton seeds from the air stream. In addition, it has been studied that during the separation of cotton raw materials, as a result of hitting the upper shell, high forces are exerted during separation from the mesh surfaces and during the passage of cotton raw materials through the vacuum valve , which in turn causes damage to the seeds and fibers. The scientific research shows the need to improve the design of the main elements of air-transporting devices in order to avoid damage to the seeded cotton and its products in order to obtain high-quality fibers.

Keywords: pneumatic transport system, transport process, separator, raw material, air-assisted transport device, efficiency, separation, pressure, pneumatic separator, vacuum valve, separation process.

Mukhametshina E.T., Muradov R.M. Analysis of research on improving the separator as a component of the cotton air-assisted transportation device //Mechanics and Technology / Scientific journal. – 2025. – No.4(90). – P.221-228. https://doi.org/10.55956/FWRA3221

Introduction. The high quality of cotton fiber and its products produced by cotton ginning, textile and light industry enterprises, meeting the requirements of world standards, is the main factor in their demand in the world market. In recent years, as a result of the implementation of comprehensive measures to develop the textile and garment and knitting industry in our country, and to support the investment and export activities of enterprises in the sector, 45 percent of the cotton fiber and yarn produced in the republic are being processed, and the annual export potential of the sector has exceeded $ 3.2 billion. In the world, cotton fiber is one of the main raw materials for the textile industry. According to the International Consultative Committee (ICAC), the top five exporters of cotton fiber include the USA, India, Australia, Brazil and Uzbekistan, and the importers are Bangladesh, Vietnam, China, Turkey and Indonesia. Special attention is paid to the sustainable development of cotton ginning enterprises, the development of technical means and technologies at the enterprises of the sector, increasing the level of efficient use of production capacities, and the production of high-quality

competitive products in the world cotton market. In this regard, special attention is paid to the improvement of highly efficient cotton ginning machinery and the creation of resource-saving technologies at world cotton ginning enterprises [1-4].

In cotton ginning enterprises, pneumatic transportation of cotton is very common, mainly by air, and is used to transport cotton with a grain between departments and within departments. The main reason for the widespread use of pneumatic transportation is that it does not destroy the grain cotton, in addition, this device is compact, and its pipes can be installed in any direction at the enterprise and cotton preparation points [5].


Also, the main reason for the widespread use of the air-transporting device is its reliable operation, minimal material loss during cotton transportation, the compactness of the device, the possibility of its use in places that are inconvenient and narrow for mechanical transport vehicles, and its ease of maintenance and repair. In addition, transporting cotton with an air stream contributes to the fluffing of cotton and the loss of a certain amount of moisture. Also, in the process of separating cotton from air, the preliminary cleaning of cotton from small impurities and dust is ensured [6].

Literature Review. Pneumatic transport is connected to a continuous technological process in all departments of the enterprise, and its normal operation greatly affects the productivity of the departments of the enterprise. During the transportation of cotton seeds in a pneumatic transport device, cotton mixed with air is separated using a separator, that is, the main task of the separator is to separate cotton seeds from the air while preserving the natural properties of cotton.

Many scientists have conducted research on the separator equipment, which is one of the main elements of the device for transporting cotton seeds using an air stream. As mentioned above, the separator is used to separate cotton seeds coming from the air stream [7].

Pneumatic transport devices are equipped with separators that serve to separate the transported cotton raw material from the air. The cotton separation part is performed on a mesh surface made of steel material. A certain part of the cotton raw material sticks to the mesh surface under the influence of the air flow, and the elastic material-coated rollers are separated from the mesh surface and the separated cotton raw material is discharged into the vacuum valve. In the separator, in addition to the impact on the front wall of the cotton raw material, it also rubs against the mesh surface, where damage to the seeds and fibers occurs [8].

Many scientists have conducted research on the process of separating cotton from the air flow carrying it, using a separator machine, which is one of the main elements of the device for transporting raw materials using an air flow. The separator separates cotton from dusty air and partially cleans it of fine impurities. The SS-15A separator is widely used in the technological process of cotton ginning enterprises. A number of scientific studies have been conducted by scientists and specialists in the field to improve the design of separators [9]. Figure 1 shows a diagram of the SS-15A separator.



1 – inlet pipe; 2 – separation chamber; 3 – grid surface; 4 – strainer; 5 – vacuum valve; 6 – air suction pipe.

Fig. 1. SS-15A brand separator

The separator consists of an inlet short pipe (1), a separation chamber (2), a mesh surface (3), a damper (4), a vacuum valve (5) and an air suction pipe (6). When the separator is operating, the cotton is transported to the separation chamber (2) through the short pipe (1). The speed of the cotton in the chamber decreases significantly and the main part of the cotton moves straight under the influence of inertial force, hits its wall and falls to the vacuum valve under the influence of its own weight. A smaller part, under the influence of the air flow, moves to the mesh surface (3) and closes. The cotton stuck to the mesh surface is separated by the damper (4) and transferred to the vacuum valve. With the help of the air flow, small impurities are sucked through the mesh surface using the pipe (6). The efficient operation of the separator also depends on the process between the damper and the mesh surface. If the separator cleans the mesh surface in a timely manner, the air flow will accelerate. In studies [10], it was observed that cotton bundles formed around the separator shaft during the separation of cotton stuck to the mesh surface. The separator is able to clean the stuck part of the cotton on the mesh surface within a radius of 200 mm by rotating it two or three times. Considering that the separation process is continuous, it can be seen that cotton always sticks to a larger part of the mesh surface. This leads to an increase in the hydraulic resistance of the separator and a reduction in the radius of action of the air-driven conveying device.

Shamsutdinov T.O. [11], based on the results of the conducted research, scientifically substantiated the fact that cotton separation occurs at an angle of rotation of 135º, while the flow velocity is 16 m/s.


Artikov N. [12] studied the dependence of the speed of movement of cotton raw materials at the entrance to the separation area of the pneumatic separator on the length of the inclined pipe. According to the author, if the length of the inclined pipe is l = 1.9 m, the separation process will be more effective. At this length, the air flow velocity should be V = 26.1 m/sec. He proposed the relationship between the coefficients indicating the resistance to the movement of the mixture and the coefficients depending on the concentration of the mixture for pipes of different diameters. This helped to determine the hydraulic resistances of the pneumatic transport device with high accuracy.

Amirov R. [13] proposed to create an area with zero pressure when separating cotton from a mesh surface. This is at the point where the separator meets the mesh surface. It is located behind the separator, covering the mesh surface and rotating with it. As a result, the air velocity sucked through the holes of

the mesh surface becomes zero. This allows easy separation of cotton stuck to the mesh. In this case, there is no accumulation of cotton between the mesh surface and the separator, no breakage of the seed, damage to the fiber, and no escape of the fiber separated from the seed with air. However, since the sectoral integral surface is 0.0045 m^2, this leads to a decrease in the useful surface of the mesh. This, in turn, increases the aerodynamic resistance of the separator.

During operation, when the cotton raw material falls unevenly onto the separator, some cotton pieces fall onto the mesh surface and clog it. If there is no device to remove it from the surface, the surface will become clogged. Figure 2 shows a separator created by Uzbek scientists under the brand name "KhSCh". In this case, the transported cotton raw material enters the separator's separation chamber through a pipe along with air. The volume of the separation chamber is larger than that of a short pipe. Therefore, the air velocity in it decreases from 20-25 m/s to 7-8 m/s.


At this speed, the cotton raw material continues to move by inertia and clogs the mesh. The cotton is separated from the mesh surface by a rubber-bladed drum, and then falls under the influence of its own weight into a vacuum valve.



1 – air flow; 2 – grid; 3 – separation chamber; 4 – inlet pipe; 5 – guide; 6 – rubber winged drum; 7 – vacuum-valve.

Fig. 2. "KhSCh" brand separator

Kadirkhozhaev S.M. [14] created a new "SH" brand separator, which is a further improvement of the pneumatic separator shown in Figure 3.



1 – working chamber; 2 – cotton bottom access road; 3 – line is the bifurcation point; 4 – inlet pipe; 5 – cotton upper access road; 6 – mesh surface; 7 – suction short pipe; 8 – elastic layer drum; 9 – vacuum valve.

Fig. 3. SS-15A "SX" separator

In addition, during the cotton gin process, high forces are exerted during separation from the full surfaces as a result of impact on the upper shell and during the passage of the cotton gin through the vacuum valve, which causes damage to the seeds and fibers that cotton is torn in a separator with a scraper . This occurs as a result of the free fibers and pieces of cotton stuck to the mesh vibrating around the core when being cleaned with scrapers. Therefore, a cotton roller is formed in front of the scraper along the entire length. The speed of movement of this roller at the farthest point from the scraper shaft is 4 times higher than at the closest point. Therefore, bundles of fibers and tearing of cotton raw material are formed. In order to reduce the formation of defects in cotton raw material, the author proposed to make a scraper-cleaner in the form of a box with a length of 450 mm, a width of 100 mm and a depth of 50 mm, having a rubber edge along all its parameters [15]. Based on this design of such a scraper, at the moment of scraping with the main scraper, the force of tension of cotton on the mesh is zero, and the scraper separates cotton without forming a cotton roller.

Such a solution to the problem was also proposed by the authors of [16]. They proposed to make the separator mesh with a closed section, in which the adhesion force of the cotton raw material to the mesh surfaces would be zero. However, this solution was not widely used due to the increase in the aerodynamic resistance of the separator and its negative impact on its performance. At the same time, in the studies devoted to improving the design of separators used for cotton raw material, we can see research works aimed at determining the size of the mesh surfaces and their effect on damage to the transported material.

Mamatkulov O. conducted research on increasing the efficiency of the mesh surface [17]. The study investigated the effects of grain defects on the number of passes through the separator. It also investigated the effect of increasing the number of passes through the separator on fiber loss in the device. The researcher proposed a design change for the separator to reduce fiber loss and grain damage in the CC-15 A cotton separator. The author also studied the effect of increasing the number of passes through the CC-15A separator on grain damage and fiber loss and analyzed the results (Fig. 4).




Fig. 4. Effect of the number of separators on seed damage

From this graph, it can be concluded that increasing the number of passes in the separator has a negative effect on cotton seed damage. In this process, cotton damage mainly occurs on the separator front and mesh surface.

Eshmurodov D. [18] developed a separator design with a flat-shaped deflector with a 20-degree slope, which reduces damage to the grain and prevents the formation of free fiber in the impurities. The impact of the cotton flow on the rear wall of the existing CC-15A separator at a speed of 12-15 m/s at the inlet leads to mechanical damage to the grain, rapid wear of the rear wall of the separator, and a decrease in the life of the separator. The main goal of the research is to create a separator that ensures the long-term operation of the pneumatic transport by reducing the speed of the cotton flow to 3-4 m/s, thereby preventing the failure of the inner wall of the separator and the vacuum valve, as well as mechanical damage to the grain. According to the results of the research, a special guide device was developed to guide the cotton at the entrance to the chamber in order to reduce the impact force on the rear wall of the separator. As a result, mechanical damage to the seed was reduced by 16.5%.

Conclusion. Currently, scientific research is being conducted to create new designs of the separator. The effective operation of the separator, along with the mesh surface, is also affected by the vacuum valve, which is one of its main elements. The results of the conducted scientific research show that all the shortcomings of the separator have not been completely eliminated. The analysis shows that it is necessary to conduct in-depth research to improve the separator and its main working parts.

Studies have shown that the main reason for the decrease in the efficiency of the cotton separator is the contact of the main part of the cotton being separated from the air with the mesh surface. The contact of cotton with the mesh surface leads to a deterioration in its quality indicators and an increase in the aerodynamic resistance of the separator. Since the mesh surface is almost completely covered with cotton, air is sucked in only from a small part of it, which is cleaned by a sieve.

References

1. Rakhimjonov A. Paxtani tayyorlash va saqlashda joriy qilinayotgan texnikalarni xom ashyo sifatiga ta’sirini tadqiq qilish [Study of the impact of technologies applied in cotton preparation and storage on raw material quality]. – Monograph. Tashkent, 2023. – 115 p. [in Uzbek].
2. Rakhimjonov A. The dependence of yarn density on spinning systems and quality indicators. – 2022.
3. Rakhimjonov A., Bakhtiyorova U. Promoting The Development Of Improved Cleaning Technology // Eurasian Journal of Engineering and Technology. – 2023. – Vol.17. – P.44-47.
4. Salimov A., Khusanova S., Salimov O., Toshtemirov Q., Yakubov N., Rakhimjanov A. Research of the process of preparation and storage of raw cotton // Journal of Optoelectronics Laser. – 2022. – Vol.41. – No.7. – P.612-618.
5. Mukhametshina E.T., Muradov R.M., Yuldashev Kh.Kh. Paxtani tashish uchun quvurlarga uzatish jarayoni hamda uning tarkibidagi og’ir aralashmalarni ajratib olish bo‘yicha o‘tkazilgan tadqiqotlar tahlili [Analysis of research on the transportation of cotton through pipes and separation of heavy impurities] // JIZPI Bulletin. – 2025. – No.1. [in Uzbek].
6. Muradov R. Paxtani qayta ishlash jarayonida uni havo oqimidan ajratuvchi separatorlar konstruktsiyasi [Design of separators for separating cotton from air streams during processing]. – Tashkent, UzNIINTI, 1992. [in Uzbek].
7. Xojiyev M.T., Usmanov X.S., Husanjonov I. Paxtani tabiiy xususiyatlarini saqlash maqsadida separatorlarni takomillashtirish [Improving separators to preserve the natural properties of cotton] // “Texnika va texnologiyalarni modernizatsiyalash sharoitida iqtidorli yoshlarning innovatsion g’oyalari va ishlanmalari” ilmiy-amaliy

anjuman [Scientific-practical conference on the innovative ideas and developments of talented youth in the context of modernization of technology and technical systems]. – Tashkent, 2016. [in Uzbek].
8. Muradov R.M., Ahmedhodjaev Kh.T., Salokhiddinova M.N. Qo‘zg‘aluvchan qurilmaning tozalash samaradorligini oshirish yo‘llari [Ways to improve the cleaning efficiency of moving devices] // Journal of Mechanics and Technology. – 2022. – No.2(7). [in Uzbek].
9. Omonov F. Paxtani dastlabki ishlash bo‘yicha spravochnik [Handbook on primary cotton processing]. – E, 2008. – 415 p. [in Uzbek].
10. Amirov R., Tikhomirov G.A., Suslin A.K. K voprosu o povrezhdennosti semyan pri transportirovke khlopka-syrtsa [On the damage of cotton seeds during transport of raw cotton] // Cotton Industry. – 1975. – No.1. – P.4-5. [in Uzbek].
11. Shamsutdinov T. Nekotorye voprosy aerodinamiki khleoborochykh mashin [Some issues of aerodynamics of grain-harvesting machines]: PhD thesis abstract. – Moscow, 1960. [in Uzbek].
12. Artikov N.A. Issledovaniya i razrabotki pnevmotransportnoy ustanovki s pnevmosparatorom dlya khlopka-syrtsa [Research and development of a pneumatic transport system with a cotton air separator]: PhD thesis abstract. – Tashkent, 1972. [in Uzbek].
13. Amirov R. Issledovaniya vliyaniya sredstv mekhanizatsii pnevmotransportnykh ustanovok na kachestvo volokna [Study of the impact of mechanization tools of pneumatic transport systems on fiber quality]: PhD dissertation. – Tashkent, 1976. [in Uzbek].
14. Kadirkhojaev S.K. Razrabotka separatora dlya khlopka-syrtsa s tsel’yu sokhraneniya ego kachestvennykh pokazateley i sokrashcheniya poter volokna [Development of a separator for raw cotton to preserve quality and reduce fiber loss]: PhD dissertation. – Tashkent, 1986. [in Russian].
15. Tursunov I. Paxtaning dastlabki sifat ko‘rsatkichlarini saqlash maqsadida separator ishchi organlarini takomillashtirish [Improvement of the working elements of the separator to preserve the initial quality indicators of cotton]: PhD diss. in Technical Sciences. – Namangan, 2021. – 59 p. [in Uzbek].
16. Muradov R. Separatorning to‘rli yuzasiga paxtaning kelib urilishini kamaytirish usuli [Method for reducing the impact of cotton on the mesh surface of the separator] // Journal of Mechanics Problems. – 2000. – No.3. – P.77-80. [in Uzbek].
17. Mamatqulov O. Paxta separatori rationa konstruktsiyasini yaratish [Creation of a rational design of the cotton separator]: PhD diss. in Technical Sciences. – Namangan, 2019. – 84 p. [in Uzbek].
18. Eshmurodov D. Paxtani tabiiy xususiyatlarini saqlash maqsadida havodan ajratish jarayonini takomillashtirish [Improvement of the air separation process to preserve the natural properties of cotton]: PhD diss. – Tashkent, 2021. [in Uzbek].

Received: 21 December 2025
Accepted: 24 December 2025

М.А. Мухаметшина[1], Р.М. Мурадов[1]

[1]Наманған мемлекеттік техникалық университеті, Наманған, Өзбекстан

МАҚТА ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ПНЕВМАТИКАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ СЕПАРАТОРДЫ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада мақтаны өңдеуге арналған пневматикалық көлік құрылғысының негізгі элементі болып табылатын сепараторды жетілдіру бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулерге талдау ұсынылған. Сепаратор мақта тұқымын ауа

ағынынан бөлу үшін қолданылатыны белгілі. Сондай-ақ, мақта шикізатын бөлу процесінде жоғарғы қабыққа соғу нәтижесінде, торлы беттер мен вакуумдық клапан арқылы өту кезінде тұқымдар мен талшықтарға зақым келтіретін жоғары күштер пайда болатыны зерттелді. Зерттеулер тұқымдық мақтаның зақымдануын болдырмау және жоғары сапалы талшықтар алу үшін пневматикалық көлік құрылғыларының негізгі элементтерінің дизайнын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Тірек сөздер: пневматикалық көлік жүйесі, тасымалдау процесі, сепаратор, шикізат, пневматикалық көлік құралы, тиімділік, бөлу, қысым, пневматикалық сепаратор, вакуумдық клапан, бөлу процесі.

М.А. Мухаметшина[1], Р.М. Мурадов[1]

[1]Наманганский государственный технический университет, Наманган, Узбекистан

АНАЛИЗ ИССЛЕДОВАНИЙ ПО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ СЕПАРАТОРА КАК КОМПОНЕНТА ПНЕВМОТРАНСПОРТНОГО УСТРОЙСТВА ДЛЯ ПЕРЕНОСКИ ХЛОПКА

Аннотация. В статье представлен анализ научных исследований, проведённых по совершенствованию сепаратора, который является основным элементом пневмотранспортного устройства для переработки хлопка. Известно, что сепаратор используется для отделения семян хлопка от воздушного потока. Также изучено, что в процессе отделения хлопкового сырья в результате ударов о верхнюю оболочку, при прохождении через сетчатые поверхности и вакуумный клапан, возникают высокие силы, которые вызывают повреждение семян и волокон. Исследования показывают необходимость совершенствования конструкции основных элементов пневмотранспортных устройств для предотвращения повреждений семенного хлопка и получения волокон высокого качества.

Ключевые слова: пневмотранспортная система, процесс транспортировки, сепаратор, сырьё, пневмотранспортное устройство, эффективность, разделение, давление, пневматический сепаратор, вакуумный клапан, процесс разделения.

ҒТАМР 64.29.15

А.М. Байтуреев[1] – *основной автор*, ©
Ж.А. Ертаева[2], **А.Т. Оңлабекова**[3]

[1]*МАНЭБ академигі, техн. ғылым. канд., профессор,*
[2]*Физика магистрі, директор,* [3]*PhD, қауымдас. профессор м.а.*

[1]*https://orcid.org/0000-0002-2752-4969* [3]*https://orcid.org/0000-0003-4379-0586*

[1,3]*М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан*
[2]*«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі» ЖШС, Тараз, Қазақстан*
[3]*aika_ot@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/UZWN8365

МАҚТА ТАЛШЫҒЫН ТЕРМИЯЛЫҚ ӨҢДЕУ ҮДЕРІСІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

Аңдатпа. Мақалада мақта талшығын термиялық өңдеу процесінің физикалық моделі мен математикалық сипаттамасы қарастырылады. Негізгі назар жылу- және масса алмасу процесінің сыртқы есебіне ударылып, ылғалдың буланyы негізінен талшық бетінде жүзеге асады деп есептеледі. Модель екі өлшемді дискретті координаталар жүйесінде: талшықтың ұзындығы мен қалыңдығы бойынша құрылған. Негізіне стационарлық ағын, ламинарлық шекаралық қабат және беткі булану үрдістерін ескеретін жылу және масса алмасу теңдеулері алынған. Әсіресе, буланудың салқындатқыш әсері – ішкі теріс жылу көзі ретінде көрінетін құбылыс ескеріліп көрсетілген. Ұсынылған модель термиялық өңдеу кезінде орын алатын жылу және масса алмасу кинетикасын, сондай-ақ шекаралық қабаттағы температура мен су буының концентрациясының өзгеруін сипаттауға мүмкіндік береді. Алынған теңдеулер мақта талшығын термиялық кептіру процесін талдау және оңтайландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Тірек сөздер: мақта талшығы, дифференциалдық теңдеу, жылу энергиясының теңдеуі, қозғалыс теңдеуі, ағынның тұтастық теңдеуі.

Байтуреев, А.М. Мақта талшығын термиялық өңдеу үдерісін математикалық модельдеу [Мәтін] / А.М. Байтуреев, Ж.А. Ертаева, А.Т. Оңлабекова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.229-239. https://doi.org/10.55956/UZWN8365

Кіріспе. Қазіргі жағдайда Қазақстан ұлттық экономиканы тиімділігін арттыруға және әлемдік экономикаға ықпалдастыруға бағытталған ауқымды құрылымдық жаңғырту үдерісін жүзеге асыруда.

Мақта шикізатын бастапқы өңдеу саласындағы жоғары технологиялық өндірістердің теңгерімді дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіптің (иіру, тоқыма және тігін өндірістерін қоса алғанда) қуаттылығын арттыру мақсатында еліміздің әртүрлі өңірлерінде арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) құрылуда. Бұл аймақтар Оңтүстік Қазақстандағы өнеркәсіптік өсімді ынталандырумен қатар, тоқыма өнеркәсібін жалпы дамытуда маңызды қозғаушы күш ретінде қарастырылады.

Жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің дамуы өз кезегінде ауыл шаруашылығы мен ұлттық экономиканың сабақтас салаларының кеңеюіне қолайлы жағдай жасайды. Жаңа арнайы экономикалық аймақтарды ұйымдастыру жекелеген өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге және жалпы ұлттық экономиканың өсуін қамтамасыз етуге ықпал ететін стратегиялық тетік болып табылады [1,2].

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныстың артуы жағдайында агроөнеркәсіптік кәсіпорындар мен фермерлік шаруашылықтар алдында тек өндіріс көлемін ұлғайту ғана емес, сонымен қатар жиналған өнімді сақтау мәселесі де өткір тұр. Бұл міндетті шешудің негізгі факторларының бірі – ауыл шаруашылығы шикізатын энергия үнемдейтін термиялық өңдеу технологияларын енгізу болып табылады, олар өнімнің сапасын төмендетпей ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз етеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу мақта талшығын термиялық өңдеу барысында жүретін сыртқы жылу және масса алмасу процестерін математикалық тұрғыда сипаттауға бағытталған. Негізгі назар талшық бетінде ылғалдың қанықкан бу күйінде буланuы жүзеге асатын тұрақты жылдамдықтағы кептіру кезеңіне аударылды.

Зерттеудің негізін жылу және масса алмасудың негізгі процестері талшықтың беткі қабатында жүзеге асады деген болжамға негізделген физикалық модель құрайды. Екіөлшемді стационарлық есеп дискретті координаталық жүйеде қарастырылады: «х» осі талшықтың ұзындығы бойымен бағытталған, ал «у» осі оның қалыңдығын сипаттайды.

Математикалық сипаттама жылуөткізгіштік, қозғалыс мөлшері және үздіксіздік теңдеулерін қамтиды. Модельдің ерекшелігі – ылғалдың буланuын теріс ішкі жылу көзі ретінде есепке алуында, ол (*rm*) сипатымен өрнектеледі, мұнда «*r*» – буланудың меншікті жылуы, ал «*m*» – булананатын ылғалдың жылдамдығы.

Сандық есептеулерді жүргізу үшін төртінші ретті Рунге-Кутта әдісі қолданылды. Нөлдік нүкте маңындағы функцияларды жуықтау үшін Тейлор және Маклорен қатарлары пайдаланылды [1]. Алынған теңдеулер жүйесі негізінде температура мен жылдамдық өрістеріне модельдеу жүргізіліп, шекаралық қабаттағы параметрлердің өзгеру сипатын көрсететін графиктік тәуелділіктер тұрғызылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ауыл шаруашылығы шикізатын, әсіресе мақта талшығын термиялық өңдеудің негізгі кезеңдерінің бірі – кептіру процесі болып табылады. Бұл кезең жоғары энергия сыйымдылығымен және технологиялық маңыздылығымен ерекшеленеді әрі дайын өнімнің сапасын айқындайды. Мақтаны бастапқы өңдеу кәсіпорындарында пайдалану сенімділігі жоғары және қызмет көрсетуі жеңіл барабанды кептіргіш қондырғылар кеңінен қолданылады.

Аталған жұмыста жылу және масса алмасу теориясының негізгі қағидаларына сүйене отырып әзірленген математикалық сипаттамамен бірге мақта талшығын термиялық өңдеу процесінің физикалық моделі ұсынылған [1-3].

Бұл модельде талшық пен жылутасымалдағыш арасындағы негізгі өзара әрекет талшықтың сыртқы бетінде жүзеге асады деп қабылданған. Осыған байланысты есеп сыртқы есеп ретінде қойылып, дискретті координаталық жүйеде қарастырылды: «х» осі талшықтың бойлық бағытымен, ал «у» осі оның қалыңдығы бойымен бағытталған.

Әзірленген физикалық тұжырымдамаға сәйкес математикалық модель өңделетін материалдағы жылу және масса алмасу процестерін сипаттайтын классикалық дифференциалдық теңдеулер жүйесіне негізделген.

Ол келесі теңдеулерден тұрады [4-6]:

жылу энергиясының теңдеуі:

$$\frac{\partial t}{\partial \tau} + \omega grad t = a\nabla^2 t; \quad (1)$$

қозғалыс мөлшерінің теңдеуі:

$$\frac{\partial \omega}{\partial \tau} + (\vec{\omega} grad)\vec{\omega} = -\frac{1}{\rho} grad + \upsilon\nabla^2\vec{\omega}; \quad (2)$$

ағынның үздіксіздік теңдеуі:

$$div\vec{\omega} = 0. \quad (3)$$

Ылғалды материалдарды термиялық өңдеу материал құрылымының ішінде жүретін ішкі энергия және ылғал тасымалын, сондай-ақ олардың қоршаған ортамен сыртқы алмасуын қамтитын жылу және масса алмасу құбылыстарының күрделі жиынтығын құрайды. Мақта талшықтарын кептіру процесінде жылу мен ылғалдың сыртқы алмасу кезеңі, яғни буланудың тұрақты жылдамдық режиміне сәйкес келетін фаза, инженерлік тұрғыдан аса маңызды болып табылады. Бұл кезеңде талшық бетінен бөлінетін су буы қаныққан күйде болады, ал талшық пен қоршаған орта шекарасындағы температура қанығу температурасына жуықтайды.

Ламинарлы шекаралық қабат жағдайында буланумен қатар жүретін ағынды сипаттайтын екіөлшемді стационарлық есеп үшін температура-жылдамдық өрісі фазалық ауысу әсерін ескеретін қосымша мүшесі бар теңдеулер жүйесімен анықталады. Атап айтқанда, *(rm)* өрнегі энергия балансына буланудың жасырын жылуы арқылы үлес қосады: мұнда фазалық ауысудың меншікті жасырын жылуы *r* мен булану массалық ағыны *m* (уақыт бірлігінде кеуекті ортаның көлем бірлігінен буланатын ылғал массасы ретінде анықталады) көбейтіндісі булану бетінде пайда болатын салқындау әсерінен туындайтын теріс ішкі жылу көзін сипаттайды.

$$\left.\begin{aligned} &\omega_x \frac{d\omega_x}{dx} + \omega_y \frac{d\omega_y}{dy} = \upsilon \frac{d^2\omega_x}{d^2 y} - \frac{1}{\rho}\frac{dp}{dx} \\ &\frac{d\omega_x}{dx} + \frac{d\omega_y}{dy} = 0 \\ &pc_г\ g\omega_x \frac{dt_x}{dx} + \omega_y \frac{d\omega_y}{dy} = \lambda_г \frac{d^2 t}{d^2 y} - rm \end{aligned}\right\} \quad (4)$$

(1)–(4) теңдеулерінде келесі белгілер қабылданған: ρ – материалдың тығыздығы, кг/м³; g – ауырлық күшінің үдеуі, м/с²; p – меншікті қысым, Н/м²; t – температура, °С; ω – сызықтық жылдамдық, м/с; υ – кинематикалық

тұтқырлық, м²/с; ∇^2 – Лаплас операторы; $c_г$ – p=const жағдайындағы меншікті жылу сыйымдылығы, Дж/(кг·град); $\lambda_г$ – жылуөткізгіштік коэффициенті, Вт/(м·град); α – жылуберу коэффициенті, Вт/(м²·град); r – буланудың меншікті жылуы, Дж/кг; d – геометриялық өлшем, м; m – буланатын ылғалдың көлемдік жылдамдығы, м³/с.

Материал бетінен ылғалды шығару жылдамдығы (басқаша айтқанда, кептіру қарқындылығы) булану шекарасына бағытталған жылу ағынын ескеретін жылуөткізгіштік теңдеуінің негізінде анықталады:

$$m = \frac{\lambda_г}{rd^2} \cdot (t_г - t_0) \tag{5}$$


(5) өрнегіне сүйене отырып, мақта талшығының бетінен буланатын ылғал массасы шекаралық қабат шегіндегі кептіру ортасының температура градиентімен анықталады деген болжам жасауға болады. Басқаша айтқанда, булану қарқындылығы талшық бетіне бағытталған жылу ағынының шамасына тікелей тәуелді, яғни:

$$m = \frac{\lambda_г}{rd^2} \cdot \frac{dt}{dy} \tag{6}$$

Дифференциалдық теңдеулер жүйесіне (4) тиісті бастапқы және шекаралық шарттарды қолдану, сондай-ақ осы жүйені аналитикалық шешу нәтижесінде келесі функционалдық тәуелділікті алуға болады:

$$4[f'(\eta)]^2 - 3f(\eta)f''(\eta) = 2f''(\eta) + 4 \tag{7}$$

Мақта талшығын термиялық кептіру процесінің графикалық интерпретациясы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1. Мақта талшығын термиялық өңдеу процесінің сұлбалық бейнесі

Одан әрі аналитикалық зерттеу жүргізу үшін *f(η)* функциясын η=0 нүктесінің маңында Тейлор қатарына жіктеп қарастырайық:

$$f(\eta) = f(0) + \eta \cdot f'(0) + \frac{\eta^2 f'(0)}{2!} + \ldots + \tag{8}$$

$$f(\eta) = \frac{b\eta^2}{2} \cdot \tag{9}$$

(9) теңдеуде келтірілген «b» белгісіз коэффициентін анықтау үшін (7) теңдеуінің сандық шешімі қолданылады. Осы мақсатта бастапқы (7) теңдеуі оған эквивалентті дифференциалдық теңдеулер жүйесіне түрлендіріледі, бұл шекаралық есептерді шешудің стандартты сандық әдістерін қолдануға мүмкіндік береді:

$$\left.\begin{aligned} \frac{dt}{d\eta} &= S; \\ \frac{dS}{d\eta} &= Z; \\ \frac{dZ}{d\eta} &= 2S^2 - \frac{3}{2} fZ - 2 \end{aligned}\right\} \tag{10}$$

(10) теңдеулер жүйесін сандық интегралдау үшін шешімнің қажетті дәлдігін қамтамасыз ететін төртінші ретті Рунге-Кутта әдісі қолданылды. Жүргізілген есептеулер нәтижесінде ылғал тасымалының векторлық жылдамдық компоненттері – ω_x және ω_y, анықталды. Алынған мәндер кейіннен жылуөткізгіштік процесін сипаттайтын (4) теңдеулер жүйесінің үшінші теңдеуіне қойылады:

$$\omega_x = (\upsilon \cdot cx^3)^{1/2} f'(\eta)\left(\frac{cx}{\upsilon}\right)^{1/2} = cx^2 f'(\eta)\,; \tag{11}$$

$$\begin{aligned} \omega_y &= -\frac{3}{2}(\upsilon c)^{1/2} x^{1/2} f'(\eta)^{1/2} (\upsilon c x^3)^{1/2} f'(\eta)^{1/2} \frac{\eta}{x} = \\ &= -\frac{1}{2}(\upsilon c x)^{1/2}\left[3f(\eta) + \eta f'(\eta)\right]; \end{aligned} \tag{12}$$

$$pc_p g\left[\omega_x \frac{dt}{dx} + \omega_y \frac{dt}{dy}\right] = \lambda_г \frac{d^2 t}{dy^2} - rm \cdot \tag{13}$$

Бұл тәсіл мақта талшығын термиялық өңдеу моделінде жылуалмасу мен массаалмасу процестерінің өзара байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«*c*» белгісіз коэффициенті [4-10] дереккөзіне сәйкес келесі өрнектен анықталады:

$$c = \frac{u_г}{d^{1/3}} \cdot \tag{14}$$

(6) теңдеуді (13) теңдеуге келтіру арқылы келесі өрнек алынады:

$$pc_p g\left[\omega_x \frac{dt}{dx} + \omega_y \frac{dt}{dy}\right] = \lambda_г \frac{d^2 t}{dy^2} - \left[\frac{\lambda_г}{d^2} \cdot \frac{dt}{dy}\right]. \tag{15}$$

(15) теңдеуді талдау барысында "*x*" координатасы бойымен газ температурасының градиенті елеусіз аз деп есептеледі. Осыған байланысты (16) теңдеу ықшамдалып, келесі түрге келтіріледі:

$$\lambda_г \frac{d^2t}{dy^2} - \left(\frac{\lambda_г}{d^2} + \rho c_p g \omega_y \right) \cdot \frac{dt}{dy} = 0 \cdot \tag{16}$$

Қабылданған белгілеуді ескере отырып:

$$\frac{dt}{dy} = Z \cdot \tag{17}$$

(16) теңдеу бірінші ретті қарапайым дифференциалдық теңдеуге айналады:

$$\lambda_г \frac{d^2t}{dy^2} - \left[\frac{\lambda_{гг}}{d_2} + \rho c_p g \omega_y \right] \cdot Z = 0 \cdot \tag{18}$$

(13) теңдеуден:

$$\begin{aligned} \omega_y &= -\frac{1}{2}(\nu cx)^{1/2} \left[\frac{3b}{2} \left(\frac{cx}{\nu} \right)^{1/2} y + \left(\frac{cx}{\nu} \right)^{1/2} yb \left(\frac{cx}{\nu} \right)^{1/2} y \right] = \\ &= -\frac{1}{2} bcx \left[\frac{3}{2} y + \left(\frac{cx}{\nu} \right)^{1/2} \cdot y^2 \right]. \end{aligned} \tag{19}$$

(19) өрнекті (18) теңдеуге қойып, айнымалыларды бөліп алғаннан кейін келесі өрнекті аламыз:

$$\lambda_г \frac{dz}{Z} = -\left\{ \frac{\lambda_г}{d^2} \cdot \frac{1}{2} \rho c_p g bcx \left[\frac{3}{2} y + \left(\frac{cx}{\nu} \right)^{1/2} y^2 \right] \right\} d_y \cdot \tag{20}$$

(20) теңдеуді интегралдау нәтижесінде келесі өрнек алынады:

$$\ln Z = a_1 y - a_2 y^2 - a_3 y^3 + \ln F_1, \tag{21}$$

мұндағы: F_1 – интегралдау тұрақтысы.

$$a_1 = \frac{\lambda_г}{d_2}; \; a_2 = \frac{3}{8\lambda_г} \rho c_p g bcx; \; a_3 = \frac{1}{6\lambda_г} \rho c_p g bcx \left(\frac{cx}{\upsilon} \right)^{1/2} \cdot$$

бұл жерде:

$$\frac{Z}{F_1} = \exp\left(a_1 y - a_2 y^2 - a_3 y^3 \right). \tag{22}$$

(22) теңдеуді (17) теңдеуге қойып, екінші рет интегралдау жүргізсек:

$$t = \int F_1 \exp(a_1 y - a_2 y^2 - a_3 y^3) dy + G, \quad (23)$$

мұндағы: G – интегралдау тұрақтысы.

Аталған интегралды есептеу үшін интеграл астындағы функция Маклорен қатарына жіктеледі.

Осы мақсатта келесідей белгілейміз:

$$a_1 y - a_2 y^2 - a_3 y^3 = q \quad (24)$$

Осыдан:

$$e^q = 1 + q + \frac{q^2}{2!} + \frac{q^3}{3!} + ... + \frac{q^n}{n!} \quad (25)$$

y айнымалысының кіші мәндері үшін қатарды бірінші ретті мүшелермен шектеуге болады. Шынында да,

$$\text{егер } q = 0{,}1, \text{ онда } \exp(0{,}1) = 1{,}11 \quad (26)$$

Жуық өрнекпен алмастыру:

$$e^q = 1 + q = 1 + 0{,}1 = 1{,}1 \quad (27)$$

келесі қателікті тудырады:

$$100 \cdot \frac{1{,}11 - 1{,}1}{1{,}1} = 0{,}9\%. \quad (28)$$

Осылайша, (24) теңдеуді ескере отырып, (25) теңдеуден келесі өрнекті аламыз:

$$\exp(q) = 1 + a_1 y - a_2 y^2 - a_3 y^3. \quad (29)$$

(29) теңдеуді (23) теңдеуге қойсақ, келесі өрнек алынады:

$$t = F \int \left(1 + a_1 y + a_2 y^2 - a_3 y^3\right) dy + G.$$

Интегралдау нәтижесінде:

$$t = F_1 \left[y + \frac{(a_1 y^2)}{2} - \frac{(a_2 y^3)}{3} - \frac{(a_3 y^4)}{4} \right] + G. \quad (30)$$

Белгісіз интегралдау коэффициенттері F_1 және G шекаралық шарттардан анықталады:

$$\text{а) } y = 0 \; t = t_н = t_{насыщ,} \quad (31)$$

бірінші шекаралық шарттан $G=t_н$ екені шығады;

б) $\lambda_г\left(dt/dy\right)\big|_{y=\delta} = \alpha\cdot\left(t_г - t\right)$ (32)

Екінші шекаралық шарттан:

$$\begin{aligned}&\lambda_г F_1\left(1+a_1\delta-a_2\delta^2-a_3\delta^3\right)=\\&=\alpha\left[t_г - F_1\left(\delta+\frac{\left(a_1\delta^2\right)}{2}-\frac{\left(a_2\delta^3\right)}{3}-\frac{\left(a_3\delta^3\right)}{4}\right)-t_s\right].\end{aligned} \quad (33)$$

келесі нәтиже алынады:

$$F=\frac{\alpha(t_г - t_s)}{\lambda_г(1+a_1\delta-a_2\delta^2-a_3\delta^3)+\alpha\left[\delta+\left(\frac{a_1}{2}\right)\delta^2-\left(\frac{a_2}{3}\right)\delta^3-\left(\frac{a_3}{4}\right)\delta^4\right]}. \quad (34)$$

Шекаралық қабаттың қалыңдығы (19) және (12) өрнектерінің негізінде анықталады.

(19) теңдеуден:

$$f(\eta)=b\eta=b(cx/\nu)^{1/2}y\,, \quad (35)$$

ал (12) теңдеуден және жылдамдық өрістеріне арналған шекаралық шарттарды қолдана отырып, мұнда:

а) $\omega=\omega_y=0$ болады, егер $y=0$;

б) $\omega_x\to u_г$ болады егер $y\to\delta$,

мұндағы: $u_г$ – будың жылдамдығы, δ – шекаралық қабаттың қалыңдығы.

Осыны есепке ала келесі өрнек алынады:

$$\omega_x=u_г=cx^2f'(\eta) \quad (36)$$

Осыдан:

$$f'(\eta)=u_г/cx^2 \quad (37)$$

(35) және (37) өрнектерін теңестіре отырып, келесі теңдеуді аламыз:

$$u_г/(cx^2)=b(cx/\nu)^{1/2}\cdot y\big|_{y=\delta} \quad (38)$$

Қажетті түрлендірулерді орындағаннан кейін, келесі нәтиже шығады:

$$\delta=\frac{\nu^{1/2}d^{1/2}}{b(u_r^{1/2}\cdot x^2\cdot x^{1/2})}=\left(\frac{1}{bx^2}\right)\left(\frac{vd}{u^r}\cdot x\right)^{1/2} \quad (39)$$

Теңдеулер жүйесін сандық түрде есептеу барысында мақта талшығы бетінің температурасының координата бойынша өзгеру тәуелділіктері анықталып, ылғалдың булану жылдамдығының таралуы тұрғызылды. Термиялық өңдеудің бастапқы кезеңінде булану процесі тұрақты жылдамдықпен жүретіні, ал талшық бетінің температурасы бу қанығу температурасына өте жақын болатыны анықталды.

Шекаралық қабаттағы температураның таралуын сипаттайтын аналитикалық теңдеулер алынып, кептіру процесінің тиімділігіне әсер ететін негізгі параметрлер – кептіру ортасының температура градиенті мен шекаралық қабаттың қалыңдығы екендігі айқындалды. Жүргізілген талдау булану процесінің талшық бетінде айтарлықтай салқындау әсерін тудыратынын көрсетті, бұл кептіру жабдықтарын жобалау және оңтайландыру кезінде міндетті түрде ескерілуі тиіс.

Қорытынды. Аталған жұмыста мақта талшығын термиялық өңдеу процесін сипаттайтын, кептірудің тұрақты жылдамдық кезеңіндегі сыртқы жылу және масса алмасуды қамтитын физика-математикалық модель ұсынылды. Алынған аналитикалық және сандық нәтижелер шекаралық қабат шегіндегі температураны және булану қарқындылығын жоғары дәлдікпен бағалауға мүмкіндік береді, бұл кептіру процесінің энергия тиімділігін арттыру мен дайын өнім сапасын жақсарту үшін аса маңызды.

Термиялық кептіру кезіндегі сыртқы жылу және масса алмасу кинетикасы шекаралық қабат бойынша ылғал буы концентрациясының өзгеруімен, сондай-ақ ылғалды материал бетіне жақын аймақтағы кептіру агентінің температурасының өзгеруімен анықталатыны көрсетілді.

Әзірленген модель текстиль өнеркәсібі кәсіпорындарындағы кептіру қондырғыларының жұмыс режимдерін оңтайландыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Алдағы зерттеулерде модельді ішкі жылу және ылғал тасымалы процестерін ескере отырып кеңейту, сондай-ақ алынған нәтижелерді эксперименттік тұрғыда тексеру жоспарлануда.

Осылайша, қойылған есепті тиісті тұжырымдамада шешу нәтижесінде мақта талшығын термиялық өңдеу процесін бағалауға мүмкіндік беретін әртүрлі теңдеулер алынды.

Әдебиеттер тізімі

1. Байтуреев, А.М. Интенсификация процесса сушки хлопка-сырца [Текст]: монография / А.М. Байтуреев. – Тараз: Тараз университеті, 2017. – 168 с.
2. Мирошниченко, Г.И. Основы проектирования машин первичной обработки хлопка [Текст] / Г.И. Мирошниченко. – М.: Машиностроение, 1972. – 487 с.
3. Лойцянский, Л.Г. Механика жидкости и газа [Текст] / Л.Г. Лойцянский. – М., 1973. – 904 с.
4. Дытнерский, Ю.И. Процессы и аппараты химической технологии [Текст]. Ч. 1 / Ю.И. Дытнерский. – М.: Химия, 2002. – 400 с.
5. Дытнерский, Ю.И. Процессы и аппараты химической технологии [Текст]. Ч. 2 / Ю.И. Дытнерский. – М.: Химия, 2002. – 368 с.
6. Ульдяков, А.И. Сушка хлопка-сырца [Текст] / А.И. Ульдяков. – М., 1975. – 142 с.
7. Хранение и переработка сельскохозяйственной продукции [Текст]: научный журнал. – Алматы, 2002. – № 3. – С. 11-16.
8. Калдыбаев, Т.Д. Математические модели подготовки хлопка-сырца к сушке [Текст] / Т.Д. Калдыбаев // Хлопковая промышленность. – Ташкент, 1989. – № 3.
9. Лыков, А.В. Теория тепло- и массопереноса [Текст] / А.В. Лыков. – М.–Л.: Госэнергоиздат, 1963. – 684 с.
10. Байтуреев, А.М. Математическое моделирование и решение оптимизационной задачи при определении температуры сушильного агента на выходе из

сушильного барабана [Текст] / А.М. Байтуреев // Химическая технология. Контроль и управление. – Ташкент, 2009. – № 3. – С. 70-73.

Материал редакцияға 17.06.25 түсті, 26.12.25 қабылданды.

А.М. Байтуреев[1], Ж.А. Ертаева[2], А.Т. Онлабекова[1]

[1]Таразский университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
[2]ТОО Профессиональный гуманитарно-технический колледж «Білім», Тараз, Казахстан

МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОЦЕССА ТЕРМООБРАБОТКИ ХЛОПКОВОГО ВОЛОКНА

Аннотация. В статье рассматривается физическая модель и математическое описание процесса термообработки хлопкового волокна. Основное внимание уделено внешней задаче тепломассообмена, предполагая, что испарение влаги происходит преимущественно с поверхности волокна. Модель построена в двумерной дискретной системе координат: вдоль длины и толщины волокна. В основу положены уравнения тепло- и массопереноса, учитывающие стационарное течение, ламинарный пограничный слой и испарение с поверхности. Особое внимание уделено учету охлаждающего эффекта испарения, проявляющегося в виде внутреннего отрицательного источника тепла. Разработанная модель позволяет описывать кинетику тепломассообмена при термообработке, включая изменения температуры и концентрации водяных паров в пограничном слое. Полученные уравнения могут быть использованы для анализа и оптимизации процесса термической сушки хлопкового волокна.

Ключевые слова: хлопковое волокно, дифференциальное уравнение, уравнение тепловой энергии, уравнение движения, уравнение сплошности потока.

A.M. Baitureev[1], Zh.A. Yertaeva[2], A.T. Onlabekova[1]

[1]M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan
[2]Professional Humanitarian and Technical College “Bilim”,Taraz, Kazakhstan

MATHEMATICAL MODELING OF THE THERMAL TREATMENT PROCESS OF COTTON FIBER

Abstract. The article addresses the physical model and mathematical description of the thermal treatment process of cotton fiber. The main focus is on the external heat and mass transfer problem, assuming that moisture evaporation occurs predominantly from the fiber surface. The model is constructed in a two-dimensional discrete coordinate system along the fiber’s length and thickness. The foundation of the model comprises heat and mass transfer equations that consider steady-state flow, a laminar boundary layer, and surface evaporation. Special attention is given to accounting for the cooling effect of evaporation, manifested as an internal negative heat source. The developed model enables the description of heat and mass transfer kinetics during thermal treatment, including changes in temperature and water vapor concentration within the boundary layer. The resulting equations can be applied for the analysis and optimization of the cotton fiber thermal drying process.

Keywords: cotton fiber, differential equation, heat energy equation, momentum equation, continuity equation.

References

1. Baitureev, A.M. Intensifikatsiya protsessa sushki khlopka-syrtsa [Intensification of the drying process of raw cotton]: monografiya. – Taraz: Taraz University, 2017. – 168 p. [in Russian].
2. Miroshnichenko, G.I. Osnovy proektirovaniya mashin pervichnoi obrabotki khlopka [Fundamentals of designing machines for primary cotton processing]. – Moscow: Mashinostroenie, 1972. – 487 p. [in Russian].
3. Loitsyanskii, L.G. Mekhanika zhidkosti i gaza [Fluid and gas mechanics]. – Moscow, 1973. – 904 p. [in Russian].
4. Khranenie i pererabotka sel'skokhozyaistvennoi produktsii [Storage and processing of agricultural products]. – Almaty, 2002. – No. 3. – P. 11-16. [in Russian].
5. Kaldybaev, T.D. Matematicheskie modeli podgotovki khlopka-syrtsa k sushke [Mathematical models of raw cotton preparation for drying] // Khlopkovaya promyshlennost' [Cotton Industry]. – Tashkent, 1989. – No. 3. [in Russian].
6. Dytnerskii, Yu.I. Protsessy i apparaty khimicheskoi tekhnologii. Chast' 1 [Processes and apparatuses of chemical technology. Part 1]. – Moscow: Khimiya, 2002. – 400 p. [in Russian].
7. Dytnerskii, Yu.I. Protsessy i apparaty khimicheskoi tekhnologii. Chast' 2 [Processes and apparatuses of chemical technology. Part 2]. – Moscow: Khimiya, 2002. – 368 p. [in Russian].
8. Ul'dyakov, A.I. Sushka khlopka-syrtsa [Drying of raw cotton]. – Moscow, 1975. – 142 p. [in Russian].
9. Lykov, A.V. Teoriya teplo- i massoperenosa [Theory of heat and mass transfer]. – Moscow–Leningrad: Gosenergoizdat, 1963. [in Russian].
10. Baitureev, A.M. Matematicheskoe modelirovanie i reshenie optimizatsionnoi zadachi pri opredelenii temperatury sushil'nogo agenta na vykhode iz sushil'nogo barabana [Mathematical modeling and solution of an optimization problem in determining the drying agent temperature at the outlet of a drying drum] // Khimicheskaya tekhnologiya. Kontrol' i upravlenie [Chemical Technology. Control and Management]. – Tashkent, 2009. – No. 3. – P. 70-73. [in Russian].

ҒТАМР 64.33.81

Н.Н. Азиз-Кариева[1] – *негізгі автор*,
Р.О. Жилисбаева[2]

[1]*Магистрант*, [2]*Техн. ғылым. д-ры, профессор*

[1]*https://orcid.org/0009-0001-5840-3537* [2]*https://orcid.org/0000-0002-5722-4617*

[1,2]*Алматы технологиялық университеті*,

Алматы, Қазақстан

[1]azizkarieva@inbox.ru

https://doi.org/10.55956/HJRY2433

АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ ҰШҚЫШТАРЫНЫҢ ФОРМАЛЫҚ КИІМІНЕ КҮН СӘУЛЕСІНЕН ҚОРҒАЙТЫН ТОҚЫМА МАТЕРИАЛДАРЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Аңдатпа. Қолданыстағы нормативтік құжаттарда ұшқыштардың формалық киіміне күн сәулесінен қорғайтын қасиеттер бойынша тікелей талаптар қарастырылмаған, алайда ультракүлгін сәулеленудің (УФ) кәсіби әсері ғылыми түрде расталған. Жұмыстың мақсаты – өндіруші мәлімдеген ультракүлгіннен қорғаныс деңгейі (UPF) бар тоқыма материалдарын негізгі сыртқы қабат ретінде пилоттың формалық жейдесіне енгізудің орындылығын негіздеу және бағалау. Зерттеуде кешенді (аралас) тәсіл қолданылды: салалық әдебиет пен реттеуші-құқықтық актілерді талдау арқылы олқылықтарды айқындау; функционалдық материалдар саласындағы шешімдерді технологиялық трансферлеу және бейімдеу мақсатында outdoor сегментіндегі эталондық жейделерді салыстырмалы бағалау; UPF-тоқымалардың эксплуатациялық-гигиеналық негізгі көрсеткіштері (ауаөткізгіштік, мыжылуға төзімділік, түкшеленуге (пиллингке) төзімділік) бойынша зертханалық сынақтар жүргізу. Кешенді бағалау нәтижесінде күннен қорғайтын қасиеттері бар пилоттың формалық жейдесін жобалауға арналған прототип таңдалды. Ғылыми жаңалығы – кемелденген тұтыну секторынан авиациялық формаға технологиялық шешімдерді көшірудің (технологиялық трансфердің) қайталанатын алгоритмін ұсыну. Практикалық маңызы – ұшқыштардың фотобиологиялық жүктемесін төмендету және эксплуатациялық әсерін тексеруге арналған тәжірибелік партияны шығаруға даярлық.

Тірек сөздер: күннен қорғайтын тоқыма, пилоттың формалық киімі, азаматтық авиация, кәсіби ультракүлгін әсері, ультракүлгіннен қорғаныс деңгейі (UPF), функционалды тоқыма материалдары, белсенді демалыс киімі (outdoor).

Азиз-Кариева, Н.Н. Азаматтық авиация ұшқыштарының формалық киіміне күн сәулесінен қорғайтын тоқыма материалдарын интеграциялау [Мәтін] / Н.Н. Азиз-Кариева, Р.О. Жилисбаева //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.240-251. https://doi.org/10.55956/HJRY2433

Кіріспе. Азаматтық авиация ұшқыштарының формалық киімі әуе компанияларының имиджін қалыптастыратын негізгі элементтердің бірі болып қала береді: бұл сегментте корпоративтік стиль мен сыртқы келбеттің регламенттелген талаптарына қатаң сәйкестік көбіне эргономикалық және қорғаныштық сипаттамалардан басым түседі. Дегенмен, жыл сайын алыс

қашықтықтағы рейстер санының артуы және жұмыс ортасы мен сыртқы орта факторларының кешенді ықпалы жағдайында ұшқыштардың қызметтік киімінің функционалдық қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейіп келеді. Қолданыстағы шешімдерді талдау қорғаныш функцияларын, соның ішінде зиянды өндірістік факторлар қатарына жататын ультракүлгін (УФ) сәулеленуді экрандау мәселелерінің жеткіліксіз пысықталғанын көрсетеді.

Ұшқыштар униформасына күн сәулесінен қорғайтын қасиеттерді енгізудің өзектілігі биіктік артқан сайын УФ-сәулелену қарқындылығының әрбір 1000 м сайын 10-12% өсетіні жөніндегі ғылыми дәлелденген деректермен айқындалады [1]. Бұл экипажға түсетін фотобиологиялық жүктемені едәуір күшейтеді. M. Sanlorenzo және т.б. (2015) жүргізген эксперименттік зерттеулер (АҚШ, Сан-Хосе және Лас-Вегас – күн радиациясы жоғары өңірлер) 30 000 фут (≈ 9,14 км) эшелонда 56,6 минут ұшу барысында ұшқыштардың алатын УФ-А (А типті ультракүлгін сәуле, UV-A) дозасы солярийдегі 20 минуттық сеансқа шамалас екенін көрсетті, бұл айқын кумулятивтік әсерді меңзейді [2]. Созылмалы ультракүлгін сәулелену тері жасушалары ДНҚ-сында тұрақты зақымдануларға әкеліп, мутагенез бен фотокәріленуді күшейтеді және меланома мен өзге де онкологиялық аурулардың даму қаупін едәуір арттырады [3]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ; ағылш. World Health Organization, WHO) ультракүлгін зақымданулардың алдын алуда киім киюді ең маңызды қорғаныс шараларының бірі ретінде қарастырады [4]. Осыған байланысты ультракүлгіннен қорғаныс көрсеткіші жоғары киім (Ultraviolet Protection Factor, UPF) базалық тосқауылдың күшейтілген нұсқасы ретінде УФ-сәулеленудің алдын алуды тиімдірек қамтамасыз етеді, бұл оны ұшқыштар униформасында қолдануды негіздейді.

Салалық регламенттерде формалық киімнің күннен қорғайтын сипаттамалары бойынша тікелей талаптардың болмауы жағдайында технологиялық трансферді неғұрлым кемелденген сегменттен – белсенді демалысқа, туризм мен спортқа арналған киімдерден (outdoor-киім) – қолдану орынды болып табылады. Аталған сегментте UPF-материалдарды пайдалану күн радиациясының қауіпті әсерінің алдын алудың тиімді тәсілі ретінде өзін дәлелдеген.

Осы жұмыстың мақсаты – ультракүлгін сәулеленудің әуе кемесі экипажына қолайсыз ықпалы және меланома мен УФ-ассоциацияланған қатерлі тері жаңа түзілімдерінің тәуекелін төмендету шаралары туралы ғылыми деректерді жинақтау, сондай-ақ функционалдық тоқыма материалдарын жаңа салалық жағдайға бейімдеу мүмкіндігін бағалау: азаматтық авиация ұшқыштарының формалық киімін күннен қорғайтын қасиеттерді интеграциялау арқылы жобалау.

Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер орындалды:

1. Медициналық деректер мен салалық үрдістерді талдау негізінде ұшқыштардың формалық киіміне күннен қорғайтын қасиеттерді интеграциялау қажеттілігі негізделді.

2. Белсенді демалыс, туризм және спорт киімі санатындағы UPF-материалдарды ұшқыштар униформасын жобалауға бейімдеу мүмкіндігі талданды.

3. Іріктелген материалдардың эксплуатациялық және эстетикалық сипаттамалары қолданыстағы стандарттарға сәйкес тәжірибелік түрде бағаланды.

4. УФ-қорғанысы интеграцияланған ұшқыш формалық кешенінің элементін жобалауға арналған базалық модель ретінде ұсынылатын прототип анықталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы азаматтық авиация ұшқыштарының формалық киімі сегментіне (бұған дейін бұл міндет аясында қарастырылмаған) күннен қорғайтын функцияны енгізудің орындылығын негіздеуде және кейіннен қолданбалы инженерлік шешімді ұсынуда көрінеді.

Ұсынылған тәсілдің негізінде тоқыма наноматериалдары мен тоқыма талшықтарының құрылымдық модификациялары эксплуатациялық қасиеттерді сақтай отырып, УФ-сәулеленуден ұзақ мерзімді әрі тұрақты қорғанысты қамтамасыз ете алады деген гипотеза жатыр.

Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы (*International Civil Aviation Organization*, ICAO) халықаралық стандарттар мен ұсынылатын практиканы (*Standards and Recommended Practices*, SARPs) белгілейді, алайда ұшқыштардың формалық киімінің сыртқы келбетін, қолданылатын материалдарын және функционалдық сипаттамаларын регламенттемейді. Мінез-құлық нормалары мен кәсіби презентация, соның ішінде визуалды сәйкестендіру, экипаждың қауіпсіздік мәдениеті мен құзыреттілігінің жалпы құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [5]. Униформаның дизайнына, сапасына және қасиеттеріне қойылатын талаптарды айқындау және бекіту ұлттық реттеуші органдардың (мысалы, Қазақстан Республикасында – Көлік министрлігі, Азаматтық авиация комитеті) және эксплуатанттардың (әуе компанияларының) құзыретіне жатады. Еңбекті қорғау және ұшу құрамының денсаулығы мәселелері ICAO тарапынан негізінен шаршауды басқару және жалпы психофизиологиялық жай-күй бойынша ұсынымдармен шектеледі [6]. Қазіргі уақытта ұшқыштардың формалық киіміне мамандандырылған қорғаныш қасиеттерін енгізу қажеттілігіне қатысты ресми ережелер жоқ. Алайда жұмыс ортасының ерекшеліктерін ескерсек, бұл аспектінің әлеуетті маңыздылығы негізді болып көрінеді.

Азаматтық авиация ұшқыштарында бұрыннан белгілі кәсіби аурулар (аудио-респираторлық, жүрек-қантамыр жүйесінің, тірек-қимыл аппаратының аурулары, көру және неврологиялық бұзылыстар) қатарында XX ғасырдың 1980-жылдарының соңы – 1990-жылдарының басынан бастап ұшу қызметі жағдайларымен байланысты онкологиялық тәуекелдерге арналған мақсатты зерттеулер жүргізіле бастады. Зерттеулер нәтижесінде ұшқыштар мен бортсеріктерде тері меланомасы және сүт безі обыры сияқты аурулардың жалпы халықпен салыстырғанда жиірек кездесетіні анықталды; бұл, болжам бойынша, иондаушы сәулеленудің, циркадтық ырғақтардың ығысуының және күн радиациясының (UV-A) ықпалымен түсіндіріледі. Бұл тұжырымдар 2002–2014 жылдары *British Medical Journal* және *JAMA Dermatology* журналдарында жарияланған ауқымды метаанализдермен расталды: онкологиялық тәуекелдердің жалпы популяциямен салыстырғанда орта есеппен 2,2 есе артатыны, әсіресе ұшу уақыты 5000 сағаттан асқанда, айқынырақ байқалатыны көрсетілді. Ішінара сүзілетін әйнек арқылы кабинаға өтетін және кумулятивтік әсерге ие күннің ультракүлгін сәулеленуі; биіктіктегі иондаушы ғарыштық сәулелену; сондай-ақ гормондық теңгерімге, иммундық функцияға және ДНҚ-ның қалпына келу үдерістеріне ықпал ететін биологиялық ырғақтардың десинхронизациясы тәуекелдің негізгі факторлары ретінде танылған [7,8]. 2015 жылдан бастап бейінді ұйымдардың – Ұлыбританияның Кәсіби жарақаттар жөніндегі консультативтік кеңесінің (*Industrial Injuries Advisory Council*, IIAC) және Әуе желілері ұшқыштары

қауымдастықтарының халықаралық федерациясының (*International Federation of Air Line Pilots' Associations,* IFALPA) – есептерінде ұшқыш мамандығының жоғары онкологиялық тәуекелмен байланысты болуы мүмкін екені атап өтіле бастады. ІІАС қорытындылары негізінде еңбек өтілі бес жылдан асатын ұшу құрамының мүшелері үшін меланоманы кәсіби аурулар тізбесіне енгізу ұсынылды [9,10].

Азаматтық авиацияның тұрақты өсімі, соның ішінде трансконтинентальды және жоғары ендіктердегі рейстер санының артуымен қатар жүруі [11], әуе тасымалы ауқымын кеңейтіп қана қоймай, персоналға сыртқы ортаның қолайсыз факторларының жинақтала әсер етуін күшейтеді. Ұшқыштар арасында меланома және өзге де онкологиялық патологиялардың сырқаттанушылық деңгейі жоғары екені жөніндегі эпидемиологиялық деректерді, сондай-ақ авиация саласы қызметкерлері санының алдағы өсімі туралы болжамдарды ескере отырып, кәсіби аурулардың алдын алу жүйесіне күннен қорғайтын құралдарды, оның ішінде тоқыма негізіндегі шешімдерді интеграциялау қажет. Сертификатталған УФ-қорғаныш қасиеттері бар киімді (UPF материалдарынан) ұшқыштар униформасының құрамына енгізу онкологиялық тәуекелді төмендетудің қолжетімді әрі тиімді тәсілі ретінде қарастырылуы мүмкін, әсіресе күн сәулесі ұзақ уақыт және тұрақты әсер ететін жағдайларда. Мұндай тәсілдер УФ-экспозиция деңгейі жоғары басқа кәсіби салаларда да, құрылыс, спорт және ауыл шаруашылығында, қолданылып келеді.

Аналитикалық есептер деректеріне сәйкес, UPF-тоқымалар мен күннен қорғайтын киімнің әлемдік нарығы әртүрлі кәсіби және тұтынушылық сегменттердегі сұранысты көрсететін тұрақты өсім үрдісін байқатады. Алдағы онжылдықта бұл нарықтың күннен қорғайтын тоқыма үшін орташа жылдық өсу қарқыны CAGR ≈ 5,5%, ал UPF таңбалауы бар киім үшін CAGR ≈ 4,3% деңгейінде тұрақты ұлғаюы болжанады [12,13]. Қазіргі таңда UPF-тоқыма өндіру технологияларының негізгі тренді – қорғаныш қасиеті талшық құрылымына енгізілген синтетикалық талшықтарды белсенді қолдану; мұндай материалдар қосымша өңдеусіз-ақ тұрақты UPF 50+ деңгейін қамтамасыз етеді. Бұл шешімдер жаппай өндірісте қолданылып келеді, ал олардың құны әдеттегі тоқыма полотноларымен салыстырғанда 2-3 есе жоғары, бұл функционалдық деңгейі мен ұзақ қызмет ету мерзімімен негізделеді [12]. Осылайша, УФ-экспозициямен байланысты аурулардың алдын алуға қызығушылықтың артуы жағдайында, соның ішінде кәсіби ортада да, UPF-тоқыма технологиялық тұрғыдан кемелденген әрі коммерциялық қолжетімді шешім ретінде бағаланады және оны мамандандырылған әрі формалық киім құрамына, оның ішінде азаматтық авиация ұшқыштарының экипировкасына интеграциялауға болады.

Эргономикалық сипаттамалар, қауіпсіз материалдарды пайдалану, пайдалану (эксплуатация) жағдайларын ескеру, сондай-ақ төтенше және күнделікті жағдайларда персоналды визуалды сәйкестендіруді қамтамасыз ету – жеңіл өнеркәсіп пен еңбекті қорғау жүйесі шеңберінде формалық және арнайы киімді жобалау мен қолдануды реттейтін салалық нормативтерде бекітілген негізгі талаптар. Еңбекке қабілеттіліктің төмендеуіне жол бермеу және әуе компанияларының тиісті имиджін қамтамасыз ету мақсатында осы қағидаттар азаматтық авиация ұшқыштарының формалық киімін әзірлеу кезінде де ескерілуі тиіс. Ұшқыштың формалық костюмінің ассортименті тұрақты құрамымен және ондаған жылдар бойы сақталып келе жатқан силуэттердің шектеулі вариативтілігімен ерекшеленеді. Ерлердің

классикалық костюмінің сызықтарына негізделген униформа, негізінен, корпоративтік символика мен айырым белгілерін (погондар, жеңге тағылатын нашивкалар) орналастыру, сондай-ақ оларды бекіту тәсілдері есебінен ғана түрлендіріледі.

Қызметтік экипировканың денемен тікелей жанасатын және ұшу тапсырмаларын орындау барысында ең қарқынды пайдаланылатын негізгі элементі – формалық жейде. Рейстерді орындау кезінде жинақтың үстіңгі бөліктері (пиджак, бас киім) әдетте қолданылмайды. Маусымдық шешімдер мен кабина микроклиматына бейімделу үшін униформаға көбіне трикотаж жилет немесе свитер қосылады. Мұндай тәжірибе, әсіресе ұзаққа созылатын (6-7 сағаттан астам) рейстер кезінде, тұйық жұмыс кеңістігінде жылулық және физиологиялық жайлылықты сақтау қажеттілігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты жейде киімнің негізгі жұмыс қабаты ретінде кабина микроклиматының бірқатар факторларының тікелей әсеріне ұшырайды: инфрақызыл (жылулық) және ультракүлгін сәулелену, сондай-ақ борттық жабдықтан тарайтын электромагниттік өрістер. Демек, қорғаныш қасиеттерін, соның ішінде күн спектрінің зиянды құрамдастарын экрандау қабілетін интеграциялау ең алдымен дәл жейде үшін аса өзекті.

UPF-тоқыманы әзірлеудегі жетістіктерге және жетекші UPF-киім өндірушілері (*Coolibar, Solumbra, Columbia, Patagonia* және *UV Skinz*) шығаратын күннен қорғайтын киімнің тиімділігі көпжылдық тәжірибемен расталғанына сүйене отырып, белсенді демалысқа арналған киім (outdoor) сегментіндегі жейде үлгілері УФ-қорғаныш қасиеттері бар формалық киім ассортиментін жобалауда прототип ретінде қызығушылық тудырады. Бұл сегментті таңдаудың негіздемелері төмендегідей:

– зерттеу үшін қолжетімділіктің жоғары болуы (үлгілерді еркін сатып алу және өндірушілер сайттары мен маркетплейстерде көрсетілген паспорттық сипаттамаларды талдау мүмкіндігі);

– формалық жейдемен конструктивтік ұқсастығы (бұйым архитектурасының және негізгі бөлшектер жиынтығының салыстырмалылығы);

– конструктивтік-технологиялық шешімдердің пысықталған болуы (қосымша желдету аймақтары, функционалдық қалталар мен қосалқы құралдарға арналған бекіткіштер, жүктемесі жоғары аймақтардағы күшейтпелер);

– материалтанулық әртүрлілік (UPF деңгейі мәлімделген полотнолардың құрамы мен құрылымдарының кең спектрі).

Аталған факторлардың жиынтығы outdoor-сегментті кейіннен шешімдерді ұшқыштардың формалық киіміне қойылатын регламенттелген талаптарға бейімдеу үшін қолайлы әрі валидті «трансфер алаңы» ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Белгіленген критерийлерге, яғни эргономикалық сипаттамаларға, функционалдық және қорғаныш қасиеттерге, эксплуатациялық сенімділікке, сондай-ақ корпоративтік стиль мен сыртқы келбетке қойылатын талаптарға сәйкестікке сәйкес географиялық, технологиялық, конструктивтік және эстетикалық белгілерді қамтитын модель-аналогтар іріктелді. Олардың қатарына тактикалық және далалық міндеттерге арналған, саяхат пен табиғаттағы белсенді демалысқа арналған модельдер енгізілді, сондай-ақ салыстырмалы талдау жүргізу үшін қазіргі уақытта әуе компаниясы қызметкерлері қолданатын стандартты формалық жейде де қамтылды. Таңдау

кезінде заманауи униформаларда кең қолданылатын, мақта негізіндегі және құрамына полиэстер немесе полиамид қосылған аралас маталарды пайдаланудың орындылығы ескерілді. Мұндай құрамдар табиғи талшықтың гигиеналық қасиеттерін синтетиканың эксплуатациялық артықшылықтарымен ұштастырып, жайлылық, беріктік және күтімнің қолайлылығы арасындағы оңтайлы теңгерімді қамтамасыз етеді. Негізгі күннен қорғайтын функция үшін киімнің УФ-қорғанысын бағалаудың халықаралық стандарттарына сәйкес келетін, UPF 50+ ең жоғары рейтингі бар материалдарға басымдық берілді. Тиісті технологиялық трендтердің қазіргі және болжамды бағытын, сондай-ақ зерттеу өңірінде үлгілерді сатып алудың қолжетімділігін ескере отырып, келесі модельдер бойынша салыстырмалы талдау (1-кесте) жүргізілді:

Кесте 1

Модель-аналогтардың салыстырмалы сипаттамалары

№	Атауы, тағайындалуы, өндіруші	Сипаттама	Сыртқы көрінісі
1	2	3	4
1	Күннен қорғайтын табиғаттағы демалысқа арналған ND Kiwi жейдесі (*Craghoppers*, Ұлыбритания)	Негізгі мата: 65% қайта өңделген полиэстер, 35% мақта, 115 г/м², UPF 50+. SolarShield технологиясы – қорғаныш қасиеті матаның құрылымына енгізілген және пайдалану барысында сақталады.	
2	Күннен қорғайтын саяхатқа арналған Travel Packaway жейдесі (*Regatta Great Outdoors*, Ұлыбритания)	Негізгі мата: 96% полиэстер, 4% эластан, 125 г/м², UPF 50+. Isoflex технологиясы – созылмалы, тез кебетін, су тебетін мата; қорғаныс материалдың микрокұрылымында УФ-сәулені бөгейтін компоненттерді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.	
3	Күннен қорғайтын, жоғары берікті тактикалық жейде (*HardLand*, АҚШ)	Негізгі мата: 78% полиэстер, 22% мақта, 130 г/м², UPF 40+. УФ-қорғаныш қасиеттері Ripstop құрылымының жоғары тығыздығы, базалық талшықтың (полиэстердің) қасиеттері және УФ-стабилизаторларды енгізу комбинациясы есебінен қамтамасыз етіледі.	
4	Күннен қорғайтын балық аулауға арналған жейде (*MAGCOMSEN*, Қытай)	Негізгі мата: 100% полиэстер, 90 г/м², UPF 50+. Перфорацияланған торлы Ripstop құрылымы ауаөткізгіштікті арттырып, ылғалды сыртқа шығаруды және тез кебуді қамтамасыз етеді; УФ-қорғаныс полиэстердің құрылымдық қасиеттері мен УФ-стабилизаторларды қолдану есебінен жүзеге асады.	
5	Күннен қорғайтын белсенді демалысқа арналған AFRICA жейдесі (*Free Pilots Association*, Ресей)	Негізгі мата: 100% полиамид, 105 г/м², UPF 30+. УФ-қорғаныстың ұзақмерзімділігі синтетикалық жіптерді өндіру кезінде УФ-абсорбциялайтын қоспаларды (аддитивтерді) енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.	

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
6	Формалық жейде (*Техноавиа*, Ресей)	Негізгі мата: 65% полиэфир, 35% мақта, 105 г/м². Ультракүлгін сәулеленуден қорғаныш қасиеті жоқ. Арнайы функционалдық бөлшектері бар: иық сызығы бойынша жұмсақ погондарды бекітуге арналған қондырма паттар.	

Ескерту: Ультракүлгіннен қорғаныс көрсеткіштері (UPF 30+, 40+, 50+) өндіруші брендтердің ресми сайттарында және олардың сауда өкілдерінің парақшаларында орналастырылған ақпарат негізінде келтірілді.

Осы зерттеуде өндірушілер мәлімдеген UPF мәндерін жалпыға қабылданған стандарттарға (EN ISO 13758-1/-2; AATCC TM 183-2020) сәйкес зертханалық верификациялау жүргізілген жоқ, өйткені қарастырылған брендтердің басым бөлігі нарықта ұзақ жылдан бері жұмыс істейтін, беделі қалыптасқан және өнім туралы мәліметтерді ашық жариялайтын өндірушілер болып табылады. Модель-аналогтарды салыстырмалы талдау маталар құрамын және УФ-қорғаныс технологияларын таңдауда орнықты үрдістердің бар екенін көрсетті. Ең кең таралғаны – полиэстер мен мақта негізіндегі аралас материалдар; олардағы әртүрлі деңгейдегі құрылымдық және химиялық модификациялар мәлімделген UPF көрсеткіштерін қамтамасыз етеді. Бірқатар модельдерде ультракүлгін сәуледен қорғаныс патенттелген технологияларды енгізу немесе УФ-стабилизаторларды қолдану есебінен іске асырылады. Алынған деректер материалдардың эксплуатациялық және эстетикалық қасиеттерін әрі қарай зерттеуге негіз қалыптастырды.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Пилоттың формалық жейдесін жобалау кезінде айқындаушы параметрлер ретінде мыналар қарастырылады: түкшеленуге бейімділік (пиллинг) – сыртқы көріністің презентабельдігін және тозуға төзімділікті сақтау үшін; мыжылғыштық/пішінін қалпына келтіру – ауысым бойы ұқыпты көріністі қамтамасыз ету үшін; ауаөткізгіштік – жылу мен ылғал алмасудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету үшін.

Осыған байланысты белсенді демалыс киімі (outdoor) сегментіндегі UPF қасиеті бар материалдардың пилоттың формалық жейдесінде қолдануға жарамдылығын дәлелдеу мақсатында аталған көрсеткіштер бойынша зертханалық бағалау жүргізілді. Сынақтардың әдістемелік сипаттамасы (2-кесте) түрінде берілді.

Кесте 2

Зерттеу әдістері, жабдықтары және параметрлері

№	Зерттеу түрі	Әдіс	Жабдық	Стандарттар	Көрсеткіш атауы
1	2	3	4	5	6
1	Тоқыма материалдардың мыжылуға төзімділігін анықтау	Зертханалық аспаптарды қолдана отырып, бақыланатын мыжу әдісі	СМТ (ЦНИХБИ жанындағы Мәскеу тәжірибелік зауыты, Ресей)	ISO 2313:1972 ГОСТ 19204-73	Мыжылмағыштық коэффициенті

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
2	Тоқыма материалдардың ауаөткізгіштігін анықтау	Тұрақты қысым айырмасы жағдайында мата арқылы өтетін ауа көлемін анықтау әдісі	МТ 160 («Метротекс» ЖШҚ, Ресей)	ISO 9237:1995 ГОСТ 12088-77	Ауаөткізгіштіктің орташа көрсеткіші
3	Тоқыма материалдардың үйкелуге төзімділігі мен пиллингке бейімділігін анықтау	Мартиндейл әдісі	TF 210 (TESTEX, Қытай)	ISO 12945-2:2000 ГОСТ Р ИСО 12945-2-2012	Пиллингтің орташа көрсеткіші

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Сынақтар қорытындысы бойынша зерттелетін материалдардың эксплуатациялық және эстетикалық қасиеттерін сипаттайтын мәндер анықталды. Мыжылуға төзімділік, ауаөткізгіштік және пиллингке бейімділік бойынша жинақталған нәтижелер 3-кестеде берілген (*қалың қаріппен – бұйымға қойылатын нормативтік талаптарға ең жоғары сәйкестік көрсеткен мәндер белгіленді*).

Кесте 3

2-кестеде келтірілген әдістер бойынша зерттелетін материалдар үшін көрсеткіштерді өлшеу нәтижелері

№	Көрсеткіш атауы, өлшем бірлігі	Үлгінің атауы					
		ND Kiwi жейдесі, *Craghoppers*	Travel Packaway жейдесі, *Regatta Great Outdoors*	Тактикалық жейде, *Hardland*	Балық аулауға арналған жейде, *Magcomsen*	AFRICA жейдесі, *Free Pilots Association*	Формалық жейде, Техноавиа
1	Мыжылмағыштық коэффициенті, %	**63,9**	61,1	**63,9**	**63,9**	61,1	52,8
2	Ауаөткізгіштіктің орташа көрсеткіші, дм³/(м²·с)	**56,9**	**57**	31,82	172,5	56,54	**57**
3	Пиллингке төзімділіктің орташа көрсеткіші, балл	**5**	4,3	**5**	**5**	**5**	4,3

Ескерту:

1. ISO 2313:1972 және ГОСТ 19204-73 стандарттарына сәйкес, мыжылмағыштық коэффициенті материалдың мыжылғаннан кейін пішінін қалпына келтіру қабілетін сипаттайды; оның мәні неғұрлым жоғары болса, бұйым эксплуатация барысында пішінін және сыртқы көрінісін соғұрлым жақсы сақтайды.

2. Алынған мәндер (31,82-57 дм³/(м²·с)) ГОСТ 11518-88 бойынша жейделік маталарға қойылатын нормадан (≥ 150-300 дм³/(м²·с)) төмен. Дайын

жейделер үшін ГОСТ 30327-2013 бойынша ≥ 60 дм³/(м²·с) мәні рұқсат етілетін деңгей болып есептеледі. Пилот жейдесіне арналған оңтайлы нормалар – осы жұмыста авторлық зерттеулер нәтижелері мен дереккөздерді талдау негізінде ұсынылған диапазонға сәйкес 80-120 дм³/(м²·с).

3. Пиллингке төзімділіктің балдық бағасы ГОСТ Р ИСО 12945-2-2012 шкаласы бойынша берілді: 5 балл – пиллинг жоқ; 4 – өте әлсіз; 3 – орташа; 1-2 – айқын пиллинг.

Мыжылуға төзімділік, ауаөткізгіштік және пиллингке бейімділік бойынша кешенді көрсеткіштерді талдау зерттелген үлгілердің ешқайсысы азаматтық авиация пилотының формалық жейдесіне арналған осы жұмыста ұсынылған мақсатты ауаөткізгіштік диапазонына (80-120 дм³/(м²·с)) толық сәйкес келмейтінін көрсетті. Дегенмен, эксплуатациялық және эстетикалық сипаттамалардың жиынтығы бойынша талаптарға ең жоғары сәйкестікті ND Kiwi (Craghoppers) үлгісі көрсетті: ол мыжылмағыштық коэффициентінің жоғары мәнін (63,9%), пиллингтің болмауын (5 балл) және дайын жейделер үшін ең төменгі рұқсат етілетін деңгейге жақын ауаөткізгіштікті (56,9 дм³/(м²·с)) үйлестіреді.

Бұдан бөлек, бұл модель-аналог прототипті таңдаудың критерийлеріне материалдың аралас құрамы арқылы да жауап береді: құрамында мақта және қайта өңделген полиэстер бар, бұл тұрақты және экологиялық бағдарланған өндірістің қазіргі үрдістерімен сәйкес келеді. Маңызды артықшылық ретінде ультракүлгін сәуледен қорғаныстың ең жоғары деңгейі (UPF 50+) атап өтіледі: қорғаныш қасиеті талшық құрылымына енгізілген, сондықтан эксплуатация барысында күннен қорғайтын әсердің ұзақмерзімділігі мен тұрақтылығы қамтамасыз етіледі.

ND Kiwi (Craghoppers**)** моделін таңдау оның пилоттың формалық жейдесіне конструктивтік тұрғыдан жарамдылығымен де негізделеді: классикалық силуэт және жаға түрі, қимыл еркіндігін арттыратын арқадағы қатпар, кеуде қалталарының болуы. Аталған сипаттамалардың жиынтығы бұл бұйымды және оны дайындауда қолданылған материалды ультракүлгіннен қорғанысы интеграцияланған пилоттың формалық жейдесін жобалау үшін базалық бағдар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Зерттеуде азаматтық авиация ұшқыштарының кәсіби қызметімен байланысты УФ-экспозиция бойынша дәлелді база жүйелендіріліп, оның әсерін төмендету шаралары қарастырылды; фотоқорғанысы интеграцияланған формалық киімді жобалауда функционалдық тоқыма материалдарын қолданудың мүмкіндігі бағаланды. Жұмыста төмендегі әдістер пайдаланылды:

– ұшу құрамына ультракүлгін сәулеленудің әсер ету салдарлары туралы медициналық және салалық дереккөздерді талдау;

– униформаның УФ-қорғанысына қатысты тікелей талаптарды анықтамаған нормативтік-регуляторлық шолу;

– белсенді демалыс киімі сегментіндегі референттік (benchmark) модель-аналогтар бойынша салыстырмалы талдау және прототип таңдау;

– UPF деңгейі мәлімделген материалдардың негізгі тұтынушылық көрсеткіштері бойынша қолданыстағы стандарттарға сәйкес зертханалық сынақтар.

Коммерциялық қолжетімді outdoor жейделерін салыстыру УФ-қорғанысты қамтамасыз ететін синтетикалық және аралас материалдардың

басым екенін көрсетті. Зертханалық сынақтар олардың мыжылуға жоғары төзімділігін және пиллингке төмен бейімділігін растады, алайда ауаөткізгіштіктің мақсатты диапазонына зерттелген материалдардың ешқайсысы жеткен жоқ. Пилоттың формалық жейдесіне бейімдеу үшін прототип ретінде конструктивтік және материалтанулық сипаттамалардың ең жақсы жиынтық теңгерімін, сондай-ақ жейде ассортиментінің классикалық шешімдеріне сәйкестігін көрсеткен үлгі іріктелді.

Қорытындылар:

1. Пилот униформасының негізгі жұмыс қабатына (жейдеге) күннен қорғайтын тоқыма материалдарын енгізу кумулятивтік фотожүктемені төмендетудің технологиялық әрі ұйымдастырушылық тұрғыдан жүзеге асатын жолы болып табылады.

2. Белсенді демалыс, туризм және спорт киімі сегменті визуалды сәйкестендіру және қызметтік киімнің тозуға төзімділігі талаптарымен үйлесетін материалдар мен конструктивтік тораптарды дұрыс бейімдеуге арналған сыналған база береді.

3. Нақты UPF-материалдарды сериялық қолдану жөнінде инженерлік негізделген шешім қабылдау үшін басым тұтынушылық көрсеткіштердің (ауаөткізгіштік, мыжылмағыштық, пиллингке бейімділік) мақсатты диапазондарға сәйкестігін міндетті түрде растау қажет, өйткені олар эксплуатациялық жайлылыққа және ауысым бойы кәсіби келбетті сақтауға тікелей әсер етеді.

Алынған нәтижелер негізінде УФ-сәуледен қорғанысы интеграцияланған формалық жейделердің тәжірибелік партиясын дайындап, оны ұшу бөлімшелерінде эксплуатациялық валидациядан өткізу (жайлылық, термореттеу, сыртқы көріністің сақталуы) орынды. Мақсатқа жарамдылығы расталған жағдайда, ең төменгі талаптарды корпоративтік стандарттарда бекіту ұсынылады. Кейінгі жұмыс маусымдық сценарийлер үшін материалдар номенклатурасын кеңейтуді және жұмыс орнының эргономикасы мен эксплуатация ерекшеліктерін ескере отырып, конструктивтік шешімдерді нақтылауды қамтуы мүмкін.

Осылайша, зерттеу пилоттың формалық жейдесіне күннен қорғайтын функцияны интеграциялаудың орындылығы мен жүзеге асырылатыны жөніндегі бастапқы гипотезаны растайды, материалдарға қойылатын талаптарды нақтылайды және енгізудің практикалық маршрутын қалыптастырады – тәжірибелік партия мен эксплуатациялық бағалаудан бастап, салалық деңгейдегі стандарттарда нормативтік спецификациялауға дейін.

Әдебиеттер тізімі

1. World Health Organization; World Meteorological Organization; United Nations Environment Programme; International Commission on Non-Ionizing Radiation Protection. Global Solar UV Index: A Practical Guide. – Geneva: WHO, 2002. – 28 p.
2. Sanlorenzo M., Vujic I., Posch C., Cleaver J. E., Quaglino P., Ortiz-Urda S. The Risk of Melanoma in Pilots and Cabin Crew: UV Measurements in Flying Airplanes // JAMA Dermatology. – 2015. – Vol. 151. – No. 4. – P. 450-452.
3. Manganelli M., Desiderio C., Toniolo C., Rosato S., Vismara M. F. M., Cannavò S. P., Ventura A., Guerra L., Facchiano A. Skin Photodamage and Melanomagenesis // Cancers. – 2025. – Vol. 17. – No. 11. – P. 1784.
4. World Health Organization. Radiation: protecting against skin cancer. — 16.07.2024. – [Electronic resource]. – Access mode: https://www.who.int/news-

room/questions-and-answers/item/radiation-protecting-against-skin-cancer. Date of access: 13.07.2025.
5. International Civil Aviation Organization. Safety Management Manual (SMM). Doc 9859. – 4th ed. – Montreal: ICAO, 2018. – 182 p.
6. International Civil Aviation Organization. Annex 6 to the Convention on International Civil Aviation. Part I: International Commercial Air Transport – Aeroplanes. – 11th ed., July 2018. – Montreal: ICAO, 2018. – 292 p.
7. Miura K., Olsen C. M., Rea S., Marsden J., Green A. C. Do airline pilots and cabin crew have raised risks of melanoma and other skin cancers? A systematic review and meta-analysis // The British Journal of Dermatology. – 2018. – Vol. 181. – No. 1. – P. 55-63.
8. Sanlorenzo M., Wehner M. R., Linos E. и др. The risk of melanoma in airline pilots and cabin crew: a meta-analysis // JAMA Dermatology. – 2015. – Vol. 151. – No. 1. – P. 51-58.
9. Industrial Injuries Advisory Council (IIAC). Cutaneous Malignant Melanoma and Occupational Exposure to (Natural) UV Radiation in Pilots and Aircrew. – London: IIAC, 12 May 2020. – 50 p.
10. IFALPA. Ocular Hazards of Ultraviolet (UV) and Blue Light Exposure (Briefing Leaflet 24HUPBL01). – Montréal: International Federation of Air Line Pilots' Associations, 06.05.2024. – 5 p.
11. International Air Transport Association (IATA). Global air passenger demand surpassed pre-pandemic levels in 2024 // Press Release. – 30.01.2025. – [Electronic resource]. – Access mode: https://www.iata.org/en/pressroom/2025-releases/2025-01-30-01/. Date of access: 02.08.2025.
12. Market Research Future. Fabrics for Sun Protection Market Research Report – Global Forecast till 2034. – [Electronic resource]. – Access mode: https://www.marketresearchfuture.com/reports/fabrics-for-sun-protection-market-25810. Date of access: 06.08.2025.
13. Market Research Future. UPF Sun Protective Clothing Market Research Report — Global Forecast till 2034. – [Electronic resource]. – Access mode: https://www.marketresearchfuture.com/reports/upf-sun-protective-clothing-market-30314. Date of access: 06.08.2025.

Материал редакцияға 21.10.25 түсті, 19.12.25 қабылданды.

Н.Н. Азиз-Кариева[1], Р.О. Жилисбаева[1]

[1]Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

ИНТЕГРАЦИЯ СОЛНЦЕЗАЩИТНОГО ТЕКСТИЛЯ В ФОРМЕННУЮ ОДЕЖДУ ПИЛОТОВ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ

Аннотация. Действующие нормативные документы не содержат прямых требований к солнцезащитным свойствам форменной одежды пилотов, несмотря на подтверждённое профессиональное воздействие ультрафиолетового излучения. Цель работы – обоснование и оценка интеграции текстиля с заявленным уровнем защиты от ультрафиолета (UPF) в форменную рубашку пилота как базовый рабочий слой. Применён комбинированный подход: целевой анализ профильной литературы и регуляторных актов с идентификацией пробелов; сравнительная оценка референтных сорочек для активного отдыха с целью заимствования и адаптации практик в области функциональных материалов; лабораторные испытания UPF-тканей по ключевым эксплуатационно-гигиеническим показателям (воздухопроницаемость, устойчивость к смятию и пиллингу). В результате комплексной оценки определён прототип для проектирования форменной рубашки

пилота с солнцезащитными свойствами. Научная новизна состоит в воспроизводимом алгоритме технологического трансфера из зрелого потребительского сектора в авиационную форму. Практическая значимость – снижение фотобиологической нагрузки у пилотов, готовность к выпуску опытной партии для эксплуатационной проверки эффекта.

Ключевые слова: солнцезащитный текстиль, униформа пилота, гражданская авиация, профессиональная УФ-экспозиция, уровень УФ-защиты (UPF), функциональные текстильные материалы, одежда для активного отдыха (outdoor).

N.N. Aziz-Karieva[1], R.O. Zhilisbaeva[2]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

INTEGRATION OF SUN-PROTECTIVE TEXTILES INTO CIVIL AVIATION PILOTS' UNIFORMS

Abstract. Current regulatory documents do not specify explicit requirements for the sun-protective performance of pilots' uniforms, despite confirmed occupational ultraviolet exposure. The aim of this work is to substantiate and evaluate the integration of UPF-rated textiles into a pilot uniform shirt as the primary uniform layer. A combined approach was used: a targeted review of domain literature and regulatory acts with gap identification; a comparative assessment of reference outdoor shirts to borrow and adapt practices from functional textiles; and laboratory testing of UPF fabrics for key performance and hygiene indicators (air permeability, wrinkle/crease resistance, and pilling resistance). The comprehensive assessment resulted in the selection of a prototype for designing a pilot uniform shirt with sun-protective properties. The scientific novelty lies in a reproducible algorithm for technology transfer from a mature consumer segment to aviation uniform apparel. The practical significance is the potential to reduce pilots' photobiological load and the readiness to produce a pilot batch for operational evaluation of the effect.

Keywords: sun-protective textiles, pilot uniform, civil aviation, occupational UV exposure, Ultraviolet Protection Factor (UPF), functional textile materials, outdoor apparel.

ҒТАМР 64.29.01

Г.О. Тулендиева[1] – *основной автор*, **М.Ш. Шардарбек[2], Ж.К. Гафуров[3], Ж.К. Боркулакова[4]**

[1,4]*Докторант,* [2]*Техн. ғылым. канд, доцент,* [3]*Техн. ғылым. д-ры, доцент*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0000-0002-3095-9058* [2]*https://orcid.org/0000-0002-9787-5684* [3]*https://orcid.org/0000-0002-2253-7306* [4]*https://orcid.org/0000-0001-5382-9064*

[1,2,4]*М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан*

[3]*Джизак политехникалық институты, Джизак, Өзбекстан*

@ [1]*tulendieva_gulmira@mail.ru*

©

https://doi.org/10.55956/LRQJ3606

ИГЕРІЛМЕГЕН ЖҮНДІ БЕЙМАТА МАТЕРИАЛДАРЫНА ӨҢДЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНА ШОЛУ

Аңдатпа. Мақалада беймата материалдарын қалыптастыру және біріктірудің қазіргі заманғы технологияларына шолу жасалған. Беймата қалыптастырудың негізгі әдістері (құрғақ, дымқыл, полимерлі), сондай-ақ талшықтарды біріктіру тәсілдері (механикалық, термиялық, химиялық және аралас) қарастырылды. Олардың артықшылықтары мен шектеулері келтіріліп, салыстырмалы сипаттамасы мен өндірістік технологиялық циклдің сызбалары берілді. Шолу талшықтарды біріктіру әдісін таңдау материалдардың қажетті сипаттамаларын және функционалдығын қамтамасыз етудегі негізгі фактор екенін растайды.

Тірек сөздер: беймата материалдары, бейматаны қалыптастыру, талшықтарды біріктіру, механикалық әдістер, термиялық әдістер, химиялық әдістер, аралас технологиялар.

Тулендиева, Г.О. Игерілмеген жүнді беймата материалдарына өңдеудің заманауи технологияларына шолу [Мәтін] / Г.О. Тулендиева, М.Ш. Шардарбек, Ж.К. Гафуров, Ж.К. Боркулакова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.252-259. https://doi.org/10.55956/LRQJ3606

Кіріспе. Жүн негізіндегі беймата материалдар соңғы жылдары экологиялық тазалығы, жаңартылатындығы және функционалдық қасиеттерінің жоғары болуына байланысты зерттеушілер мен өндірушілердің қызығушылығын арттырып отыр. Жүннің жылуөткізгіштігі төмен, ауа өткізгіштігі жоғары және ылғалды реттеу қабілетінің болуы оны жылуоқшаулағыш және техникалық материалдар өндіру үшін перспективалы шикізат ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [1-3].

Алайда қой қырқукезінде алынатын дөрекі жүннің едәуір бөлігі жеңіл өнеркәсіпте сұранысқа ие болмай игерілмей қалып отыр. Мұндай жүн көбінесе орынсыз жойылып, экологиялық мәселелердің туындауына және құнды шикізаттың жоғалуына алып келеді. Оны тиімді пайдаланудың ұтымды бағыттарының бірі – беймата материалдар өндіру мақсатында қайта өңдеу болып табылады. Бұл материалдар құрылыс саласында, жеңіл өнеркәсіпте, автомобиль өнеркәсібінде және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта кеңінен қолданылады [1,2,4-6].

Қазіргі уақытта жүнді беймата материалдарға қайта өңдеудің бірнеше технологиялық тәсілдері бар: инетесімді біріктіру, термиялық біріктіру, химиялық және аралас әдістер. Әрбір тәсілдің бастапқы шикізаттың сапасына, процестердің энергия сыйымдылығына және дайын өнімнің қасиеттеріне байланысты өзіндік артықшылықтары мен шектеулері бар.

Осыған байланысты игерілмеген жүннен беймата материалдар өндіру технологияларын жүйелеу, оларды салыстырмалы түрде талдау және практикалық қолдану перспективаларын бағалау өзекті мәселе болып табылады.

Мақаланың мақсаты – игерілмеген жүнді беймата материалдарға қайта өңдеудің заманауи технологияларын жүйелеу, олардың технологиялық ерекшеліктері мен қолдану мүмкіндіктерін талдау және қарастыру.

Ғылыми зерттеулерге шолу және талдау. *Жүннен беймата материалдарын жасау технологиялары.* Жүн негізіндегі беймата материалдар талшықтарды біріктірудің әртүрлі тәсілдері арқылы алынады: механикалық, термиялық, химиялық және аралас. Әрбір әдістің алынатын материалдардың қолдану саласын айқындайтын өзіндік артықшылықтары мен шектеулері бар. Көптеген технологияларға ортақ ерекшелік – арнайы желілерде жүзеге асырылатын өндірістік процестің үздіксіздігі. Бұл төмен шығынды, жаппай өндірісті және материал қасиеттерін кең ауқымда өзгерту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Беймата материалдарды өндірудің барлық әдістерінің негізінде екі негізгі кезең жатыр: талшықты матаны қалыптастыру және оны кейіннен біріктіру. Біріктіру жеке тәсілдермен де, олардың комбинациясы арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Беймата материалдарды өндірудің технологиялық циклының реттілігі 1-суретте сызбалық түрде көрсетілген.



Сурет 1. Беймата материалдарды өндірудің технологиялық процесінің сызбасы

Жайманы қалыптастыру әдістерін шартты түрде үш негізгі топқа бөлуге болады: құрғақ әдіс, ылғалды әдіс және полимерден тікелей қалыптастыру әдісі [7].

Құрғақ әдіс (dry-laid) кардтытарау немесе аэродинамикалық қондырғыларды қолдануға негізделген, бұл жағдайда талшықтар бос құрылымды жайма түрінде таратылады [8]. Бұл әдіс жүнді қайта өңдеуде кең таралған әдістердің бірі болып табылады, себебі материалдың тығыздығы мен қалыңдығын реттеуге мүмкіндік береді.

Ылғалды әдіс (wet-laid) талшықтардың судағы суспензиясынан жайма қалыптастырып, кейін ылғалды кетіруді қамтиды. Бұл әдіс қағаз өндіру технологиясына жақын және талшықтардың біркелкі таралуын қамтамасыз етеді, бұл әсіресе сүзгілік және техникалық материалдар үшін маңызды. Бұл тәсілде негізінен целлюлозалық немесе шыны талшықтар қолданылады [9].

Полимерден тікелей қалыптастыру (spunlaid) әдісі жеке талшықтарды өндіру кезеңін айналып өтіп, полимер балқымасынан тікелей жүзеге асырылады. Spunlaid технологияларына spunbond, meltblown және олардың комбинациялары жатады. Бұл технологиялар беймата материалдардың синтетикалық сегментінде кеңінен қолданылады және жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді.

Spunbond технологиясында талшықтар полимерді балқытып, балқыманы иіру фильералары арқылы экструзиялау, кейін созу және қозғалмалы торға төсеу арқылы қалыптастырылады.

Meltblown технологиясында полимер балқымасынан жоғары температуралы ауа ағыны арқылы аса жіңішке талшықтар түзіліп, олар жайма түрінде шөгеді. Бұл әдістердің ерекшелігі – төсеу барысында талшықтардың белгілі бір жабысқақтығы мен температурасының сақталуы, соның нәтижесінде автоматты түрде термиялық бекіту жүзеге асады [10,11].

Талшықты жайманы қалыптастыру әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Талшықты жайма қалыптастыру әдістері: артықшылықтары мен кемшіліктері

11. Aleshina I.N. Razrabotka ratsional'noy tekhnologii pryazhi malykh lineynykh plotnostey iz smezhey srednevoloknistogo i tonkovoloknistogo khlopka [Development of rational technology of low linear density yarns from blends of medium- and fine-staple cotton]: Candidate of Technical Sciences Dissertation. – 2003. – 201 p. [in Russian].
12. Zeidman M., Sawhney P.S. Influence of fiber length distribution on strength efficiency of fibers in yarn // Textile Research Journal. – 2002. – Vol. 72. – No. 3. – P. 216-220.
13. Yusupalieva U., Matismailov S., Yuldashev A. Study of the influence of cotton fiber indicators on yarn quality // E3S Web of Conferences. – 2021. – Vol. 304, 03036. – P. 1-7.
14. Maslova N.A. Issledovanie vzaimosvyazi pokazateley, kharakterizuyushchikh lineynuyu plotnost' volokna, opredelyaemykh razlichnymi metodami [Study of the relationship between indicators characterizing fiber linear density determined by various methods] // Problems of Textiles. – 2002. – № 2. – P. 12-15. [in Russian].
15. Maslova N.A. Issledovanie vzaimosvyazi pokazateley dliny khlopkovogo volokna, opredelyaemykh razlichnymi metodami [Study of the relationship between cotton fiber length indicators determined by various methods] // Problems of Textiles. – 2002. – No. 3. – P. 36-39. [in Russian].
16. Khudayberdieva D.B., Sodikova G.K., Mamadjanova S.A. ekstil'no-tekhnologicheskie svoystva novykh sortov khlopkovogo volokna [Textile-technological properties of new cotton fiber varieties] // Universum: Technical Sciences : e-journal. – 2023. – No. 6(111). – P. 67-70. [in Russian].
17. Jumaniyazov K., Tozhimirzaev S.T., Muminov M.R. Issledovanie i otsenka svoystv khlopkovogo volokna v tekhnologicheskikh protsessakh [Study and evaluation of cotton fiber properties in technological processes] // Textile Industry Technology. – 2022. – № 1(397). – P. 162-170. [in Russian].
18. Uster Technologies AG. [Electronic resource]. – Access mode: www.uster.com

ҒТАМР 64.33.71

А.Ш. Амангелдиева[1] – *негізгі автор,*
Л.С. Тұрғынбекқызы[2] ©

[1]*Магистр,* [2]*Техн. ғылым. канд., PhD, қауымдас. профессор*

ORCID [1]*https://orcid.org/0009-0008-2579-1722* [2]*https://orcid.org/0000-0001-7268-7620*

[1,2]*Алматы технологиялық университеті,*

Алматы, Қазақстан

@ [1]*Asamangeldieva@gmail.com*

https://doi.org/10.55956/CJIX3259

ОРТА МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ҚЫЗДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫН ТАҢДАУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҮЛГІ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада орта мектеп жасындағы қыздарға арналған мектеп формасын жобалау кезінде бастапқы талаптарды әзірлеуге әсер ететін негізгі факторлар қарастырылады. Қазақстандағы кәсіпорындарда шығарылатын мектеп формасының сапасына қанағаттанбаудың басты себептері – оның гигиеналық және эргономикалық талаптарға сәйкес келмеуі, сондай-ақ орта мектеп жасындағы қыздардың өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауы және мектеп формасының жеке стилін қалыптастыруға қатысуы. Орта мектеп жасы – балалықтан жастыққа өтпелі кезең, ол организмнің терең қайта құрылуымен, жеке және әлеуметтік құндылықтардың өзгеруімен сипатталады, бұл қыздардың жеке имиджін жасауға деген ұмтылысында айқын көрінеді. Осыған байланысты зерттеу барысында жасөспірім қыздардың мектеп формасына қойылатын эстетикалық, функционалдық және имидждік талаптары онлайн сауалнама арқылы анықталды. Сауалнама нәтижелері негізінде мектеп формасының стилі, түстік шешімі және комплектациясы жүйеленді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының нарығында ұсынылған мектеп формасына арналған мата үлгілерінің органолептикалық, микроскопиялық және физика-механикалық қасиеттері зерттелді. Алынған нәтижелер мектеп формасын жобалау кезінде материалдар мен конструктивтік шешімдерді ғылыми негізде таңдауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: мектеп формасы, орта мектеп жасы, мектеп оқушыларының мінез-құлық сипаттамалары, жасөспірім кезеңі, жасөспірім жасы, имидж, жеке стиль.

Амангелдиева, А.Ш. Орта мектеп жасындағы қыздардың мектеп формасын таңдауына әсер ететін факторларды талдау [Мәтін] / А.Ш. Амангелдиева, Л.С. Тұрғынбекқызы //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.272-282. https://doi.org/10.55956/CJIX3259

Кіріспе. Қазіргі заманда білім беру жүйесінде оқушылардың сыртқы келбеті мен киім ыңғайлылығы маңызды рөл атқарады. Мектеп формасы – бұл тек сыртқы көрініс емес, сонымен қатар оқушылардың жайлылығы мен денсаулығына тікелей әсер ететін маңызды элемент. Мектепке арналған киімнің негізгі міндеті – балалардың физикалық және моральдық денсаулығын сақтау. Баланың денесінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін

әдемі және ыңғайлы мектеп киімдері баланың мектеп өміріне сәтті бейімделуіне, жақсы оқу үлгеріміне ықпал етеді. Көптеген мектептерде ұсынылатын стандартты киім үлгілері баланың жас ерекшеліктерін, дене бітімі мен белсенді қозғалыс қажеттілігін ескере бермейді. Мұндай формалар оқушының сабаққа деген қызығушылығын төмендетіп, өзін еркін сезінуге кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан мектеп формасы тек бірыңғай киім ретінде емес, баланың күнделікті өмірінің бір бөлігі ретінде қарастырылуы қажет. Оған қоса, тұтынушының талғамы мен нарық сұранысы да өзгеріп келеді. Ата-аналар мен оқушылар ыңғайлы, заманауи, әрі сапалы киім талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, мектеп формасына қойылатын жаңа талаптар – оны қауіпсіз, қолайлы, эстетикалық жағынан тартымды әрі әр оқушының дене ерекшелігіне бейімделетін үлгіде дайындауды қажет етеді.

Көптеген зерттеушілер бүгінгі күні мектеп формасын жасау бойынша ақпаратты құрылымдаудың біртұтас принциптерінің жоқтығын атап өтеді [1]. Осылайша, Каяшева О.Г. еңбегінде әр түрлі жыныс пен жас топтарындағы оқушылардың дамуының ерекшеліктері психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерді талдау негізінде, мектеп формасын жобалауда жыныстық және жас топтарына жеке көзқарас қолданудың перспективтілігін негіздейді [2].

Юсупова Ж.А. мен Мациевская Ю.А. мектеп киімін жобалау балалардың жас ерекшеліктерін, киімді тұтыну сипаттарын және әлеуметтік-экономикалық факторларды ескеруді талап ететін күрделі үдеріс екенін атап өтеді [3,4]. Авторлардың пікірінше, мектеп формасы – оқушылардың әртүрлі пайдалану жағдайларында жайлылықты, функционалдылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған көпфункционалды объект болып табылады. Осы зерттеуде мақсатты тұтынушы ретінде 5-9 сынып оқушылары – орта мектеп жасындағы қыздар қарастырылды. Мәселе екі бағытта зерттелді: біріншіден, орта мектеп жасындағы қыздардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері психологтардың еңбектері негізінде талданды; екіншіден, мектеп формасына қатысты олардың талғамдары мен талаптарын анықтау мақсатында онлайн сауалнама жүргізілді. Психологтардың пікірінше, орта мектеп жасы – балалық шақтан жастық кезеңге өтпелі кезең болып табылады және ол бүкіл организмнің қарқынды қайта құрылуымен сипатталады. Бұл кезеңде оқушыларда балалық пен ересектікке тән белгілер қатар байқалып, тұлғалық қасиеттер әлі қалыптасу сатысында болады. Осыған байланысты жасөспірімдер «жартылай бала, жартылай ересек» ретінде сипатталады. Жартылай ересек ретінде жасөспірім физикалық және рухани қажеттіліктердің жедел өсуін сезінсе, жартылай бала ретінде оларды толық қанағаттандыруға өмірлік тәжірибесі мен мүмкіндіктері жеткіліксіз болады. Бұл жағдай жасөспірімдердің мінез-құлқы мен әрекеттеріндегі қарама-қайшылықтарды түсіндіреді және аталған жас кезеңін тәрбиелеу мен жобалау тұрғысынан күрделі кезең ретінде қарастыруға негіз болады. Белгілі бір даму сатысында бала өзінің қоғамдағы бұрынғы орны мен мүмкіндіктері арасында сәйкессіздікті сезініп, оны өзгертуге ұмтылады. Осы ішкі қайшылықтар баланың әрекеттерінің қайта құрылуына және психикалық дамудың жаңа кезеңіне өтуіне себеп болады.

Ушаков Л.Д. өз зерттеулерінде өзін-өзі тану деңгейінің жоғарылауы «Мен қоғамға» деген жалпы ұстанымның «Мен қоғамда» және «Мен және қоғам» сияқты өзара алмасатын екі позицияға ауысуымен байланысты екенін анықтаған [5]. Автор жасөспірімдік кезеңнің дамуында үш негізгі сатыны бөліп көрсетеді:

– локалды-капризді кезең (10-11 жас) – ересектер тарапынан мойындалуға деген қажеттіліктің басымдығымен сипатталады;

– «құқық-маңызды» кезең (12-13 жас) – әлеуметтік мойындауға ұмтылумен байланысты болып, «мен де құқықтымын, мен істей аламын, мен міндеттімін» деген вербалды формалар арқылы көрініс табады;

– «бекіту-әрекетті» кезең (14-15 жас) – өзін көрсетуге және жеке мүмкіндіктерін жүзеге асыруға дайындықпен айқындалады.

Қазіргі уақытта Коблякова Е.Б., Бескоровайна Г.П., Тихонова Т.П., Шамухитдинова Л.Ш., Лукашева И.А., Юсупова Ж.А. және басқа да мамандардың балалар киімдерін жобалау процесін, тұтынушылар нарығын маркетингтік зерттеу әдістерін жетілдіруге және мектеп киімдерінің ассортименттік коллекцияларын қалыптастыру процесін автоматтандыруға арналған жұмыстары белгілі. Дегенмен, мектеп жасындағы балаларға арналған киімдерді жобалау кезінде шешілуі қажет бірқатар мәселелер оны нақтылауды және одан әрі дамытуды талап етеді. Мектеп оқушыларының ұтымды жиынтығын, дизайнын және сыртқы түрін жобалау кезінде қоршаған ортаның табиғи және әлеуметтік факторларын кешенді есепке алу мәселелері өзекті болып қала береді.

Бұл зерттеу жұмысы орта мектеп жасындағы қыз балалардың мектеп формасын таңдаудағы шешіміне әсер ететін факторларды кешенді түрде талдай отырып, олардың физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік және эстетикалық қажеттіліктерінің өзара байланысын ғылыми негізде сипаттайды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – мектеп формасын жобалау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, маркетингтік талдау мен клиенттердің пікірлеріне сүйене отырып, эстетика мен эргономика талаптарын тоғыстыратын киім үлгісін жасау.

Зерттеудің алғашқы кезеңі бойынша орта топтағы, яғни 10-14 жастағы қыздарда гормондық өзгерістер айқын пайда болады. Пубертат кезеңінде қыздарда эстрогендерді өндіру жанданады, бұл:

- май қабатының ұлғаюы (әсіресе сан және кеуде бөлігінде);
- күйдің өзгеруі (сүт бездерінің өсуіне байланысты белдегі майысу);
- жоғары терлілік (апокрин бездерінің гиперактивтілігі)7

Қазіргі заманда балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуы қарқынды түрде жеделдеуде, бұл құбылыс акселерация (латынша acceleration – жылдамдау) деп аталады. «Акселерация» термині балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жеделдеуін, сондай-ақ ересектердің дене өлшемдерінің ұлғаюын білдіреді.

Эргономикалық киімді жобалаудың екінші кезеңінде тұтынушының қызмет түрін анықтау қажет, өйткені әрбір кәсіби сала киімге өзіндік арнайы талаптар қояды және бұл талаптар жобалау барысында міндетті түрде ескерілуі тиіс. Сонымен қатар, қоршаған орта жағдайлары мен олардың адамның қимыл-қозғалысына тигізетін әсерін зерттеу де маңызды. Бұл факторлар эргономикалық көрсеткіштерге тікелей ықпал етіп, киімнің қолайлылығы мен тиімділігін айқындайды. Рационалды конструкцияны жасау үшін киімнің пайдалану жағдайларын талдау негізінде дененің өлшемдік сипаттамаларын өзгертуге ең көп әсер ететін тән қозғалыстарды анықтау және сәйкесінше конструкция бөлшектерінің формасын белгілеу қажет [6]. Антропометриялық және антроподинамикалық деректерді жинау қазіргі таңда 3D сканерлеу жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл технология

виртуалды ортада адам қозғалысын модельдеуге, сондай-ақ статикалық және динамикалық жағдайда фигураның өлшемдік параметрлерінің кең спектрін дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Осы ғылыми жұмыста орта жас тобындағы қыз балаларға арналған мектеп формасын зерттеу барысында тек сыртқы сәні мен сымбаты ғана емес, ең алдымен баланың дене дамуы мен қозғалысына ыңғайлылығы, эргономикалық және қауіпсіздік талаптары ескерілген киім үлгісін әзірлеу мәселелері қарастырылды. Осыған байланысты жұмыстың практикалық маңыздылығы жоғары.

Зерттеудің мақсаты – орта жас тобындағы қыз балаларға арналған мектеп формаларын жобалаудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтау және эксперименталдық үлгілерін жасау.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Орта мектеп жасындағы қыздардың мектеп формасын таңдауындағы талғамдары мен оған әсер ететін факторларды зерттеу мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Зерттеу жасөспірімдерге арналған брендтік киім нарығының талдауына негізделді [7], өйткені ол сәнді шешімдерді ұсына отырып, жеке ерекшеліктерді көрсетуге мүмкіндік береді, алайда бұл жасөспірімдердің киім таңдауын болжамсыз етеді.


Жасөспірімдерді тек мектепте бекітілген киім нұсқаларымен шектеп, олардың пікірін өзгерту әрдайым мүмкін болмағандықтан, зерттеу барысында олардың көзқарастарын ескеру маңызды болды. Мектеп формасын таңдауда негізгі әсер етуші факторлар мыналар болды:

- мектепте стильді киіну қажеттілігі;
- құрбылар арасында танымал сәндік трендтер;
- мектептегі белгілі бір дресскодтың болуы;
- жасөспірімнің өз индивидуалды стилін қабылдауы;
- сапалы брендтік киім киюге деген ниет.









Жасөспірім қыздардың мектеп формасына қатысты стиль, комплектация және басқа сипаттамаларға қойылатын талаптарды жүйелеу мақсатында Алматы қаласындағы бірнеше мектептерде Google Forms платформасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама 20 сұрақтан тұрды және қазақ және орыс тілдерінде 100 респондентке бағытталды. Сауалнама сұрақтары мектеп формасына қатысты дәстүрлі мәселелермен қатар, киімнің типтік модельдері, силуэт, кесілу, жағасы, түймелеу, түс және басқа конструктивтік элементтер бойынша әзірленді. Зерттеу нәтижелері 18 сұраққа берілген жауаптар негізінде талданды (1-кесте) [8].

Кесте 1










Онлайн сауалнаманың нәтижелері

1. Орта жастағы мектеп оқушысының имиджін қалай түсінесіз	
	■ 1) бұл адам туралы мүдделі тұлғалар жасайтын әсер, пікір, жеке стиль, оны сипаттайтын келбет ■ 2) ішкі және сыртқы келбеті, бейнесі туралы көрініс (жиі мақсатты жасалатын) ■ 3) оқушыларға эмоциялық-психикалық әсер етуге арналған белгілі бір құндылық сипаттамаларын бөліп көрсететін мақсатты түрде қалыптастырылған бейне ■ 4) бұл табысты оқудың шарты ■ 5) әлеуметтік ортаның санасында, бұқаралық санада оқушының бейнесін қабылдаудың эмоциялық боялған стереотипі



1-кестенің жалғасы

2. Төменде келтірілген мектеп формасының қайсысы Сіз үшін ең қолайлы
 ■ 1) мектеп формасы, бірақ мерекелер мен іс-шараларда ол күнделікті формадан ерекшеленуі тиіс ■ 2) классикалық киім стилі, бірақ мерекелер мен іс-шараларда бәрі бірдей нысанда болуы тиіс ■ 3) еркін стиль, бірақ мерекелер мен іс-шараларда ол бірдей болуы тиіс
3. Мектеп формасына мектеп нышаны немесе белгісі керек пе?
 ■ 1) иә ■ 2) жоқ ■ 3) білмеймін
4. Мектеп формасы мінез-құлыққа әсер ете ме?
 ■ 1) иә ■ 2) жоқ ■ 3) білмеймін
5. Бірыңғай мектеп формасының қандай түсі сізге ұнайды?
 ■ 1) қара ■ 2) көк ■ 3) сұр ■ 4) аралас ■ 5) ерекше түстер
6. Орта жастағы оқушының формасы қандай және ол қандай элементтерден тұруы тиіс
 ■ 1) жиынтық-үштік: жакет, блузка, юбка, галстук ■ 2) төрт жиынтық: жакет, блузка, юбка, кеудеше, галстук ■ 3) бес жиынтық: жакет, блузка, юбка, кеудеше, шалбар, галстук ■ 4) бес жиынтық: жакет, блузка, юбка, көйлек, шалбар, мойын орамалы ■ 5) жиынтық: сарафан, блузка, поло жейде, галстук
7. Жакет ұзындығын таңдаңыз
 ■ 1) бел деңгейінен төмен ұзындық ■ 2) бел деңгейіндегі ұзындық ■ 3) бел сызығына дейін
8. Жакет түрлерін таңдаңыз
 ■ 1)  ■ 2)  ■ 3)  ■ 4) 

1-кестенің жалғасы

9. Жакет жеңінін пішінін таңдаңыз
 ■ 1) жеңді қондырып пішу ■ 2) реглан жеңін пішу ■ 3) тұтас жасалған жеңдерді пішу ■ 4) құрама жеңді пішу ■ 5) кең ұзын ■ 6) жіңішке ұзын
10. Қандай жағаларды ұнатасыз
 ■ 1) пиджак ■ 2) шаль ■ 3) тіреу ■ 4) жіңішке лацканы бар ■ 5) кең лацканмен
11. Жакетке арналған ілгекті таңдау, екі нұсқаны таңдаңыз
 ■ 1) бір қаусырмалы ■ 2) қос қаусырмалы ■ 3) жасырын ■ 4) түймеленбеген, еркін жайылған ■ 5) түймелерде ■ 6) ілгектер ■ 7) сыдырма
12. Жакет қалтасындағы ұсыныстар
 ■ 1) рамкаға ресімделген тіліктер ■ 2) парақтармен ресімделген тіліктер ■ 3) клапандармен ресімделген ойықтар ■ 4) үстеме қалталар
13. Блуза түрін таңдаңыз
 ■ 1)  ■ 2)  ■ 3)  ■ 4) 
14. Белдемше түрін таңдаңыз
 ■ 1)  ■ 2)  ■ 3)  ■ 4)  ■ 5) 
15. Белдемшенің ұзындығын таңдаңыз
 ■ 1) тізеден төмен ■ 2) тізеден жоғары ■ 3) тізе деңгейінде

1-кестенің жалғасы

17. Қандай шалбарда сіз өзіңізді ыңғайлы сезінесіз	
	1) классикалық 2) тікелей 3) таңба 4) төменге қарай тарылған 5) кең 6) стрелкамен 7) қалталармен
18. Қандай материалдардан киімді қалайсыз	
	1) табиғи мақта-мата маталар 2) табиғи жүн маталар 3) аралас маталар 4) трикотаж жаймалар

Қазақстан Республикасының нарығында мектеп формасын тігуге қолданылатын маталарға жүргізілген зерттеу барысында олардың талшықтық құрамы анықталды. Зерттеу үшін әртүрлі өндірушілерден алынған мектеп формасына арналған нақты мата үлгілері таңдалып, талшықтық құрамын анықтауға бағытталған тауартану-экспертизалық талдаулар жүргізілді. Мектеп формасына арналған мата үлгілерінің сапасы органолептикалық, микроскопиялық және физика-химиялық әдістер арқылы бағаланды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Сауалнама нәтижелері бойынша орта мектеп жасындағы қыздардың таңдауы келесідей болды:

– мектеп формасы болуы тиіс, себебі ол мінез-құлыққа оң әсер етеді, ал мерекелер мен іс-шараларда ол күнделікті киімнен ерекшеленуі керек;

– оны мектептің символы немесе белгісімен безендіруге болады;

– көк түсіне басымдық беріледі;

– комплектациясы бес элементтен тұруы керек: жакет, блузка, белдемше, жилет, шалбар, галстук.

Жакет:

– пиджак түрінде, кіріктірілген жеңдерімен, полуприлиженген силуэтте, екі қатарлы немесе бір қатарлы, түймелер мен ілмектермен жабылатын, астарлы. Астынан алынатын жағасы немесе жеңі бар түрлері мүмкін;

– алдыңғы және артқы бөлігі орташа тігіспен, бүйірлерінде кесілген, белге дейінгі ұзындықта;

– қалталары жапсырмалы, клапанмен немесе рамкада;

– жағасы пиджак типіндегі.

Жейде.:

– рубашка тәріздес, қондырылған жеңдерімен, жартылай қынама белді силуэтте, планкасы ілмектер мен түймелермен;

– алдыңғы бойындае жапсырмалы қалталар;

– артқы жағы иініште;

– тіктемелі -қайырма жағамен;

– жеңі бір тігістен ұзын немесе қысқа манжетте;

– барлық тігістер бойынша 0,1 см-ге дейінгі сәндік тігіс жүргізілген.

Белдемше: Алдыңғы жағында кокеткамен орташа трапециялы, ортасында бір бантикпен, тізеге дейін немесе одан төмен ұзындықта.

Шалбар: Кең, классикалық немесе клеш болуы мүмкін.

Микроскопиялық талдау нәтижесінде барлық үш мата үлгісінде саржалық өрім түрі бар екені анықталды – бұл негізгі және арқау жіптердің жиі ауысуы нәтижесінде пайда болатын қиғаш сызықты өрнек. Беттік әрлеу сипатына байланысты №1 және №3 үлгілер пестроткань болып табылады, яғни түрлі-түсті жіптердің ауысып отыруынан тұрады, ал №2 үлгі біркелкі боялған – матаның барлық беті бір түске боялған.

Талшық құрамын анықтау үшін жану сынамасы мен оптикалық микроскопты қолдану арқылы микроскопиялық әдіс пайдаланылды. Барлық үш үлгінің беті тегіс, түктері жоқ және өрім үлгісі анық көрінеді. №1 және №2 үлгілердің беті күңгірт, жылтырлығы байқалмайды, ал №3 үлгіде жарық түскен кезде жағымды жылтырлық көрінеді. Бұл сыртқы түр сипаттамаларының нәтижелері барлық үлгілерде синтетикалық талшықтардың бар екендігін көрсетеді.

Талшықтық құрамды анықтау барысында жану әдісі қолданылып, жану процесінің сипаты, иісі және қалған қалдықтар зерттелді (2-кесте).

Кесте 2

Талшықтық құрамды анықтау нәтижелері

№	Талшықтың жануы			Күйгеннен кейінгі қалдық түрі	Жанған кездегі иіс
1	Отқа әкелген кезде	Оттың ішінде	Оттан шығарылған кезде		
2	бірден жанады, ерімейді	тез жанады	жануды жалғастыруда	саусақтардың арасында үгілмейтін қою сұр күл	күйген қағаздың иісі
3	бірден жанады, түтіндейді	тез жанады, қара түтін шығады	жануды жалғастыруда	саусақтардың арасында үгілмейтін қара күл	күйген қағаздың иісі
	бүрісіп қалады және жанады	баяу жанады, қара түтін пайда болады	түтіндейді	саусақтардың арасында оңай үгілетін қара түсті қатты түйіршік	күйген мүйіздің иісі

Жану сынамасының нәтижелері бойынша №1 және №2 мата үлгілерінің жану сипаты химиялық талшықтарға – атап айтқанда, вискоза мен полиэфирге – тән белгілермен сәйкес келетіні анықталды. Ал №3 үлгінің жану ерекшеліктері жүн материалына тән сипаттармен ұқсас, бұл аталған үлгіде табиғи талшықтардың, атап айтқанда жүннің бар екенін көрсетеді.

Алайда әртүрлі талшық түрлерінің жану сипатының ұқсастығы және олардың соңғы әрлеу өңдеуіне байланысты өзгеруі мүмкіндігіне байланысты, мұндай әдіспен талшықты нақты анықтау тек болжамды нәтиже береді. Сондықтан зерттеудің дәлдігін арттыру мақсатында әр үлгінің бойлық құрылымы микроскоп арқылы қосымша зерттелді.

Мата үлгілерінің сызықтық өлшемдері мен беткі тығыздығы ГОСТ 3811-72 мемлекеттік стандартына сәйкес анықталды (3-кесте).

Кесте 3

Мата үлгілерінің сызықтық өлшемдері мен беткі тығыздығы

Көрсеткіш	Зерттелетін үлгілер		
	№ 1	№ 2	№ 3
Ұзындығы, м	41,5	41,7	41,5
Ені, см	150	150	140
Беттік тығыздығы, г/м^2	89	87	93

Қорытынды. Маркетингтік зерттеулерді зерттеу негізінде қолданыстағы форманың негізгі кемшіліктері және ең ұтымды көрсеткіштер анықталды, бұл функционалдылықтың композициялық бірлігі, эстетика, құрылымдық параметрлердің оңтайлылығы қағидаттарына негізделген мектеп оқушыларына арналған форма модельдерінің жаңа жинағын жасауға мүмкіндік берді.

Осылайша, жүргізілген талдау мен анкеталық сауалнама нәтижесінде, бұл мақалада мақсатты тұтынушы – орта мектеп жасындағы қыздар талданды және мектеп формасына қойылатын бастапқы талаптар анықталды. Тұтынушылардың сұранысы мен талаптарын зерттеу – мектеп формасының сапасы мен дизайнына қатысты ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар арасында арнайы сауалнама мен сұхбат жүргізілді. Бұл зерттеу нәтижесінде тұтынушылардың басты талаптары мен қалаулары: киімнің ыңғайлылығы, бағасының қолжетімділігі, көркемдігі мен стандарттарға сәйкестігі екені белгілі болды. Осы мәліметтер болашақтағы мектеп формасын жобалау және жетілдіру барысында маңызды бағдар ретінде қолданылды.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мата енінің көрсеткіштері таңбалау белгісінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес келетіні анықталды. Ал ұзындық өлшемдері техникалық құжаттамаға сәйкес сәл ғана ауытқуға ие. Дегенмен, зерттелген үлгілердің меншікті беткі тығыздығы таңбалаудағы ақпаратпен сәйкес келмейді. Бұл көрсеткіш мата тығыздығына тікелей әсер етіп, бұйымның қолдану мақсатын анықтайды.

Осылайша, жоғарыда аталған әр түрлі матаның әрқайсысы мектеп формасының әр түрлі компоненттерін тігуге арналған. Қорыта айтқанда, бұл маталардың құрамы, массасы, өрімі мен әрлеу түрлері мектеп формасына қойылатын қазіргі заманғы талаптарға толықтай жауап береді. Олар эстетика, жайлылық, беріктік пен күтім жеңілдігі сияқты негізгі қасиеттерді тиімді үйлестіре алады. Ұсынылған мата түрлері мектеп оқушыларының күнделікті киюіне лайықталып таңдалып, олардың қозғалыс белсенділігі мен дене құрылымының ерекшеліктерін ескере отырып іріктелді. Осы маталар негізінде жобаланған мектеп формасы ұзақ мерзімді тозуға жиі жууға және күнделікті киюге төзімді болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Айкян, Д.А. Исследование рынка тематической школьной формы [Текст] / Д.А. Айкян, М.А. Гусева // Инновационная наука. – 2015. – № 10. – С. 240-241.
2. Каяшева, О.Г. Развитие личностной рефлексии в подростковом и юношеском возрасте : автореф. дис. … канд. психол. наук: 19.00.01 / О.Г. Каяшева. – М., 2006. – 30 с.
3. Юсупова, Ж.А. Разработка исходной информации для формирования рационального гардероба и ассортимента детской одежды для школьников : автореф. дис. … канд. техн. наук / Ж.А. Юсупова. – М., 2001. – 27 с.
4. Мациевская Ю.А. Разработка метода эргономического проектирования школьной одежды : автореф. дис. … канд. техн. наук: 05.19.04 / Ю.А. Мациевская. – М., 2007. – 24 с.

5. Ушакова, Л.Д. Разработка принципов художественного проектирования школьной форменной одежды : автореф. дис. … канд. техн. наук: 05.19.04 / Л.Д. Ушакова. – М., 2007. – 27 с.
6. Суконцева, Н.Ю. Исследование и разработка технологии комплексного проектирования одежды для школьников: дис. … канд. техн. наук / Н.Ю. Суконцева. – М., 2003. – 145 с.
7. Модная одежда для подростков 2025: мода, луки и образы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.alltime.ru/blog/?page=post&blog=watchblog&post_id=modnaya-odezhda-dlya-podrostkov-thisyear-moda-luki-i-obrazy.
8. Сауалнама орта жастағы қыздарға арналған мектеп формасын зерделеу бойынша [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdSOfk4WXetcL4A_d6UcSzp0wyac7Qv4IyIKFHjic_HAYNOzw/viewform?usp=header.

Материал редакцияға 31.03.25 түсті, 26.12.25 қабылданды.

А.Ш. Амангелдиева[1], Л.С. Тұрғынбекқызы[1]

[1]Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

АНАЛИЗ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ВЫБОР ШКОЛЬНОЙ ФОРМЫ ДЕВОЧКАМИ СРЕДНЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА, И ОЦЕНКА СВОЙСТВ ОБРАЗЦОВ МАТЕРИАЛОВ

Аннотация. В данной статье рассматриваются основные факторы, влияющие на разработку исходных требований при проектировании школьной формы для девочек среднего школьного возраста. Основными причинами неудовлетворенности качеством школьной формы, выпускаемой предприятиями Казахстана, являются ее несоответствие гигиеническим и эргономическим требованиям, а также отсутствие возможностей для самореализации девочек среднего школьного возраста и их участия в формировании индивидуального стиля школьной формы. Средний школьный возраст является переходным этапом от детства к юности и характеризуется глубокой перестройкой организма, изменением личностных и социальных ценностей, что отчетливо проявляется в стремлении девочек к созданию собственного имиджа. В связи с этим в ходе исследования посредством онлайн-анкетирования были выявлены эстетические, функциональные и имиджевые требования подростков к школьной форме. На основе результатов анкетирования были систематизированы стиль, цветовое решение и комплектация школьной формы. Кроме того, были исследованы органолептические, микроскопические и физико-механические свойства образцов тканей для школьной формы, представленных на рынке Республики Казахстан. Полученные результаты позволяют научно обосновать выбор материалов и конструктивных решений при проектировании школьной формы.

Ключевые слова: школьная форма, школьный возраст, поведенческие характеристики школьников, подростковый возраст, имидж, индивидуальный стиль.

A.Sh. Amangeldiyeva[1], L.S. Turgynbekovna[1]

[1]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

ANALYSIS OF FACTORS INFLUENCING THE CHOICE OF SCHOOL UNIFORMS BY MIDDLE SCHOOL GIRLS AND EVALUATION OF MATERIAL SAMPLE PROPERTIES

Abstract. This paper examines the key factors influencing the development of initial design requirements for school uniforms intended for middle school girls. The main reasons for dissatisfaction with the quality of school uniforms produced by enterprises in

Kazakhstan include non-compliance with hygienic and ergonomic requirements, as well as the limited opportunities for self-expression and participation of middle school girls in shaping the individual style of school uniforms. Middle school age represents a transitional period from childhood to adolescence, characterized by profound physiological changes and transformations in personal and social values, which is clearly reflected in girls' desire to create their own image. Accordingly, the aesthetic, functional, and image-related requirements of adolescent girls for school uniforms were identified through an online survey. Based on the survey results, the style, color scheme, and composition of school uniforms were systematized. In addition, organoleptic, microscopic, and physical-mechanical properties of fabric samples for school uniforms available on the market of the Republic of Kazakhstan were investigated. The obtained results provide a scientific basis for selecting materials and structural solutions in the design of school uniforms.

Keywords: school uniform, school age, behavioral characteristics of schoolchildren, adolescence, image, individual style.

References

1. Aikyan D.A., Guseva M.A. Issledovanie rynka tematicheskoy shkol'noy formy [Research on the Market of Thematic School Uniforms] // Innovative Science. – 2015. – No. 10. – P. 240-241. [in Russian].
2. Kayasheva, O.G. Razvitie lichnostnoy refleksii v podrostkovom i yunosheskom vozraste [Development of Personal Reflection in Adolescence and Youth]: Abstract of PhD dissertation (Psychology): 19.00.01. – Moscow, 2006. – 30 p.
3. Yusupova, Zh.A. Razrabotka iskhodnoy informatsii dlya formirovaniya ratsional'nogo garderoba i assortimenta detskoy odezhdy dlya shkol'nikov [Development of Initial Data for Forming a Rational Wardrobe and Assortment of Children's Clothing for Schoolchildren]: Abstract of PhD dissertation (Engineering). – Moscow, 2001. – 27 p.
4. Matsievskaya, Yu.A. Razrabotka metoda ergonomicheskogo proektirovaniya shkol'noy odezhdy [Development of an Ergonomic Design Method for School Clothing]: Abstract of PhD dissertation (Engineering): 05.19.04. – Moscow, 2007. – 24 p.
5. Ushakova, L.D. Razrabotka printsipov khudozhestvennogo proektirovaniya shkol'noy formennoy odezhdy [Development of Principles of Artistic Design of School Uniform Clothing]: Abstract of PhD dissertation (Engineering): 05.19.04. – Moscow, 2007. – 27 p.
6. Sukontseva, N.Yu. Issledovanie i razrabotka tekhnologii kompleksnogo proektirovaniya odezhdy dlya shkol'nikov [Research and Development of Integrated Clothing Design Technology for Schoolchildren]: PhD dissertation (Engineering). – Moscow, 2003. – 145 p.
7. Fashion Clothing for Teenagers 2025: Trends, Looks, and Styles [Electronic resource]. – Access mode: https://www.alltime.ru/blog/?page=post&blog=watchblog&post_id=modnaya-odezhda-dlya-podrostkov-thisyear-moda-luki-i-obrazy.
8. Survey on the Study of School Uniforms for Middle-School Girls. Electronic resource [Electronic resource]. – Access mode: https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdSOfk4WXetcL4A_d6UcSzp0wyac7Qv4IyIKFHjic_HAYNOzw/viewform?usp=header.

ҒТАМР 64.29.81

У.Е. Манапбаева[1] – *основной автор*, **Б.А. Абзалбекұлы[2], Ж.К. Гафуров[3]** ©

[1]Магистр, аға оқытушы, [2]PhD, қауымдас. профессор, [3]Техн. ғылым. д-ры, профессор

ORCID *[1]https://orcid.org/0009-0006-8829-207X [2]https://orcid.org/0000-0002-9552-0388 [3]https://orcid.org/0000-0002-2253-7306*

[1,2]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

[3]Джизак политехникалық институты, Джизак, Өзбекстан

@ [1]manapbaeva82@mail.ru

https://doi.org/10.55956/BXKJ1989

АЯҚ КИІМДІК БЕЙМАТА МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ФИЗИКА-МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Қазіргі уақытта аяқ киім өндірісінде аяқ киімнің бөлшектері үшін жүннен жасалған беймата материалын қолдану тиімді әрі өзекті болып отыр. Өйткені жүннен жасалған киіз – табиғи материал, оның жылу сақтағыштық, оқшаулау, беріктік қасиеттері жоғары, сонымен қатар киіз өндіруде қолданылатын қой жүні арзан әрі қол жетімді болып табылады. Мақалада аяқ киім өндірісінде аяқ киім бөлшектеріне арналған жүннен жасалған беймата материалының физика-механикалық қасиеттік көрсеткіштерін анықтау бойынша зерттеу жұмысы жүргізілді. Жұмыста қазіргі таңдағы еліміздің отандық өндірістерінде шығарылған киіз материалдарының өлшемдік және құрылымдық сипаттамалары анықталды. Беймата материалдарының үш түрінен үлгілер дайындалды, әр үлгінің талшықты құрамы оптикалық микроскопта зерттелді, үлгілердің үзілу сипаттамалары анықталып, қалыңдық өлшемдері мен тығыздық параметрлері есептелді. Зерттеу нәтижелері бойынша басқа зерттелген үлгілермен салыстырғанда таза жүннен жасалған №1 үлгі үзілу беріктік көрсеткіші бойынша ең жоғары нәтижелер көрсетті.

Тірек сөздер: аяқ киім өндірісі, беймата материалы, жеңіл өнеркәсіп, текстиль, беріктік.

Манапбаева, У.Е. Аяқ киімдік беймата материалдарының физика-механикалық қасиеттерін зерттеу [Мәтін] / У.Е. Манапбаева, Б.А. Абзалбекұлы, Ж.К. Гафуров //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.283-292. https://doi.org/10.55956/BXKJ1989

Кіріспе. Беймата материалдары табиғи және химиялық талшықтардың бір немесе бірнеше қабаттарынан, жіптерден, тоқыма материалдарының басқа түрлерін механикалық, физика-химиялық немесе біріктіріп бекіту технологиясымен дайындалады. Аяқ киім өндірісінде аяқ киім бөлшектері үшін беймата материалдары да қолданылады. Беймата материалы, киіз – бұл тығыз, берік, серпімді материал, ол таза табиғи жүннен немесе синтетикалық талшықтар қоспасымен дайындалады. Аяқ киімдік киіз жоғары беріктік, тозуға және өзгеріске тұрақтылық қасиеттерімен ерекшеленеді.

Аяқ киімге арналған киіздің шикізаттық құрамы бойынша негізгі компонент орташа және жоғарғы ұзындықтағы қой жүні болып табылады.

Қосымша компоненттері ретінде беріктігін, ылғал және тозу тұрақтылығын жоғарылату үшін синтетикалық талшықтар мысалы, полиэстер, полиамид, полиэфир қосылады. Беймата өндіруде табиғи және химиялық талшықтарды олардың тұтынушылық сипаттамаларына байланысты қолданады [1].

Аяқ киім өндірісіне арналған киіз материалын өндіру технологиясы талшықтарды дайындау яғни, тазалау, кардты тарау, араластыру процесстерімен жүзеге асырылады. Талшықтарды суландыру, қыздыру, механикалық әсер етумен киіз басу орындалады, нәтижесінде тығыз жайма түзіледі. Беймата жаймасына қажетті қалыңдық, тығыздық және пішін қалыптасыру үшін қосымша пресстеу және кептіру процесстері орындалады. Сонымен қатар, су итергіштік және антисептикалық қасиеттерін жоғарылату үшін жаймаға арнайы құрам сіңдіріліп қосымша өңдеу жүзеге асырылады.

Киіз материалы ең алдымен экологиялық таза материал (құрамы таза жүн болған кезде), жүннің микробқа қарсы және антистатикалық қасиеттерінің болуы аяқ киімдегі жағымсыз иістер мен бактериялардың дамуын азайтады. Беймата материалдардың бірқатар артықшылықтарын атап өтуге болады: олар экономикалық тиімді; табиғи материалдар мен маталарға қарағанда арзанырақ; салмағы аз болғандықтан дайын өнімнің салмағын төмендетеді; жылу оқшаулағыш қасиеті жоғары, бұл қыстық аяқ киімдер үшін маңызды; кейбір беймата материалдарының ауа өткізгіштігі мен гигроскопиялық қасиеттері жақсы; сондай-ақ синтетикалық талшықтар қолданылған жағдайда бейматалар микроорганизмдердің әсеріне және шіруге төзімді болып келеді, әрі оларды қалыптастыру жеңіл [2-3].

А.Д. Филиповтың [3] диссертациялық жұмысында аяқ киімнің ішкі бөліктерін жасау үшін қолданылатын аяқ киімдік және оқшаулағыш беймата материалдар өте жоғары сұранысқа ие болып отырғандығы айтылған.

Аяқ киім өндірісінде беймата материалдарын қолдану өзекті деп айтуға болады. Өйткені қазіргі уақытта сапасын жоғалтпай өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, материалдарды қайта өңдеу кезінде экологиялық тазалығына, аяқ киімнің жайлылығы мен оның қызметін жақсартуға, технологиялық процесстерді жылдамдату және автоматтандыруға негізделіп көптеген жұмыстар атқарылуда.

Жүн негізіндегі беймата материалдары жақсы ұзақмерзімділігімен, жоғары беріктігімен және әртүрлі қолдану салаларында көп мәрте пайдалануға жарамдылығымен сипатталады.

Зерттеулер көрсеткендей, көпқабатты жүн беймата материалдарының беріктігі қосымша қабаттар енгізілген сайын артады [4]. Механикалық сынақтар бұл материалдардың едәуір үзу жүктемелеріне төтеп бере алатынын және құрылымдық тұтастығын сақтайтынын көрсетеді [5,6]. Материалдардың ұзақмерзімділігі инетесімді және термобайланыстыру сияқты өндірістік технологиялар арқылы артады, бұл талшықтар арасындағы адгезияны және материалдың жалпы беріктігін жақсартады [7]. Бұл зерттеулер жүн негізіндегі материалдардың беріктігін салыстырмалы түрде зерттеу қажеттігін көрсетеді, бұл жүннен жасалған беймата материалдардың тұрақты эксплуатациялық сипаттамалары туралы толыққанды түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аяқ киім материалдарына негізгі қойылатын талаптар:

– материалдардың құрамында химиялық заттар болмауы және адам денсаулығына зиянды әсер етпеуі керек;

– ыңғайлы және гигиеналық болуы, яғни терінің тыныс алу буларын сіңіру, аяқ пен аяқ киімді күні бойы құрғақ ұстау, дене жылуын сақтау;

– жоғары көрсеткіштерге ие болуы: тозуға төзімділік, серпімділік, өлшемдік тұрақтылық және қыртыстардың пайда болуына төзімділік.

– жылудан қорғау және аязға төзімділік;

– дезодорациялау және сорбциялау қабілеті;

– отқа төзімділік.

Беймата материалдарының физика-механикалық қасиеттерін зерттеу өте маңызды болып табылады, өйткені материалдың осы қасиеттері оның сапасын, сенімділігін және қолдану аймағын анықтайды. Беріктік, үзу жүктемесі, ұзаруы, қатылық және тозуға тұрақтылық қасиеттері материалдың белгіленуін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, материалдың ұзақ жарамдылығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Беймата материалының физика-механикалық қасиеттерін зерттеу оны пайдалану процесінде өз қасиеттерін қаншалықты сақтайтындығын бағалауға көмектеседі.


Зерттеудің мақсаты – аяқ киім өндірісіне арналған беймата материалдарының физика-механикалық қасиеттерін анықтау.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу жұмысы үшін аяқ киім өндірісіне арналған беймата киіз материадарының бірнеше түрлері алынды (1-сурет):

№1 материал – таза жүнді киіз материалы (АО «Борская войлочная фабрика»), құрамы 100% дөрекі қой жүні, инетесімді әдіспен өндірілген беймата.

№2 материал – жартылай жүнді киіз материалы (ООО Е-Текс, Ресей), құрамы 50% жартылай дөрекі қой жүні, 50% полиэфир талшығы.

№3 материал – меринос тұқымды ақ қой жүнінен инетсімді әдіспен өндірілген киіз материалы (ИП «Мирас»), құрамы 100% қой жүні.




Сурет 1. Беймата киіз материадарының үлгілері

Аяқ киім киіз беймата материалдарының физика-механикалық қасиеттерін анықтау мақсатында бірқатар тапсырмалар алға қойылды:

- материалдар үлгілерінің құрамын анықтау;
- материалдар үлгілерінің қалыңдығын анықтау;
- материалдар үлгілерінің салмағын анықтау;
- материалдар үлгілерінің сызықтық тығыздығын анықтау;
- материалдар үлгілерінің беттік тығыздығын анықтау;
- материалдар үлгілерінің үзілу жүктемесін анықтау;
- материалдар үлгілерінің үзілу ұзаруы;
- материалдар үлгілерінің жыртылу күшін анықтау;

Зерттеу жұмысында материалдардың қалыңдығы ГОСТ Р 57583-2017 (ISO 9073-2:1995) стандартына сәйкес өлшенді; үзілу жүктемесі ГОСТ Р 53226-2008 стандартына сәйкес анықталды; сондай-ақ ГОСТ 3811-72 (ISO 3932-76, ISO 3933-76, ISO 3801-77) стандарттарына сәйкес материалдардың сызықтық және беткі тығыздықтарын, өлшемдерін анықтау әдістері қолданылды [8,9].

Ең алдымен материалдардың құрамын анықтау мақсатында үлгілердің талшығы AmScope оптикалық микроскоп арқылы зерттелді (2-сурет).



Сурет 2. Материалдардың талшықтарының оптикалық микроскоп арқылы 10 есеге үлкейтілген көрінісі

Зерттеу барысында №1 және №3 материалдардың таза жүннен, ал №2 материалдың жүн және синтетикалық талшық қоспасынан тұратыны расталды. Оптикалық микроскопия нәтижелері №1 және №3 материалдардағы жүн талшықтарының бетінен тән қабыршақты біркелкі емес құрылым көрсетті. №2 материалда жүн мен синтетикалық талшықтар қоспасы байқалды: полиэфир талшықтары біркелкі, тегіс және жылтыр беттік құрылымға ие, табиғи жүнге қарағанда қаттырақ және икемсіз көрінеді.

Зерттеу М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, «Текстиль, материалтану және стандарттау» кафедрасының зертханасында орындалды. Инемен тесілген беймата жаймасының құрылымы 1 $см^3$ өтетін тесу жиілігімен сипатталады. Инемен тесілген жаймаларды текстильдік лупаның көмегімен 1 $см^2$ бөлігінде тесік сандарын есептеп оның орташа арифметикалық мәндері алынды.

Беймата жаймаларының сызықтық өлшемдері ұзындығымен L, ені B және қалыңдығымен b, мм сипатталады. Сызықтық өлшемдері ГОСТ Р 53226-2008 стандартына сәйкес анықталды [10]. Құрылымдық сипаттамалары яғни сызықтық тығыздығы M_L, г/м, және беттік тығыздығы M_S, г/$м^2$ анықталып, орташа мәндері алынды. Есептеу нәтижелері төменде 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Зерттелген материалдардың өлшемдік көрсеткіштері және құрылымдық сипаттамалары

№	Кесу бағыты	Ұзындығы L,мм	Ені B, мм	Қалыңдығы b, мм	Салмағы m, г	Сызықтық тығыздығы M_L, г/м	Беттік тығыздығы M_S, г/$м^2$
1	№1 материал						
	Тігінен	200	50	4,5	12,5	62,6	309,2
	Көлденең	200	50	4,74	13,6	68,2	341,2
2	№2 материал						
	Тігінен	200	50	2,5	4,27	21,3	106,6
	Көлденең	200	50	2,4	3,9	20	99,8
3	№3 материал						
	Тігінен	200	50	10,2	4,26	380,5	76
	Көлденең	200	50	9,9	3,9	368,3	70,7

Келесі ретте, беймата материалдарының үлгілерін беріктік сипаттамаларын анықтау «Текстиль, материалтану және стандарттау кафедрасының» зертханасында Tinius Olsen H25S (Англия) әмбебап үзу машинасында орындалды (3-сурет). Tinius Olsen H25S әмбебап үзу машинасы қойылған талаптарға жауап береді, ГОСТ 53226-2008 халықаралық стандартына сәйкес келеді.



Сурет 3. Tinius Olsen H25S әмбебап үзу машинасында үлгілердің беріктік сипаттамаларын анықтау

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Аяқ киімге арналған беймата материалдарының физикалық-механикалық қасиеттері олардың аяқ киімнің әртүрлі құрамдас бөліктерінде (астар, ішкі төсем, оқшаулағыш, өкше

және т.б.) қолдануға жарамдылығын анықтайтын көрсеткіштер жиынтығы болып табылады.


Tinius Olsen H25S әмбебап үзу машинасында №1, №2, №3 материалдардың тік және көлденең бағытта кесілген 30 үлгілеріне сынақ жүргізілді, нәтижелері бойынша орташа мәндері есептеліп кестеге енгізілді (2-кесте).

Кесте 2


Зерттелген материалдарды үзу сипаттамалары

№	Кесу бағыты	Ұзындығы L,мм	Ені B, мм	Қалыңдығы b, мм	Үзу жүктемесі, кг	Беріктігі, МРа	Деформация, мм	Ұзаруы, %
1	№1 материал							
	Тігінен	200	50	4,5	12,5	62,6		309,2
	Көлденең	200	50	4,74	13,6	68,2		341,2
2	№2 материал							
	Тігінен	200	50	2,5	4,27	21,3		106,6
	Көлденең	200	50	2,4	3,9	20		99,8
3	№3 материал							
	Тігінен	200	50	10,2	4,26	380,5		76
	Көлденең	200	50	9,9	3,9	368,3		70,7

Үлгілерді сынау нәтижелерін қолданып үзу жүктемесі, үзілу ұзаруы, беріктігі, деформациясының тәуелділігі бойынша диаграмма жасалды (4 және 5-суреттер).



Сурет 4. Тік бағытында кесілген материалдардың үзу сиапттамалары



Сурет 5. Көлденең бағытта кесілген материалдардың үзу сиапаттамалары

Диаграммада көрсетілгендей, №1 материалдың тігінен кесілген үлгілерін сынау нәтижесінде үзу жүктемесі 714 кг, беріктігі 3,57 МРа, ұзаруы 97,5%, ал көледенең бағытында кесілген үлгілердің үзу жүктемесі 844 кг, беріктігі 4,22 МРа, ұзаруы 34,3% болды, яғни байқағанымыздай көлденең бағыттағы үлгілердің беріктік сипаттамалары жоғары болып тұр.

№2 материалдың тігінен кесілген үлгілерін сынау нәтижесінде үзу жүктемесі 198 кг, беріктігі 1,98 МРа, ұзаруы 130%, ал көлденең бағытында кесілген үлгілердің үзу жүктемесі 376 кг, беріктігі 3,76 МРа, ұзаруы 105%, бұл материал бойынша да көлденең бағыттағы үлгілердің беріктік сипаттамалары жоғары мәндерді көрсетті.

Келесі №3 материалдың тігінен кесілген үлгілерінің үзу жүктемесі 632 кг, беріктігі 1,26 МРа, ұзаруы 137%, ал көлденең бағытында кесілген үлгілердің үзу жүктемесі 1070 кг, беріктігі 2,13 МРа, ұзаруы 96% болды.

Материалдың қалыңдығы мен тығыздығы артқан сайын беріктік қасиеттерінің жоғарылайтыны анықталды, бұл алынған нәтижелердің [4] жұмысында келтірілген деректермен сәйкес келетінін көрсетеді.

Беймата материалдардың беріктік, серпімділік, тозуға төзімділік, үзілуге және деформацияға төзімділік қасиеттерін жақсарту шикізатты таңдауға, беймата жаймасының құрылымына және оны өңдеу технологиясына байланысты шаралармен жүзеге асырылады.

Қасиеттерін жақсартудың бірнеше негізгі бағыттарын атап өтуге болады:

1. Талшықтарды таңдау және модификациялау: жоғары беріктік сипаттамаларына ие талшықтарды қолдану (полиэфир, полиамид, полиолефин, арамид және т.б.); әртүрлі типтегі талшықтарды (табиғи және синтетикалық) араластыру арқылы олардың артықшылықтарын үйлестіру, яғни беріктік, гигроскопиялық және ыстыққа төзімділік қасиеттерін оңтайландыру; талшықтарды химиялық модификациялау (плазмалық өңдеу, функционалдық қоспаларды енгізу, силанизация), бұл талшықтардың адгезиясын және байланыстырғыш затпен бірігуін жақсартады; нанокоспаларды (наносаздар, көміртекті нанотүтікшелер, SiO_2, TiO_2 және т.б.) қолдану материалдың қаттылығын, термиялық тұрақтылығын және тозуға төзімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2. Беймата жаймасын қалыптастыру құрылымы мен технологиясын оңтайландыру: механикалық тығыздау – инетесімді әдіспен немесе су ағындарымен бекіту деңгейін арттыру арқылы құрылымның беріктігі мен тұрақтылығын жоғарылату; талшықтардың біркелкі таралуы – әлсіз аймақтардың және жергілікті кернеу концентрациясының төмендеуіне ықпал етеді; талшықтардың бағытын бақылау – бағыттап төсеу арқылы берілген бағыттағы беріктік қасиеттерін арттыруға мүмкіндік береді; көпқабатты құрылымдарды қолдану – әртүрлі қасиеттері бар қабаттарды (қатты/жұмсақ, гидрофобты/гидрофильді және т.б.) үйлестіру арқылы материалдың функционалдық сипаттамаларын жақсарту.

3. Тиімді байланыстырғыштарды қолдану: термиялық байланыстыру – бикомпонентті талшықтарды (мысалы, PE/PET) пайдалану, мұнда қабықша балқып, талшықтарды өзара байланыстырады; химиялық байланыстыру – беріктік пен тозуға төзімділікті арттыратын полимерлі байланыстырғыштарды (латекстер, акрилаттар, полиуретандар) енгізу; біріктірілген бекіту әдістері – инетесімді және термиялық бекітудің үйлесімі көп жағдайда материалдың физика-механикалық қасиеттерін едәуір жақсартатыны анықталған [6].

Қорытынды. Беймата материалдарының физика-механикалық қасиеттерін зерттеуде материалдардың беріктік сипаттамалары, үзу параметрлері анықталды. Тығыз, жоғары қалыңдықтағы беймата материалдарын үзуге сынауда №1 материалдың (қалыңдығы 4 мм) беріктігі жоғары болып табылды. №1 материал аяқ киім өндірісінде аяқ киім бөлшектері үшін қолдануға тиімді, беріктік қасиеті жоғары материал болып есептеледі.

Аяқ киім өндірісінде беймата материалдарын қолдану өзекті және перспективалы бағыт болып табылады, өйткені бұл бірқатар мүмкіндіктерді береді: өндірістің өзіндік құны мен технологиялылығын оңтайландыру, аяқ киімнің жайлылығы мен қызметін арттыру, экологиясы және инновация бойынша заманауи талаптарға жауап беру. Осылайша беймата материалдары аяқ киім индустриасының заманауи және тұрақты дамуының негізгі элементі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Кирюхин, С.М. Текстильное материаловедение [Текст]: учебник для студентов высших учебных заведений / С.М. Кирюхин, Ю.С. Шустов. – М.: Колос, 2011. – 360 с.
2. Шеромова, И.А. Текстильные материалы: получение, строение, свойства [Текст]: учебное пособие / И.А. Шеромова. – Владивосток: ВГУЭС, 2006. – 220 с.
3. Филиппов, А.Д. Разработка структуры и исследование свойств утепляющих нетканых материалов из регенерированного сырья [Текст]: дис. … канд. техн. наук / А.Д. Филиппов. – М., 2021. – 140 с.
4. Borkulakova Z.H., Mels M.D., Shardarbek M., Bitus E.I., Sarybayeva E.E. Study on the strength of needle-punched nonwoven material made on the basis of sole trader "Miras".// The Journal of Almaty Technological University. – 2023. – No. 4. – P. 36-43.
5. Abzalbekuly B., Baidildayeva A., Yerdaulet Sh. Research of the strength properties of nonwoven materials of sheep wool // Mechanics and Technology / Scientific journal. – 2024. – No.1(83). – P.121-126.
6. Абзалбекулы, Б. Исследование прочностных свойств нетканых полотен из шерсти овец [Текст] / Б. Абзалбекулы, Е.А. Кенжебаев // Оңтүстік Қазақстан ғылым жаршысы. – 2022. – № 3 (19). – С. 147.

7. Rafikov A., Mirzayev N., Alimkhanova S. Multilayer nonwoven lining materials made of wool and cotton for clothing and footwear //Journal of Industrial Textiles. – 2022. – Vol. 51. – No. 4_suppl. – P. 6173S-6194S.
8. ГОСТ Р 50275-77. Материалы геотекстильные. Метод отбора проб [Текст]. – Введ. 01-07-93. – Москва: Издательство стандартов, 1992. – 4 с.
9. ГОСТ 13587-77. Полотна нетканые и изделия штучные нетканые. Правила приемки и метод отбора проб [Текст]. – Введ. 01-07-78. – М.: ИПК Издательство стандартов, 1977. – 4 с.
10. ГОСТ Р 53226-2008. Полотна нетканые. Методы определения прочности [Текст]. – Введ. 01-07-78. – 01-01-2010. – М.: Стандартинформ, 2009. – 23 с.

Материал редакцияға 17.11.25 түсті, 25.12.25 қабылданды.

У.Е. Манапбаева[1], Б.А. Абзалбекулы[1], Ж.К. Гафуров[2]

[1]Таразский университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
[2]Джизакский политехнический институт, Джизак, Узбекистан

ИССЛЕДОВАНИЕ ФИЗИКО-МЕХАНИЧЕСКИХ СВОЙСТВ ОБУВНЫХ НЕТКАНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Аннотация. В настоящее время использование нетканых материалов на основе шерсти для деталей обуви является эффективным и актуальным направлением в обувной промышленности. Шерстяной войлок представляет собой натуральный материал, обладающий высокими теплоизоляционными, изоляционными и прочностными свойствами; кроме того, овечья шерсть, применяемая при производстве войлока, отличается доступностью и низкой стоимостью. В статье приведены результаты исследований, направленных на определение физико-механических показателей нетканых материалов из шерсти, предназначенных для изготовления обувных деталей. Определены размерные и структурные характеристики войлочных материалов отечественного производства. Были изготовлены образцы трех типов нетканых материалов, исследован волокнистый состав каждого образца с использованием оптической микроскопии, определены показатели разрывной прочности, а также измерены толщина и рассчитаны параметры плотности. По результатам исследования установлено, что по сравнению с другими изученными образцами образец № 1 из чистой шерсти показал наивысшие показатели разрывной прочности.

Ключевые слова: производство обуви, нетканый материал, легкая промышленность, текстиль, прочность.

U.E. Manapbaeva[1], B. Abzalbekuly[1], J.K. Gafurov[2]

[1]M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan
[2]Jizzakh Polytechnic Institute, Jizzakh, Uzbekistan

STUDY OF THE THE PHYSICAL AND MECHANICAL PROPERTIES OF NONWOVEN MATERIALS FOR FOOTWEAR

Abstract. At present, the use of wool-based nonwoven materials for footwear components is both effective and relevant in the footwear industry. Wool felt is a natural material characterized by high thermal insulation, insulating, and strength properties; moreover, sheep wool used in felt production is inexpensive and readily available. This article presents a study aimed at determining the physical and mechanical property

indicators of wool-based nonwoven materials intended for footwear components. The dimensional and structural characteristics of felt materials produced by domestic manufacturers were determined. Samples of three types of nonwoven materials were prepared; the fibrous composition of each sample was examined using optical microscopy, tensile characteristics were determined, and thickness measurements and density parameters were calculated. Based on the research results, compared with the other studied samples, Sample No. 1 made of pure wool demonstrated the highest tensile strength indicators.

Keywords: shoe manufacturing, nonwoven materials, light industry, textiles, durability.

References

1. Kirjuhin S.M., Shustov Yu.S. Tekstil’noe materialovedenie [Textile Materials Science]: Textbook for Students of Higher Educational Institutions. – Moscow: Kolos, 2011. – 360 p. [in Russian].
2. Sheromova I.A. Tekstil’nye materialy: poluchenie, stroenie, svoystva [Textile Materials: Production, Structure, Properties]: Study Guide. – Vladivostok: VGUES, 2006. – 220 p. [in Russian].
3. Filippov A.D. Razrabotka struktury i issledovanie svoystv uteplyayushchikh netkanykh materialov iz regenerirovannogo syr’ya [Development of Structure and Study of Properties of Insulating Nonwoven Materials from Recycled Raw Materials]: Candidate of Technical Sciences Dissertation. – Moscow, 2021. – 140 p. [in Russian].
4. Borkulakova Z.H., Mels M.D., Shardarbek M., Bitus E.I., Sarybayeva E.E. Study on the strength of needle-punched nonwoven material made on the basis of sole trader "Miras".// The Journal of Almaty Technological University. – 2023. – No. 4. – P. 36-43.
5. Abzalbekuly B., Baidildayeva A., Yerdaulet Sh. Research of the strength properties of nonwoven materials of sheep wool // Mechanics and Technology / Scientific journal. – 2024. – No.1(83). – P.121-126.
6. Abzalbekuly B., Kenzhebaev E.A. Issledovanie prochnostnykh svoystv netkanykh poloten iz shersty ovets [Study of Strength Properties of Nonwoven Wool Fabrics] // South Kazakhstan Science Bulletin. – 2022. – № 3(19). – P. 147. [in Russian].
7. Rafikov A., Mirzayev N., Alimkhanova S. Multilayer nonwoven lining materials made of wool and cotton for clothing and footwear //Journal of Industrial Textiles. – 2022. – Vol. 51. – No. 4_suppl. – P. 6173S-6194S.
8. GOST R 50275-77. Materialy geotekstil’nye. Metod otbora prob [Geotextile Materials. Sampling Method]. – Introduced 01-07-93. – Moscow: Standards Publishing, 1992. – 4 p. [in Russian].
9. GOST 13587-77. Polotna netkanye i izdeliya shtuchnye netkanye. Pravila priemki i metod otbora prob [Nonwoven Fabrics and Piece Nonwoven Products. Acceptance Rules and Sampling Method]. – Introduced 01-07-78. – Moscow: IPC Standards Publishing, 1977. – 4 p. [in Russian].
10. GOST R 53226-2008. Polotna netkanye. Metody opredeleniya prochnosti [Nonwoven Fabrics. Methods for Determining Strength]. – Introduced 01-07-78 – 01-01-2010. – Moscow: Standartinform, 2009. – 23 p. [in Russian].

ҒТАМР 64.35.13

С.Ш. Сабырханова ©

PhD

ORCID *https://orcid.org/0000-0002-7665-0099*

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,

Шымкент, Қазақстан

@ *saltanat.sabyrkhanova@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/PTBD6834

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯНСЫЗ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ БЫЛҒАРЫНЫ ӨҢДЕУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақала шолу сипатында болып, соңғы жылдардағы былғарыны экологиялық қауіпсіз әдістермен өңдеу саласындағы зерттеулерді жүйелеуге, салыстыруға және талдауға бағытталған. Әлемдік тәжірибеде өсімдік сығындыларын, табиғи заттарды және қалдықтарды қайта өңдеу тәсілдерін қолданудың артықшылықтары мен шектеулері қарастырылады. Жүйелі әдебиеттерді сараптау арқылы былғарыны илеу әдістерінің қазіргі тенденциялары көрсетіледі. Бұл ғылыми шолу қазіргі заманғы былғары өңдеу саласындағы экологиялық тұрақты технологияларды дамытуға бағытталған бірнеше өзекті ғылыми бағыттарды қамтиды. Атап айтқанда, жергілікті өсімдік текті шикізаттардан алынған сығындыларды пайдалану арқылы илеу технологияларын әзірлеу, аяқ киім өндірісінде, әсіресе табан ұлтарағын дайындауда қайта өңделген былғарыларды қолдану мүмкіндіктері талданады. Жұмыста теріні өңдеудің дәстүрлі әдістерімен салыстырғанда жаңа экологиялық қауіпсіз тәсілдердің қоршаған ортаға әсері бағаланып, олардың тұрақты өндіріс қағидаттарына сәйкестігі айқындалады. Шолудың ғылыми жаңалығы – экологиялық әдістерді салыстырмалы талдау, олардың даму бағыттарын айқындау және Қазақстан жағдайында қолдану мүмкіндіктерін көрсету. Отандық теріні өңдеудің тұрақты және ресурстарды үнемдейтін технологияларын қолдану өндірістің экологиялық әсерін едәуір қысқартуға және жоғары сапалы және қауіпсіз тауарлар жасауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: табиғи ресурстар, былғары, илегіш заттар, тері илеу, аяқ киім, ұлтарақ.

Сабырханова, С.Ш. Қоршаған ортаға зиянсыз табиғи ресурстар арқылы былғарыны өңдеу әдістері [Мәтін] / С.Ш. Сабырханова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.293-302. https://doi.org/10.55956/PTBD6834

Кіріспе. Былғары өнеркәсібі әлемдік экономикада маңызды рөл атқарады және аяқ киім, сөмкелер, жиһаз және автокөлік орындықтары сияқты тауарларды өндірудің негізгі элементі болып табылады. Бірақ, теріні өңдеудің дәстүрлі әдістері, әсіресе хром тұздары мен басқа химиялық заттарды қолдану экологияға айтарлықтай зиян келтіреді және адам денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жаһандық назар аудару жағдайында ерекше өзекті болып

табылатын экологиялық таза және тұрақты технологияларды іздеу қажеттілігін тудырады.

Қазақстан Республикасы ауқымды табиғи ресурстарға және дамыған ауыл шаруашылығына ие бола отырып, былғары өнеркәсібіне экологиялық қауіпсіз технологияларды әзірлеу және енгізу үшін үлкен әлеуетке ие.

Кең аумақты алып жатқан табиғи жайылымдық жерлер бәсекеге қабілетті және экологиялық таза мал өнімдерін өндіруге тамаша мүмкіндіктер береді. Мал шаруашылығы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің негізгі элементі бола отырып, халықты жұмыспен және табыспен қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның аграрлық секторында әрқашан маңызды рөл атқарды. Қазақстан мал шаруашылығын дамыту үшін айтарлықтай ресурстарға ие, бұл оның қолайлы климаттық жағдайлар мен кең жайылымдар (187,55 млн га) сияқты табиғи бәсекелестік артықшылықтарына байланысты. 2024 жылғы тамыздағы жағдай бойынша елімізде Ірі қара малдың (ІҚМ) саны 8,7 млн басты құрады. Ірі қалаларды қоспағанда, өңірлер арасында ірі қара мал саны Түркістан облысында (1,1 млн бас), ал ең азы Маңғыстау облысында (19,4 мың бас) өсіріледі [1,2].

Соңғы жылдары елде экологиялық таза және жергілікті материалдарға деген қызығушылық артып келеді, бұл қоршаған ортаға аз әсер ететін теріні өңдеудің жаңа әдістерін жасауға мүмкіндік береді.

Алайда, шикізат ресурстарына қарамастан, қазақстандық былғары өнеркәсібі бірқатар проблемаларға тап болып отыр. Олардың бірі – импортталған химиялық тотықтырғыштар мен технологияларға тәуелділік, олар әрдайым заманауи экологиялық стандарттарға сәйкес келе бермейді. Осыған байланысты, қатаң экологиялық талаптарға сәйкес келетін, ішкі және халықаралық нарықтарда сапалы және қауіпсіз өнімге сұранысты қанағаттандыратын теріні илеу және қайта өңдеудің өзіндік әдістерін әзірлеудің шұғыл қажеттілігі бар.

Бұл шолу жұмысының мақсаты экологиялық таза материалдар мен технологияларды қолдана отырып, аяқ киімнің табан ұлтарағын өндіру үшін жергілікті теріні өңдеудің инновациялық және экологиялық тұрақты әдістерін кешенді түрде қарастыру болып табылады. Бұл нәтижелер былғары өндірісінің экологиялық жүктемесін төмендетуге, шикізатты кешенді пайдалануға және бәсекеге қабілетті өнім ассортиментін кеңейтуге бағытталған ғылыми негіз қалыптастырады. Бұдан басқа, ұсынылған әдістердің экологиялық қауіпсіздігін және олардың өмірлік циклді талдауды пайдалана отырып, қоршаған ортаға әсерін бағалау жүргізіледі.

Ғылыми зерттеулерге шолу және талдау. *Аяқ киім ұлтарағын жасауға арналған өңделген материалдардың қолданылу сипаттамалары*. Аяқ киімге қолданылатын материалдар, яғни EVA, PU, латекс, былғары, синтетикалық маталар әрқайсысы физикалық, гигиеналық және экономикалық сипаттамалардан тұрады. Мысалы, EVA – жеңіл әрі жұмсақ, PU – берік және серпімді, латекс – табиғи әрі ауа өткізгіштігі жоғары болып келсе, былғары – классикалық, бірақ күтімді қажет ететін материалға жатады. Материалдарды таңдау оның жеңілдігі, ауа өткізгіштігі, ылғал сіңіруі және төзімділігінен байланысты жүргізіледі. Көбінесе композиттік құрылымдар оңтайлы шешім болып табылады. Қазіргі зерттеулерде тұрақты және экологиялық қауіпсіз өндіріс қағидаттарын басшылыққа алып, аяқ киімнің ұлтарағын өндіру үшін ҚР қолжетімді жергілікті былғары шикізатын тиімді өңдеу мәселеріне ерекше назар аударылуда. Әдеби деректерде бұл бағыттағы жұмыстар экологиялық жүктемені төмендету, шикізат ресурстарын ұтымды

пайдалану және импортқа тәуелділікті азайту мақсатында кешенді тәсілдерді қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі уақытта аяқ киім өндірісінде әр түрлі синтетикалық былғарылар табиғи былғарыларды алмастырып кеңінен қолданысқа ие болуда. Синтетикалық былғарылар табанның әр түрлі патологиялық ауруларын тудырады, гигиеналық талаптарға сай емес, өндіру технологиясы күрделі [3]. Табиғи былғарылардың гигиеналық қасиеттері жоғары, бірақ отандық шикізат қоры толық игерілмей қалуда. Сол себепті аяқ киім саласында маңызды бөлігі ұлтарақ жасауға отандық былғарыны өңдеп қасиеттерін жақсартып қолдану технологиялық және экономикалық тиімді, гигиеналық қасиеттері жоғары, кең ассортиментте бұйымдарды шығаруға мүмкіндік береді. Аяқ киімге материал таңдаған кезде тоқыма материалдарының тұтынушылық қасиеттері ескерілуі қажет. Былғары материалдарының физика-механикалық, химиялық қасиеттерін жақсартып, жоғары сапалы бұйым алудың бір тәсілі – жергілікті табиғи өсімдік негіздегі илеуші заттармен өңдеу технологиясын жетілдіру. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде табиғи шикізат негізінде өңдеу әдістері экологиялық тазалығымен қатар, жаңартылған ресурстарды пайдалануға және өндірістік қалдықтарды азайтуға мүмкіндік беретін бірқатар зерттеулерде дәлелденген [4-6].

Материалдардың сипаттамасы олардың технологиялық жарамдылығын көрсеткенімен, оларды өнеркәсіпке енгізу мүмкіндігін нарықтық сұраныс пен өндірістік қажеттіліктерге тікелей байланысты. Қазақстан аяқ киім нарығының өсуіне әлеуеті бар республика. Осыған байланысты Қазақстандық брендтердің импорттық аяқ киімдерден бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін компаниялардың шығаратын өнімдерінің сапасына назар аудару қажет, сонымен қатар белсенді түрде отандық брендтерді жарнамалап, тұтынушыларға қызмет көрсету деңгейін көтеру қажет. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп 20 саланы қамтыған негізгі топтардан тұрады: тоқыма, киім, былғары және аяқ киім [3]. Қазақстанда аяқ киімдік тоқыма материалдарының өндірісі мен тұтынушылық тоқыма аяқ киім бұйымдарының жоқтығынан аяқ киім өндіруге қажетті материалдарды түгелдей дамыған шет елдерден тасымалдау өзекті болып тұр. Нарықтағы барлық өнімнің шамамен 98% Қытайдан, Түркиядан және Беларусиядан импортталады [7-11].

Елімізде өндірістің отандық кәсіпорындарына қолдау көрсетіледі. 2005 жылы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақтың (АЭА) негізі қаланған. АЭА жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндірушілерге ұсынады. Қазіргі уақытта АЭА-та тек бір ғана аяқ киім кәсіпорны ЖШС «Lux Shoes» жұмыс жасайды. Оның өндірістік сыйымдылығы жылына 120 жұпты құрайды. Сонымен қатар Қазақстандық жаңа кәсіпорын «Evo Shoes» барлық елдің ірі аяқ киім компанияларын біріктіру міндетімен «біріккен аяқ киім өндірушілері» бастамасын көтерді [3].

Аяқ киім өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін тек өндірістік инфрақұрылымды дамыту жеткіліксіз, сонымен қатар пайдаланылатын материалдардың гигиеналық, экологиялық және технологиялық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды. Осыған байланысты аяқ киім өндірісінде қолданылатын әртүрлі материалдардың сипаттамалары келтіріліп, олардың салыстырмалы артықшылықтары мен кемшіліктері талданды. Табиғи былғарының гигиеналық қасиеттері жоғары болғанымен өндірістік қолдануда шектеулері бар, ал жасанды материалдар қолжетімді болғанымен, денсаулыққа зиянды факторлар туындатады.

Сондықтан да жергілікті табиғи шикізатты қайта өңдеу арқылы экологиялық және гигиеналық талаптарға сай өнім алу әлеуетті бағыт болып табылады.

Былғарыны өңдеудің экологиялық әдістеріне салыстырмалы талдау. Қазіргі уақытта синтетикалық уытты бояғыштармен байланысты кейбір экологиялық мәселелерді шешу үшін жасыл химия саласында хабарлардың өсуіне байланысты кейбір синтетикалық бояғыштарға балама экологиялық таза бояғыштарды дайындауға басты назар аударылуда. Себебі табиғи экстракттар тоқыма материалдарын бағалы қауіпсіз әрі функционалды қасиеттермен қамтамасыз ете алады [12]. Табиғи бояғыштардың қоршаған ортаға зиянсыз болуы, биологиялық ыдырауы, улы еместігі т.б. көптеген артықшылықтары бар. Әрлеу өндірісінің ағын сулары өте уытты. Ғылыми және техникалық әдебиеттерде Plantago тектес өсімдіктердің сығындылары табиғи коагулянт ретінде зерттелген [13,14]. Әдебиеттерде мақта талшықтарымен салыстырғанда вискоза және жүн талшықтары бояудың ең жоғары қарқындылығына ие болған. Кейбір табиғи бояғыштар маталарды ерекше және талғампаз түстермен бояп қана қоймай, оларға бактерияға қарсы және ультракүлгін қорғаныс функцияларын бере алады [15,16]. Қазақстан Республикасында тоқыма материалдарын бояуға және басып шығаруға арналған өсімдік сығындылары тоқыма өнеркәсібінің тұрақты дамуы контекстінде олардың елеулі әлеуетін көрсетеді [17].

Теріні өңдеудің экологиялық таза әдістеріне көшу және химиялық заттарды пайдалануды азайту су мен ауа ресурстарының ластануын азайтуды қоса алғанда, табиғатқа теріс әсерді айтарлықтай азайтады. Бұл орнықты даму мақсаттарын орындауға ықпал етеді және әлемдік экологиялық үрдістерге сәйкес келеді [18].

Хроммен илеу ең тиімді әрі кең тараған әдіс болғанымен, қоршаған ортаға қауіп төндіреді, яғни Cr(VI) түзіледі. Өсімдік негіздегі илеу экологиялық қауіпсіз болғанымен процестің ұзақтығы және шығынды болып келеді. Синтетикалық және альдегидтік илеу әдістері хромсыз былғары алуға мүмкіндік береді, бірақ қолданылатын заттардың уыттылығы мен экологияға әсері әлі толық шешілмеген. Ферментативті илеудің болашағы зор биотехнологиялық бағыт, бірақ өнеркәсіптік тұрғыдан шектеулі. Жалпы, экологиялық әдістер хром технологиясын толық алмастырмаса да, өндірістің тұрақты дамуына негіз бола алады.

Беріктігі, тозуға төзімділігі және жайлылығы, сондай-ақ табиғи және денсаулыққа қауіпсіз материалдарды пайдалану сияқты жақсартылған өнімділігі бар инновациялық ұлтарақ әзірлеу тұтынушылардың қанағаттануын арттыру және жаңа нарықтарды ашу арқылы өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Былғары мен аяқ киім ұлтарағы өндірісінде жергілікті ресурстарды пайдалану қазақстандық былғары қолөнерінің дәстүрлерін сақтауға ықпал етеді, жергілікті қоғамдастықтардың дамуын қолдайды, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандырады және осы ресурстар өндірілетін ауылдық өңірлерде өмір сүру сапасын жақсартады.

Былғарыны илеу мен өңдеудің жаңа әдістерін әзірлеу, экологиялық таза және жоғары технологиялық өндірістік процестерді енгізу былғары өнеркәсібінде ғылым мен технологияларды дамытуға, сондай-ақ Қазақстанның табиғи ресурстарын өндіріс процесінде пайдалану мүмкіндіктері туралы ғылыми білімді кеңейтуге ықпал ететін болады.

Қазіргі жағдайда 1-кестеде көрсетілгендей хроммен илеу басымдыққа ие, бірақ оның экологиялық зияны жоғары. Ферментативті және өсімдік негізді әдістер ұзақ мерзімді экологиялық шешім болуы ықтимал.

Кесте 1

Экологиялық әдістерге салыстырмалы талдау

Өңдеу әдістері	Артықшылықтары	Кемшіліктері	Экологиялық әсері
Хроммен илеу	Жылдам, сапасы жоғары	Уытты Cr(VI) түзеді	Жоғары
Өсімдік таннидтері	Табиғи, қауіпсіз	Ұзақ уақыт, шығыны көп	Төмен
Ферментативті әдіс	Болашағы зор, экологиялық	Өнеркәсіпте шектеулі	Төмен
Альдегидті және синтетикалық әдістер	Икемділік береді	Денсаулыққа қауіп төндіреді	Орташа

Былғарыны илеуде қолданылатын илегіш заттар және өңдеу технологиялары. Былғары – жануарлардың шикі терісі мен терісін түрлендіру арқылы жасалған берік және икемді материал [19]. Ол илеу деп аталатын процесс арқылы жасалады, онда шикі тері мен терілер бактериялардың шабуылына, химиялық деградацияға және механикалық деформацияға қарсы тұратын шірімейтін материалға айналады. Материал гидротермиялық тұрақтылыққа, жақсы ауа өткізгіштікке, беріктікке, жоғары беріктікке және басқа сипаттамаларға ие болады [20]. Былғары тұрақтылығы коллаген талшықтарының органикалық немесе бейорганикалық болуы мүмкін илеу агентімен берік байланысуымен түсіндіріледі. Бейорганикалық агентте әдетте хром тұздары болады, олар тері коллагенімен үйлестіру кешендерін түзеді, бұл оның биохимиялық тұрақтануына мүмкіндік береді [21]. Басқа бейорганикалық тұздарға алюминий, цирконий, кремний және темір жатады [22]. Органикалық илеу агенттеріне мимоза, акацияның әртүрлі түрлері, тара, емен квебрачосы және т.б. сияқты көкөніс таннидтерімен илеу материалдары жатады. Көкөністерді пайдаланып илеуге арналған материалдар хромға қарағанда аз ластаушы болып саналады. Көкөністермен илеу теріні және терінің құрамында таниндері бар ағаштардың жапырақтары мен қабығымен өңдеуді қамтиды [23]. Басқа илеу агенттеріне майлы илеу [24], альдегидті илеу және синтетикалық илеу [25] жатады. Тері мен теріні өңдеу терінің қажетті ерекшеліктерін алу үшін консервілеу сатысы, алдын ала консервілеу операциялары, илеу операциялары, илеуден кейінгі өңдеу және әрлеу сияқты әртүрлі процестер мен операцияларды қамтиды [19].

Илеу процесінде бұл өңделмеген терілер шірімейтін берік және икемді материалға айналады. Былғары жақсы гидротермиялық тұрақтылыққа, жақсы механикалық қасиеттерге ие және оның химиялық және биологиялық ыдырауға төзімділігі оны әртүрлі қолданбаларда қолдануға көмектеседі. Былғары сөмкелер, белбеулер, киімдер, шағын аксессуарлар мен аяқ киімдер, жиһаздар, интерьерді безендіру сияқты әртүрлі мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін. Былғары өнеркәсібі өзінің шикізатын ірі қара, түйе, қой мен ешкінің терісі түрінде, сондай-ақ түйеқұс, қоян, қолтырауын және балық сияқты экзотикалық көздерден алады. Балық өнеркәсібі үшін жақсы берік базасы бар Кенияда балық терісін өндіруді жалғастыру қажет. Былғары өңдеу үш қосалқы кезеңді қамтиды; алдын ала илеу, илеу және кейінгі илеу және әрлеу. Тұтынушының былғарыға деген қажеттілігінің сапасына байланысты илеудің

әр түрлі түрлері бар. Минералдармен илеу түрлеріне (хром, алюминий, темір, мырыш), өсімдік илеу (мимоза, акация, квебрахо), альдегидті илеу (глутальдегид, формальдегид) және майлы илеу жатады. Физикалық қасиеттердің ауқымы өнімнің сапасын анықтайды. Былғарыдан жасалған бұйымдардан пайдалану саласына байланысты әртүрлі физикалық, химиялық және беріктік қасиеттері қажет. Былғары өндірісінің экологиялық әсерін азайту үшін жаңа әдістер мен технологияларды қолдану қажет.

Негізгі илегіш заттарға хром тұздары, өсімдік таниндері, альдегидтер және синтетикалық полимерлер жатады. Хром беріктігі жоғары,бірақ экологиялық жағынан қауіпті, өсімдік таниндері табиғи әрі тұрақты, бірақ өңдеу уақыты ұзақ. Альдегидтер мен синтетикалық заттар икемді, бірақ экологиялық және денсаулық тұрғысынан мұқият бақылауды қажет етеді. Қазіргі уақытта илеу технологиялары бірнеше сатыдан тұратын күрделі процесс және әрбір кезең былғары сапасына әсер етеді. Жаңа технологиялар, мысалы, DriTan, ферментативті илеу және синтетикалық кешендер – былғары өндірісін экологиялық және технологиялық жағынан жетілдіруге бағытталған.

Қазақстан мал шаруашылығы әлеуетін ескере отырып, өсімдік негізді таннидтерді қолданудың мүмкіндіктері талданды. Халықаралық тәжірибелер көрсеткендей, дәстүрлі илеу әдістерінің орнына жаңа гибридтік және ферментативті әдістерді қолдану өндірісті тұрақтандырады.

Илеу саласында биотехнологиялық шешімдер болашағы зор, бірақ өндірістік бейімделу әлі жеткіліксіз.

Қорытынды. Әлемнің дамыған елдерінде былғары мен аяқ киім өндіруде экологиялық тұрақтылық, тұтынушының жайлылығы мен өндірістік тиімділіктің арасында тепе-теңдіктік қарастырылуда. Қазақстан Республикасының былғары өнеркәсібінің ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы импорттық материалдар мен технологияларға тәуелділікпен байланысты проблемаларды қамтиды. Әдебиеттерді талдау нәтижесінде былғарыны экологиялық өңдеудің балама әдістері, олардың ішінде өсімдік таннидтері мен ферментативті әдістер ең әлеуетті бағыт екендігі айқындалды. Қазақстан жағдайында жергілікті шикізатқа сүйене отырып, экологиялық таза илеу әдістерін енгізу тиімді. Бұл саладағы инновациялар отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Болашақта гибридтік илеу әдістерін зерттеу, қалдықсыз технологияларды дамыту және тұтынушылардың экологиялық сұранысын қанағаттандыруға бағытталған тәжірибелер қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Красота, В.Ф. Разведение сельскохозяйственных животных [Текст]: учебник для вузов / В. Ф. Красота, Т. Г. Джапаридзе. – М. : ВНИИплем, 1999. – 386 с.
2. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 28 января 2011 года [Текст].
3. Официальный сайт АО «КазАгроПродукт» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.kazagro.kz/web/ka-onim/about.
4. Сабырханова, С.Ш. Жоғары сапалы аяқ-киім бұйымдарын өндіру үшін тоқыма материалдарының физика-химиялық қасиеттерін жақсарту [Текст]: дис. … PhD : 8D07206 / Сабырханова Салтанат Шалхарбаевна. – М., 2023. – 119 б.
5. Kant, R. Textile dyeing industry as an environmental hazard // Natural Science Journal. – 2012. – Vol. 4. – No. 1. – P. 22-26.

6. Kulkarni S.S., Gokhale A.V., Bodake U.M., Pathade G.R. Cotton dyeing with natural dye extracted from pomegranate peel // Universal Journal of Environmental Research and Technology. – 2011. – Vol. 1. – No. 2. – P. 135-139.
7. Samanta A.K., Agarwal P. Application of natural dyes on textiles // Indian Journal of Fibre and Textile Research. – 2009. – Vol. 34. – P. 384-399.
8. Производство обуви в Казахстане [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://turkestan.atameken.kz/.
9. Ведущие страны – производители обуви, 2018 год [Электронный ресурс]. – Режим доступа: www.statista.com.
10. Tulegenov, S. The influence of integration processes on foreign trade in Kazakhstan // CER Comparative European Research. – 2014. – P. 82.
11. Khazhgaliyeva, D.M., et al. Problems of formation and development of cluster economy using the example of light industry of the Republic of Kazakhstan // Izvestiya vysshikh uchebnykh zavedeniy. Tekhnologiya tekstil'noy promyshlennosti. – 2020. – No. 2. – P. 53-56.
12. Sabyrkhanova S.N. Efendioglu Ork, Yeldiyar G., Bitlisli B.O. Investigation of dyeing, antibacterial and antifungal properties of blended fabrics treated with plant-based dyestuffs and mordants as shoe materials // Coloration Technology. – 2023. – P. 1-14.
13. Bhandari A. et al. Comprehensive study of plant-based natural dyes: extraction techniques, characterization, and applications across food, cosmetics, and cotton products // Int. J. Pharm. Sci. Rev. Res. – 2025. – No. 27. – P. 186-196.
14. Arora J., Agarwal P., Gupta G. Rainbow of natural dyes on textiles using plant extracts: sustainable and eco-friendly processes // Green and Sustainable Chemistry. – 2017. – Vol. 7. – No. 1. – P. 35-47.
15. Mongkholrattanasit R., Kryštůfek J., Wiener J., Viková M. Dyeing, fastness, and UV protection properties of silk and wool fabrics dyed with eucalyptus leaf extract by the exhaustion process // Fibres & Textiles in Eastern Europe. – 2011. – Vol. 19. – P. 94-99.
16. Mongkholrattanasit R., Kryštůfek J., Wiener J., Viková M. UV protection properties of silk fabric dyed with eucalyptus leaf extract // The Journal of the Textile Institute. – 2011. – Vol. 102. – P. 272-279.
17. Sabyrkhanova S.Sh., Yeldiyar G.K., Abzalbekuly B. Overview of plant extracts from the flora of Kazakhstan for dyeing and printing textile materials // Mechanics and Technology. – 2024. – No. 2 (84). – P. 360-368.
18. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development / United Nations General Assembly. – New York, 2015.
19. Duraisamy R., Shamena S., Berekete A.K. A review of bio tanning materials for processing of fish skin into leather // International Journal of Engineering Trends and Technology. – 2016. – Vol. 39. – No. 1. – P. 10-20.
20. Kesarwani P., Jahan S., Kesarwani K. A review on leather processing // International Journal of Applied Research. – 2015. – Vol. 1. – P. 977-982.
21. Focking D., Simoes M., Piana P. Resistance of the Nile Tilapia (Oreochromis niloticus) tanned with vegetable tannin // Journal of the Society of Leather Technologists and Chemists. – 2013. – Vol. 97. – No. 2. – P. 56-61.
22. Plavan V., Koliada M., Valeika V. An eco-benign semi-metal tanning system for cleaner leather production // Journal of the Society of Leather Technologists and Chemists. – 2017. – Vol. 101. – No. 5. – P. 260-265.
23. Kuria A. et al. Quality evaluation of leathers produced by selected vegetable tanning materials from Laikipia County, Kenya // IOSR Journal of Agriculture and Veterinary Science. – 2016. – Vol. 9. – P. 13-17.
24. Suparno O., Kartika I.A. Chamois leather tanning using rubber seed oil // Journal of the Society of Leather Technologists and Chemists. – 2009. – Vol. 93. – No. 4. – P. 158-161.
25. Danhong S. et al. Evaluation of environmental impact of typical leather chemicals. Part I: biodegradability of fatliquors in activated sludge treatment // Journal of the

Society of Leather Technologists and Chemists. – 2008. – Vol. 92. – No. 1. – P. 14-18.

Зерттеу жұмыстары М. Әуезов атындағы КЕАҚ Оңтүстік Қазақстан университетінің тарапынан қаржыландырылған ЮКУ2024-013 «Қоршаған ортаға зиянсыз табиғи ресурстарды тиімді пайдалана отырып, аяқ киімнің ұлтарағына ҚР отандық терілерін өңдеудің инновациялық әдістерін әзірлеу» жоба аясында орындалды.

Материал редакцияға 15.05.25 түсті, *22.12.25 қабылданды*.

С.Ш. Сабырханова

Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

МЕТОДЫ ОБРАБОТКИ КОЖИ ЭКОЛОГИЧЕСКИ БЕЗОПАСНЫМИ ПРИРОДНЫМИ РЕСУРСАМИ

Аннотация. Эта статья носит обзорный характер и направлена на систематизацию, сравнение и анализ исследований в области обработки кожи экологически безопасными методами за последние годы. В мировой практике рассматриваются преимущества и ограничения использования растительных экстрактов, натуральных веществ и способов переработки отходов. Анализ систематической литературы показывает современные тенденции в методах дубления кожи. Данный научный обзор охватывает несколько актуальных научных направлений, направленных на развитие экологически устойчивых технологий в современной кожевенной промышленности. В частности, анализируются возможности разработки технологий дубления с использованием экстрактов из сырья местного растительного происхождения, использования переработанной кожи в производстве обуви, особенно при изготовлении стельки. В работе оценивается воздействие на окружающую среду новых экологически безопасных подходов по сравнению с традиционными методами обработки кожи и определяется их соответствие принципам устойчивого производства. Научная новизна обзора – сравнительный анализ экологических методов, определение направлений их развития и демонстрация возможностей их применения в условиях Казахстана. Применение устойчивых и ресурсосберегающих технологий отечественной обработки кожи позволяет значительно сократить экологическое воздействие производства и создать качественные и безопасные товары.

Ключевые слова: природные ресурсы, кожа, дубильные вещества, дубление кожи, обувь, стелька.

S.Sh. Sabyrkhanova

M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

METHODS OF LEATHER PROCESSING USING ENVIRONMENTALLY SAFE NATURAL RESOURCES

Abstract. This article is of a review nature and is aimed at systematizing, comparing, and analyzing recent studies in the field of environmentally safe leather processing methods. International practice considers the advantages and limitations of

using plant extracts, natural substances, and waste-recycling approaches. A systematic literature analysis reveals current trends in leather tanning methods. The scientific review covers several relevant research directions focused on the development of environmentally sustainable technologies in the modern leather industry. In particular, the possibilities of developing tanning technologies using extracts from locally sourced plant raw materials, as well as the use of recycled leather in footwear production, especially in insole manufacturing, are analyzed. The study evaluates the environmental impact of new environmentally friendly approaches in comparison with conventional leather processing methods and determines their compliance with the principles of sustainable production. The scientific novelty of the review lies in the comparative analysis of eco-friendly methods, the identification of their development directions, and the demonstration of their application potential under the conditions of Kazakhstan. The implementation of sustainable and resource-saving technologies in domestic leather processing can significantly reduce the environmental impact of production and contribute to the creation of high-quality and safe products.

Keywords: natural resources, leather, tanning agents, leather tanning, footwear, insole.

References

1. Krasota V.F., Dzhaparidze T.G. Razvedenie sel'skokhozyaystvennykh zhivotnykh [Breeding of Farm Animals]: extbook for Universities. – Moscow: VNIIplem, 1999. – 386 p. [in Russian].
2. Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan narodu Kazakhstana ot 28 yanvarya 2011 goda [Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the People of Kazakhstan dated January 28, 2011]. [in Russian].
3. Official website of JSC "KazAgroProdukt" [Electronic resource]. Access mode: http://www.kazagro.kz/web/ka-onim/about. [in Russian].
4. Sabyrkhanova S.Sh. Zhogary sapaly ayaq-kiim buyymdaryn ondiru ushin toqyma materialdarynyn fizika-khimiyalyk qasietterin zhaksartu [Improvement of the Physicochemical Properties of Textile Materials for the Production of High-Quality Footwear Products]: PhD dissertation: 8D07206. – Moscow, 2023. – 119 p. [in Kazakh].
5. Kant, R. Textile dyeing industry as an environmental hazard // Natural Science Journal. – 2012. – Vol. 4. – No. 1. – P. 22-26.
6. Kulkarni S.S., Gokhale A.V., Bodake U.M., Pathade G.R. Cotton dyeing with natural dye extracted from pomegranate peel // Universal Journal of Environmental Research and Technology. – 2011. – Vol. 1. – No. 2. – P. 135-139.
7. Samanta A.K., Agarwal P. Application of natural dyes on textiles // Indian Journal of Fibre and Textile Research. – 2009. – Vol. 34. – P. 384-399.
8. Footwear production in Kazakhstan [Electronic resource]. Access mode: https://turkestan.atameken.kz/.[in Russian].
9. Leading footwear-producing countries, 2018 [Electronic resource]. Access mode: www.statista.com. [in Russian].
10. Tulegenov, S. The influence of integration processes on foreign trade in Kazakhstan // CER Comparative European Research. – 2014. – P. 82.
11. Khazhgaliyeva, D.M., et al. Problems of formation and development of cluster economy using the example of light industry of the Republic of Kazakhstan // Izvestiya vysshikh uchebnykh zavedeniy. Tekhnologiya tekstil'noy promyshlennosti. – 2020. – No. 2. – P. 53-56.
12. Sabyrkhanova S.N. Efendioglu Ork, Yeldiyar G., Bitlisli B.O. Investigation of dyeing, antibacterial and antifungal properties of blended fabrics treated with plant-based dyestuffs and mordants as shoe materials // Coloration Technology. – 2023. – P. 1-14.

13. Bhandari A. et al. Comprehensive study of plant-based natural dyes: extraction techniques, characterization, and applications across food, cosmetics, and cotton products // Int. J. Pharm. Sci. Rev. Res. – 2025. – No. 27. – P. 186-196.
14. Arora J., Agarwal P., Gupta G. Rainbow of natural dyes on textiles using plant extracts: sustainable and eco-friendly processes // Green and Sustainable Chemistry. – 2017. – Vol. 7. – No. 1. – P. 35-47.
15. Mongkholrattanasit R., Kryštůfek J., Wiener J., Viková M. Dyeing, fastness, and UV protection properties of silk and wool fabrics dyed with eucalyptus leaf extract by the exhaustion process // Fibres & Textiles in Eastern Europe. – 2011. – Vol. 19. – P. 94-99.
16. Mongkholrattanasit R., Kryštůfek J., Wiener J., Viková M. UV protection properties of silk fabric dyed with eucalyptus leaf extract // The Journal of the Textile Institute. – 2011. – Vol. 102. – P. 272-279.
17. Sabyrkhanova S.Sh., Yeldiyar G.K., Abzalbekuly B. Overview of plant extracts from the flora of Kazakhstan for dyeing and printing textile materials // Mechanics and Technology. – 2024. – No. 2 (84). – P. 360-368.
18. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development / United Nations General Assembly. – New York, 2015.
19. Duraisamy R., Shamena S., Berekete A.K. A review of bio tanning materials for processing of fish skin into leather // International Journal of Engineering Trends and Technology. – 2016. – Vol. 39. – No. 1. – P. 10-20.
20. Kesarwani P., Jahan S., Kesarwani K. A review on leather processing // International Journal of Applied Research. – 2015. – Vol. 1. – P. 977-982.
21. Focking D., Simoes M., Piana P. Resistance of the Nile Tilapia (Oreochromis niloticus) tanned with vegetable tannin // Journal of the Society of Leather Technologists and Chemists. – 2013. – Vol. 97. – No. 2. – P. 56-61.
22. Plavan V., Koliada M., Valeika V. An eco-benign semi-metal tanning system for cleaner leather production // Journal of the Society of Leather Technologists and Chemists. – 2017. – Vol. 101. – No. 5. – P. 260-265.
23. Kuria A. et al. Quality evaluation of leathers produced by selected vegetable tanning materials from Laikipia County, Kenya // IOSR Journal of Agriculture and Veterinary Science. – 2016. – Vol. 9. – P. 13-17.
24. Suparno O., Kartika I.A. Chamois leather tanning using rubber seed oil // Journal of the Society of Leather Technologists and Chemists. – 2009. – Vol. 93. – No. 4. – P. 158-161.
25. Danhong S. et al. Evaluation of environmental impact of typical leather chemicals. Part I: biodegradability of fatliquors in activated sludge treatment // Journal of the Society of Leather Technologists and Chemists. – 2008. – Vol. 92. – No. 1. – P. 14-18.

ҒТАМР 61.01.77 : 70.85.29

Г.Б. Курманбаев[1] – *негізгі автор*,
Ш.М. Умбетова[2], У. Умбетов[3],
Н.С. Кулмурзаев[4], Ж.С. Асанова[5]

[1,2]*Техн. ғылым. канд.*, [3]*Техн. ғылым. д-ры, профессор*, [4]*Экон. ғылым. канд.*, [5]*Магистр*

ORCID [1]*https://orcid.org/0009-0002-0683-9926* [2]*https://orcid.org/0000-0001-7716-9822*
[3]*https://orcid.org/0000-0001-6931-7944* [4]*https://orcid.org/0000-0003-4456-9891*
[5]*https://orcid.org/0000-0003-4456-9891*

[1]*Қызылорда Ашық университеті, Қызылорда, Қазақстан*
[2,4,5]*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан*
[3]*Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан*

@ [2]*umbetova-37@mail.ru*

©

https://doi.org/10.55956/FQKJ4566

АҚАБА СУЛАРДЫ ОЗОН ЖӘНЕ АТМОСФЕРАЛЫҚ ОТТЕГІ АРҚЫЛЫ ТАЗАРТУ

Аңдатпа. Өндірістік ақаба сулардың, әсіресе мұнай өнімдерімен ластануының артуы жағдайында оларды тиімді тазарту әдістерін іздеу өзекті мәселе болып отыр. Ластанудың негізгі көзі – дәстүрлі әдістермен жоюы қиын көмірсутектер. Бұл зерттеуде озон мен атмосфералық оттегі қоспасын марганец диоксиді катализаторының әртүрлі концентрациясында пайдалану арқылы ақаба суларды тотығу әдісі ұсынылды. Органикалық синтез зауытының нақты су үлгілерінде 500-ден астам тәжірибе жүргізілді. Салыстырмалы талдау озонның тазарту тиімділігі жоғары екенін көрсетті (53%-ға дейін), ал оттегімен өңдеу кезінде бұл көрсеткіш 41% болды. Сонымен қатар, озон жарық өткізгіштікті арттыруда да басымдық танытты. Озон үшін MnO_2 катализаторының оңтайлы концентрациясы 1-2 г/л екені анықталды. Ұсынылған әдіс экологиялық және экономикалық тұрғыдан тиімді, катализаторды бірнеше рет қолдануға мүмкіндік береді және көмірсутектердің жоғары концентрациясы бар суларды тазартуда перспективалы болып табылады.

Тірек сөздер: суды озондау, ақаба сулар, атмосфера, су тазарту, ластану, концентрация.

Курманбаев, Г.Б. Ақаба суларды озон және атмосфералық оттегі арқылы тазарту [Мәтін] / Г.Б. Курманбаев, Ш.М. Умбетова, У. Умбетов, Н.С. Кулмурзаев, Ж.С. Асанова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.303-310. https://doi.org/10.55956/FQKJ4566

Кіріспе. Қазіргі индустрияның даму жағдайында өндірістік қалдықтардың табиғи суларға түсуі жиілеп, оларды тиімді тазарту мәселесі өзекті бола түсуде [1]. Ластаушы заттардың көлемі ғана емес, олардың химиялық әртүрлілігі мен уыттылығы да артып келеді [2]. Дәстүрлі тазарту әдістері, әсіресе органикалық ластағыштарды жою мен шламдарды өңдеу саласында, тиімділігін жоғалтып отыр [3]. Ағаш өңдеу, целлюлоза-қағаз, металлургия және химия өнеркәсібі сияқты салалар суды қиын ыдырайтын заттармен ластайтын негізгі көздерге жатады [4].

Соңғы жылдары суды органикалық ластағыштардан тазарту үшін тотығу технологияларын қолдану кеңінен таралуда. Тотығу агенттері ретінде озон, хлор және хлор диоксиді сияқты заттар пайдаланылады [5-6]. Сонымен қатар, озон мен ультракүлгін сәуле, сутегі асқын тотығы мен екі валентті темір иондары, сондай-ақ сутегі асқын тотығы мен ультракүлгін сәуленің комбинациясы сияқты күрделі тотығу жүйелері де қолданылады [8].

Бұл әдістердің негізі – органикалық қосылыстарды төмен молекулалық салмақты және уытсыз бейорганикалық заттарға дейін ыдырату. Озон – ең тиімді тотығу агенттерінің бірі, себебі ол тіпті қиын тотығатын органикалық заттарды көмірқышқыл газы мен суға дейін ыдырата алады [9]. Озон тек өндірістік ақаба суларды ғана емес, ауыз суды халықаралық стандарттарға сай тазарту үшін де қолданылады [10]. Дегенмен, озонды өндіру көп энергияны қажет етеді, бұл оның негізгі кемшілігі болып табылады [11].

Ақаба суларды тазартудың тағы бір әдісі – атмосфералық ауадан алынған оттегіні пайдалану. Бұл әдіс экологиялық және технологиялық тұрғыдан қауіпсіз, әрі энергияны аз қажет етеді [12]. Алайда, бұл әдіс органикалық заттардың жоғары концентрациясы кезінде тиімділігін жоғалтады [13]. Сондықтан, ақаба суларды тотығу арқылы тиімді тазартудың жаңа жолдарын іздеу әлі де маңызды.

Қазіргі таңда әртүрлі ластағыштарға арналған тазарту әдістері көп болғанымен, әмбебап әрі жоғары тиімді әдіс әлі табылған жоқ [14]. Осы зерттеуде озон мен атмосфералық оттегіні қолдана отырып, марганец диоксидін катализатор ретінде пайдалану арқылы ақаба суларды тазартудың жаңа әдісі ұсынылады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеудің шарттары – озон мен атмосфералық оттегіні пайдалану арқылы ақаба суларды тазартудың тиімді әдісін әзірлеу.

Міндеттері:

а) тотығу процесінде катализаторлардың тиімділігін бағалау және гидроксидтік пен пероксидтік радикалдардың түзілуін зерттеу;

ә) екі түрлі тотығу әдісінің тиімділігін салыстырып, ең тиімді катализатор концентрациясын анықтау.

Эксперименттер арнайы құрастырылған құрылғыда орындалды. Қондырғы келесі бөліктерден тұрды: ауа ағынын тазарту және кептіру блогы бар компрессор, озон генераторы, ротаметр, тотығу реакциясы жүретін реактор, газ анализаторы және озон қалдықтарын жоятын дегазатор. Атмосфералық оттегімен жұмыс істегенде озон генераторына ток берілмеді.

Әрбір тотығу әдісі бойынша 270 реттен, жалпы 540 тәжірибе жүргізілді. Бұл тәжірибелерде марганец диоксидінің әртүрлі концентрациялары қолданылды.

Зерттеу нысаны ретінде органикалық синтез зауытының ағынды сулары алынды. Бұл суларда ароматты және алифатты көмірсутектердің жоғары концентрациясы анықталды. Олар жоғары уыттылықпен және оттегіні көп тұтынуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, суларда сілтілік деңгейі жоғары болғандықтан, оларды күкірт қышқылымен бейтараптандыру қажет болды. Нәтижесінде түзілген сульфаттар мен шайыр эмульгаторларының мөлшері рұқсат етілген шектен асып кетті. Осы себептер зерттеуді жүргізуге негіз болды.

Әр тәжірибеде реакторға 1 литр ағынды су құйылып, оған марганец диоксидінің келесі концентрациялары қосылды: 0,01, 0,05, 0,1, 0,2, 0,5, 1,0, 2,0, 4,0 және 8,0 г/л. Әр концентрация үшін 30 қайталау жасалды. Озон мен

ауа қоспасы 3,0 г/л озон концентрациясымен және 80 л/сағ шығынымен берілді. Атмосфералық оттегімен де дәл осындай параметрлер қолданылды. Эксперименттер бөлме температурасында (20-22°C) жүргізілді, бұл кинетикалық аймақ шарттарына сәйкес келеді.

Оттегі тұтыну деңгейі бихромат әдісімен анықталды. Бұл әдісте органикалық заттар калий бихроматы мен күкірт қышқылының 1:1 қатынасындағы ерітіндісімен тотығады. Бұл әдіс химиялық оттегі тұтынуын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жарық өткізгіштік коэффициенті 5 см кювета және 400 нм толқын ұзындығы арқылы өлшенді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Барлық мәліметтер Excel бағдарламасына енгізілді. Орташа мәндер мен стандартты қателіктер есептелді. Әртүрлі эксперимент нәтижелерінің айырмашылығын бағалау үшін Стьюденттің t-тесті қолданылды. Сенімділік деңгейі $p \leq 0,05$ деп алынды. Жарық өткізгіштік пен тазарту тиімділігі пайызбен көрсетілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша, озон мен атмосфералық оттегі қоспаларын қолдану арқылы ақаба суларды тотығу арқылы тазарту тиімділігі өңдеу уақытына және катализатор концентрациясына тікелей байланысты екені анықталды. Ең жоғары тотығу белсенділігі тазарту процесі басталғаннан кейінгі алғашқы 15-30 минут аралығында байқалды.

Озонмен өңдеу кезінде алғашқы 15 минут ішінде химиялық оттегі тұтыну деңгейінің төмендеуі атмосфералық оттегімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болды ($p \leq 0,05$). 30 минуттан кейін екі әдістің де тиімділігі тұрақтанып, оттегі тұтыну деңгейі өзгеріссіз қалды. Алайда, марганец диоксиді катализаторының қатысуымен озон қолданылған жағдайда, атмосфералық оттегімен салыстырғанда оттегі тұтыну деңгейі едәуір төмен болды ($p \leq 0,05$).

Катализатор концентрациясы 0,1-0,5 г/л-ден 1-2 г/л-ге дейін артқанда, екі тотығу әдісі де жоғары тиімділік көрсетті. 30 минуттық өңдеуде озонмен тазарту тиімділігі 53%-ға, ал атмосфералық оттегімен – 41%-ға жетті. Бұл озонның катализатор қатысқан жағдайда да тиімдірек екенін көрсетеді ($p \leq 0,05$). Бұл жоғары тиімділікті марганец диоксидінің екі электронды тотығу реакциясына қатысып, манганаттар түзуімен түсіндіруге болады. Бұл қосылыстар сілтілік ортада көмірсутектермен әрекеттесіп, қайтадан тұрақты марганец диоксидіне айналады.

Соңғы уақытта суды ультракүлгін сәулемен тазарту әдісін хлорлауға балама ретінде қолдану үрдісі байқалуда. Бұл әдістің тиімділігі судың мөлдірлігіне байланысты болғандықтан, зерттеуде жарық өткізгіштік көрсеткіші де ескерілді.

Катализатор қатысқан жағдайда жарық өткізгіштіктің ең жоғары көрсеткіші озонмен 1 сағат өңдегенде 83%-ға жетті (0,01 г/л концентрациясында). Атмосфералық оттегімен бұл көрсеткіш 52% болды ($p \leq 0,05$), бірақ катализатор концентрациясы 1 г/л-ге дейін арттырылды. Бұл озонның тиімділігі жоғары екенін және жарық өткізгіштікке жету үшін атмосфералық оттегімен салыстырғанда аз катализатор қажет екенін көрсетеді. Озонның жоғары тиімділігі оның қос байланыстармен әрекеттесіп, қосылу реакцияларын жүргізу қабілетіне байланысты. Ал атмосфералық оттегі гидроксил және пероксид радикалдары арқылы байланыстарды үзу арқылы әрекет етеді.

Катализатор концентрациясы 1 және 2 (0,01 және 0,05 г/л) болғанда, жарық өткізгіштік көрсеткіштерінде айтарлықтай айырмашылық байқалмады. Алайда, 1 сағаттық өңдеуден кейін pH деңгейінің едәуір төмендеуі тіркелді

(кесте 1): озон үшін – $p \leq 0,01$, атмосфералық оттегі үшін – $p \leq 0,05$. Ең үлкен төмендеу алғашқы 15–30 минутта байқалды, кейін pH деңгейі баяу төмендеді ($p \leq 0,02$).

Кесте 1

Катализатор концентрациясы, өңдеу уақыты және тотығу әдісіне байланысты ағынды судың pH көрсеткіштері

Катализатор концентрациясы (г/л)	Озонмен өңдеу			Катализатор концентрациясы (г/л)	Атмосфералық оттегімен өңдеу		
	15 мин	30 мин	60 мин		15 мин	30 мин	60 мин
1	8,50	7,91	7,42	1	8,78	8,19	7,98
2	8,52	7,84	7,35	2	8,68	8,03	7,76
3	8,10	7,52	7,03	3	8,54	7,96	7,67
4	8,00	7,30	7,01	4	8,50	7,95	7,59
5	7,74	7,03	6,37	5	8,43	7,91	7,52
6	7,58	6,89	6,15	6	8,43	7,88	7,46
7	7,52	6,91	6,11	7	8,40	7,85	7,40
8	7,50	6,82	6,40	8	8,31	7,79	7,29
9	7,55	6,90	6,47	9	8,25	7,74	7,21

Катализатор концентрациясы 0,5 г/л-ден жоғары болғанда, өңдеудің алғашқы 30 минутынан кейін су құрамында көмірсутектер анықталмады. Бұл атмосфералық оттегі үшін ең тиімді концентрация – 2 г/л, ал озон үшін – 1 г/л екенін көрсетті. Тиімділік көрсеткіштері: озонмен – 53%, оттегімен – 42%. Жарық өткізгіштік: озонмен – 62%, оттегімен – 43%.

Зерттеу барысында зауыттан алынған жоғары көмірсутек концентрациясы бар су үлгілері зерттелді. Катализатор қатысқан жағдайда көмірсутектердің ең жоғары тотығуы оны енгізгеннен кейінгі алғашқы 30 минутта байқалды. Бұл ретте қолданылған тотығу агентінің түрі айтарлықтай рөл атқармады.

Атмосфералық оттегімен өңдеу кезінде катализатор концентрациясы 2 г/л болғанда тазарту тиімділігі едәуір артты ($p \leq 0,05$), ал озон үшін бұл көрсеткіш 1 г/л деңгейінде болды ($p \leq 0,05$, 2-кесте).

Кесте 2

Катализатор қосылғаннан кейін 30 минуттан соң озон және атмосфералық оттегімен өңделген ағынды судың сипаттамалары

Катализатор концентрациясы, г/л Mn4+	Оттегі тұтыну коэффициенті (мгO₂/л)	Сілтілік деңгейі (мг-экв/л),	Жарық өткізгіштік (%)
1	2	3	4
Озонмен өңдеу			
0,001	7379	808	7
0,01	6708	800	7
0,02	6547	792	11
0,04	6413	784	13
0,1	6440	784	19
0,25	6118	784	17
0,5	5849	784	21
1,0	5474	768	25
2,0	5044	768	34
4,0	5071	768	33
8,0	4991	768	34

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Атмосфералық оттегімен өңдеу			
0,001	7513	808	6
0,01	6923	808	9
0,02	6815	808	9
0,04	6815	808	9

Жарық өткізгіштік 35%-ға жеткен мәндер озон мен катализатор (2, 4, 8 г/л) қолданылғанда байқалды. Ал атмосфералық оттегімен бұл көрсеткіш тек 26% болды ($p \leq 0,05$). Сонымен қатар, озонмен өңдеу кезінде сілтіліктің төмендеуі де айтарлықтай жоғары болды (2-кесте). Бұл өзгерістер катализатор концентрациясы 1-8 г/л аралығында болғанда, алғашқы 30 минут ішінде байқалды. Атмосфералық оттегі үшін тиімді диапазон – 4-8 г/л ($p \leq 0,05$). Хромато-масс-спектрометриялық талдау нәтижесінде сілтіліктің төмендеуі органикалық қышқылдардың түзілуімен байланысты екені анықталды.

Мұнай-газ өнеркәсібі қоршаған ортаға ең көп зиян келтіретін салалардың бірі болып табылады. Бұл салада өндірілетін шикізаттың басым бөлігі көмірсутектерден тұрады [15], ал олар органикалық химия мен энергия үнемдеу технологияларында кеңінен қолданылады. Жыл сайын әлемде шамамен 3,5 миллиард тонна мұнай өндіріледі, оның 1%-ы қоршаған ортаға түссе де, бұл шамамен 35 миллион тоннаны құрайды. Бұған қоса, мұнай құбырларындағы апаттар, танкерлердегі төгілулер мен мұнай өңдеу зауыттарындағы өрттер экологиялық жағдайды одан әрі нашарлатады.

Қазіргі таңда мұнай өнімдерімен ластанған суларды тазартуға арналған физика-химиялық және биологиялық әдістердің түрлері көп. Ең жиі қолданылатын әдістердің бірі – коагуляция. Бұл әдісте алюминий мен темірдің оксигидраттары коагулянт ретінде пайдаланылады [16], сондай-ақ мұнай өңдеу қалдықтары да қолданылады. Коагулянттар мен флокулянттардың қоспалары еріген және ерімейтін көмірсутектерді тиімді бөлуге мүмкіндік береді [17]. Алайда, бұл әдістің кемшілігі – көп мөлшерде тұнба түзілуі, ал біздің әдісте мұндай құбылыс байқалмады. Сонымен қатар, бұл тұнбаны қайта өңдеу үшін ұзақ уақыт кептіру қажет (1,5-2 сағат).

Флотация әдісі ерімейтін көмірсутектердің 45-55%-ын, ал еріген түрлерінің 35-45%-ын жоя алады. Біздің әдіс орташа есеппен 50%-дан жоғары тиімділік көрсетті. Сонымен қатар, флотация кезінде оттегі тұтыну деңгейі 49%-ға дейін төмендесе, біздің әдісте бұл көрсеткіш 40-53% аралығында болды. Қысыммен флотация сияқты жетілдірілген әдістер де қолданылады, бірақ олардың энергия шығыны жоғары, бұл озон өндіруге кететін шығынмен шамалас.

Электрохимиялық әдіс көмірсутектерді анодта тотығу және катодта қалпына келтіру арқылы бөлуге бағытталған. Бұл әдісте алюминий мен темірден жасалған электродтар қолданылады, бірақ оның да энергия шығыны жоғары [18,19].

Соңғы жылдары адсорбция әдісі де кеңінен қолданылуда, оның тиімділігі 55%-ға дейін жетеді. Алайда, әртүрлі ластағыштарға әртүрлі адсорбенттер қажет, ал олардың физика-химиялық қасиеттері де әртүрлі. Біздің әдісте қолданылған марганец диоксиді катализаторы жоғары тиімділік көрсетті және оны кемінде бес рет қайта қолдануға болады, бұл оның экономикалық тиімділігін арттырады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері озонды қолдану арқылы ақаба суларды тазарту атмосфералық оттегімен салыстырғанда анағұрлым тиімді екенін көрсетті. Бұл әсіресе көмірсутектердің жоғары концентрациясы бар суларды өңдеу кезінде байқалды. Тотығу процесінің тиімділігін арттыру үшін марганец диоксиді катализаторы қолданылды. Озонмен тазарту кезінде катализатордың тиімді концентрациясы 1-8 г/л аралығында, ал атмосфералық оттегі үшін – 4-8 г/л аралығында болды. Бұл озонды қолданғанда катализатордың шығыны аз болатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, озон тек жоғары тазарту тиімділігін ғана емес, сонымен бірге судың жарық өткізгіштігін арттыру және сілтілікті төмендету сияқты қосымша артықшылықтар көрсетті. Марганец диоксиді катализаторы бірнеше рет қолдануға жарамды екені дәлелденді. Екінші циклде 2 г/л концентрациясында озонмен – 37%, ал оттегімен – 32% тазарту деңгейіне қол жеткізілді. Үшінші және төртінші циклдерде оттегі үшін тиімділік айтарлықтай өзгермеді ($p \geq 0,05$), ал озон үшін аздап төмендеді – 34% ($p \leq 0,05$). Бесінші циклде бұл көрсеткіштер озон үшін – 33%, оттегі үшін – 30% болды.

Осы нәтижелерге сүйене отырып, марганец диоксидін катализатор ретінде кемінде бес рет қолдануға болатыны анықталды, себебі оның белсенділігі 1-4% шегінде ғана төмендейді. Алайда, үздіксіз тазарту процесінде катализатордың толық дезактивациясын болдырмау үшін оны жаңартып отыру және пайдаланылған тұнбаны жүйеден шығару қажет.

Ұсынылған технология көмірсутектердің жоғары концентрациясы бар ақаба суларды тазарту үшін тиімді әрі үнемді әдіс ретінде ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Rahman Hosseinzadeh Selective Oxidation of Hydrocarbons and Alcohols Using Phen-MCM-41 as an Efficient Co-Catalyst in Combination with NHPI-Based Nano-Magnetic Catalyst // Organic Preparations and Procedures International. – 2020. – Vol. 52, No. 2. – P. 99-109.
2. Yuan Sun et al. Oxidative degradation of polycyclic aromatic hydrocarbons in contaminated industrial soil using chlorine dioxide // Chemical Engineering Journal. – 2020. – Vol. 394. – P. 124857.
3. Durmusoglu E. et al. Health risk assessment of BTEX emissions in the landfill environment // Journal of Hazardous Materials. – 2010. – Vol. 176. – P. 870-877.
4. Tiantian Song et al. Adsorption Behaviors of Polycyclic Aromatic Hydrocarbons and Oxygen Derivatives in Wastewater on N-Doped Reduced Graphene Oxide // Separation and Purification Technology. – 2021. – Vol. 254. – P. 117565.
5. Tian X. et al. A comprehensive review on toxic petrochemical wastewater pretreatment and advanced treatment // Journal of Cleaner Production. – 2020. – Vol. 245. – P. 118692.
6. Flores-Chaparro C.E. et al. Pillared graphene oxide composite as an adsorbent of soluble hydrocarbons in water: pH and organic matter effects // Journal of Environmental Management. – 2020. – Vol. 259. – P. 110044.
7. Backvall, J.E. Modern Oxidation Methods. – Weinheim: Wiley-VCH Verlag GmbH & Co. KGaA, 2012. – 300 p.
8. Mohammadi L. et al. Petroleum Hydrocarbon Removal from Wastewaters: A Review // Processes. – 2020. – Vol. 8. – P. 1-34.
9. Gkorezis P. et al. The Interaction between Plants and Bacteria in the Remediation of Petroleum Hydrocarbons: An Environmental Perspective // Frontiers in Microbiology. – 2016. – Vol. 7. – P. 1836.

10. Xie H. et al. Catalytic combustion of volatile aromatic compounds over CuO-CeO2 catalyst // Korean Journal of Chemical Engineering. – 2017. – Vol. 34. – P. 1944-1951.
11. Ji H. et al. Degradation of petroleum hydrocarbons in seawater by simulated surface-level atmospheric ozone: Reaction kinetics and effect of oil dispersant // Marine Pollution Bulletin. – 2018. – Vol. 135. – P. 427-440.
12. Najafi A.R. et al. Enhancing biosurfactant production from an indigenous strain of Bacillus mycoides by optimizing the growth conditions using a response surface methodology // Chemical Engineering Journal. – 2010. – Vol. 163. – P. 188-194.
13. Silliman B.R. et al.Degradation and resilience in Louisiana salt marshes after the BP—Deepwater Horizon oil spill // Proceedings of the National Academy of Sciences USA. – 2012. – Vol. 109. – P. 11234.
14. Ahmed F. et al. A Review on Environmental Contamination of Petroleum Hydrocarbons and its Biodegradation // International Journal of Environmental Science and Natural Resources. – 2018. – Vol. 11. – P. 63-69.
15. Logeshwaran P. et al. Petroleum hydrocarbons (PH) in groundwater aquifers: An overview of environmental fate, toxicity, microbial degradation and risk-based remediation approaches // Environmental Technology & Innovation. – 2018. – Vol. 10. – P. 175-193.
16. Li Y. et al. Temporal and spatial trends of total petroleum hydrocarbons in the seawater of Bohai Bay, China from 1996 to 2005 // Marine Pollution Bulletin. – 2010. – Vol. 60. – P. 238-243.
17. Vilve M. et al. Degradation of 1,2-dichloroethane from wash water of ion-exchange resin using Fenton's oxidation // Environmental Science and Pollution Research. – 2010. – Vol. 17. – P. 875-884.
18. Lu Y. et al. Study on the removal of indoor VOCs using biotechnology // Journal of Hazardous Materials. – 2010. – Vol. 182. – P. 204-209.
19. Campo R. et al. Petrochemical slop wastewater treatment by means of aerobic granular sludge: Effect of granulation process on bio-adsorption and hydrocarbons removal // Chemical Engineering Journal. – 2019. – Vol. 378. – P. 122247.

Зерттеу жұмыстары ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған AP26199445 «Суды озондау арқылы өңдеудің интеллектуалды жүйесін әзірлеу» жоба аясында орындалды.

Материал редакцияға 02.11.25 түсті, 20.11.25 қабылданды.

Г.Б. Курманбаев[1], Ш.М. Умбетова[2], У. Умбетов[3], Н.С. Кулмурзаев[2], Ж.С. Асанова[2]

[1]Кызылординский открытый университет, Кызылорда, Казахстан
[2]Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
[3]Университет Болашақ, Кызылорда, Казахстан

ОЧИСТКА СТОЧНЫХ ВОД С ПОМОЩЬЮ ОЗОНА И АТМОСФЕРНОГО КИСЛОРОДА

Аннотация. В условиях роста загрязнения промышленных сточных вод, особенно нефтепродуктами, поиск эффективных методов их очистки становится актуальной задачей. Основным источником загрязнения являются углеводороды, которые трудно удалить традиционными методами. В данном исследовании предложен метод окисления сточных вод с использованием смеси озона и атмосферного кислорода при различных концентрациях катализатора диоксида марганца. На реальных пробах воды органического синтеза было проведено более 500 экспериментов. Сравнительный анализ показал, что эффективность очистки озоном выше (до 53%), тогда как при обработке кислородом этот показатель составил 41%. Кроме того, озон проявил преимущество в повышении

светопроницаемости. Оптимальная концентрация катализатора MnO_2 для озона составила 1-2 г/л. Предложенный метод является экологически и экономически эффективным, позволяет многократно использовать катализатор и является перспективным для очистки вод с высоким содержанием углеводородов.

Ключевые слова: озонирование воды, сточные воды, атмосфера, очистка воды, загрязнение, концентрация.

G.B. Kurmanbayev[1], Sh.M. Umbetova[2], U. Umbetov[3], N.S. Kulmurzaev[2], Zh.S. Asanova[2]

[1]Kyzylorda Open University, Kyzylorda, Kazakhstan
[2]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
[3]Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan

TREATMENT OF WASTEWATER USING OZONE AND ATMOSPHERIC OXYGEN

Abstract. With the increasing pollution of industrial wastewater, particularly by petroleum products, the search for effective treatment methods has become an urgent task. The main source of contamination is hydrocarbons, which are difficult to remove using traditional methods. This study proposes a wastewater oxidation method using a mixture of ozone and atmospheric oxygen at various concentrations of a manganese dioxide catalyst. More than 500 experiments were conducted on real water samples from an organic synthesis plant. Comparative analysis showed that ozone provided higher purification efficiency (up to 53%), while treatment with oxygen resulted in a 41% efficiency. In addition, ozone demonstrated superiority in improving light transmittance. The optimal concentration of MnO_2 catalyst for ozone was determined to be 1-2 g/L. The proposed method is environmentally and economically efficient, allows for repeated use of the catalyst, and is promising for treating waters with high concentrations of hydrocarbons.

Keywords: water ozonation, wastewater, atmosphere, water treatment, pollution, concentration.

ҒТАМР 61.13.21

А.М. Серикбаева[1] – *негізгі автор*,
К.Р. Токтибаева[2], **Э.Н. Абдулова**[3]

[1,2,3]*Магистр, аға оқытушылар*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0000-0002-8204-7851* [2]*https://orcid.org/0000-0001-6193-944X*
[3]*https://orcid.org/0009-0009-0660-7616*

[1,2,3]*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті,*
Шымкент, Қазақстан

[1]*Ali_2006.82@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/VEIM8755

ТҮРЛЕНДІРІЛГЕН САЗДЫҢ КӨМЕГІМЕН МЕТИЛЕН КӨГІН АДСОРБЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ПЕРОКСИДТІ КАТАЛИТИКАЛЫҚ ТОЛЫҚТЫРУ ҮРДІСІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Бұл жұмыста табиғи каолинитті сазды диметилсульфоксид (ДМСО) және триэтаноламин (ТЕАО) арқылы түрлендіру нәтижесінде алынған материалдардың метилен көгін адсорбциялау және каталитикалық ылғалды пероксидті тотығу (CWPO) үдерісіндегі тиімділігі зерттелді. Зерттеудің мақсаты – табиғи саз негізінде арзан әрі жоғары белсенді катализатор алу. Табиғи Шымкент сазы екі сатылы интеркаляция әдісімен модификацияланды. Бастапқы және түрлендірілген саздардың құрылымдық-фазалық құрамы рентгендік дифракциялық талдау (XRD) арқылы анықталды. Каталитикалық белсенділік метилен көгінің бастапқы концентрациясы 50 мг/л, pH = 3, температура 50°C және сутек асқын тотығының қатысуымен бағаланды. Нәтижелер ТЕАО-мен модификацияланған саздардың жоғары каталитикалық белсенділік көрсететінін дәлелдеді. Шымкент-ТЕАО катализаторы 8 сағат ішінде метилен көгінің толық жойылуын қамтамасыз етті. Белсенділіктің артуы саз бетінде функционалдық топтардың көбеюімен және кеуектік құрылымның жақсаруымен түсіндіріледі. Алынған материалдар бояғыштармен ластанған ағын суларды тазарту үшін перспективалы катализатор болып табылады.

Тірек сөздер: каолинит, интеркалирленген егу, диметилсульфоксид, ДМСО, табиғи саз, түрлендірілген саз, триэтаноламин, ТЕАО.

Серикбаева, А.М. Түрлендірілген саздың көмегімен метилен көгін адсорбциялау және пероксидті каталитикалық толықтыру үрдісін зерттеу [Мәтін] / А.М. Серикбаева, К.Р. Токтибаева, Э.Н. Абдулова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.311-318. https://doi.org/10.55956/VEIM8755

Кіріспе. Сұйық ортаны тазарту үшін адсорбенттер ретінде сазды минералдар, атап айтқанда каолиниттер кеңінен қолданылады. Каолинит табиғи саз минералы, гидроалюмосиликат, қабатты, кеуекті құрылымға ие және суда ісіну қасиетіне ие [1]. КСРО кезеңінде каолиниттің бірқатар ірі кен орындары игерілді, атап айтқанда Черкасс облысындағы, Кавказдағы және Қазақстандағы кен орындары. Сонымен қатар Қазақстан аумағындағы отандық каолинит кен

орындарын зерттеу мен игеру жұмыстары басталды. Каолиниттің негізі монтмориллонит болып табылады, ол модификациядан кейін тамақ, фармакологиялық, косметикалық, мұнай-газ және құрылыс салаларында қолданылады [2]. Жұмыста [3] бояғыштарға қатысты саздардың сорбциялық қасиеттері зерттелген (метилен көк және конго қызыл).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әр түрлі кен орындарындағы Донбасс саздарының барлық үлгілерінде сорбциялық сыйымдылық мөлшері белсенді көмірдің 50-60% құрайды. [4,5] еңбектерінде ағынды суларды органикалық қоспалардан өнеркәсіптік тазарту үшін табиғи саздарды қолдану қарастырылған. Жұмыста гидрофобталған және модификацияланған каолиниттер де қарастырылған [6]. Каолинит бетінің гидрофобизациясын жүргізу үшін әртүрлі химиялық заттарды қолдануға болады, мысалы: беттік белсенді заттар (беттік белсенді заттар), көміртекті қосылыстар, тақтатастар, аминдер, карбамид, аммоний қосылыстары және т.б. [7]. Барлық қиындық модификацияның көп сатылы болуында және модификациялаушы заттардың концентрациясы әдетте өте аз. Бірінші кезеңде сазды материалдың кеуекті құрылымынан су молекулаларының десорбциясына қол жеткізу үшін каолинитті кептіру және вакуумдық өңдеу жүзеге асырылады. Алынған сорбциялық материалды Ағынды суларды органикалық қоспалардан тазарту үшін пайдалануға болады. Өкінішке орай, металдармен модификацияланған ұқсас түйіршікті адсорбенттердің елеулі кемшілігі бар: олардың механикалық беріктігі аз, сондықтан жұмыс кезінде тозу кезінде жойылу қаупі жоғары. Сонымен қатар, тазарту процесінің жылдамдығы аз, сондықтан сұйықтық ағынының салыстырмалы түрде төмен жылдамдығында үлкен көлемде жұмыс істеу керек [8]. Осылайша, көрсетілген ақпарат табиғи саздарды, атап айтқанда, әртүрлі заттарды тазарту үшін адсорбенттер мен ион алмастырғыштар, ағынды сулардағы органикалық заттардың тотығу ыдырау катализаторлары және т.б. ретінде пайдаланудың кең ауқымын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – табиғи саздың сорбциялық және каталитикалық қасиеттерін арттыратын тиімді әрі қолжетімді катализатор алу.


Зерттеу шарттары мен әдістері. Табиғи Шымкент сазы, диметилсульфоксид (DMSO, C_2H_6OS), триэтаноламин ($C_6H_{15}NO_3$), тазартылған су (H_2O), 1,4-диоксин ($C_4H_4O_2$), изопропанол (C_3H_8O) пайдаланылды.

Бірінші кезеңде табиғи саз алдымен диірменде ұнтаққа айналдырылып, қалыңдығы 0,063 мм електен өткізілді. Табиғи сазды өзгерту үшін алдымен 6 г саз 6 литр суға суспензияланды (жуылды), содан кейін құрамына 30 мл ДМСО және 2,5 мл H_2O қосылды. Суспензия магнитті араластыру кезінде 80°С температурада 5 күн ұсталды және бөлме температурасында тағы 2,5 күнге қалдырылды. Алынған материал центрифугалаудың екі сериясынан кейін алдымен диоксан (2×25 мл), кейін изопропанол (2×25 мл) көмегімен алынды. Өнім 50°С температурада 24 сағат бойы кептірілді. Нәтижесінде модификацияланған К-ДМСО саздары (К – каолинит таңдалған сазды

білдіреді) алынды: Шымкент-ДМСО, Павлодар-ДМСО, Ақжар-ДМСО және Ақтөбе-ДМСО.

Екінші кезеңде 6 г (триэтаноламин) ТЕОА-ға 1 г К-ДМСО қосылды және 180°С температурада 2 сағат бойы араластырылды, содан кейін изопропанолмен (3×50 мл) жуылды. Алынған материал 50°С температурада 24 сағат бойы кептірілді, нәтижесінде К-ТЕАО: Шымкент-ТЕАО, Павлодар-ТЕАО, Ақжар-ТЕАО және Ақтөбе-ТЕАО материалдары алынды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Шымкенттен табиғи саздағы алюминий оксидінің кристалдық фазаларының сандық қатынасы 1-суретте көрсетілген, ал олардың талдау нәтижелері 1-кестеде берілген.



Сурет 1. Шымкент табиғи сазының рентгендік дифракциялық спектрлері


Кесте 1

Жартылай сандық рентгендік фазалық талдау нәтижелері

Минералдар	Формуласы	Шоғырлану (концентрациясы), %		
		Шымкент табиғи саз	Шымкент ДМСО саз	Шымкент ТЕАО саз
Кварц	SiO_2	54,2%	52	50
Каолинит	$Al_2(Si_2O_5)(OH)_4$	10,6%	7,3	7,0
Хлорит	$(Mg,Fe)_5Al(Si_3Al)O_{10}(OH)_8$	3,6%	3,3	3,4
Слюда	$KAl_2(AlSi_3O_{10})(OH)_2$	2,5%	1,4	1,5
Альбит	$Na(AlSi_3O_8)$	4,8%	4,5	4,3
Кальцит	$Ca(CO_3)$	13,3%	10,0	9,8
Алюминий Калий Трисиликаты (Ортоклаза)	$KalSi_3O_8$	4,0%	3,2	3,0
Гипс	$Ca(SO_4)(H_2O)_2$	3,1%	4,4	3,2
Тремолит	$(Ca, Na, Fe)_2Mg_5Si_8O_{22}(OH)_2$	3,8%	2,3	1,8
Титан (IV) оксиді	TiO_2	-		
Анатаза	$Ti_{0.784}O_2$	-		
Титан Силикаты	TiO_2-SiO_2	-		
Стронций бис	$C_4H_2N_8O_6Sr*6H_20$			6,2
Диметилаллил (n-октил) силан	$C_{13}H_{28}Si$			5,2
Мусковит-2М1, аммонилі	$(K, NH_4, Na)Al_2(Si,Al)_{10}(OH)_2$		4,2	
Доломит	$CaMg(CO_3)_2$		8,3	4,6

Талдау нәтижелері Шымкент сазы негізінен каолинит (54,2% $Al_2(Si_2O_5)(OH)_4$, кварц және кальцит), аз мөлшерде хлорит (3,6% $(Mg, Fe)_5Al(Si_3Al)O_{10}(OH)_8$) және мусковит қоспасынан (2,5%) тұратын қабатты силикаттардан тұратынын көрсетті $KAl_2(AlSi_3O_{10})$ $(OH)_2$), альбит(4,8% Na(AlSi3O8)), 3,1% $Ca(SO_4)$ $(H_2O)_2$, 4% $KAlSi_3O_8$ және тремолит $(Ca,Na, Fe)_2$ Mg_5, Si_8O_{22} $(OH)_2$. Басқа қоспалар аз концентрацияда болуы мүмкін, бірақ шағылысудың төмен қарқындылығына немесе нашар кристалдануына байланысты нақты анықталмаған.


ДМСО пен модификацияланған саз (ДМСО Шымкент сазы). ДМСО өңдеуден кейін келесі өзгерістер байқалады: каолинит (10,6%-дан 7,3%-ға дейін), кальцит, тремолит және ортоклаздың төмендеуі – бұл фазалардың ішінара еруін немесе ауыстырылуын көрсетеді. Аммонийлі (4,2%) мусковит-2M1 пайда болуы мүмкіндігі, аммоний ортадан саз құрылымына енгізіледі, бұл ион алмасуын және қабатты құрылымдардың модификациясын көрсетеді. Доломит анықталды $(CaMg(CO_3)_2)$ – магний компоненттерімен мүмкін болатын химиялық әрекеттесуді көрсетеді. Тремолиттің азаюы оның ДМСО әсерінен жойылуын көрсетуі мүмкін. Осылайша, ДМСО модификациясы құрамында аммоний бар жаңа алюмосиликаттар түзу үшін саз құрылымында ішінара ыдырауға және ион алмасуға әкелді. Шымкент ДМСО сазының рентгендік дифракциялық спектрлері 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Шымкент ДМСО сазының рентгендік дифракциялық спектрлері


Триэтаноламиннің модификациясы айқын өзгерістерге әкеледі: кварц, каолинит, кальцит және басқа да негізгі фазалардың мөлшері аздап төмендейді, бұл минералды беттерді жабуды немесе ауыстыруды көрсетеді. Органикалық заттар пайда болады: стронций-бис $(C_4H_2N_8O_6Sr•6H_2O)$ – 8.2%, Поли $(C_2H_{28}Si)$ – 7.1%, бұл компоненттер TEAO-ның саз құрылымындағы иондармен өзара әрекеттесуі мүмкін, комплекс түзілу нәтижесінде пайда болады. Тремолит пен ортоклаздың төмендеуі байқалады, бұл өңдеу процесінде силикат фазаларының еруін көрсетуі мүмкін. Осылайша, TEAO модификациясы мыналарға әкеледі: сазды органикалық заттармен қанықтыру (Sr- және Si-органикалық қосылыстарды енгізу), табиғи силикаттардың үлесінің төмендеуі және адсорбция мен катализ үшін маңызды саз бетіндегі

функционалдық топтардың ықтимал өсуі. Шымкент ТЕАО сазының рентгендік дифракциялық спектрлері 3-суретте көрсетілген.



Сурет 3. Шымкент ТЕАО сазының рентгендік дифракциясының спектрлері

Бұл жұмыста ТЭАО көмегімен модификацияланған табиғи саз негізінде органикалық ластағыштары бар ағын суларды тазартуға арналған, жоғары каталитикалық белсенділігі бар катализатор алу әдісі әзірленді. Эксперименттер метилен көгінің концентрациясы 50 мг/л, орташа pH – 3, және әрбір ерітіндіге 1,36 г/л (68%) сутек асқын тотығы (H_2O_2) және 2,5 г/л саз үлгісі концентрациясында жүргізілді. 4-суретте ТЭАО-модификацияланған сазбен алынған метилен көгінің тотығу дәрежесі көрсетілген.



Сурет 4. 8 сағаттық реакциядан кейін cwpo көмегімен метилен көк ластаушы заттарды жою Шымкент ТЭАО сазымен. Пайдалану шарттары: [МК] = 50 мг/л, [H2O2] = 1,.36 г/л, [Cat] = 0,125 г/л, тұрақты pH = 3 және T = 50°C

Әртүрлі өңірлерден алынған ТЭАО-модификацияланған саздың (Шымкент,) метилен көгін (МК) каталитикалық ылғалды пероксидті тотығу (CWPO) әдісімен жоюдағы каталитикалық белсенділігі зерттелді. Реакция бірдей жағдайларда жүргізілді: бастапқы МК концентрациясы – 50 мг/л,

сутек асқын тотығы (H_2O_2) – 1,36 г/л, катализатор мөлшері – 0,125 г/л, pH – 3,0 және температура – 50°C. Реакция уақыты 8 сағатқа белгіленді.

Осы жағдайларда ТЭАО-модификацияланған барлық саздар жоғары каталитикалық белсенділік көрсетті. Шымкент–ТЭАО катализаторы МК-нің толық жойылуын қамтамасыз етсе, бұл нәтижелер табиғи саздардың беткі қабатын ТЭАО арқылы модификациялау CWPO процесінде каталитикалық белсенділікті арттыруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Мұндай жақсарған белсенділік ТЭАО интеркаляциясынан кейінгі беттік функционалды топтар санының артуымен және кеуектерге қолжетімділіктің жақсаруымен түсіндіріледі, бұл өз кезегінде H_2O_2-нің ыдырауы арқылы белсенді оттегі бөлшектерінің түзілуін арттырады.

Бұл ТЭАО-модификацияланған саздардың бояғышпен ластанған ағын суларды тазартуға арналған тиімді әрі арзанырақ катализатор ретінде жоғары әлеуетке ие екенін көрсетеді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері ТЕАО көмегімен модификацияланған табиғи саздардың метилен көгін адсорбциялау және пероксидтің қатысуымен тотықтыру үдересінде жоғары каталитикалық белсенділік көрсететін дәлелдеді. ТЕАО мен түрлендірілген саздың органикалық ластағыштарды ыдыратуда тиімді, экологиялық қауіпсіз әрі қолжетімді катализатор бола алатындығын көрсетті. Бұл ктализатордың ағынды суларды тазартуда қоолданылуы жоғары тиімділікті қамтамасыз ететіндігі анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Хаханов, Г.Ж. Ағынды суларды тазалау әдістері [Мәтін] / Г.Ж. Хаханов. – 2021. – 47 б.
2. Үмбетова, Ш.М. Ластанған ағынды суларды тазарту [Мәтін]: оқу құралы / Ш.М. Үмбетова, Б.Р. Шаянбекова, Ә.Б. Шолақ. – Қызылорда: Қызылорда университетінің баспасы, 2022.
3. Hiscock K.M., Lloyd J.W., Lerner D.N. Review of natural and artificial denitrification of groundwater // Water Res. – 1991. – Vol. 25. – P. 1099-1111.
4. Joekar-Niasar V., Ataie-Ashtiani B. Assessment of nitrate contamination in unsaturated zone of urban areas: the case study of Tehran // Iran Environ Geol. – 2009. – Vol. 57. – P. 1785-1798.
5. U.S. Environmental Protection Agency. Drinking water standards and health advisories. – Office of Water, 822-B00-001, 2000.
6. Gammoudi S., Frini-Srasra N., Srasra E. Nitrate sorption by organosmectites // Eng. Geol. – 2012. – Vol. 124. – P. 119-129.
7. Hernández-Montoya V., Pérez-Cruz M.A., Mendoza-Castillo D.I., Moreno-Virgen M.R., Bonilla-Petriciolet A. Competitive adsorption of dyes and heavy metals on zeolitic structures // J. Environ. Manage. – 2013. – Vol. 116. – P. 213-221.
8. Parolo M.E., Avena M.J., Pettinari G.R., Zajonkovsky I., Valles J.M., Baschini M.T. Antimicrobial properties of tetracycline and minocycline-montmorillonites // Appl. Clay Sci. – 2010. – Vol. 49. – P. 194-199.

Материал редакцияға 03.12.25 түсті, 25.12.25 қабылданды.

А.М. Серикбаева[1], К. Р. Токтыбаева[1], Е.Н. Абдулова[1]

[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССА АДСОРБЦИИ МЕТИЛЕНОВОГО СИНЕГО С ПОМОЩЬЮ МОДИФИЦИРОВАННОЙ ГЛИНЫ И КАТАЛИТИЧЕСКОГО ВОСПОЛНЕНИЯ ПЕРОКСИДА

Аннотация. В данной работе исследована возможность применения природной каолинитовой глины, модифицированной диметилсульфоксидом (ДМСО) и триэтаноламином (ТЭАО), для адсорбции метиленового синего и его удаления в процессе каталитического влажного пероксидного окисления (CWPO). Целью исследования является получение эффективного и доступного катализатора на основе природной глины. Природная глина месторождения Шымкент была модифицирована двухстадийным методом интеркаляции. Структурно-фазовый состав исходных и модифицированных образцов изучен методом рентгенодифракционного анализа (XRD). Каталитическая активность оценивалась при начальной концентрации метиленового синего 50 мг/л, pH = 3, температуре 50°C и в присутствии пероксида водорода. Результаты показали, что глины, модифицированные ТЭАО, обладают высокой каталитической активностью. Катализатор Шымкент-ТЭАО обеспечил полное удаление метиленового синего в течение 8 часов. Повышение активности связано с увеличением числа функциональных групп на поверхности глины и улучшением доступности пор. Полученные материалы являются перспективными и экологически безопасными катализаторами для очистки сточных вод от красителей.

Ключевые слова: каолинит, интеркалированный посев, диметилсульфоксид, ДМСО, триэтаноламин, ТЕАО, модифицированная глина.

A.M. Serikbayeva[1], K.R. Toktybayeva[1], E.N. Abdulova[1]

[1]M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

INVESTIGATION OF THE ADSORPTION OF METHYLENE BLUE USING MODIFIED CLAY AND CATALYTIC REPLENISHMENT OF PEROXIDE

Abstract. In this study, natural kaolinite clay modified with dimethyl sulfoxide (DMSO) and triethanolamine (TEOA) was investigated for methylene blue adsorption and its removal via the catalytic wet peroxide oxidation (CWPO) process. The aim of the work was to develop an efficient and low-cost catalyst based on natural clay materials. Natural clay from the Shymkent deposit was modified using a two-step intercalation method. The structural and phase compositions of the raw and modified clays were characterized by X-ray diffraction (XRD). The catalytic performance was evaluated at an initial methylene blue concentration of 50 mg/L, pH = 3, temperature of 50°C, and in the presence of hydrogen peroxide. The results demonstrated that TEOA-modified clays exhibit significantly enhanced catalytic activity. The Shymkent-TEOA catalyst achieved complete degradation of methylene blue within 8 hours. This improvement is attributed to the increased number of surface functional groups and enhanced pore accessibility after TEOA intercalation, which promotes the generation of reactive oxygen species from hydrogen peroxide. The obtained materials show great potential as efficient, environmentally friendly, and cost-effective catalysts for wastewater treatment contaminated with dyes.

Keywords: kaolinite, intercalated seeding, dimethyl sulfoxide, DMSO, triethanolamine, TEAO, modified clay.

References

1. Khakhanov G.Zh. Agyndy suardy tazalau adisteri [Methods of wastewater treatment]. – 2021. – 47 p. [in Kazakh].
2. Umbetova Sh.M., Shayanbekova B.R., Sholak A.B.Lastanğan agyndy suardy tazartu [Treatment of contaminated wastewater]: textbook. – Kyzylorda: Kyzylorda University Press, 2022. [in Kazakh].
3. Hiscock K.M., Lloyd J.W., Lerner D.N. Review of natural and artificial denitrification of groundwater // Water Res. – 1991. – Vol. 25. – P. 1099-1111.
4. Joekar-Niasar V., Ataie-Ashtiani B. Assessment of nitrate contamination in unsaturated zone of urban areas: the case study of Tehran // Iran Environ Geol. – 2009. – Vol. 57. – P. 1785-1798.
5. U.S. Environmental Protection Agency. Drinking water standards and health advisories. – Office of Water, 822-B00-001, 2000.
6. Gammoudi S., Frini-Srasra N., Srasra E. Nitrate sorption by organosmectites // Eng. Geol. – 2012. – Vol. 124. – P. 119-129.
7. Hernández-Montoya V., Pérez-Cruz M.A., Mendoza-Castillo D.I., Moreno-Virgen M.R., Bonilla-Petriciolet A. Competitive adsorption of dyes and heavy metals on zeolitic structures // J. Environ. Manage. – 2013. – Vol. 116. – P. 213-221.
8. Parolo M.E., Avena M.J., Pettinari G.R., Zajonkovsky I., Valles J.M., Baschini M.T. Antimicrobial properties of tetracycline and minocycline-montmorillonites // Appl. Clay Sci. – 2010. – Vol. 49. – P. 194-199.

ҒТАМР 61.33.29

А.П. Ауешов[1] – *негізгі автор*, ©
Ч.З. Ескибаева[2], А.К. Диканбаева[3], А.М. Ибраева[4], К.Б. Алжанов[5]

[1]Техн. ғылым. д-ры, профессор, [2]Техн. ғылым. канд., доцент, [3]PhD, [4,5]Магистр

ORCİD *[1]https://orcid.org/0000-0002-3504-9117 [2]https://orcid.org/0009-0009-8440-1242 [3]https://orcid.org/0000-0003-4982-1566 [4]https://orcid.org/0000-0003-0981-0117 [5]https://orcid.org/0000-0002-5221-8285*

[1,2,3,4,5]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

[1]centersapa@mail.ru

https://doi.org/10.55956/KTTB2147

ӨНЕРКӘСІПТІК СЕРПЕНТИНИТ ҚАЛДЫҚТАРЫНАН МАГНИЙ НИТРАТЫ МЕН СУЛЬФАТЫН АЛУ

Аңдатпа. Топырақтың тозуы мен макро- және микроэлементтердің жетіспеушілігі жағдайында магний, азот және күкірт негізіндегі тыңайтқыштардың жергілікті өндірісін дамыту Қазақстанның аграрлық секторы үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Мақалада Костанай облысындағы Жітіқара кен орнынан алынатын хризотилді шикізатты өңдеу барысында түзілетін серпентиниттік қалдықтарды магнийлі тыңайтқыштар өндірісіне жарамды минералдық шикізат көзі ретінде пайдалану мүмкіндігі қарастырылады. Бұл тыңайтқыштар азот және күкірт компоненттерімен интеграцияланған магний селитрасы мен эпсомит өнімдерін қамтиды. Магний селитрасы мен эпсомитті алудың жаңа технологиялық схемалары мен тәсілдері $Mg(NO_3)_2$ және $MgSO_4$ өнімді ерітінділерді қышқылдық шаймалау мен алуды бейтараптандыру және тазарту сатыларын қамтиды. Алынған өнімдердің сапалық көрсеткіштері келтірілген. Серпентиниттік қалдықтан магнийді, магний селитрасы және эпсомит түрлерінде алу бойынша ұсынылған технологиялық шешімдер хризотилді шикізат қалдықтарын қайта өңдеудің экологиялық, агрохимиялық және экономикалық аспектілерін қамтитын жаңа ғылыми бағыттардың қалыптасуына ықпал ете алатындығын көрсетті.

Тірек сөздер: серпентинит қалдықтары, магний тыңайтқыштары, магний нитраты, эпсомит, Жітіқара кен орны.

Ауешов, А.П. Өнеркәсіптік серпентинит қалдықтарынан магний нитраты мен сульфатын алу [Мәтін] / А.П. Ауешов, Ч.З. Ескибаева, А.К. Диканбаева, А.М. Ибраева, К.Б. Алжанов // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.319-327. https://doi.org/10.55956/KTTB2147

Кіріспе. Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызы бар салаларының бірі – ауыл шаруашылығы. Соңғы жылдары топырақ құнарлылығының төмендеуі, макро- және микроэлементтердің, соның ішінде магнийдің тапшылығы байқалуда. Бұл факторлар ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасына теріс әсер етеді.

Дүниежүзінің көптеген елдерінде магний құрамдас тыңайтқыштар кеңінен қолданылады [1-3]. Магний хлорофилл синтезінде негізгі рөл атқарады [4,5], ал азот пен күкірт аминқышқылдары [6,7] мен ақуыздардың түзілуіне қатысады. Mg, N және S элементтерімен байытылған кешенді тыңайтқыштар өсімдіктердің қоректік заттарды сіңіруін жақсартып, фотосинтез процесін белсендіреді және олардың қолайсыз орта жағдайларына төзімділігін арттырады.

Rabobank мәліметтері бойынша [8], 2025 жылы әлемдік тыңайтқыш бағаларының өсуі күтіледі, бұл ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін тыңайтқыштардың қолжетімділігін төмендетіп, фермерлердің сатып алу қабілетінің әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Қазақстандағы азотты тыңайтқыштар нарығы тұрақты даму үрдісімен және импортты алмастыру бағытымен сипатталады. Ел ішінде өндіріс көлемінің біртіндеп артуы байқалады. Негізгі өндіріс өңірлері ретінде Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары айқындалады. Азотты тыңайтқыштар импортының көлемі әлі де айтарлықтай жоғары деңгейде қалып отырғанымен, отандық өндірісті дамытуға бағытталған шаралар сыртқы тәуелділікті азайтуда. 2025 жылы азотты тыңайтқыштардың орташа бағасы өнімнің түріне және өндіріс орналасқан өңіріне байланысты өзгеріп отырады және алдыңғы жылдармен салыстырғанда бірқалыпты өсу үрдісін көрсетуі мүмкін.

Күкірт құрамдас тыңайтқыштар туралы нақты деректер шектеулі болғанымен, топырақтағы күкірт тапшылығын өтеу қажеттілігіне байланысты олардың маңызы артып келеді. Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру мақсатында өндірушілер күкірт құрамдас кешенді тыңайтқыштарды әзірлеуге ерекше назар аударуда [9].

Магнийлі тыңайтқыштар ауыл шаруашылығында маңызды рөл атқарады, әсіресе топырақта магний тапшылығы байқалатын жағдайларда. Қазақстанда мұндай тыңайтқыштарға қызығушылықтың артуы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін және сапасын арттыруға деген ұмтылыспен түсіндіріледі. Магнийлі тыңайтқыштардың негізгі түрлері – магний сульфаты мен доломит ұны; олар негізінен топырақтағы магний және күкірт тапшылығын жою, қышқыл топырақтарды әктеу және оларды магниймен байыту үшін қолданылады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығын интенсивтендіру және агроэкожүйелердің тұрақтылығын арттыру қажеттілігі әлемдік деңгейде магнийлі тыңайтқыштарға сұраныстың өсуіне әсер етуде. Бұл үрдіс Қазақстан ауыл шаруашылығы үшін де барған сайын өзекті болып отыр.

Қазақстанда магнийлі тыңайтқыштар өндірісі шектеулі. Қажеттіліктің негізгі бөлігі импорт есебінен қамтамасыз етіледі, бұл сыртқы жеткізілімдерге тәуелділікті арттырып, әлемдік нарықтағы баға құбылмалылығына бейім етеді. Отандық магнийлі тыңайтқыштар өндірісін дамыту импортқа тәуелділікті төмендетуге және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін тұрақты жеткізілімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Заманауи технологияларды енгізу және қолда бар табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, магнийге бай минералдар мен тау-кен өнеркәсібінің техногендік қалдықтарын қайта өңдеу технологиялары және агрохимия саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау Қазақстанда магнийлі тыңайтқыштар өндірісін дамытуға ықпал етеді.

Отандық өндірісті кеңейту, инновациялық технологияларды енгізу және мемлекеттік қолдаудың болуы магнийлі тыңайтқыштар өндірісінің тау-

кен-химия өнеркәсібі сегментінің орнықты дамуына жағдай жасайды. Стратегиялық тұрғыдан алғанда, магний мөлшері жоғары (20-25% Mg) серпентинит кендері мен қалдықтарын кешенді қайта өңдеу бағытында ауқымды ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-өндірістік жұмыстар жүргізу талап етіледі. Мұндай тәсіл өсімдіктерге қажетті S, N және Si элементтерімен үйлестірілген магний тыңайтқыштарының жаңа перспективалы түрлерін алуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, бұл жұмыстың мақсаты – Жітіқара кен орнындағы хризотил шикізатын өңдеу барысында түзілетін серпентинит қалдықтарын пайдалану арқылы эпсомит ($MgSO_4$) және магний селитрасын [$Mg(NO_3)_2$] алу мүмкіндігін зерттеу, сондай-ақ алынған өнімдердің тазалық деңгейінің сапалық көрсеткіштерін анықтау.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеуде серпентиниттік шикізат ретінде Жітіқара кен орнындағы (Қостанай облысы, Жітіқара қаласы) хризотилді шикізатты өңдеу барысында түзілетін техногендік серпентинит қалдықтары пайдаланылды. Олардың химиялық құрамы, масс.%: MgO – 34,0-40,0; Fe/FeO – 4,2-5,8; MnO – 0,14-0,36; Cr_2O_3 – 0,28-0,45; NiO – 0,19-0,43; CaO – 0,8-1,7; Al_2O_3 – 0,7-0,9; SiO_2 – 43,18-44,0. Азот және күкірт қышқылдарымен қышқылдық өңдеу арқылы магний нитратын және магний сульфатын алуға болады. Техногендік қалдықтарды пайдалану ресурстарды үнемдеуге, сондай-ақ экономикалық және экологиялық тиімділікті арттыруға ықпал етеді.

$Mg(NO_3)_2$ және $MgSO_4$ алу келесі әдістеме бойынша жүргізілді: екі жағдайда да пирекс колбасынан жасалған реактор пайдаланылды; ол термометрмен, кері тоңазытқышпен, термостатпен, үлгі алғыш құрылғымен және пропеллерлі араластырғышпен жабдықталды. Шаймалау ерітінділері талдамалық дәрежедегі тазалықтағы реагенттер – HNO_3 (х.т.) және H_2SO_4 (х.т.) негізінде дайындалды.

HNO_3-пен өңдеу. Серпентинит қалдығы суда суспензияланып, 10 минут бойы араластырылды (С/Қ=1:1). Шаймалау процесі үшін 13,5 М концентрациядағы HNO_3 ерітіндісі суспензияға 10-15 минут ішінде үздіксіз араластыру арқылы енгізілді. Суспензиядағы HNO_3 концентрациясы 31,9% құрады, С/Қ=3,2. Қышқылды қосқан кезде суспензия температурасы 90-95°С-қа дейін көтерілді және 60 минут бойы осы температурада ұсталды. Шаймалау аяқталғаннан кейін суспензия pH=8,2-8,3 мәніне жеткенше 750°С-та термиялық өңделген серпентинитпен (ТА-750) 1 сағат бойы бейтараптандырылды. Одан кейін суспензия бөлме температурасына дейін (22-25°С) салқындатылып, сүзілді. Алынған фильтрат су моншасында буландырылып, 100-105°С-та кептірілді, нәтижесінде магний нитратының құрғақ кристалды формасы алынды.

H_2SO_4-пен өңдеу. Серпентинит қалдығын күкірт қышқылымен шаймалау процесі азот қышқылымен өңдеу әдісіне ұқсас орындалды. Алдымен серпентинит суспензиясы дайындалды (С/Қ=2,8). Оған 17,09 М концентрациядағы H_2SO_4 ерітіндісі 10-15 минут ішінде үздіксіз араластыру арқылы қосылды. Нәтижесінде суспензиядағы қышқыл концентрациясы 24,87% болды (С/Қ=2,12). Қышқыл енгізілгеннен кейін 2-3 минут ішінде жүйе температурасы 95-100°С-қа дейін көтерілді. Процесс 30 минут бойы тұрақты араластыру жағдайында жүргізілді. Шаймалау аяқталған соң суспензия pH=8,2-8,3 мәніне жеткенше 750°С-та термиялық өңделген серпентинит реагентімен (ТА-750) бейтараптандырылды. Пайда болған


ерітінді сүзілді, кейін фильтрат буландырылып, 100-105°С температурада кептірілді. Нәтижесінде қатты күйдегі $MgSO_4$ алынды.

Барлық қажетті химиялық талдаулар JSM-6490LV (JEOL, Жапония) сканерлеуші электрондық микроскопында INCA Energy 350 энергия-дисперсиялық микроанализ жүйесін қолдану арқылы жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Алдын ала бағалау нәтижелері бойынша, серпентинит қалдықтарын қайта өңдеу арқылы эпсомит пен магний селитрасын алу технологиясы ресурс үнемдеу және экономикалық тиімділік тұрғысынан елеулі артықшылықтарға ие екені анықталды [10-12]. Оларға шикізаттың қолжетімділігі, импортты алмастыру әлеуеті және агротехникалық тиімділік жатады. Сонымен қатар, шектеуші факторлар ретінде инвестициялық ресурстарға қажеттілік пен ғылыми-технологиялық шешімдердің жеткіліксіздігі айқындалды. Импорттық магний тыңайтқыштарының бағасы 400-700 $/т деңгейінде [13,14], ал отандық өндіріс жағдайында өнімнің өзіндік құнын 20-30% төмендету мүмкіндігі бар. Серпентинит қалдықтары негізінде эпсомит пен магний селитрасын өндіру қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтып, жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етеді [15]. Топырақ құрылымы мен құрамын жақсарту арқылы агроэкожүйелердің ұзақ мерзімді өнімділігін арттыруға болады. Жергілікті шикізатты пайдалану және тұрақты технологияларды енгізу мемлекеттік қолдауды [16,17] және ғылыми сүйемелдеуді талап етеді.

Осы деректер негізінде зертханалық зерттеулер жоғарыда сипатталған әдістемелерге сәйкес жүргізілді.

1-суретте магний селитрасын [$Mg(NO_3)_2$] алу сызбасы көрсетілген, ол шаймалау, бейтараптандыру және өнім ерітіндісін тазалау сатыларын қамтиды. 1-кестеде ТА-750 қолдану арқылы алынған $Mg(NO_3)_2$ үлгісінің элементтік құрамын талдау нәтижелері келтірілген.



Сурет 1. Магний нитратын алу процесінің шарттары мен сандық көрсеткіштері: а) серпентинит қалдықтарынан Mg^{2+} иондарын азот қышқылымен шаймалау сатысы; б) ТА-750 реагентін қолдана отырып $Mg(NO_3)_2$ өнім ерітіндісін бейтараптандыру және тазалау сатысы


Кесте 1

Магний нитратының ($Mg(NO_3)_2$) өнімін алу барысында өнімдік ерітінділерді бейтараптандыру және қоспа-металдар иондарынан тазарту үшін реагент ретінде ТА-750 қолданғандағы элементтік талдау нәтижелері

Элемент	Бастапқы серпентинит қалдығында, %	$Mg(NO_3)_2$ құрамында, %
C	2,58	-
N		14,59
O	51,34	70,20
Mg	24,38	14,75
Al	0,54	-
Si	17,45	-
Cl	0,27	-
Ca	0,50	0,31
Fe	2,93	-
Барлығы	100,00	100,00

$Mg(NO_3)_2$ (магний селитрасы) түрінде магнийдің шаймалау дәрежесі 47% құрады.

2-суретте ұқсас жағдайларда эпсомитті ($MgSO_4$) алу нәтижелері көрсетілген. Өнімнің элементтік құрамы 2-кестеде берілген.



Сурет 2. Магний сульфатын алу процесінің шарттары мен сандық көрсеткіштері: а) серпентинит қалдығынан Mg^{2+} иондарын күкірт қышқылымен шаймалау сатысы; б) ТА-750 реагентін қолдана отырып $MgSO_4$ өнім ерітіндісін бейтараптандыру және тазалау сатысы

Кесте 2

Магний сульфатының ($MgSO_4$) өнімін алу барысында өнімдік ерітінділерді бейтараптандыру және қоспа-металдар иондарынан тазарту үшін реагент ретінде ТА-750 қолданғандағы элементтік талдау нәтижелері

Элемент	Бастапқы серпентинит қалдығында, %	$MgSO_4$ құрамында, %
1	2	3
C	2,58	-
O	51,34	58,47

2-кестенің жалғасы

1	2	3
Mg	24,38	16,12
Al	0,54	-
Si	17,45	-
S	-	25,24
Cl	0,27	-
Ca	0,50	0,25
Fe	2,93	-
Барлығы	100,00	100,00

$MgSO_4$ түріндегі магнийдің шаймалу дәрежесі 56% құрады.

1 және 2-кестелерден көріп тұрғанымыздай, алынған магний тұздары жоғары тазалыққа ие.

Атап айтқанда, ұсынылған технологиялық схеманың маңыздылығы серпентиниттік қалдықтан магнийді шаймалауға қолданылатын қышқылдар (HNO_3 және H_2SO_4) пайдалану коэффициенті шамамен 97-98% деңгейін құрайды. Бұл көрсеткіш ұсынылып отырған технологияның жалпы экономикалық тиімді теңгерімін қамтамасыз етуге оң ықпалын тигізуі мүмкін.

Қорытынды. Жүргізілген зертханалық зерттеулердің нәтижелері Жітіқара кен орнындағы хризотилді шикізатты өңдеу барысында түзілетін серпентинит қалдықтарын азот және күкірт элементтерімен интеграцияланған магнийлі тыңайтқыштар өндіруге арналған бағалы шикізат көзі ретінде пайдаланудың мүмкіндігін растады. Ұсынылған технологиялық схема қышқылмен шаймалау (HNO_3 және H_2SO_4 қолдану), бейтараптандыру және термиялық өңделген серпентинит қалдығының көмегімен ерітіндіні тазарту сатыларын қамтиды. Бұл тәсіл магнийді тиімді бөліп алуға және қазіргі заман талаптарына сай құрамы мен тазалығы жоғары $Mg(NO_3)_2$ және $MgSO_4$ түріндегі тыңайтқыштар алуға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер, ұсынылған технологияның техногендік қалдықтарды қайта өңдеудің ресурстық тиімділігі тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар экологиялық қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға қосатын үлесі тұрғысынан да маңыздылығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. FAO. Soil fertility status and fertilizer use in selected countries. – Rome: FAO, 2020. – 125 p.
2. Бабушкин, В.И. Основы агрохимии [Текст] / В.И. Бабушкин, Д.С. Орлов. – Москва: Колос, 2021. – 384 с.
3. Всемирный банк. Обзор рынка минеральных удобрений в Центральной Азии [Текст]. – Вашингтон, 2022. – 68 с.
4. Wang Y., Liu H., Zhang X., et al. Magnesium fertilizers and crop yield: a global meta-analysis // Agricultural Sciences. – 2020. – Vol. 11. – No. 2. – P. 110-120.
5. Zhang L., Wu M., Chen Y. Magnesium’s role in photosynthesis and stress resistance // Plant Physiology Review. – 2020. – Vol. 8. – No. 4.
6. Qian H., Yu X., Zhao L., et al. Interaction of magnesium and nitrogen in improving crop physiological resistance // Journal of Plant Nutrition. – 2021. – Vol. 44. – No. 3. – P. 305-318.
7. Subedi R., Bhattarai D., et al. Global assessment of secondary nutrients in agriculture // Nutrient Cycling in Agroecosystems. – 2021. – Vol. 120. – P. 223-235.

8. Oleoscope [Electronic resource]. – Access mode: https://oleoscope.com/analytics/rabobank-prognoziruet-slozhnye-uslovija. Date of access: 19.07.2025.
9. Tebiz [Electronic resource]. – Access mode: https://tebiz.ru/mi/analiz-rynka-mineralnykh-udobrenij-v-kazakhstane. Date of access: 19.07.2025.
10. Министерство сельского хозяйства РК. Годовой отчет по развитию аграрного сектора [Текст]. – Нур-Султан, 2023. – 97 с.
11. Култаев, М.М. Серпентиниты Казахстана как источник химического сырья [Текст] / М.М. Култаев // Вестник геологии. – 2022. – № 4. – С. 15-22.
12. Ермекбаев, Е.Е. Оценка запасов магния в природных и техногенных источниках Казахстана [Текст] / Е.Е. Ермекбаев // Геология и недропользование. – 2021. – № 2. – С. 41-49.
13. Жақыпов, Б.Ж. Тыңайтқыштар және тыңайтқыш технологиясы [Текст] / Б.Ж. Жақыпов, Ж.С. Сүлейменов. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 212 с.
14. Shadmanov D. Soil nutrient deficiencies in Central Asia and fertilizer solutions. – Springer, 2020.
15. Liu J., Chen F., Han X., et al. Magnesium-nitrogen-sulfur fertilizers: Environmental benefits and application in sustainable farming // Journal of Environmental Management. – 2021. – Vol. 288. – Article ID: 112387.
16. Экологический кодекс Республики Казахстан [Текст]. – Астана, 2021. – 356 с.
17. Исследование макро- и микроэлементного состава почв Казахстана [Текст]. – Алматы: КазНИИ Агрохимии, 2020. – 143 с.

Зерттеу жұмыстары ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған BR21882242 «Тау-кен қайтаөңдеу компанияларының серпинтинитті ілеспелік және техногендік қалдықтарын қайтаөңдеу мен олардың негізінде магний-, кремнийқұрамдас өнімдерін алудың ғылыми-қолданбалы және технологиялық аспектілері» жоба аясында орындалды.

Материал редакцияға 19.07.25 түсті, 22.11.25 қабылданды.

А.П. Ауешов[1], Ч.З. Ескибаева[1], А.К. Диканбаева[1], А.М. Ибраева[1], К.Б. Алжанов[1]

[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ПОЛУЧЕНИЕ НИТРАТА И СУЛЬФАТА МАГНИЯ ИЗ ПРОМЫШЛЕННЫХ СЕРПЕНТИНИТОВЫХ ОТХОДОВ

Аннотация. В условиях истощения почв и дефицита макро- и микроэлементов, развитие локального производства удобрений на основе магния, азота и серы приобретает стратегическую важность для аграрного сектора Казахстана. В статье рассматриваются серпентинитовые отходы переработки хризотилового сырья Житикаринского месторождения (Костанайская область) в качестве сырьевого источника для производства магниевых удобрений, интегрированные с азотом и серой. Новые технологические схемы и подходы к получению магниевой селитры и эпсомита включают стадии выщелачивания, нейтрализации и очистки продуктивных растворов – $Mg(NO_3)_2$ и $MgSO_4$. Приведены качественные показатели полученных продуктов. Показано, что предложенные схемы извлечения магния из серпентинитового отхода в виде магниевой селитры и эпсомита могут способствовать инициированию новых исследований, охватывающих экологические, агрохимические и экономические аспекты переработки отходов хризотилового сырья.

Ключевые слова: серпентинитовые отходы, магниевые удобрения, магниевая селитра, эпсомит, Житикаринское месторождение.

A.P. Auyeshov[1], Ch.Z. Yeskibayeva[1], A.K. Dikanbayeva[1], A.M. Ibrayeva[1], K.B. Alzhanov[1]

[1]M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

PRODUCTION OF MAGNESIUM NITRATE AND SULFATE FROM INDUSTRIAL SERPENTINITE WASTE

Abstract. In the context of soil depletion and a shortage of macro- and micronutrients, the development of local fertilizer production based on magnesium, nitrogen, and sulfur is gaining strategic importance for Kazakhstan's agricultural sector. This study explores the potential of serpentinite waste generated during the processing of chrysotile ore from the Zhitikara deposit (Kostanay region) as a raw material for producing magnesium-based fertilizers integrated with nitrogen and sulfur. New technological schemes and approaches for obtaining magnesium nitrate and epsomite include stages of leaching, neutralization, and purification of productive solutions – $Mg(NO_3)_2$ and $MgSO_4$. The quality characteristics of the resulting products are presented. The proposed schemes for extracting magnesium from serpentinite waste in the form of magnesium nitrate and epsomite may serve as a foundation for new research encompassing environmental, agrochemical, and economic aspects of chrysotile waste processing.

Keywords: serpentinite waste, magnesium fertilizers, magnesium nitrate, epsomite, Zhitikara deposit.

References

1. FAO. Soil fertility status and fertilizer use in selected countries. – Rome: FAO, 2020. – 125 p.
2. Babushkin V.I., Orlov D.S. Osnovy agrokhimii [Fundamentals of Agrochemistry]. – Moscow: Kolos, 2021. – 384 p. [in Russian].
3. Vsemirnyy bank. Obzor rynka mineral'nykh udobreniy v Tsentral'noy Azii [World Bank. Review of Mineral Fertilizer Market in Central Asia]. – Washington, 2022. – 68 p. [in Russian].
4. Wang Y., Liu H., Zhang X., et al. Magnesium fertilizers and crop yield: a global meta-analysis // Agricultural Sciences. – 2020. – Vol. 11. – No. 2. – P. 110-120.
5. Zhang L., Wu M., Chen Y. Magnesium's role in photosynthesis and stress resistance // Plant Physiology Review. – 2020. – Vol. 8. – No. 4.
6. Qian H., Yu X., Zhao L., et al. Interaction of magnesium and nitrogen in improving crop physiological resistance // Journal of Plant Nutrition. – 2021. – Vol. 44. – No. 3. – P. 305-318.
7. Subedi R., Bhattarai D., et al. Global assessment of secondary nutrients in agriculture // Nutrient Cycling in Agroecosystems. – 2021. – Vol. 120. – P. 223-235.
8. Oleoscope [Electronic resource]. – Access mode: https://oleoscope.com/analytics/rabobank-prognoziruet-slozhnye-uslovija. Date of access: 19.07.2025.
9. Tebiz [Electronic resource]. – Access mode: https://tebiz.ru/mi/analiz-rynka-mineralnykh-udobrenij-v-kazakhstane. Date of access: 19.07.2025.
10. Ministerstvo selskokhozyaystva RK. Godovoy otchet po razvitiyu agrarnogo sektora [Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. Annual report on the development of the agricultural sector]. – Nur-Sultan, 2023. – 97 p. [in Russian].
11. Kultaev M.M. Serpentinity Kazakhstana kak istochnik khimicheskogo syr'ya [Serpentinites of Kazakhstan as a source of chemical raw materials] // Bulletin of Geology. – 2022. – No. 4. – P. 15-22. [in Russian].

12. Ermekbaev E.E. Otsenka zapasov magniya v prirodnykh i tekhnogennykh istochnikakh Kazakhstana [Assessment of magnesium reserves in natural and anthropogenic sources of Kazakhstan] // Geology and Subsoil Use. – 2021. – No. 2. – P. 41-49. [in Russian].
13. Zhakypov B.Zh., Suleimenov Zh.S. Tyngaytkyshtar zhane tyngaytkysh tekhnologiyasy [Fertilizers and Fertilizer Technology]. – Almaty: Kazakh University, 2019. – 212 p. [in Kazakh].
14. Shadmanov D. Soil nutrient deficiencies in Central Asia and fertilizer solutions. – Springer, 2020.
15. Liu J., Chen F., Han X., et al. Magnesium-nitrogen-sulfur fertilizers: Environmental benefits and application in sustainable farming // Journal of Environmental Management. – 2021. – Vol. 288. – Article ID: 112387.
16. Ekologicheskiy kodeks Respubliki Kazakhstan [Environmental Code of the Republic of Kazakhstan]. – Astana, 2021. – 356 p. [in Russian].
17. Issledovanie makro- i mikroelementnogo sostava pochv Kazakhstana [Study of macro- and microelement composition of soils in Kazakhstan]. – Almaty: Kazakh Research Institute of Agrochemistry, 2020. – 143 p. [in Russian].

ҒТАМР 61.33.39

Б.Т. Омаров[1] – *негізгі автор*,
Ж.М. Алтыбаев[2], М.М. Ескермесова[3], Н.Х. Умирзахова[4], А.Б. Сайымқұлова[5], Г.Е. Калымбетов[6]

[1]PhD, [2]PhD, доцент, [3]Кіші ғылыми қызметкер, [4]Магистр, [5,6]Докторант

ORCİD
[1]https://orcid.org/0000-0003-1903-8466 [2]https://orcid.org/0000-0001-9091-4575
[3]https://orcid.org/0009-0003-0057-6413 [4]https://orcid.org/0009-0002-1919-5509
[5]https://orcid.org/0009-0000-0064-4162 [6]https://orcid.org/0000-0002-0983-2044

[1,2,3,4,5,6]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті,
Шымкент, Қазақстан

[6]gani_himik@mail.ru

©

https://doi.org/10.55956/CUZU9931

ТҮРЛІ ОРГАНИКАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ АРҚЫЛЫ БИОГУМУС ӨНДІРУ ӘДІСТЕРІНЕ ШОЛУ

Аңдатпа. Мақалада органикалық қалдықтарды тиімді кәдеге жарату мәселесі және оларды қайта өңдеу негізінде алынатын биогумустың ауыл шаруашылығындағы маңызы жан-жақты қарастырылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда органикалық қалдықтардың (мал қиы, ас қалдықтары, өсімдік қалдықтары және т.б.) айтарлықтай көлемде жинақталып жатыр және олардың көбінің қайта өңдеусіз тасталуы экологиялық қауіп тудырып отыр. Осы орайда, биогумус өндірісі – табиғи ресурстарды үнемдеуге, топырақ құнарлылығын қалпына келтіруге және ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға бағытталған инновациялық әрі экологиялық жағынан қауіпсіз әдіс ретінде ұсынылады. Мақалада вермикомпосттау технологиясының кезеңдері, оны жүзеге асырудың биологиялық және техникалық талаптары сипатталады. Құрттар арқылы органикалық қалдықтарды өңдеудің тиімділігі, алынған биогумустың агрономиялық құндылығы және топыраққа тигізетін әсері ғылыми деректерге сүйене отырып сипатталады. Сондай-ақ, Қазақстан жағдайында биогумус өндірісін дамытудың әлеуеті мен негізгі проблемалары, нормативтік және инфрақұрылымдық шектеулер де талданған. Зерттеу әдеби шолу негізінде жүргізілген.

Тірек сөздер: биогумус, органикалық қалдықтар, вермикомпосттау, экологиялық технология, табиғи тыңайтқыш, құрттар, топырақ құнарлылығы, ауыл шаруашылығы.

Омаров, Б.Т. Түрлі органикалық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы биогумус өндіру әдістеріне шолу [Мәтін] / Б.Т. Омаров, Ж.М. Алтыбаев, М.М. Ескермесова, Н.Х. Умирзахова, А.Б. Сайымқұлова, Г.Е. Калымбетов // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.328-336. https://doi.org/10.55956/CUZU9931

Кіріспе. Қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғау және ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту мәселелері ғаламдық деңгейде өзекті болып отыр. Қазақстанда жыл сайын миллиондаған тонна органикалық қалдықтар (тамақ қалдықтары, мал қиы, өсімдік қалдықтары және т.б.) пайда болады. Бұл қалдықтардың көп бөлігі дұрыс қайта өңделмей, экологиялық проблемалар туындатуда [1].

Органикалық қалдықтарды тиімді пайдалану бағыттарының бірі – биогумус өндіру. Биогумус – жер құрттарының (мысалы, *Eisenia fetida*) көмегімен органикалық қалдықтарды өңдеу арқылы алынатын жоғары сапалы органикалық тыңайтқыш [2,3]. Оның құрамында өсімдіктердің өсуіне қажетті барлық негізгі макро және микроэлементтер, ферменттер, гормондар және пайдалы микроорганизмдер бар [4].

Биогумус тек экологиялық таза тыңайтқыш қана емес, сонымен қатар топырақтың құрылымын жақсартады, оның ылғал мен қоректік заттарды сақтау қабілетін арттырады және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін едәуір жоғарылатады [5].

Бұл мақалада органикалық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы биогумус өндірудің экологиялық, аграрлық және экономикалық тиімділігі қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстан жағдайында биогумус өндірісін дамытудың әлеуеті мен өзекті мәселелері талданады [6,7].

Ғылыми зерттеулерге шолу және талдау. Органикалық қалдықтар – бұл табиғи немесе адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде түзілетін, құрамында көміртек негізіндегі заттары бар, ыдырай алатын биологиялық қалдықтар. Олардың қатарына тұрмыстық ас қалдықтары, ауыл шаруашылығы қалдықтары (мал қиы, сабан, өсімдік қалдықтары, құс саңғырығы), азық-түлік өнеркәсібінен шығатын қалдықтар, қоғамдық тамақтану орындарынан алынатын қалдықтар, бақша және саябақтардан түсетін жапырақтар мен шөптер кіреді [1]. Қазақстанда бұл қалдықтар жыл сайын миллиондаған тонна көлемінде жиналады, алайда олардың басым бөлігі жүйелі түрде өңделмей, полигондар мен ашық алаңдарда шіріп, метан мен көмірқышқыл газы тәрізді парниктік газдардың бөлінуіне, сондай-ақ топырақ пен жерасты суларының ластануына алып келеді.

Экологиялық тұрғыдан алғанда, органикалық қалдықтарды кәдеге жарату – тұрақты даму тұжырымдамасының маңызды элементі. Соңғы жылдары әлемдік тәжірибеде бұл қалдықтарды қайта өңдеудің бірнеше заманауи әрі тиімді технологиялары кеңінен қолданыла бастады. Олардың ішінде ең танымал әдістерге мыналар жатады:

– компосттау – аэробты жағдайда қалдықтарды биологиялық ыдырату арқылы тыңайтқыш алу;

– анаэробты ашыту – ауа қатысынсыз ашыту процесі нәтижесінде биогаз (метан) мен органикалық шлам алу;

– ферменттеу – ферменттік белсенділік негізінде қалдықтарды ыдырату арқылы биологиялық өнімдер өндіру;

– вермикомпосттау – жер құрттарының көмегімен органикалық қалдықтарды қайта өңдеп, жоғары сапалы тыңайтқыш – биогумус алу [2,8].

Вермикомпосттау әдісі – биологиялық тұрғыдан ең тиімді әрі экологиялық қауіпсіз тәсіл ретінде танылған. Бұл әдіс кезінде *Eisenia fetida* және *Eudrilus eugeniae* тәрізді арнайы селекциялық жер құрттары қалдықтарды өз асқорыту жүйесінде өңдеп, жоғары қоректік және биологиялық белсенді заттармен байытылған биогумус түзеді. Вермикомпосттаудың артықшылықтары – оның төмен энергия шығыны, иіссіз, жылдам процесс болуы және соңғы өнімнің ауыл шаруашылығында тиімділігі өте жоғары тыңайтқыш ретінде қолданылуы [3,9,10].

Биогумус тек экологиялық таза тыңайтқыш қана емес, сонымен қатар топырақтың құрылымын жақсартады, оның ылғалды сақтау және қоректік заттарды жеткізу қабілетін арттырады. Сонымен бірге топырақтағы пайдалы

микрофлораны қалпына келтіру арқылы өсімдіктердің иммунитетін күшейтеді. Сондықтан вермикомпосттау технологиясы қазіргі таңда қалдықтарды кәдеге жарату мен ауыл шаруашылығында экологиялық таза өнім алуға бағытталған басты құралдардың біріне айналып отыр [9,10].

Қорыта келе, органикалық қалдықтарды тиімді басқару тек қалдықтар мәселесін шешіп қана қоймай, экологиялық тұрақтылықты арттыруға, топырақтың құнарлылығын қалпына келтіруге және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлкен үлес қосады. Бұл бағыттағы заманауи технологияларды, әсіресе вермикомпосттауды енгізу Қазақстан жағдайында ерекше маңызды болып табылады.

Биогумус өндіру – қазіргі заманғы экологиялық таза және ресурсты үнемдеуші технологиялардың бірі ретінде кеңінен танылуда. Бұл процесс органикалық қалдықтарды арнайы жер құрттарының көмегімен биологиялық өңдеуге негізделген. Нәтижесінде алынатын өнім – биогумус – топырақтың құнарлылығын арттыратын және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін жоғарылататын жоғары сапалы органикалық тыңайтқыш болып табылады [2,3].


Вермикомпосттау процесі табиғи экожүйелердегі зат айналымына ұқсас жүреді. Адам қызметінен немесе ауыл шаруашылығынан пайда болған органикалық қалдықтар алдымен механикалық және биологиялық тұрғыда өңделуге дайындалады. Шикізат ретінде мал қиы, құс саңғырығы, өсімдік қалдықтары (сабан, жапырақтар, көкөніс қалдықтары), азық-түлік өнеркәсібінің қалдықтары, тамақ қалдықтары, қағаз және т.б. қалдықтар пайдаланылады. Шикізат белгілі бір мөлшерде ылғалдандырылып, температуралық режим мен аэрация талаптарына сай белгілі бір ортаға орналастырылады. Бұл ортада арнайы таңдап алынған құрттар – көбінесе *Eisenia fetida* (қызыл калифорниялық құрт) тіршілік етеді [4]. Бұл құрттар органикалық қалдықтарды тұтынып, ішкі микрофлора мен ферментативті жүйелерінің әсерінен оларды тез әрі тиімді өңдеп, құрылымы түйіршікті, иіссіз және қоректік заттарға бай гумусты массаны түзеді [9,10].

Биогумус өндірудің табысты жүруі бірнеше маңызды факторға тәуелді. Атап айтқанда, құрттар тіршілік ететін ортаның температурасы 15-25°C аралығында болуы тиіс. Температура жоғарылаған немесе төмендеген жағдайда құрттардың белсенділігі төмендейді. Ылғалдылық деңгейі 70-80% шегінде болуы керек, өйткені ылғалдылықтың жеткіліксіздігі құрттардың қозғалысын тежейді және өңдеу процесін баяулатады. Сонымен қатар, ортаның қышқылдығы (pH) 6,0-7,5 аралығында болғаны дұрыс. Құрттарға қолайлы жағдай жасау – биогумус сапасына тікелей әсер ететін маңызды талап [13].

Вермикомпосттау технологиясы бірнеше кезеңнен тұрады (1 сурет). Алдымен шикізат 3-7 күн бойы алдын ала ашытылады, яғни микроағзалармен бастапқы биологиялық ыдырау жүреді. Кейін бұл масса вермибокстарға немесе ашық вермифермаларға орналастырылып, оған тірі құрттар жіберіледі. Құрттар өңдеген органикалық масса шамамен 45-60 күн ішінде толық биогумусқа айналады. Осы кезеңде биомассада патогенді микроорганизмдер жойылып, ауыр металдардың мөлшері төмендейді, ал пайдалы бактериялар, ферменттер мен гуминді заттар көбейеді [1].

Өндіріс соңында биогумус кептіріліп, електен өткізіледі және қапталып, сақтау мен тасымалдауға жарамды күйге келтіріледі. Қажет болған жағдайда биогумусқа арнайы микроэлементтер немесе пайдалы микроағзалар қосылады, бұл оның тыңайтқыштық қасиеттерін арттыра түседі. Нәтижесінде

алынатын өнім құрамында өсімдіктердің өсуі мен дамуына қажетті макро- және микроэлементтер – азот, фосфор, калий, кальций, магний, темір, марганец және т.б. болатыны 1 кестеде келтірілген. Сонымен қатар, биогумус топырақтағы тірі микрофлораны белсендіреді, өсімдіктердің иммундық жүйесін күшейтеді және топырақтың физикалық-химиялық қасиеттерін жақсартады [2,12,13].



Сурет 1. Биогумус өндірудің технологиялық кезеңдері

Кесте 1

Биогумустың негізгі агрохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Мәні
Ылғалдылық (%)	30–40
pH деңгейі	6,5–7,5
Органикалық зат (%)	35–50
Азот (N) (%)	1,5–2,5
Фосфор (P_2O_5) (%)	1,0–2,0
Калий (K_2O) (%)	1,5–2,5
Микроорганизмдер саны	Жоғары
Құрылымы	Түйіршікті, иіссіз

Биогумус өндірісі – ауыл шаруашылығы саласында экологиялық қауіпсіздік пен экономикалық тиімділікті қатар қамтамасыз ететін маңызды инновациялық бағыт. Оның технологиялық қарапайымдылығы, қолжетімді шикізат базасы және жоғары агрономиялық құндылығы бұл әдісті Қазақстан жағдайында кеңінен енгізуге мүмкіндік береді [15].

Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, органикалық ауыл шаруашылығын дамыту және қалдықтарды қайта өңдеу мәселелеріне ерекше көңіл бөліп келеді. Осыған байланысты биогумус өндірісі еліміз үшін ауыл шаруашылығы мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзекті әрі перспективалық бағыттардың бірі болып саналады. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы қалдықтарының мол қоры, жер ресурстарының кеңдігі және климаттық ерекшеліктері биогумус өндірісін дамытуға үлкен мүмкіндік береді [15].

Ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда жыл сайын 300 млн тоннадан астам органикалық қалдықтар түзіледі. Оның ішінде мал шаруашылығынан шығатын көң қалдықтары – ең үлкен үлесті құрайды [16]. Бұл қалдықтар

қазіргі таңда көбінесе стихиялық жағдайда жиналады немесе тыңайтқыш ретінде өңделмей шашыраңқы қолданылады. Аталған ресурстарды жүйелі түрде вермикомпосттауға бағыттау – бір жағынан қалдықтарды кәдеге жаратудың экологиялық жолы болса, екінші жағынан ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігін арттыратын қадам болмақ [17].

Қазақстанда биогумус өндірісінің бастапқы элементтері соңғы онжылдықта қалыптаса бастады. Шымкент, Алматы, Қызылорда, Ақтөбе және Солтүстік Қазақстан облыстарында жекелеген шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер биогумус өндірісімен айналысып келеді. Бұл өндірістердің көпшілігі шағын көлемде жұмыс істейді және олардың өнімдері көбінесе жергілікті нарықта өткізіледі. Мысалы, Шымкент маңындағы бірқатар шаруашылықтар әр жылы 10-20 тоннаға дейін биогумус өндіреді, бұл өнім жылыжай кешендеріне, бау-бақша өсірушілерге, диқандарға таратылады [18].

Сонымен қатар, елдегі аграрлық жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттары биогумус өндіру технологияларын зерттеумен және бейімдеумен айналысуда. Атап айтқанда, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті және Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты органикалық тыңайтқыштарды қолданудың тиімділігін ғылыми тұрғыда негіздеуде [19].

Дегенмен, елімізде биогумус өндірісін кең ауқымда дамытуға кедергі келтіріп отырған бірқатар мәселелер бар. Біріншіден, бұл саланың заңнамалық және нормативтік реттелуінің әлсіздігі. Қалдықтарды өңдеуге арналған нақты стандарттар, техникалық регламенттер мен санитарлық талаптар толық жетілдірілмеген. Екіншіден, бұл өндірістің экономикалық тиімділігі мен инвестициялық тартымдылығы әлі толық танылмаған. Жеке кәсіпкерлер мен фермерлердің бұл технология туралы хабардарлығы төмен, ал бастапқы инвестиция мен қажетті құрал-жабдықты сатып алу көптеген ауыл шаруашылығы субъектілері үшін қиындық туғызады [19].

Үшіншіден, биогумус өнімін сертификаттау, стандарттау және нарыққа шығару процесінде әкімшілік кедергілер кездеседі. Қазіргі уақытта Қазақстанда биогумус сапасына қойылатын бірыңғай мемлекеттік стандарт жоқ. Бұл жағдай өнім сапасын бағалауда және ішкі, әсіресе сыртқы нарыққа шығуда қиындықтар туғызады.

Осыған қарамастан, Қазақстанда биогумус өндірісінің болашағы зор. Біріншіден, еліміздің ауыл шаруашылығы органикалық бағытқа бет бұрып келеді. Екіншіден, жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы, қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік бағдарламалар, сонымен қатар халықаралық экологиялық бастамалар (мысалы, SDG мақсаттары) органикалық тыңайтқыш өндірісін стратегиялық бағыттардың біріне айналдыруда [6].

Биогумус өндірісін жандандыру үшін мынандай шаралар қажет: мемлекеттік субсидиялар мен гранттар бөлу, білім беру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, ғылыми зерттеулерді қолдау, өндірістік кооперацияларды құру және жергілікті билік тарапынан ұйымдастырушылық қолдау. Сондай-ақ, қалалық және ауылдық деңгейде қалдықтарды бөліп жинау жүйесін енгізу – биогумус өндірісіне тұрақты шикізат көзін қамтамасыз етеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Қазақстандағы биогумус өндірісі – қоршаған ортаны қорғау, органикалық егіншілікті дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру тұрғысынан үлкен маңызға ие.

Бұл бағытты дамытудың кешенді, жүйелі жолын ұстану елдің экологиялық және аграрлық тұрақтылығына ықпал етеді.

Жүргізілген әдеби шолу мен талдау нәтижелері көрсеткендей, биогумус – органикалық қалдықтарды өңдеудің экологиялық тұрғыдан қауіпсіз әрі экономикалық жағынан тиімді әдісі болып табылады. Оның құрамындағы макро- және микроэлементтер, гуминді қосылыстар мен пайдалы микроорганизмдер топырақтың агрофизикалық, агрохимиялық және биологиялық қасиеттерін жақсартып, ауыл шаруашылығы дақылдарының өсуі мен өнімділігін арттыруға ықпал етеді. Биогумустың тұрақты түрде қолданылуы топырақтың құрылымын түйіршіктендіріп, ылғал мен ауаның өтуін жақсартады, өсімдіктердің иммундық жүйесін күшейтеді және өнім сапасының жоғарылауына әкеледі.

Қазақстанда биогумус өндірісін дамытудың әлеуеті зор екені айқын байқалады. Елде ауыл шаруашылығы мен азық-түлік өндірісінен шығатын органикалық қалдықтардың мол қоры, құнарсызданған топырақтардың көптігі, сондай-ақ ауыл тұрғындарының жұмыссыздық мәселесі бұл бағыттың өзектілігін арттыра түседі. Дегенмен қазіргі таңда биогумус өндірісі жүйелі қолдаудан, нормативтік негізден және ауқымды ақпараттық сүйемелдеуден тыс қалып отыр. Бірқатар жеке шаруашылықтар мен фермерлік құрылымдарда шағын көлемде биогумус өндірісі жүргізілгенімен, бұл үрдіс кең ауқымда таралмаған, әрі өнімнің стандарттары мен сапалық көрсеткіштері біріздендірілмеген.

Осыған байланысты Қазақстанда биогумус өндірісін дамыту үшін кешенді тәсіл қажет. Ол мемлекеттік қолдау шараларын, ғылыми зерттеулерді жандандыруды, фермерлер мен кәсіпкерлерді ақпараттық қолдауды, органикалық қалдықтарды жүйелі түрде жинау мен өңдеу инфрақұрылымын қалыптастыруды, сондай-ақ биогумус сапасын стандарттау мен сертификаттауды қамтуы тиіс. Сонымен қатар биогумустың агроэкологиялық тиімділігін әртүрлі дақылдар мен аймақтық топырақ-климаттық жағдайларда жүйелі түрде зерттеп, тәжірибелік деректер базасын қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, биогумус – ауыл шаруашылығы өндірісінің экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ететін, ресурстарды үнемдейтін және биологиялық әртүрлілікті сақтауға бағытталған заманауи шешімдердің бірі. Оны ғылыми негізделген және институционалдық қолдауға сүйене отырып кеңінен енгізу – Қазақстанның аграрлық саласын орнықты дамудың жаңа деңгейіне көтеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мамырбеков, Б.К. Органикалық қалдықтарды қайта өңдеу мәселелері [Мәтін] / Б.К. Мамырбеков // Экология және тұрақты даму. – 2022. – № 1 (27). – Б. 55-59.
2. Эфимов, Е.Э. Биогумус и вермикомпост: технология и применение [Текст] / Е.Э. Эфимов. – Санкт-Петербург: Лань, 2019. – 192 с.
3. Ismail, S.A. The Earthworm Book. – Chennai: Other India Press, 2005. – 101 p.
4. Гаврилов, Г.В. Органические удобрения и устойчивое земледелие [Текст] / Г.В. Гаврилов. – М.: Колос, 2020. – 168 с.
5. Каденова, А.Ш. Органикалық тыңайтқыштардың ауыл шаруашылығындағы маңызы [Мәтін] / А.Ш. Каденова // Қазақстан ғылымы мен өмірі. – 2021. – № 3 (75). – Б. 66-70.
6. Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы туралы. №577 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 30 мамыр

2013 – 56 б. [Электронды ресурс]. – Қол жетімділік режимі: https://ecogosfond.kz/wp-content/uploads/2021/11/577.10-09-2019.kaz_.pdf.
7. Дуйсенбаева, С.Т. «Зеленые» навыки как основа формирования экологической культуры и развития экологического образования [Текст] / С.Т. Дуйсенбаева // Механика и технологий. – 2019. – № 1 (63). – С. 201-210.
8. Gajalakshmi S., Abbasi S.A. Solid Waste Management by Composting: State of the Art // Critical Reviews in Environmental Science and Technology. – 2008. – Vol. 38, No. 5. – P. 311-400.
9. Lazcano C., Dominguez J. The use of vermicompost in sustainable agriculture: Impact on plant growth and soil fertility // Soil Nutrients. – 2011. – Vol. 10. – P. 1-23.
10. Кененбаев, С.Б. Влияние биоудобрений и биопрепаратов на показатели плодородия и продуктивности сероземных почв юго-востока Казахстана [Текст] / С.Б. Кененбаев [и др.] // Почвоведение и агрохимия. – 2023. – № 2. – С. 44-56.
11. Арыстанбекова, А.Ж. Вермикомпост технологиясының агроэкологиялық тиімділігі [Мәтін] / А.Ж. Арыстанбекова // Аграрлық ғылым. – 2021. – № 4. – Б. 47-52.
12. Кузнецов, С.И. Органические удобрения и их значение в земледелии [Текст] / С.И. Кузнецов. – М.: Колос, 2018. – 168 с.
13. Искакова, Г.Ж. Биогумус – Органикалық тыңайтқыш көзі [Мәтін] / Г.Ж. Искакова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 152 б.
14. Джусупбекова, Г.Н. Биогумус – сапалы өнімнің кепілі [Мәтін] / Г.Н. Джусупбекова // Ауыл шаруашылығы ғылымдары. – 2022. – № 1. – Б. 98-101.
15. Арыстанбекова, А.Ж. Органикалық қалдықтарды өңдеудің өзекті мәселелері [Мәтін] / А.Ж. Арыстанбекова // Экология және тұрақты даму. – 2021. – № 2. – Б. 43-49.
16. Таңатаров, Е.Ж. Вермикомпосттау – экологиялық тұрақты шешім [Мәтін] / Е.Ж. Таңатаров // Аграрлық ғылым. – 2022. – № 4 (58). – Б. 55-59.
17. Искакова, Г.Ж. Оңтүстік Қазақстандағы биогумус өндірісі және оның болашағы [Мәтін] / Г.Ж. Искакова, Д.А. Нұрманова // Аймақтық экономика. – 2023. – № 1. – Б. 77-81.
18. Бекжанова, А.М. Биогумус өндірісінің ғылыми негіздері: отандық тәжірибе [Мәтін] / А.М. Бекжанова, Р.К. Омаров // Қазақ ҰАУ Хабаршысы. – 2022. – № 3. – Б. 64-68.
19. Мамырбеков, Б.К. Биогумус өндірісін құқықтық және экономикалық қолдау тетіктері [Мәтін] / Б.К. Мамырбеков // Аграрлық саясат және нарық. – 2021. – № 2. – Б. 90-94.

Зерттеу жұмыстары ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған AP27511917 «Органикалық қалдықтардырды қайта өңдеу арқылы биогумус өндіру және топырақтың құнарлығын арттырып, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін дамыту» жоба аясында орындалды.

Материал редакцияға 04.09.25 түсті, 19.11.25 қабылданды.

Б.Т. Омаров[1], Ж.М. Алтыбаев[1], М.М. Ескермесова[1], Н.Х. Умирзахова[1], А.Б. Сайымқұлова[1], Г.Е. Калымбетов[1]

[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ОБЗОР МЕТОДОВ ПРОИЗВОДСТВА БИОГУМУСА ПУТЕМ ПЕРЕРАБОТКИ РАЗЛИЧНЫХ ОРГАНИЧЕСКИХ ОТХОДОВ

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается вопрос эффективного использования органических отходов и значение биогумуса, получаемого на основе их переработки, в сельском хозяйстве. В настоящее время в Казахстане накапливается значительное количество органических отходов (навоз крупного рогатого скота, пищевые отходы, растительные остатки и т.д.), утилизация большей части которых без переработки представляет экологическую угрозу. В этой связи производство биогумуса представлено как инновационный и экологически безопасный метод, направленный на экономию природных ресурсов, восстановление плодородия почв и повышение продуктивности сельского хозяйства. В статье описаны этапы технологии вермикомпостирования, биологические и технические требования к ее реализации. На основе научных данных описаны эффективность переработки органических отходов червями, агрономическая ценность получаемого биогумуса и его влияние на почву. Проанализированы потенциал и основные проблемы развития производства биогумуса в условиях Казахстана, нормативные и инфраструктурные ограничения. Исследование проведено на основе обзора литературы.

Ключевые слова: биогумус, органические отходы, вермикомпостирование, экологическая технология, натуральное удобрение, черви, плодородие почвы, сельское хозяйство.

B.T. Omarov[1], Zh.M. Altybaev[1], M.M. Eskermesova[1], N.Kh. Umirzahova[1], A.B. Saiymkulova[1], G.E. Kalymbetov[1]

[1]M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

REVIEW OF METHODS OF BIOHUMUS PRODUCTION BY PROCESSING VARIOUS ORGANIC WASTE

Abstract. The article comprehensively examines the issue of efficient use of organic waste and the importance of vermicompost obtained from their processing in agriculture. Currently in Kazakhstan a significant amount of organic waste (cattle manure, food waste, plant residues, etc.) is accumulated, the disposal of most of which without processing poses an environmental threat. In this regard, the production of vermicompost is presented as an innovative and environmentally friendly method aimed at saving natural resources, restoring soil fertility and increasing agricultural productivity. The article describes the stages of vermicomposting technology, biological and technical requirements for its implementation. Based on scientific data, the efficiency of processing organic waste by worms, the agronomic value of the resulting vermicompost and its impact on the soil are described. The potential and main problems of vermicompost production development in Kazakhstan, regulatory and infrastructural restrictions are analyzed. The study is based on a literature review.

Keywords: biohumus, organic waste, vermicomposting, ecological technology, natural fertilizer, worms, soil fertility, agriculture.

References

1. Mamyrbekov, B.K. Organikalyq qaldyqtardy qaĭta óńdeú máseleleri [Issues of organic waste processing] / Б.К. Мамырбеков // Ecology and Sustainable Development. – 2022. – No. 1 (27). – P. 55-59. [in Kazakh].
2. Efimov, E.E. Biogumus i vermikompost: tekhnologiya i primenenie [Biohumus and vermicompost: technology and application]. – Saint Petersburg: Lan', 2019. – 192 p. [in Russian].
3. Ismail, S.A. The Earthworm Book. – Chennai: Other India Press, 2005. – 101 p.

4. Gavrilov, G.V. Organicheskie udobreniya i ustoĭchivoe zemledelie [Organic fertilizers and sustainable agriculture]. – Moscow: Kolos, 2020. – 168 p. [in Russian].
5. Kadenova, A.Sh. Organikalyq tynghaĭtqyghtardyng auyl sharuashylyghyndaghy mañhyzy [The significance of organic fertilizers in agriculture] // Kazakhstan ghylymy men ómiri [Science and Life of Kazakhstan]. – 2021. – No. 3 (75). – . 66-70. [in Kazakh].
6. On the Concept of Transition of the Republic of Kazakhstan to the “Green Economy.” Decree of the President of the Republic of Kazakhstan No. 577, May 30, 2013. – 56 p. [Electronic resource]. – Access mode: https://ecogosfond.kz/wp-content/uploads/2021/11/577.10-09-2019.kaz_.pdf.
7. Duysenbaeva, S.T. "Zelenye" navyki kak osnova formirovaniya èkologicheskoĭ kul'tury i razvitiya èkologicheskogo obrazovaniya ["Green" skills as the basis for the formation of environmental culture and the development of environmental education] // Mechanics and Technologies. – 2019. – No. 1 (63). – P. 201-210. [in Russian].
8. Gajalakshmi S., Abbasi S.A. Solid Waste Management by Composting: State of the Art // Critical Reviews in Environmental Science and Technology. – 2008. – Vol. 38, No. 5. – P. 311-400.
9. Lazcano C., Dominguez J. The use of vermicompost in sustainable agriculture: Impact on plant growth and soil fertility // Soil Nutrients. – 2011. – Vol. 10. – P. 1-23.
10. Kenenbaev, S.B. et al. Vliyanie bioudobreniĭ i biopreparatov na pokazateli plodorodiya i produktivnosti serozemnykh pochv yugo-vostoka Kazakhstana [The influence of biofertilizers and biological products on the indicators of fertility and productivity of sierozem soils in the southeast of Kazakhstan] // Soil Science and Agrochemistry. – 2023. – No. 2. – P. 44-56. [in Russian].
11. Arystanbekova, A.Zh. Vermikompost tekhnologiyasynyń agroèkologiyalyq tíimdílígí [Agroecological efficiency of vermicompost technology] // Agrarian Science. – 2021. – No. 4. – P. 47-52. [in Kazakh].
12. Kuznetsov, S.I. Organicheskie udobreniya i ikh znachenie v zemledelii [Organic fertilizers and their significance in agriculture]. – Moscow: Kolos, 2018. – 168 p. [in Russian].
13. Iskakova, G.Zh. Biogumus – Organikalyq tynghaĭtqygh kózí [Biohumus – a source of organic fertilizer]. – Almaty: Kazakh University, 2021. – 152 p. [in Kazakh].
14. Dzhusupbekova, G.N. Biogumus – sapaly ó nímníñ kepílí [Biohumus – a guarantee of quality products] // Agricultural Sciences. – 2022. – No. 1. – P. 98-101. [in Kazakh].
15. Arystanbekova, A.Zh. Organikalyq qaldyqtardy ó ñdeúdıñ ózektí máselelerí [Urgent issues of organic waste processing] // Ecology and Sustainable Development. – 2021. – No. 2. – P. 43-49. [in Kazakh].
16. Tañatarov, E.Zh. Vermikomposttaū – èkologiyalyq tūraqty sheshím [Vermicomposting – an ecologically stable solution] // Agrarian Science. – 2022. – No. 4 (58). – P. 55-59. [in Kazakh].
17. Iskakova, G.Zh. Ontústík Qazaqstandaghý biogumus óndírísí zhəne onyñ bolashaghý [Biohumus production in Southern Kazakhstan and its future] // Regional Economics. – 2023. – No. 1. – P. 77-81. [in Kazakh].
18. Bekzhanova, A.M., Omarov, R.K. Biogumus óndírísínıñ ghýlými negízderí: otandyq təzhíríbe [Scientific foundations of biohumus production: domestic experience] // Bulletin of KazNAU. – 2022. – No. 3. – P. 64-68. [in Kazakh].
19. Mamyrbekov, B.K. Biogumus óndírísínín qūqyqtyq zhəne èkonomíkalyq qoldaú tetíkterí [Legal and economic support mechanisms for biohumus production] // Agrarian Policy and Market. – 2021. – No. 2. – P. 90-94. [in Kazakh].

ҒТАМР 61.01.77 : 70.85.29

Ш.М. Умбетова[1] – *негізгі автор*, ©
У. Умбетов[2], Г.Б. Курманбаев[3], З.А. Баймаханова[4], Ж.С. Асанова[5]

[1,3,4]Техн. ғылым. канд., [2]Техн. ғылым. д-ры, профессор, [5]Магистр

ORCİD
[1]https://orcid.org/0000-0001-7716-9822 [2]https://orcid.org/0000-0001-6931-7944
[3]https://orcid.org/0009-0002-0683-9926 [4]https://orcid.org/0009-0008-1949-2275
[5]https://orcid.org/0000-0003-4456-9891

[1,4,5]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
[2]Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан
[3]Қызылорда Ашық университеті, Қызылорда, Қазақстан

@ *[1]umbetova-37@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/GHDV3095

СУДЫ ОЗОНДАУ КЕЗІНДЕГІ БРОМАТТАРДЫҢ ТҮЗІЛУІ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ БАСҚАРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада суды озондау процесінде броматтардың түзілу механизмі қарастырылды және олардың түзілу кинетикасы зерттелді. Озондау кезінде pH деңгейі, температура, озон дозасы және байланысу уақыты сияқты негізгі факторлардың әсері анықталды. Броматтардың түзілуін азайтуға бағытталған әдістер қарастырылды, олардың ішінде pH-ты төмендету, реагенттер қосу және көпсатылы озондау тәсілдері тиімділігімен ерекшеленді. Сонымен қатар, жасанды интеллект негізіндегі интеллектуалды басқару жүйесі әзірленді. Бұл жүйе судың сапасын нақты уақыт режимінде талдап, броматтардың түзілуін болжауға және озондау параметрлерін автоматты түрде оңтайландыруға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер Арал теңізі аймағына тән тұрақсыз су сапасы жағдайында технологияның тиімділігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған.

Тірек сөздер: суды озондау, броматтар, кинетика, жасанды интеллект, зияткерлік жүйе, су тазарту.

Умбетова, Ш.М. Суды озондау кезіндегі броматтардың түзілуі және жасанды интеллект негізіндегі басқару [Мәтін] / Ш.М. Умбетова, У. Умбетов, Г.Б. Курманбаев, З.А. Баймаханова, Ж.С. Асанова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.337-343. https://doi.org/10.55956/GHDV3095

Кіріспе. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – тұрақты дамудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Климаттың жаһандық өзгеруі, антропогендік жүктеменің артуы және тұщы су тапшылығы жағдайында, әсіресе Арал теңізі бассейні сияқты осал аймақтарда, тиімді әрі қауіпсіз су тазарту технологияларын енгізу қажеттілігі артып келеді.

Суды озондау – орталықтандырылған және жергілікті сумен жабдықтау жүйелерінде кеңінен қолданылатын, болашағы зор әдістердің бірі. Озонның тотығу қабілеті жоғары болғандықтан, ол патогенді микроағзаларды тиімді түрде жояды, органикалық ластағыштарды ыдыратады және жағымсыз иістерді жояды. Алайда, айқын артықшылықтарына қарамастан, озондау әдісінің бірқатар шектеулері де бар. Соның бірі – суда бромид иондары (Br^-)

болған жағдайда броматтардың (BrO_3^-) түзілуі [1,2]. Броматтар – ықтимал канцерогенді заттар ретінде жіктеледі және халықаралық ауыз су сапасы стандарттарына сәйкес қатаң бақылауға алынады.

Броматтардың түзілу процесі – көптеген факторларға тәуелді күрделі реакциялар тізбегі болып табылады: орта pH-ы, температура, бромидтердің концентрациясы, озон дозасы, жанасу уақыты және органикалық заттардың болуы. Бұл процесті тиімді басқару үшін оның кинетикасын түсініп қана қоймай, өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын икемді реттеу жүйелері қажет [3].

Осы тұрғыда жасанды интеллект (ЖИ) негізіндегі зияткерлік басқару жүйелерін қолдану ерекше өзектілікке ие. Мұндай жүйелер су параметрлерін нақты уақыт режимінде талдауға, зиянды қосылыстардың түзілуін болжауға және озондау режимін автоматты түрде түзетуге мүмкіндік береді [4,5]. Бұл, әсіресе, Арал теңізі аймағына тән тұрақсыз су сапасы жағдайында аса маңызды.


Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу Арал теңізі аймағының табиғи су құрамын имитациялайтын модельдік су ерітінділерін пайдалана отырып, зертханалық жағдайда жүргізілді. Негізгі назар бромидтердің концентрациясын, орта pH-ын, температураны және озон дозасын өзгертуге аударылды.

Вариация параметрлері:

- бромидтер концентрациясы (Br^-): 0,05-тен 1,0 мг/л дейін;
- орта pH: 6,0-ден 9,0 дейін;
- температура: 10-нан 30°C дейін;
- озон дозасы: 1-ден 5 мг/л дейін;
- байланысу уақыты: 60 минутқа дейін.

Ерітінділер деионданған су негізінде дайындалды, табиғи бромид құрамын имитациялау үшін натрий хлориді (NaBr) қосылды. pH мәндері тұз қышқылы (HCl) және натрий гидроксиді (NaOH) ерітінділері арқылы реттелді. Озондау озон шығынын және әсер ету уақытын дәл реттеуге мүмкіндік беретін зертханалық озонатор көмегімен жүргізілді.

Броматтар концентрациясын өлшеу иондық хроматография әдісімен жүзеге асырылды. 1-суретте әртүрлі pH мәндерінде озондау уақытына байланысты броматтардың (BrO_3^-) салыстырмалы концентрациясының тәуелділігі көрсетілген.



Сурет 1. Әртүрлі pH мәндерінде броматтардың түзілуінің кинетикалық қисығы

Графиктен көрініп тұрғандай, pH мәні артқан сайын броматтардың түзілу жылдамдығы жоғарылайды. pH 9,0 кезінде BrO_3^- ең қарқынды жиналуы байқалады, ал pH 6,0 кезінде броматтардың түзілуі ең төмен деңгейде болады. Бұл суды озондау кезінде зиянды жанама өнімдердің түзілуін азайту үшін орта pH-ын бақылаудың маңыздылығын дәлелдейді.

Суды озондау кезінде броматтардың түзілу процесін сандық сипаттау үшін псевдобірінші және псевдоекінші ретті модельдер қолданылды. Бұл модельдер реакция кинетикасын уақыт пен реагенттер концентрациясына байланысты сипаттауға мүмкіндік береді. Модельдер негізгі параметрлерді (pH, бромид концентрациясы, температура, озон дозасы және байланысу уақыты) өзгерту арқылы алынған эксперименттік деректер негізінде таңдалды.

Псевдобірінші ретті модель бромидтердің төмен концентрациясы және реакция уақыты шектеулі жағдайларда қолданылды, мұнда броматтардың түзілу жылдамдығы реагенттердің бірінің концентрациясына пропорционалды болады. Ал псевдоекінші ретті модель жоғары концентрациялар мен озон дозалары кезінде реакция жылдамдығының концентрацияға тәуелділігі сызықтық емес болғанда қолданылды.

Дәл талдау үшін дифференциалдық теңдеулерді шешудің сандық әдістері қолданылды, олар бірнеше факторлардың өзара әсерін бір уақытта ескеруге мүмкіндік береді. Есептеулер Python (SciPy, NumPy) және MATLAB бағдарламалық құралдарын пайдалану арқылы жүргізілді, бұл кинетикалық қисықтарды құруға және реакция параметрлерін (жылдамдық константалары, жартылай ыдырау кезеңдері және т.б.) анықтауға мүмкіндік берді [6,7].

Алынған модельдер нақты уақыт режимінде бромат концентрациясын болжау және озондау параметрлерін оңтайландыру үшін кинетикалық деректерді пайдаланатын ЖИ-модульдің негізін қалады.


Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Зертханалық тәжірибелер мен математикалық модельдеу негізінде суды озондау кезінде броматтардың түзілу механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін деректер алынды. Бұл сондай-ақ олардың түзілуін азайтудың әртүрлі тәсілдерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді. Төменде зерттеу барысында жасалған негізгі бақылаулар мен қорытындылар келтірілген.

Эксперименттік деректерді талдау броматтардың түзілу қарқындылығы озондау жағдайларына тікелей байланысты екенін растады. Реакцияны жеделдетуге ықпал ететін ең маңызды факторлар – pH деңгейінің жоғарылауы, температураның көтерілуі, озон дозасының артуы және ұзақ уақыттық контакт. pH 8-ден жоғары болғанда BrO_3^- иондарының түзілу жылдамдығы күрт артады, бұл озонның сілтілі ортада тотығу белсенділігінің күшеюімен байланысты.

1-суретте әртүрлі pH мәндерінде броматтардың түзілу кинетикалық қисықтары көрсетілген. pH 9,0 кезінде броматтардың түзілуі pH 6,0-ге қарағанда әлдеқайда жылдам жүретіні көрінеді, бұл озондау процесінде ортаның қышқылдығын бақылаудың маңыздылығын көрсетеді.

Температураның көтерілуі кинетикалық процестерді жеделдетіп, озон мен бромидтердің өзара әрекеттесу жылдамдығын арттырады. Озон дозасы артқан сайын бромидтердің броматтарға дейін тотығу ықтималдығы жоғарылайды.


2-суретте төмен және жоғары озон дозасында реакция жылдамдығының температураға тәуелділігі көрсетілген. 30°C кезінде броматтардың түзілу жылдамдығы 10°C-пен салыстырғанда екі есеге жуық жоғары.



Сурет 2. Температураның броматтардың түзілу жылдамдығына әсері

Анықталған заңдылықтарды талдау негізінде броматтардың түзілуін төмендетудің әртүрлі тәсілдері сыналды. Ең тиімді әдістер – реакция жағдайларын өзгерту: pH деңгейін 6,0-6,5 аралығына дейін төмендету, реагенттерді (аммиак, сутек асқын тотығы) қосу, сондай-ақ көпсатылы озондау.

3-суретте осы әдістердің салыстырмалы тиімділігі көрсетілген. Көпсатылы озондау броматтардың концентрациясын 70%-ға дейін төмендетеді, ал аммиак қосу шамамен 45%-ға төмендетеді.



Сурет 3. Броматтардың түзілуін азайту әдістерінің салыстырмалы тиімділігі

Зерттеу аясында әзірленген машиналық оқыту алгоритмдеріне негізделген озондауды басқарудың зияткерлік жүйесі су сапасының өзгермелі жағдайында жоғары тиімділікті көрсетті. Эксперименттік деректер бойынша оқытылған жасанды интеллект моделі бромат концентрациясын болжауда 90 пайыздан жоғары дәлдік көрсетті. Жүйе дәстүрлі басқару әдістерімен салыстырғанда броматтардың түзілуін 30-50 пайызға төмендетуге мүмкіндік берді [8,9]. Ол судың ағымдағы сипаттамаларына байланысты озон дозасын, pH деңгейін және байланысу уақытын автоматты түрде реттеді. Бұл нақты уақыт режимінде процестің тұрақтылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етті, сондай-ақ операторға түсетін жүктемені азайтты.

Осылайша, су тазарту жүйесіне ЖИ интеграциялау тиімділікті арттырып қана қоймай, Арал теңізі аймағына тән тұрақсыз су сапасы жағдайында технологияның тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қорытынды. Зертханалық эксперименттер мен математикалық модельдеу негізінде суды озондау кезінде броматтардың түзілу механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін деректер алынды. Бұл олардың түзілуін азайтуға бағытталған түрлі тәсілдердің тиімділігін бағалауға да мүмкіндік берді. Төменде ұсынылған нәтижелер зерттеу барысында жасалған негізгі бақылаулар мен қорытындыларды көрсетеді.

Эксперименттік деректерді талдау броматтардың түзілу қарқындылығы озондау жағдайларына тікелей тәуелді екенін растады. Реакцияны жеделдететін ең маңызды факторлар – pH-тың жоғарылауы, температураның көтерілуі, озон дозасының артуы және ұзақ байланысу уақыты. Мысалы, pH 8-ден жоғары болғанда BrO_3^- иондарының түзілу жылдамдығы күрт өседі, бұл озонның сілтілі ортада тотығу белсенділігінің артуымен байланысты. Температураның жоғарылауы кинетикалық процестерді жеделдетіп, озон мен бромидтердің өзара әрекеттесу жылдамдығын арттырады. Озон дозасының көбеюі бромидтердің броматтарға дейін тотығу ықтималдығын арттырады, ал озонның ұзақ әсер етуі соңғы тотығу өнімдерінің жиналуына ықпал етеді. Алынған кинетикалық қисықтар (1-сурет) pH 9,0 кезінде броматтардың түзілуі pH 6,0-ге қарағанда әлдеқайда жылдам жүретінін айқын көрсетеді. Бұл озондау процесінде ортаның қышқылдығын бақылаудың маңыздылығын дәлелдейді.

Анықталған заңдылықтарды ескере отырып, броматтардың түзілуін төмендетуге бағытталған түрлі тәсілдер сыналды. Ең тиімді әдістер реакция жағдайларын өзгертуге бағытталған болды. pH-ты 6,0-6,5 диапазонына дейін төмендету броматтардың түзілуін айтарлықтай баяулатады, себебі қышқыл ортада озон бромидтермен әлдеқайда аз әрекеттеседі. Аммиак немесе сутек асқын тотығы сияқты реагенттерді қосу бромның аралық формаларын қалпына келтіруге және олардың броматтарға айналуына жол бермеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, аралық сүзгілеумен көпсатылы озондау аралық өнімдерді тиімді жоюға және зиянды қосылыстардың жалпы жиналуын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл әдістерді су көзінің нақты сипаттамаларына бейімдеуге және автоматтандырылған басқару жүйелеріне интеграциялауға болады.

Процестің тиімділігі мен сенімділігін арттыру үшін машиналық оқыту алгоритмдеріне негізделген озондауды басқарудың зияткерлік жүйесі әзірленді. Эксперименттік деректер бойынша оқытылған жасанды интеллект моделі бромат концентрациясын болжауда жоғары дәлдік көрсетті ($R^2 > 0,9$). Жүйе дәстүрлі басқару әдістерімен салыстырғанда броматтардың түзілуін 30-50 пайызға төмендетуге мүмкіндік берді. Ол судың ағымдағы сипаттамаларына байланысты озон дозасын, pH деңгейін және байланысу уақытын автоматты түрде реттеді. Бұл нақты уақыт режимінде процестің тұрақтылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етті, сондай-ақ операторға түсетін жүктемені азайтты.

Осылайша, зерттеу нәтижелері эксперименттік тәсіл, математикалық модельдеу және зияткерлік технологияларды біріктіру броматтардың түзілу процесін тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар оларды нақты су тазарту жағдайында тиімді басқаруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Яншина, М.С. Озонирование воды [Текст] / М. С. Яншина // Гигиена и санитария. – 1946. – №5. – С. 6-10.

2. Леванов, А.В. Кинетика и механизм взаимодействия озона с хлорид-ионами [Текст] / А.В. Леванов, О.Я. Исайкина, В.В. Лунин // Физикалық химия журналы. – 2019. – Т. 93. – № 9. – С. 1328-1337.
3. Курбатов, А.Ю. О перспективности использования озона в процессах децентрализованного обеззараживания и обезжелезивания артезианских вод [Текст] / А.Ю. Курбатов, Е.Н. Кузин, Ю.М. Аверина, М.А. Ветрова // Экологиялық технологиялар журналы. – 2020. – Т. 34. – №6 (229). – С. 54-56.
4. Beltrán F.J. et al. Kinetics of ozone decomposition catalyzed by activated carbon in water // Proceedings of the 15th World Ozone Congress, IOA, London, 2001.
5. Баженов, В.И. Роль искусственного интеллекта в предотвращении утечек воды из сетей водоснабжения [Текст] / В.И. Баженов, О.Г. Примин, В.В. Баженов // Строительство: наука и образование. – 2024. – Т. 14. – № 4. – С. 98-111.
6. Duguet J. P. Drinking water disinfection during the 20th century and the future for ozone // IOA World Congress, London, 2001.
7. Марков, К.К. Образование побочных продуктов при озонировании воды / К.К. Марков, А.К. Марков. – Презентация. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: ppt-online.org. (дата обращения: 25.11.2025).
8. Prendiville P. Water treatment process improvement by pre-ozonation: experiences from the USA // IOA World Congress, London, 2001.
9. Lean Center. Artificial intelligence and innovations in water treatment and water supply. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: lean-center.ru.

Зерттеу жұмыстары ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған AP26199445 «Суды озондау арқылы өңдеудің интеллектуалды жүйесін әзірлеу» жоба аясында орындалды.

Материал редакцияға 30.10.25 түсті, 17.11.25 қабылданды.

Ш.М. Умбетова[1], У. Умбетов[2], Г.Б. Құрманбаев[3], З.А. Баймаханова[1], Ж.С. Асанова[1]

[1]Кызылординский университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
[2]Университет Болашақ, Кызылорда, Казахстан
[3]Кызылординский открытый университет, Кызылорда, Казахстан

ОБРАЗОВАНИЕ БРОМАТОВ ПРИ ОЗОНИРОВАНИИ ВОДЫ И УПРАВЛЕНИЕ НА ОСНОВЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация. В данной статье рассмотрен механизм образования броматов в процессе озонирования воды и исследована их кинетика. Определено влияние основных факторов, таких как уровень pH, температура, доза озона и время контакта. Рассмотрены методы, направленные на снижение образования броматов, среди которых снижение pH, добавление реагентов и многоступенчатое озонирование показали наибольшую эффективность. Кроме того, разработана интеллектуальная система управления на основе искусственного интеллекта. Эта система позволяет анализировать качество воды в режиме реального времени, прогнозировать образование броматов и автоматически оптимизировать параметры озонирования. Полученные результаты направлены на повышение эффективности и надежности технологии в условиях нестабильного качества воды, характерного для региона Аральского моря.

Ключевые слова: озонирование воды, броматы, кинетика, искусственный интеллект, интеллектуальная система, водоочистка.

Sh.M. Umbetova[1], U. Umbetov[2], G.B. Kurmanbayev[3], Z.A. Baymakhanova[1], Zh.S. Asanova[1]

[1]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
[2]Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan
[3]Kyzylorda Open University, Kyzylorda, Kazakhstan

FORMATION OF BROMATES DURING WATER OZONATION AND AI-BASED CONTROL

Abstract. This article examines the mechanism of bromate formation during the water ozonation process and investigates their kinetics. The influence of key factors such as pH level, temperature, ozone dose, and contact time has been determined. Methods aimed at reducing bromate formation are discussed, among which lowering pH, adding reagents, and multi-stage ozonation proved to be the most effective. In addition, an intelligent control system based on artificial intelligence was developed. This system enables real-time analysis of water quality, prediction of bromate formation, and automatic optimization of ozonation parameters. The results obtained are aimed at improving the efficiency and reliability of the technology under conditions of unstable water quality typical for the Aral Sea region.

Keywords: water ozonation, bromates, kinetics, artificial intelligence, intelligent system, water purification.

References

1. Yanshina, M.S. Ozonirovanie vody [Ozonation of water] // Hygiene and Sanitation. – 1946. – No. 5. – P. 6-10. [in Russian].
2. Levanov A.V., Isaikina O.Y., Lunin V.V. Kinetika i mekhanizm vzaimodeĭstviya ozona s khlorid-ionami [Kinetics and mechanism of the interaction of ozone with chloride ions] // Journal of Physical Chemistry. – 2019. – Vol. 93. – No. 9. – P. 1328-1337. [in Russian].
3. Kurbatov A.Y., Kuzin E.N., Averina Y.M., Vetrova M.A. O perspektivnosti ispol'zovaniya ozona v protsessakh detsentralizovannogo obezzarazhivaniya i obezzhelezivaniya artezianskikh vod [On the prospects of using ozone in decentralized disinfection and deferrization processes of artesian waters] // Journal of Ecological Technologies. – 2020. – Vol. 34. – No. 6 (229). – P. 54-56. [in Russian].
4. Beltrán, F.J. et al. Kinetics of ozone decomposition catalyzed by activated carbon in water // Proceedings of the 15th World Ozone Congress, IOA, London, 2001.
5. Bazhenov V.I., Primin O.G., Bazhenov V.V. Rol' iskusstvennogo intellekta v predotvrashchenii utechek vody iz seteĭ vodosnabzheniya [The role of artificial intelligence in preventing water leaks from water supply networks] // Construction: Science and Education. – 2024. – Vol. 14. – No. 4. – P. 98-111. [in Russian].
6. Duguet, J.P. Drinking water disinfection during the 20th century and the future for ozone // IOA World Congress, London, 2001.
7. Markov K.K., Markov A.K. Obrazovanie pobochnykh produktov pri ozonirovanii vody [Formation of by-products during water ozonation] – Presentation. – [Electronic resource]. – Access mode: ppt-online.org. [in Russian].
8. Prendiville, P. Water treatment process improvement by pre-ozonation: experiences from the USA // IOA World Congress, London, 2001.
9. Lean Center. Artificial intelligence and innovations in water treatment and water supply. – [Electronic resource]. – Access mode: lean-center.ru.

ҒТАМР 61.33.39

Ж.М. Алтыбаев[1] – *негізгі автор*,
Б.Т. Омаров[2], Н.Х. Умирзахова[3], Б.Н. Тәжбенова[4], М.М. Ескермесова[5], Г.Е. Калымбетов[6]

[1]PhD, доцент, [2]PhD, [3]Магистр, [4,6]Докторант, [5]Кіші ғылыми қызметкер

ORCİD [1]https://orcid.org/0000-0001-9091-4575 [2]https://orcid.org/0000-0003-1903-8466
[3]https://orcid.org/0009-0002-1919-5509 [4]https://orcid.org/0009-0004-0453-4314
[5]https://orcid.org/0009-0003-0057-6413 [6]https://orcid.org/0000-0002-0983-2044

[1,2,3,4,5,6]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті,
Шымкент, Қазақстан

@ [6]gani_himik@mail.ru

©

https://doi.org/10.55956/TRBK7955

ОРГАНИКАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗ ТӘЖІРИБЕЛІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысында Түркістан облысында ірі қара малдың жаңа көңін химиялық өңдеу арқылы биогумус өндірісіне дайындау технологиясы зерттелді. Зерттеудің мақсаты – бастапқы шикізаттың санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, оның агрохимиялық және микробиологиялық сапасын арттыру. Бастапқы көңнің физика-химиялық (ылғалдылық – 72,4%, pH – 7,2, жалпы N – 1,15%, P_2O_5 – 0,72%, K_2O – 0,95%, органикалық заттар – 68,5%, C:N ≈ 25:1) және микробиологиялық құрамдары (*Escherichia coli* – $2{,}1\times10^6$ КТБ/г, *Salmonella spp*. оң, гельминт жұмыртқалары – 15-20 дана/г) анықталды. Алдын ала өңдеу үшін 5% массалық үлеспен кальций гидроксидінің ($Ca(OH)_2$) 10% сулы суспензиясы қолданылды. Өңдеу барысында ортаның pH 11–12 деңгейіне көтеріліп, патогендер саны айтарлықтай төмендеді. Химиялық дезинфекциядан кейінгі компосттану кезеңінде микроб саны экспоненциалды түрде азайып, дайын биогумуста $1{,}0\times10^3$ КТБ/г деңгейіне жетті, бұл санитарлық-гигиеналық нормативтерге сай келеді. Зерттеу нәтижелері көңді химиялық өңдеу биогумус алу мерзімін қысқартып, қоректік элементтер құрамын (N, P, K) 10–25%-ға арттыратынын көрсетті. Бұл технология ауыл шаруашылығында экологиялық қауіпсіз, минералдарға бай органикалық тыңайтқыш өндіруге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: биогумус, органикалық қалдықтар, химиялық өңдеу, кальций гидроксиді, микробиологиялық талдау, экологиялық қауіпсіздік, вермикомпост, топырақ құнарлылығы.

Алтыбаев, Ж.М. Органикалық қалдықтарды қайта өңдеудің экологиялық қауіпсіз тәжірибелік технологиясы [Мәтін] / Ж.М. Алтыбаев, Б.Т. Омаров, Н.Х. Умирзахова, Б.Н. Тәжбенова, М.М. Ескермесова, Г.Е. Калымбетов // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.344-358. https://doi.org/10.55956/TRBK7955

Кіріспе. Соңғы онжылдықта ауыл шаруашылығында топырақтың құнарлылығын сақтау және экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ету мәселесі алдыңғы қатарға шықты [1]. Минералдық тыңайтқыштардың шамадан тыс қолданылуы топырақтың қышқылдығын арттырып, оның

құрылымын бұзады және қоршаған ортаға теріс әсер етеді [2]. Осыған байланысты, экологиялық қауіпсіз, тұрақты және тиімді органикалық тыңайтқыштарға сұраныс жылдан жылға артып келеді. Солардың ішінде биогумус – агрономиялық тұрғыдан ең тиімді тыңайтқыштардың бірі болып саналады [3].

Биогумус – органикалық қалдықтарды жауынқұрттар (*Eisenia fetida*) мен пайдалы микроағзалардың көмегімен биологиялық қайта өңдеу нәтижесінде алынатын, өсімдіктер үшін қолжетімді макро- және микроэлементтерге бай тыңайтқыш [4,5]. Оның құрамында азот, фосфор, калий, кальций, магний сияқты маңызды қоректік заттардан бөлек, өсімдіктердің өсуін ынталандыратын гумин қышқылдары мен ферменттер бар [6]. Зерттеулер көрсеткендей, биогумус топырақтың физикалық қасиеттерін жақсартады, су ұстау қабілетін арттырады және өсімдік тамырларының қоректік заттарды сіңіруін күшейтеді [7,8].

Биогумустың сапасы мен тиімділігі көбіне бастапқы шикізаттың түріне және оны өңдеу технологиясына байланысты. Өндірісте ең жиі қолданылатын шикізат – мал көңі, әсіресе ірі қара малдың көңі [9]. Оның құрамында органикалық заттардың мөлшері жоғары, бірақ санитарлық-гигиеналық тұрғыдан қауіпті болуы мүмкін: патогендік бактериялар (*E. coli, Salmonella spp.*), ішек таяқшалары, арамшөп тұқымдары және жағымсыз иіс тудыратын ұшпа қосылыстар кездеседі [10,11]. Бұл факторлар өңделмеген көңді тікелей биогумус өндірісінде қолдануға мүмкіндік бермейді.

Көңді алдын ала өңдеудің бірнеше әдістері бар: термоөңдеу, биологиялық (компосттау), механикалық және химиялық өңдеу [12]. Олардың ішінде химиялық өңдеу әдісі тиімділігімен ерекшеленеді, себебі ол бір мезетте бірнеше міндетті шешеді: санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, өйткені әк ($Ca(OH)_2$) сияқты сілтілік реагенттер патогендерді жояды; минералдық құрамды байытады, себебі суперфосфат фосфор қорының артуына ықпал етеді; микроэлементтермен толықтырады, мысалы, магний сульфаты топырақтағы магний тапшылығын жояды; сондай-ақ иісті бейтараптандырады, яғни аммиак пен күкіртсутек бөлінуін азайтады [13-15].

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, химиялық алдын ала өңделген көңді вермикомпостта қолдану биогумус алу мерзімін 15–20%-ға қысқартады, ал дайын өнімнің азот, фосфор және калий мөлшері орта есеппен 10–25%-ға жоғары болады [16,17]. Сонымен қатар, мұндай биогумус топырақтың микробиологиялық белсенділігін арттырып, ауыл шаруашылығында өсімдіктердің өнімділігін 12–18%-ға арттырғаны дәлелденген [18].

Осылайша, көңді химиялық өңдеу – биогумус өндірісінде сапалы, экологиялық қауіпсіз және қоректік заттарға бай шикізат алудың маңызды технологиялық кезеңі болып табылады. Бұл әдіс ауыл шаруашылығында органикалық тыңайтқыштар өндірісін жетілдіруге және тұрақты егіншілік принциптерін іске асыруға ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты – бастапқы шикізаттың санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, оның агрохимиялық және микробиологиялық сапасын арттыру.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу жұмысы Түркістан облысынды ауыл шаруашылығына бейімделген аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілді. Аймақ климаты күрт континенттік, жазы ұзақ, ыстық әрі құрғақ, ал қысы салыстырмалы түрде қысқа және жұмсақ болып келеді. Жазғы маусымда тәуліктік орташа температура +26 - +28°C аралығында, ең жоғарғы мәні +40°C-қа дейін көтерілуі мүмкін. Қысқы

кезеңде орташа температура –1…–3°C шамасында сақталады. Жылдық жауын-шашын мөлшері 250–350 мм, оның басым бөлігі көктем мен күзде түседі. Мұндай климат көңнің табиғи ылғалдылығы мен микробиологиялық белсенділігін, сондай-ақ биогумус өндірісінде жүретін биохимиялық процестердің жылдамдығын анықтайды.

Зерттеуге алынған шикізат – ірі қара малдың жаңа жиналған көңі – аймақтағы отбасылық мал шаруашылығы қожалығынан тікелей алынды. Мал рационындағы негізгі азық түрлері – жоңышқа (*Medicago sativa*), жүгері (*Zea mays*) сүрлемі, бидай (*Triticum aestivum*) сабаны және минералдық қоспалар. Бұл азық құрамындағы қоректік элементтер көңнің агрохимиялық құндылығына тікелей әсер етеді.

Көңнің бастапқы физика-химиялық сипаттамалары**:**

- Ылғалдылық – 72,4 ± 1,3%;
- pH – 7,2 ± 0,1;
- Жалпы азот (N) – 1,15 ± 0,04%;
- Жылжымалы фосфор (P_2O_5) – 0,72 ± 0,03%;
- Жылжымалы калий (K_2O) – 0,95 ± 0,02%;
- Органикалық заттар – 68,5 ± 1,5% құрғақ затқа шаққанда;
- Көміртек:Азот (C:N) қатынасы – шамамен 25:1, бұл вермикомпост процесіне қолайлы диапазон.

Микробиологиялық құрамына жүргізілген зерттеу нәтижелері көңнің санитарлық қауіптілігін растады: жаңа көңде *Escherichia coli* мөлшері $2{,}1\times10^6$ КТБ/г (КТБ/г – грамға шаққандағы колония түзуші бірлік) деңгейінде анықталды; *Salmonella spp.* сынамасы оң нәтиже берді; гельминт жұмыртқалары (*Ascaris spp., Trichuris spp*.) саны 15–20 дана/г құрады; ал жалпы аэробты және факультативті анаэробты микроорганизмдер саны $4{,}5\times10^7$ КТБ/г деңгейінде болды.

Көң биогумус өндірісі үшін тиімді шикізат болып табылады, себебі оның құрамында өсімдіктер үшін қолжетімді макроэлементтермен қатар (N, P, K), кальций, магний, темір және мырыш сияқты микроэлементтер де кездеседі. Сонымен қатар, органикалық фракциясының жоғары болуы оны жауынқұрттар (*Eisenia fetida*) арқылы өңдеуге қолайлы етеді.

Шикізатты жинау және сақтау шарттарына тоқталатын болсақ, көңді жинау процесі гигиеналық талаптарға сәйкес жүргізілді. Жинау үшін тот баспайтын болаттан жасалған күрек пен арнайы дөңгелекті арбалар пайдаланылды. Жиналған көң ластанудан және бөгде қоспалардан (тас, пластик, металл сынықтары) толық тазартылды. Әр партия бірден көлеңкелі, жауын-шашыннан қорғалған және табиғи желдеткіші бар ашық қоймаға жеткізілді.

Сақтау кезінде көңнің ылғалдылығы мен температурасы тұрақты бақылауда болды. Ылғалдылықтың 70%-дан төмен түсуіне жол берілмеді, себебі бұл микроорганизмдердің белсенділігін төмендетеді. Артық ылғалдануды болдырмау үшін төсеніш ретінде ағаш жаңқасы мен сабан қабаты қолданылды.

1-суретте Түркістан облысы, Сайрам ауданындағы қожалықтан жаңа жиналған, сабан және жоңышқа қалдықтары аралас, ашық қоңыр түсті көң үйінділері көрсетілген.



Сурет 1. Түркістан облысы, Сайрам ауданындағы қожалықтан жиналған жаңа көңнің сыртқы көрінісі

Зерттеу жұмысы 2024–2025 жж. аралығында Түркістан облысындағы жеке қожалық базасында жүргізілді. Жиналған ірі қара малдың жаңа көңі биогумус өндіруге дейін алдын ала химиялық өңдеуден өткізілді.

Көң жинау мал қорасынан тікелей тот баспайтын болаттан жасалған құралдармен жүргізілді. Шикізат арнайы көлеңкелі, жауын-шашыннан қорғалған қоймада 3 тәулік сақталды. Үлгілердің біртекті болуын қамтамасыз ету үшін көң механикалық ұсақтағышта (зернодробилка типті, айналу жылдамдығы 1500 айн/мин) ұсақталды.

Жаңа жиналған көңнің құрамында әртүрлі патогенді микроорганизмдер (*Escherichia coli, Salmonella spp., Clostridium perfringens*), гельминт жұмыртқалары, личинкалар және арамшөп тұқымдары сақталуы мүмкін, бұл биогумус сапасын төмендетіп қана қоймай, ауыл шаруашылығында қолдану кезінде санитарлық-эпидемиологиялық тұрғыдан қауіпті жағдай туғызады [18,19]. Осы себепті биогумус өндірісінің бастапқы сатысында шикізатты міндетті түрде химиялық өңдеуден өткізу қажет. Бұл зерттеуде негізгі дезинфекциялаушы реагент ретінде кальций гидроксиді (*$Ca(OH)_2$*, әк сүті) пайдаланылды. Оның басты артықшылықтары – қолжетімділігі, бағасының төмендігі, қоршаған ортаға қауіптілігінің аздығы, күшті сілтілік әсері арқылы патогендердің белсенділігін жою мүмкіндігі және органикалық заттармен әрекеттесіп, гумус түзуге қажетті минералдық қосылыстар түзу қабілеті [20].

Химиялық өңдеу алдында көң механикалық ұсақтаудан өткізіліп, реагенттің біркелкі таралуына жағдай жасалды. Үлгілердің ылғалдылығы 65–70% деңгейінде ұсталды, өйткені тым құрғақ ортада реакция баяулайды, ал тым ылғалды жағдайда реагент концентрациясы төмендейді [21]. Кальций гидроксиді алдын ала 10% сулы суспензия түрінде дайындалып, ерітінді температурасы 20±2°C шамасында сақталды. Шикізат массасына шаққанда $Ca(OH)_2$ мөлшері 50 г/кг (5% массалық үлес) деңгейінде енгізілді. $Ca(OH)_2$ суда еріген кезде гидроксид иондары (OH^-) бөлініп, ортаның pH-ын 11–12 деңгейіне көтереді:


$$Ca(OH)_2 \xrightarrow{H2O} Ca^{2+} + 2OH^-$$

Мұндай сілтілік ортада көптеген бактериялардың ферменттері денатурацияға ұшырап, гельминт жұмыртқаларының қабықшалары бұзылады [22]. Сонымен қатар кальций органикалық қышқылдармен әрекеттесіп, кальций тұздарын түзеді, бұл биогумустың минералдық құрамын байытады:

$$2R{-}COOH+Ca(OH)_2 \rightarrow (R{-}COO)_2Ca+2H_2O$$

Ерітінді мен көң қоспасы механикалық араластырғышпен 15 минут бойы араластырылып, жабық, бірақ ауа айналымы бар жағдайда 24 сағат ұсталды. Экспозиция аяқталған соң pH біртіндеп 7,5–8,0 деңгейіне жеткізілді, ол үшін бейтараптандыру мақсатында фосфатты тыңайтқыш ерітіндісі қосылды. Бұл процесс вермикультура (*Eisenia fetida*) үшін қолайлы ортаны қамтамасыз етті. Өңдеу барысындағы негізгі параметрлерге 65–70% ылғалдылық, 50 г/кг реагент мөлшері, бастапқы pH 11–12, экспозиция уақыты 24 сағат және соңғы pH 7,5–8,0 жатады, бұл толық дезинфекцияны және кейінгі биоконверсия процесінің тиімділігін қамтамасыз етті.

Түркістан облысыда жиналған жаңа ірі қара мал көңі және оны химиялық өңдеу барысында алынған барлық аралық үлгілердің физика-химиялық қасиеттері Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары (ҚР СТ), Мемлекеттік стандарттар (ГОСТ) және халықаралық стандарттар (ISO) талаптарына сәйкес кешенді түрде талданды. Биогумус шикізатын зертханалық физика-химиялық талдау сызбасы 2 суретте көрсетілген.



Сурет 2. Биогумус шикізатын зертханалық физика-химиялық талдау сызбасы

Алдын ала үлгілер ірі механикалық қоспалардан қолмен тазартылып, бөлшектердің біркелкілігін қамтамасыз ету үшін 2 мм тесікті електен өткізілді, бұл зерттеу нәтижелерінің қайталанғыштығын арттырады. Ылғалдылық мөлшері ГОСТ 26713-85 [23] бойынша термогравиметриялық әдіспен анықталды: 5,000±0,001 г дәлдікпен өлшенген үлгілер BINDER FD53 типті кептіргіш шкафта 105±2°C температурада тұрақты массаға жеткенше кептірілді, нәтижелер $W=m_1-m_2/m_1\times100\%$ формуласы бойынша есептелді, әдістің өлшеу дәлдігі ±0,5 %. pH және электр өткізгіштік ISO 10390:2005 [24] стандартына сәйкес су-экстракциялық әдіспен (1:10 қатынасында, дистилденген суда) анықталды, Hanna HI 2211 pH-метрі (дәлдігі ±0,01 pH бірлік) және HANNA HI 993310 EC-метрі (диапазоны 0–3999 µS/см) қолданылды, өлшеулер 20±2°C температурада жүргізілді. Жалпы азот мөлшері ГОСТ 26107-84 [25] бойынша Кьельдал әдісімен анықталып, минералдау кезеңінде катализатор ретінде K_2SO_4 және $CuSO_4$ (мас. қатынасы 9:1) қоспасы пайдаланылды, реакция күкірт қышқылының артық мөлшерінде жүргізілді, түзілген аммиак бор қышқылында абсорбцияланып, 0,1 н HCl

ерітіндісімен автоматты бюреткада титрленді. Жалпы фосфор (P_2O_5) мөлшері ГОСТ 26261-84 [26] талаптарына сәйкес молибден-көк комплексті фотоколориметриялық әдіспен анықталып, алдын ала минералдау HNO_3 және HCl (3:1) қоспасында жүргізілді, түс қарқындылығы SF-2000 спектрофотометрымен λ = 440 нм толқын ұзындығында өлшенді. Жалпы калий (K_2O) мөлшері ГОСТ 26205-91 [27] стандарты бойынша PFP7 Flame Photometer (Ұлыбритания) аспабында жалындық фотометрия әдісімен анықталды, калибрлеу 0, 5, 10, 20 және 50 мг/л K^+ концентрациялы стандартты KCl ерітінділерімен жүргізілді. Органикалық заттардың үлесі ГОСТ 26714-85 [28] бойынша муфель пешінде (Nabertherm L9/11/B410, Германия) 550°C температурада 4 сағат бойы толық жандыру арқылы анықталды, айырма арқылы күлділігі есептелді. Микробиологиялық көрсеткіштер ҚР ДСМ №209 бұйрығы [29] негізінде зерттелді: жалпы колиформалар саны (КТБ/г), *Escherichia coli* және *Salmonella spp.* бар-жоғы ет-пептонды агарда егу және 37±1°C температурада 24–48 сағат инкубациялау арқылы есептелді; нәтиже колония түзуші бірліктер (КТБ/г) түрінде берілді. Гельминт жұмыртқалары ГОСТ 25311-82 [30] бойынша флотациялық әдіспен анықталды: $NaNO_3$ ерітіндісінің тығыздығы ρ = 1,30 г/см³, центрифугалау жылдамдығы 1500 айн/мин, экспозиция уақыты 10 мин, микроскоптау Motic BA310 зертханалық микроскопымен 40× үлкейту режимінде жүргізілді. Барлық өлшеулер үш рет қайталанып, нәтижелердің орташа арифметикалық мәндері ±стандарттық ауытқуымен берілді, деректерді өңдеу үшін Microsoft Excel 2021 және OriginPro 2023 бағдарламалары қолданылды.

$$W = \frac{m_1 - m_2}{m_1} \times 100\% \quad (1)$$

1. Кьельдал әдісінде азотты анықтау:

$$(NH_2)_2CO + H_2SO_4 \xrightarrow{\text{катализатор+t}} (NH_4)_2SO_4 + CO_2$$

$$(NH_4)_2SO_4 + 2NaOH \rightarrow 2NH_3\uparrow + Na_2SO_4 + 2H_2O$$

$$NH_3 + H_3BO_3 \rightarrow NH_4^+ + B(OH)_4^-$$

Титрлеу кезінде:

$$B(OH)_4^- + HCl \rightarrow B(OH)_3 + Cl^- + H_2O$$

2. Молибден-көк әдісімен фосфорды анықтау:

$$PO_4^{3-} + 12MoO_4^{2-} + 27H^+ \rightarrow [PMo_{12}O_{40}]^{3-} + 12H_2O$$

Қалпына келтіру (аскорбин қышқылы):

$$[PMo_{12}O_{40}]^{3-} + Red \rightarrow \text{Көк комплексті қосылыс}$$

Жалындық фотометрияда калийді анықтау:

$$K+ \xrightarrow{\text{жалыны}} K^* \xrightarrow{\text{релаксация}} h\nu \ (\lambda = 766{,}5 \text{ нм})$$

pH және электр өткізгіштік – су-экстракциялық әдіспен (1:10, массалық қатынас) өлшенді. pH Hanna HI 2211 pH-метрімен, электр өткізгіштік HANNA HI 993310 EC-метрімен анықталды (ISO 10390:2005) [24].

Жалпы азот – Кьельдал әдісімен (ГОСТ 26107-84) [25]. Минералдау күкірт қышқылында жүргізілді, катализатор ретінде K_2SO_4 + $CuSO_4$ қоспасы қолданылды, түзілген аммиак бор қышқылына абсорбцияланып, 0,1 н HCl ерітіндісімен титрленді.

Жалпы фосфор (P_2O_5) – молибден-көк комплексті фотоколориметриялық әдіспен (λ = 440 нм, SF-2000 спектрофотометры) анықталды, алдын ала минералдау HNO_3 + HCl (3:1) қоспасында жүргізілді (ГОСТ 26261-84) [26].

Жалпы калий (K_2O) – жалындық фотометрия әдісімен, PFP7 Flame Photometer (UK) аспабында, стандартты KCl ерітінділерімен калибрленіп өлшенді (ГОСТ 26205-91) [27].

Органикалық заттардың мөлшері – муфель пешінде 550 °C температурада күйдіру арқылы анықталды, айырма арқылы күлділігі есептелді (ГОСТ 26714-85) [28].

Микробиологиялық көрсеткіштер – жалпы коли-формалар саны (КТБ/г), *Escherichia coli* және *Salmonella spp.* бар-жоғы ҚР ДСМ №209 бұйрығына сәйкес анықталды [29]. КОЕ мәндері қоректік агарда егу және 37 °C температурада 24–48 сағат инкубациялау арқылы есептелді.

Гельминт жұмыртқалары – ГОСТ 25311-82 бойынша флотациялық әдіспен ($NaNO_3$ ерітіндісі, ρ = 1,3 г/см³) анықталды [30].

Микробиологиялық талдау әдістері (кесте 2) бойынша биогумус шикізатының микробиологиялық көрсеткіштерін анықтау үшін зерттеу үлгілері Түркістан облысы, Сайрам ауданындағы қожалықтардан жиналып, 4°C температурада стерильді контейнерлерде зертханаға жеткізілді. Талдау жұмыстары ҚР ДСМ №209 «Өнімдердің микробиологиялық қауіпсіздігіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (2021) және ISO 7218:2007 «Microbiology of food and animal feeding stuffs – General requirements and guidance for microbiological examinations» халықаралық стандартына сәйкес жүргізілді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – биогумус шикізатындағы жалпы микробтық санды (КТБ/г), санитарлық-індеттік маңызы бар бактерияларды (*E. coli, Salmonella spp., Enterococcus spp*.) және патогенді емес, бірақ биологиялық белсенді топтарды (*Azotobacter, Actinobacteria*) анықтау.

Талдау кезеңдері:

1. Суспензия дайындау – 10 г көң 90 мл стерильді физиологиялық ерітіндіге (0,85 % NaCl) қосылып, гомогенизаторда 3 минут өңделді.

2. Серіктік егу – ЕПА (ет-пептонды агар), Эндо, Сабуро, Мак-Конки, КАА (картофельді агар) орталарында егу жүргізілді.

3. Инкубация – 37 °C (бактериялар үшін) және 28°C (саңырауқұлақтар мен актиномицеттер үшін) температурада 24–72 сағат ұстау.

4. Колония санау – Петри табақшаларындағы өскен колониялар саналып, КТБ/г түрінде есептелді:

$$\text{КТБ/г} = \frac{\text{ортадағы колония саны} \times \text{сұйылту коэффициенті}}{\text{салмақ (г)}} \quad (2)$$


Идентификация – Грам әдісімен бояу, оксидаза және каталаза сынақтары, биохимиялық идентификация (API test strips).

Кесте 2

Микробиологиялық талдау әдістері мен нәтижелерді тіркеу форматы

№	Мақсатты микроорганизм	Қоректік орта	Инкубация шарттары	Нәтиже көрсеткіші	Норматив (КТБ/г)
1	Жалпы микробтық сан (ЖМС)	ЕПА	37°C, 48 сағ	КТБ/г	≤ 1×10⁶
2	*E. coli*	Эндо	37°C, 24 сағ	КТБ/г	0
3	*Salmonella spp.*	Раппопорт агар	37°C, 48 сағ	Болуы/болмауы	Болмауы тиіс
4	*Enterococcus spp.*	КАА	37°C, 24 сағ	КТБ/г	≤ 1×10²
5	*Azotobacter*	Ашби агар	28°C, 72 сағ	КТБ/г	-
6	*Actinobacteria*	Сабуро агар	28°C, 72 сағ	КТБ/г	-


3-суретте бастапқы шикізаттан (жаңа көң) сынама алу, сынаманы стерильді ыдысқа салу және зертханаға жеткізу кезеңдері көрсетілген. Әрі қарай зертханалық жағдайда микроорганизмдерді бөліп алу үшін стандартталған қоректік орталарға (Эндо, Сабуро, МПА) егу әдісі жүргізіледі. Инкубациядан кейін колониялар саналады, морфологиялық және биохимиялық сәйкестендіру әдістері қолданылады. Қорытындысында патогенді микроорганизмдердің (*Escherichia coli, Salmonella spp*.), жалпы аэробты және факультативті анаэробты бактериялар саны, сондай-ақ гельминт жұмыртқаларының болуы анықталады.



Сурет 3. Биогумус шикізатының микробиологиялық талдау сызбасы


Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Көңнің химиялық өңдеуден кейінгі pH өзгерісі оның құрамындағы органикалық және минералдық заттардың трансформациясына тікелей байланысты. Бастапқы кезеңде көң құрамындағы аммонийлі қосылыстардың ыдырауы және сілтілік реагенттердің әсері нәтижесінде pH мәні жоғарылауы мүмкін, бұл ортада аммиак бөлінуімен түсіндіріледі. Ал қышқылдық реагенттер қолданылған жағдайда керісінше pH төмендеп, қышқыл орта қалыптасады. Өңдеу процесінің келесі сатыларында органикалық заттардың биодеградациясы, карбонаттардың еруі, ұшпа қышқылдардың түзілуі және оларды

микроорганизмдердің тұтынуы pH мәнінің біртіндеп өзгеруіне әкеледі. Уақыт өте келе бұл өзгерістер бәсеңдеп, pH белгілі бір тұрақты мәнге жетеді, бұл жүйеде химиялық және микробиологиялық тепе-теңдік орнағанын білдіреді. Мұндай тұрақтану биогумус түзілуінің аяқталуына және оның топыраққа енгізілгенде тұрақты агрохимиялық әсер беруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар pH динамикасын бақылау өңдеу процесінің тиімділігін бағалауда және өнім сапасын тұрақты деңгейде қамтамасыз етуде маңызды көрсеткіш болып саналады. Көңнің химиялық өңдеуден кейінгі pH өзгерісі төмендегі 4 суретте келтірілген.



Сурет 4. Көңнің химиялық өңдеуден кейінгі pH өзгерісі

Төмендегі 5 суретте келтірілген график биогумус өндірісіндегі микробиологиялық қауіпсіздіктің қалыптасу динамикасын нақты бейнелейді және әрбір технологиялық кезеңнің микробтық ластануды азайтудағы үлесін сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Бастапқыда, жаңа көңде микроб саны 4.5×1064.5 \times 10^64.5×106 КТБ/г шамасында болады, бұл көңнің табиғи органикалық құрылымы мен құрамында азотты және көміртекті қосылыстардың, сондай-ақ ылғалдың жеткілікті мөлшерінің болуына байланысты микроорганизмдердің, соның ішінде шартты-патогенді және патогенді түрлердің белсенді көбеюіне қолайлы орта қалыптасқанын көрсетеді [31].



Сурет 5. Биогумус шикізатындағы микробтық санның өзгерісі

Химиялық өңдеу кезеңінде микробтық сан 1.2×1061.2 \times 10^61.2×106 КТБ/г-ға дейін төмендейді, бұл қолданылған реагенттердің

(мысалы, сілтілі ерітінділердің немесе әк сүтінің) микробтық жасуша қабырғалары мен мембраналарын бұзып, олардың тіршілік ету қабілетін жою әсерінің нәтижесі болып табылады [32]. Бұл кезеңде әсіресе сальмонелла, ішек таяқшалары сияқты қауіпті бактериялардың саны айтарлықтай азаяды, бірақ толық жойылмайды, сондықтан қосымша өңдеу кезеңдері қажет. Компосттану кезеңінде микроб саны 3.5×1043.5 \times 10^43.5×104 КТБ/г-ға дейін күрт азаяды, бұл кезде органикалық қалдықтар аэробты микроорганизмдер әсерінен қарқынды ыдырап, биотермиялық процесс нәтижесінде температура 55–65°C аралығында тұрақтанады, мұндай жоғары температура патогендердің көпшілігін, соның ішінде спор түзбейтін түрлерін жояды [33]. Дайын биогумус сатысында микроб саны 1.0×1031.0 \times 10^31.0×103 КТБ/г-ға дейін төмендейді, бұл санитарлық-гигиеналық нормативтерге толық сәйкес келеді және өнімнің ауылшаруашылығында тыңайтқыш ретінде қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етеді [34]. Жалпы алғанда, графиктің логарифмдік масштабта көрсетілуі микроб санының экспоненциалды түрде төмендеуін айқын көруге мүмкіндік береді және биогумус өндірісінің технологиялық тізбегі – бастапқы шикізаттағы микробтық жүктемені қауіпсіз деңгейге дейін азайтуда жоғары тиімділікке ие екендігін дәлелдейді. Мұндай жүйелі төмендеу шикізаттың химиялық дезинфекциясы мен компосттануының, сондай-ақ соңғы жетілдіру кезеңдерінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін ғылыми негізделген технологиялық режимдердің қолданылуының нәтижесі болып табылады [35].

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Түркістан облысында ірі қара мал көңін химиялық өңдеу арқылы биогумус өндірудің тиімділігін дәлелдеді. Кальций гидроксидінің 10% сулы суспензиясын 5% массалық үлеспен енгізу нәтижесінде көң ортасының pH мәні 11–12 деңгейіне дейін көтеріліп, патогенді микроорганизмдер (*Escherichia coli*, *Salmonella spp*.), гельминт жұмыртқалары мен жағымсыз иіс көздері толықтай дерлік жойылды. Алдын ала химиялық дезинфекциядан кейінгі компосттау процесі микробиологиялық жүктемені айтарлықтай төмендетіп, дайын өнімнің санитарлық-гигиеналық көрсеткіштерін нормативтерге сай деңгейге жеткізді. Сонымен қатар, химиялық өңдеу шикізаттың минералдық құрамын байытып, қоректік элементтер (азот, фосфор, калий) мөлшерін 10–25%-ға арттырды. Бұл әдіс өндіріс мерзімін қысқартып қана қоймай, экологиялық қауіпсіз, минералдарға бай, жоғары сапалы органикалық тыңайтқыш алуға мүмкіндік береді. Ұсынылған технология ауыл шаруашылығында биогумус өндірудің тиімді және санитарлық тұрғыдан қауіпсіз шешімі ретінде кеңінен қолданылуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. World fertilizer trends and outlook to 2022. – Rome: FAO, 2019. – 160 p.
2. Tilman D. Cassman K.G., Matson P.A., Naylor R., Polasky S. Agricultural sustainability and intensive production practices // Nature. – 2002. – Vol. 418, No. 6901. – P. 671-677.
3. Edwards, C.A., Arancon, N.Q., Sherman, R. Vermiculture Technology: Earthworms, Organic Wastes, and Environmental Management. – Boca Raton : CRC Press, 2010. – 500 p.
4. Domínguez, J. Edwards, C.A. Relationships between composting and vermicomposting // Earthworm Ecology / C.A. Edwards (Ed.). – Boca Raton: CRC Press, 2004. – P. 367-381.

5. Atiyeh R.M. et al.The influence of humic acids derived from earthworm-processed organic wastes on plant growth // Bioresource Technology. – 2002. – Vol. 84, No. 1. – P. 7-14.
6. Lazcano C., Domínguez J. The use of vermicompost in sustainable agriculture: impact on plant growth and soil fertility // Soil Nutrients. – 2011. – Vol. 10, No. 1. – P. 1-23.
7. Arancon N.Q. et al.Effects of vermicomposts produced from food waste on the growth and yields of greenhouse peppers // Bioresource Technology. – 2005. – Vol. 93, No. 2. – P. 139-144.
8. Sharma S., Pradhan K., Satya S., Vasudevan P. Potentiality of earthworms for waste management and in other uses – a review // Journal of American Science. – 2005. – Vol. 1, No. 1. – P. 4-16.
9. Қазақстан Республикасының агрохимия бойынша ұлттық стандарттары [Мәтін]. – Астана, 2018. – 86 б.
10. Orozco F.H. et al.Vermicomposting of coffee pulp using the earthworm Eisenia fetida: effects on C and N contents and the availability of nutrients // Biology and Fertility of Soils. – 1996. – Vol. 22, No. 3. – P. 162-166.
11. Westerman P.W., Bicudo J.R. Management considerations for organic waste use in agriculture // Bioresource Technology. – 2005. – Vol. 96, No. 2. – P. 215-221.
12. Bernal M.P., Alburquerque J.A., Moral R. Composting of animal manures and chemical criteria for compost maturity assessment. A review // Bioresource Technology. – 2009. – Vol. 100, No. 22. – P. 5444-5453.
13. Mkhabela M.S., Warman P.R. The influence of municipal solid waste compost on yield, soil phosphorus availability and uptake by two vegetable crops grown in a Pugwash sandy loam soil in Nova Scotia // Agriculture, Ecosystems & Environment. – 2005. – Vol. 106, No. 1. – P. 57-67.
14. Lemunyon J.L., Gilbert R.G. The concept and need for a phosphorus assessment tool // Journal of Production Agriculture. – 1993. – Vol. 6, No. 4. – P. 483-486.
15. Hsu J.H., Lo S.L. Chemical stabilization of pig sludge with alkaline materials // Bioresource Technology. – 2001. – Vol. 76, No. 2. – P. 143-149.
16. Bhat S.A., Singh J., Vig A.P. Vermiremediation of dyeing sludge from textile mill with the help of earthworm Eisenia fetida // International Journal of Environmental Science and Technology. – 2013. – Vol. 10, No. 3. – P. 605-614.
17. Suthar, S. Vermistabilization of municipal sludge by Eisenia fetida: Seasonal variation in earthworm growth and activity // Environmental Technology. – 2008. – Vol. 29, No. 2. – P. 245-252.
18. Aira M., Monroy F., Domínguez J. Changes in microbial biomass and microbial activity of pig slurry after the transit through the gut of the earthworm Eisenia fetida // Applied Soil Ecology. – 2007. – Vol. 36, No. 2-3. – P. 183-189.
19. Кенжетаев, А.Ш. Органикалық тыңайтқыштардың микробиологиялық қауіпсіздігі [Мәтін] / А.Ш. Кенжетаев, С.Ж. Оспанов. – Алматы: ҚазҰАУ баспасы, 2020. – 152 б.
20. Guidelines on Sanitation and Health. – Geneva: World Health Organization, 2018. – 227 p.
21. Vinnerås B., Jönsson H. The potential of faecal treatment processes for sanitizing and recycling nutrients in urine and faeces // Bioresource Technology. – 2002. – Vol. 84, No. 2. – P. 189-194.
22. Родионова, И.А. Гигиеническая оценка применения извести в обработке навоза [Текст] / И.А. Родионова, Е.Н. Соколова // Ветеринария. – 2016. – № 7. – С. 45-48.
23. The microbiological safety and quality of food: Microbial ecology of food commodities / B. Lund, P. McClure, D. Brown. – Cham : Springer, 2020. – 672 p.
24. ГОСТ 26713–85. Органические удобрения. Методы определения влажности [Текст]. – Введ. 01.07.1985. – Москва: Министерство сельского хозяйства СССР, 1986. – 5 с.
25. ISO 10390:2005. Soil quality — Determination of pH.

26. ГОСТ 26107–84. Почвы. Методы определения общего азота [Текст]. – Введ. 01.01.1985. – Москва: Министерство сельского хозяйства СССР, 1985. – 8 с.
27. ГОСТ 26261–84. Почвы. Методы определения подвижных соединений фосфора и калия [Текст]. – Введ. 01.07.1985. – Москва: Министерство сельского хозяйства СССР, 1984. – 11 с.
28. ГОСТ 26205–91. Почвы. Определение подвижных соединений калия [Текст]. – Введ. 01.07.1993. – Москва: Госстандарт России, 1991. – 8 с.
29. ГОСТ 26714–85. Органические удобрения. Методы определения зольности [Текст]. – Введ. 01.01.1987. – Москва: Издательство стандартов, 1986. – 2 с.
30. ҚР ДСМ №209 бұйрығы, 06.04.2011 ж. Топырақтың санитариялық-гигиеналық көрсеткіштерін анықтау әдістемесі [Мәтін].
31. ГОСТ 25311–82. Почвы. Методы обнаружения яиц гельминтов [Текст]. – Введ. 01.07.1983. – Москва: ИПК Издательство стандартов, 2002. – 7 с.
32. Хусаинов, Б.К. Органикалық тыңайтқыштарды дайындау технологиялары [Мәтін] / Б.К. Хусаинов, Г.Е. Жұмабекова. – Алматы : Қазақ университеті, 2020. – 156 б.
33. Standard Methods for the Examination of Water and Wastewater / APHA (American Public Health Association). – 23rd ed. – Washington, DC : APHA, 2017. – 1504 p.
34. Bernal M.P., Alburquerque J.A., Moral R. Composting of animal manures and chemical criteria for compost maturity assessment. A review // Bioresource Technology. – 2019. – Vol. 100, No. 22. – P. 5444-5453.
35. ҚР АШМ. Органикалық тыңайтқыштарға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар [Мәтін]. – Астана, 2019. – 40 б.

Зерттеу жұмыстары ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған AP27511917 «Органикалық қалдықтардырды қайта өңдеу арқылы биогумус өндіру және топырақтың құнарлығын арттырып, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін дамыту» жоба аясында орындалды.

Материал редакцияға 04.09.25 түсті, 19.11.25 қабылданды.

Ж.М. Алтыбаев[1], Б.Т. Омаров[1], Н.Х. Умирзахова[1], Б.Н. Тәжбенова[1], М.М. Ескермесова[1], Г.Е. Калымбетов[1]

[1]Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

ЭКОЛОГИЧЕСКИ БЕЗОПАСНАЯ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПЕРЕРАБОТКИ ОРГАНИЧЕСКИХ ОТХОДОВ

Аннотация. В данной научно-исследовательской работе изучена технология подготовки свежего навоза крупного рогатого скота для производства биогумуса методом химической обработки в Туркестанской области. Целью исследования являлось улучшение агрохимических и микробиологических показателей качества сырья при обеспечении его санитарной безопасности. Определены физико-химические (влажность – 72,4%, pH – 7,2, общий N – 1,15%, P_2O_5 – 0,72%, K_2O – 0,95%, органическое вещество – 68,5%, C:N ≈ 25:1) и микробиологический состав сырого навоза (кишечная палочка – $2{,}1\times10^6$ КОЕ/г, сальмонелла spp. положительно, яйца гельминтов – 15-20 шт/г). Для предварительной обработки использовали 10%-ную водную суспензию гидроксида кальция ($Ca(OH)_2$) с массовой долей 5%. В процессе обработки pH среды повышался до 11–12, а количество патогенных микроорганизмов существенно снижалось. В период компостирования после химического обеззараживания численность микробов снижалась в геометрической прогрессии, достигнув в готовом биогумусе $1{,}0\times10^3$ КОЕ/г, что соответствует

санитарно-гигиеническим нормативам. Результаты исследования показали, что химическая обработка навоза сокращает сроки получения биогумуса и увеличивает содержание питательных веществ (N, P, K) на 10–25%. Данная технология позволяет производить экологически безопасные, богатые минералами органические удобрения в сельском хозяйстве.

Ключевые слова: биогумус, органические отходы, химическая обработка, гидроксид кальция, микробиологический анализ, экологическая безопасность, вермикомпост, плодородие почвы.

Zh.M. Altybaev[1], B.T. Omarov[1], N.Kh. Umirzahova[1], B.N. Tazhbenova[1], M.M. Eskermesova[1], G.E. Kalymbetov

[1]M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

ENVIRONMENTALLY FRIENDLY EXPERIMENTAL TECHNOLOGY FOR ORGANIC WASTE PROCESSING

Abstract. This research work studies the technology of preparing fresh cattle manure for the production of vermicompost by chemical treatment in the Turkestan region. The aim of the study was to improve the agrochemical and microbiological quality indicators of raw materials while ensuring their sanitary safety. The physicochemical (humidity – 72.4%, pH – 7.2, total N – 1.15%, P_2O_5 – 0.72%, K_2O – 0.95%, organic matter – 68.5%, C:N ≈ 25:1) and microbiological composition of raw manure (*E. coli* – 2.1×10^6 CFU/g, *Salmonella spp.* positive, helminth eggs - 15-20 pcs/g) were determined. For preliminary treatment, a 10% aqueous suspension of calcium hydroxide ($Ca(OH)_2$) with a mass fraction of 5% was used. During the treatment, the pH of the medium increased to 11–12, and the number of pathogenic microorganisms decreased significantly. During the composting period after chemical disinfection, the number of microbes decreased exponentially, reaching 1.0×10^3 CFU/g in the finished vermicompost, which meets sanitary and hygienic standards. The results of the study showed that chemical treatment of manure reduces the time of vermicompost production and increases the content of nutrients (N, P, K) by 10–25%. This technology allows producing environmentally friendly, mineral-rich organic fertilizers in agriculture.

Keywords: vermicompost, organic waste, chemical treatment, calcium hydroxide, microbiological analysis, environmental safety, vermicompost, soil fertility.

References

1. World fertilizer trends and outlook to 2022. – Rome: FAO, 2019. – 160 p.
2. Tilman D. Cassman K.G., Matson P.A., Naylor R., Polasky S. Agricultural sustainability and intensive production practices // Nature. – 2002. – Vol. 418, No. 6901. – P. 671-677.
3. Edwards, C.A., Arancon, N.Q., Sherman, R. Vermiculture Technology: Earthworms, Organic Wastes, and Environmental Management. – Boca Raton : CRC Press, 2010. – 500 p.
4. Domínguez, J. Edwards, C.A. Relationships between composting and vermicomposting // Earthworm Ecology / C.A. Edwards (Ed.). – Boca Raton: CRC Press, 2004. – P. 367-381.
5. Atiyeh R.M. et al.The influence of humic acids derived from earthworm-processed organic wastes on plant growth // Bioresource Technology. – 2002. – Vol. 84, No. 1. – P. 7-14.
6. Lazcano C., Domínguez J. The use of vermicompost in sustainable agriculture: impact on plant growth and soil fertility // Soil Nutrients. – 2011. – Vol. 10, No. 1. – P. 1-23.

7. Arancon N.Q. et al.Effects of vermicomposts produced from food waste on the growth and yields of greenhouse peppers // Bioresource Technology. – 2005. – Vol. 93, No. 2. – P. 139-144.
8. Sharma S., Pradhan K., Satya S., Vasudevan P. Potentiality of earthworms for waste management and in other uses – a review // Journal of American Science. – 2005. – Vol. 1, No. 1. – P. 4-16.
9. Qazaqstan Respublikasynyng agrokhimiyya boĭynsha ūlttyq standarttary [National standards of the Republic of Kazakhstan on agrochemistry]. – Astana, 2018. – 86 p. [in Kazakh].
10. Orozco F.H. et al.Vermicomposting of coffee pulp using the earthworm Eisenia fetida: effects on C and N contents and the availability of nutrients // Biology and Fertility of Soils. – 1996. – Vol. 22, No. 3. – P. 162-166.
11. Westerman P.W., Bicudo J.R. Management considerations for organic waste use in agriculture // Bioresource Technology. – 2005. – Vol. 96, No. 2. – P. 215-221.
12. Bernal M.P., Alburquerque J.A., Moral R. Composting of animal manures and chemical criteria for compost maturity assessment. A review // Bioresource Technology. – 2009. – Vol. 100, No. 22. – P. 5444-5453.
13. Mkhabela M.S., Warman P.R. The influence of municipal solid waste compost on yield, soil phosphorus availability and uptake by two vegetable crops grown in a Pugwash sandy loam soil in Nova Scotia // Agriculture, Ecosystems & Environment. – 2005. – Vol. 106, No. 1. – P. 57-67.
14. Lemunyon J.L., Gilbert R.G. The concept and need for a phosphorus assessment tool // Journal of Production Agriculture. – 1993. – Vol. 6, No. 4. – P. 483-486.
15. Hsu J.H., Lo S.L. Chemical stabilization of pig sludge with alkaline materials // Bioresource Technology. – 2001. – Vol. 76, No. 2. – P. 143-149.
16. Bhat S.A., Singh J., Vig A.P. Vermiremediation of dyeing sludge from textile mill with the help of earthworm Eisenia fetida // International Journal of Environmental Science and Technology. – 2013. – Vol. 10, No. 3. – P. 605-614.
17. Suthar, S. Vermistabilization of municipal sludge by Eisenia fetida: Seasonal variation in earthworm growth and activity // Environmental Technology. – 2008. – Vol. 29, No. 2. – P. 245-252.
18. Aira M., Monroy F., Domínguez J. Changes in microbial biomass and microbial activity of pig slurry after the transit through the gut of the earthworm Eisenia fetida // Applied Soil Ecology. – 2007. – Vol. 36, No. 2-3. – P. 183-189.
19. Kenzhetayev, A.Sh., Ospanov, S.Zh. Organikalyq tynghaĭtqyghtardyng mikrobiologiyalyq qaūipsizdigi [Microbiological safety of organic fertilizers]. – Almaty: KazNAU Publishing House, 2020. – 152 p. [in Kazakh].
20. Guidelines on Sanitation and Health. – Geneva: World Health Organization, 2018. – 227 p.
21. Vinnerås B., Jönsson H. The potential of faecal treatment processes for sanitizing and recycling nutrients in urine and faeces // Bioresource Technology. – 2002. – Vol. 84, No. 2. – P. 189-194.
22. Rodionova I.A., Sokolova E.N. Gigienicheskaya otsenka primeneniya izvesti v obrabotke navoza [Hygienic assessment of lime application in manure treatment] // Veterinariya [Veterinary Medicine]. – 2016. – No. 7. – P. 45-48. [in Russian].
23. The microbiological safety and quality of food: Microbial ecology of food commodities / B. Lund, P. McClure, D. Brown. – Cham : Springer, 2020. – 672 p.
24. GOST 26713–85. Organicheskie udobreniya. Metody opredeleniya vlazhnosti. – [Organic fertilizers Method for determination of moisture and dry residue]. – Introduced 01.07.1985. – Moscow: Ministry of Agriculture of the USSR, 1986. – 5 p. [in Russian].
25. ISO 10390:2005. Soil quality — Determination of pH.

26. GOST 26107–84. Pochvy. Metody opredeleniya obshchego azota [Soils. Methods for determination of total nitrogen]. – Introduced 01.01.1985. – Moscow: Ministry of Agriculture of the USSR, 1985. – 8 p. [in Russian].
27. GOST 26261–84. Pochvy. Metody opredeleniya podvizhnykh soedineniĭ fosfora i kaliya [Soils. Methods for determination of total phosphorus and total potassium]. – Introduced 01.07.1985. – Moscow: Ministry of Agriculture of the USSR, 1984. – 11 p. [in Russian].
28. GOST 26205–91. Pochvy. Opredelenie podvizhnykh soedineniĭ kaliya [Soils. Determination of mobile compounds of phosphorus and potassium by Machigin method modified by CINAO]. – Introduced 01.07.1993. – Moscow: Gosstandart of Russia, 1991. – 8 p. [in Russian].
29. GOST 26714–85. Organicheskie udobreniya. Metody opredeleniya zol'nosti [Organic fertilizers. Method for determination of ash content]. – Introduced 01.01.1987. – Moscow: Izdatelstvo Standartov, 1986. – 2 p. [in Russian].
30. Order of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan No. 209, dated 06.04.2011. Topyraqtyng sanitariyalyq-gigienalyq kórsetkishterin anyqtau ádistemesi [Methodology for determining the sanitary and hygienic indicators of soil]. [in Kazakh].
31. GOST 25311–82. Pochvy. Metody obnaruzheniya yaits gel'mintov [Feeding flour of animal origin. Methods for bacteriological analysis]. – Introduced 01.07.1983. – Moscow: IPK Izdatelstvo Standartov, 2002. – 7 p. [in Russian].
32. Khusainov, B.K., Zhumabekova, G.E. Organikalyq tynghaĭtqyghtardy daĭyndaū tekhnologiyalasy [Technologies for the preparation of organic fertilizers]. – Almaty: Kazakh University, 2020. – 156 p. [in Kazakh].
33. Standard Methods for the Examination of Water and Wastewater / APHA (American Public Health Association). – 23rd ed. – Washington, DC : APHA, 2017. – 1504 p.
34. Bernal M.P., Alburquerque J.A., Moral R. Composting of animal manures and chemical criteria for compost maturity assessment. A review // Bioresource Technology. – 2019. – Vol. 100, No. 22. – P. 5444-5453.
35. Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. Organikalyq tynghaĭtqyghtargha qoĭylatyn sanitarlyq-gigienalyq talaptar [Sanitary and hygienic requirements for organic fertilizers]. – Astana, 2019. – 40 p. [in Kazakh].

ҒТАМР 61.59.29

Г.А. Сулейменова[1] – *негізгі автор*, ©
Е.Ж. Усипбекова[2], А. Даулетбай[3], А.Т. Қонаров[4], Г.А. Сейлханова[5]

[1]Докторант, [2]PhD, доцент м.а., [3]PhD, аға ғылыми қызметкер, [4]PhD, қауымдас. профессор, [5]Хим. ғылым. д-ры, профессор

ORCID *[1]https://orcid.org/0000-0002-2338-8453 [2]https://orcid.org/0000-0001-8367-1800 [3]https://orcid.org/0000-0003-0157-1449 [4]https://orcid.org/0000-0001-9352-8602 [5]https://orcid.org/0000-0002-9939-8316*

[1,2,5]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан [3,4]Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

@ *[2]enlik.ussipbekova@gmail.com*

https://doi.org/10.55956/KNWC2804

ЛИТИЙ-ИОНДЫ АККУМУЛЯТОРЛАР СЕПАРАТОРЛАРЫ: ҒЫЛЫМИ ШОЛУ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ БАҒЫТТАР

Аңдатпа. Литий ионды батареялардың негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын сепаратордың маңызды рөлі – батареялардың қауіпсіздігі мен электрохимиялық қасиеттерін қамтамасыз ету. Өйткені, сепаратор катод пен анод арасындағы қысқа тұйықталудың алдын алып, иондардың ағынын қамтамассыз ететін жұқа, кеуекті мамбрана. Батарея жұмысы кезінде электрохимиялық реакцияларға қатыспаса да батареялардың қауіпсіздігі мен электрохимиялық қасиеттеріне тікелей әсер етеді. Осы себепті сепараторға қойылатын талаптар өте жоғары және оны қанағаттандыру өзекті. Соңғы онжылдықта әлем ғалымдары сепараторды әзірлеу мәселесіне ерекше назар аударғанымен, оның даму тарихы 1970 жылдардан басталады. Бұл әдеби шолуда әлемдік ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, сепаратор дайындаудың ғылыми кезеңдері, оның даму тарихы, негізі талаптары мен көрсеткіштері және сепаратордың негізгі түрлері талданады. Осы шолу мақалада сондай-ақ нақты сандық талдаулар жүргізіліп, көпфункционалды сепараторлар әзірлеу үшін маңызды көрсеткіштер мен өлшемдер қарастырылады.

Тірек сөздер: литий-иондық аккумулятор, сепаратор, талаптар, электрохимия, электрохимиялық көрсеткіштер, композитті материалдар.

Сулейменова, Г.А. Литий-ионды аккумуляторлар сепараторлары: ғылыми шолу және болашақ бағыттар [Мәтін] / Г.А. Сулейменова, Е.Ж. Усипбекова, А. Даулетбай, А.Т. Қонаров, Г.А. Сейлханова // Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2025. – №4(90). – Б.359-380. https://doi.org/10.55956/KNWC2804

Кіріспе. Литий-ионды аккумуляторлар (ЛИА) жоғары энергетикалық тығыздығы, беріктігі және жылдам зарядтау қабілеті арқасында қазіргі өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар смартфондардан бастап электромобильдерге дейінгі көптеген құрылғыларда қолданылады. Айтарлықтай артықшылықтарға қарамастан, литий-ионды батареялар қауіпсіздігі, жұмыс тұрақтылығы және зарядты тасымалдау тиімділігіне қатысты бірқатар мәселелерге

ие. Батареялардың өнімділігі мен қауіпсіздігіне әсер ететін негізгі компоненттердің бірі-сепараторлар. Сепараторлар катод пен анод арасындағы тікелей физикалық байланыстың алдын алуда және иондардың өткізгіштігін қамтамасыз етуде, қысқа тұйықталуды болдырмауда, маңызды рөл атқарады [1]. Литий-ионды аккумуляторларға арналған мембраналық сепараторлардың негізгі сипаттамалары, сепаратордың алғашқы түрлері, даму тарихы, сепараторға қойылатын негізгі талаптар, қазіргі уақыттағы оның заманауи түрлері және келешекте оны жетілдіруге арналған бағыттар жайлы шолу жоғарғы энергия жүйелері (немесе баламалы ток көздері) үшін маңызды ақпараттар береді.

Ғылыми зерттеулерге шолу және талдау. *Сепараторлардың даму тарихы*. Литий-ионды батарея сепараторларының даму тарихы батарея технологиясы эволюциясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, себебі сепараторлар батареялардың қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Батареяларға арналған алғашқы сепараторлар ағаштан жасалған болатын. Алайда, мұндай материал электролитпен жасақанда тез бұзылған. Кейін сепараторларды өндіру үшін целлюлоза, шыны талшық, полиуретан және резеңке сияқты материалдар қолданылды. Соңғы уақытта никельден жасалған батареяларда кеуекті целлофаннан, нейлоннан немесе поллиолефин қабыршақтарынан жасалған сепараторлар, қорғасын-қышқылды батареяларда күкірт қышқылына батырылған шыны талшықтан жасалған сепараторлар, ал литий-ионды батареяларда полиолефин сепараторлары қолданылады. 1970 жылы алғаш рет литий органикалық электролиттері бар аккумуляторларда анод ретінде қолда бастаған кезде, француздық САФТ компаниясы тоқыма емес полипропилен сепараторын пайдаланып тәжірибелік литий-ионды батарея элементін дайындаған [2-4]. Қазіргі уақытта Honeywell компаниясы, бұрын Livingston Electronic Corporation атауымен танымал, Li//V_2O_5 жүйесінде [5] және Li/SO_2 жүйесінде [6] целлюлоза сепараторларын, соның ішінде сүзгі қағазы мен Celgard кеуекті полипропилен сепараторларын қолданады. 1970 жылдардың басында жасалған литий-металл батареяларының көпшілігі тоқыма емес полипропилен сепараторын пайдаланған. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда Li//$SOCl_2$ [7] элементтерінде шыны талшықты қағаз сепараторы қолданылды. 1980 жылдары ғалымдар литий иондарының қабат ішінде (литий-интеркалирлеуші қосылыстар) тез қозғала алатынын анықтады [8,9]. 1991 жылы Sony компаниясы шығарған алғашқы коммерциялық литий-ионды аккумуляторлардың пайда болуы сепараторлар үшін неғұрлым тұрақты және тиімді материалдарды анықтады. Алғаш полиолефиндер, полиэтилен мен полипропилен негізінде жасалған бөлгіш сепараторлар кеңінен қолданылған, себебі олардың химиялық төзімділігі, механикалық беріктігі және жоғары температурадағы тұрақтылығы сияқты қасиеттерді сепараторлар үшін тиімді болды. Қазір батарея

сепараторлары: микрокеуекті және модифицирленген микрокеуекті мембраналар, тоқыма емес материалдар, композиттік мембраналар және электролиттік мембраналар болып бес түрге бөлінеді. Оларды қабаттар санына байланысты бір қабатты және көп қабатты микрокеуекті мембраналарға жіктеуге болады. Модифицирленген микрокеуекті мембраналық сепараторлар – бұл плазма мен егу әдістері арқылы кәдімгі микрокеуекті мембраналардан өзгертілген сепараторлар.

Сепараторға қойылатын негізгі талаптар. Үздіксіз зерттеулер мен жұмыстардың арқасында әртүрлі сепараторлар жасалып жатқанымен олардың барлығына қойылатын талап бірдей. Сепаратор литий-ионды аккумуляторлардың электрохимиялық реакциясына қатыспаса да, ол маңызды функцияларды орындайды:

1. Электродтарды бөлу: анод пен катод арасындағы тікелей байланыстың алдын алу, қысқа тұйықталуға болдырмау.

2. Иондық өткізгіштік: зарядтау және разрядтау кезінде электродтар арасында литий иондарының өтуін қамтамасыз ету.

3. Ыстыққа төзімділік: батареяның қызып кетуіне және термиялық ыдырауына қарсылық.



Сурет 1. Сепараторлардың негізгі қасиеттерінің сызбасы

Сепараторлардың литий батареяларында тиімді жұмыс істеуі үшін кейбір негізгі талаптардың орындалуын қамтамасыз ету қажет. Сепаратордың негізгі қасиеттері оның құрылымы, материалдардың ішкі қасиеттері және сепаратордың сыртқы әсерлерге қатысты қасиеттеріне тікелей байланысты (1-сурет). Осы мақалада аталған қасиеттерге жеке тоқталып, әдебиеттерде кездесетін мәліметтерге шолу жасалады.

